

шектеу, мүліктік ценз кеңінен орын алды. Қазіргі кезеңде бұндай мемлекет демократиялық мемлекеттің қатарына мүлде жатпайды.

Сондықтан демократия мәселелері барлық кезде саяси ғылымдардың назарынан тыс қалған жоқ, Олар қазіргі кезеңде де демократияның даму жолдарын, оның болашағын жан – жақты зерттеу үстінде.

Мысалы, демократияның қазіргі кезеңдегі негізгі принципі – көпшілік қалауы. Бірақ кейбір ғалымдар бұл принципті көпшіліктің үстемдігі, тіпті диктаты деген пікір білдіріп, азшылықтың да еркін, құқын ойластыру керектігі жөнінде үлкен зерттеу жұмыстармен айналысуда. Сондықтан демократия проблемаларының қазіргі мәселелері болашақта да дамып, жетіліп отыруына толық сенім білдіруге болады.

Демократияның проблемалары да, кемшіліктері де көп, олар демократияның даму барысында әлі де бола бермек. Бірақ солай бола тұрса да, бұл саяси процесс адамзат дамуының бірден-бір қажетті жолы. Ағылшынның көп жылдар премьер-министрі болған Уинстон Черчилльдің айтқанындай: «Демократияның көп кемшіліктері бар, бірақ оның ең құндылығы сонда – бұдан артықты бүгінге дейін ешкім ойлап тапқан жоқ»

Сонымен, қорыта келгенде, демократия алғашқыда түсінуге жеңіл, қарапайым мәселе сияқты болып көрінеді. Бірақ оның даму жолы өте күрделі, шытырман, себебі – демократия билікпен тікелей байланысты. Ал елдегі билік – ол әрбір адамның тағдырына әсер ететін құбылыс. Билік болған жерде, өкінішке орай, талас та болады. Американың әйгілі саясаттанушысы Талкотт Парсонстың айтқанындай: “экономикалық жүйеде ақша қандай орын алса, саяси жүйеде билік те сондай орын алады”.

Халық осы билікті толығымен, шын мәнінде өз қолына алса, міне сонда ғана демократия ең жоғарғы даму деңгейіне, шыңына жетті деп айтуға болады.

Бақылау сұрақтары

1. Демократиялық мемлекеттің негізгі белгілері
2. Демократиялық қоғамдағы саяси, экономикалық, рухани әртүрлілік туралы түсінік
3. Қазақ даласы тарихындағы демократиялық көріністердің белгілері
4. Парламенттің пайда болуы
5. Демократияның дамуындағы проблемалар
6. Олигархияның пайда болу себептері
7. Партократия проблемалары
8. Бюрократтық әлеуметтік топтың демократияға келтіретін зияны
9. Демократияның антикалық теориясы немен ерекшеленеді?
10. Конформизм дегеніміз не?

III тарау

САЯСИ БИЛІК: ТЕОРИЯЛЫҚ МӘНІ, ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫ

1. Билік және саяси билік ұғымдары

Билік – саяси саладағы негізгі мәселелердің бірі. Оны қоғамдағы саяси процестерді түсінудің кілті деуге де болады. Билік туралы түсінік күнделікті өмірден жақсы белгілі және кеңінен қолданылады. Билік адамзат қоғамымен бірге пайда болды және оның даму барысында әлі де бола бермек. Оның алғашқы пайда болуын қазіргі саяси ғылымда мемлекеттің пайда болуымен байланыстырады. Билік көп салалы, көп мағыналы құбылыс. Мысалы, мәжбүр ету күш билігі, жетекшінің, ата-ананың, мұғалімнің, әкімшіліктің, заңның, мемлекеттің билігі және т.б.

Билік деп біреудің екіншілерге өз әмірін жүргізіп, олардың іс-әрекеттеріне, қызметіне, тағдырына ықпал етуін айтады. Бұл жалпы билік туралы түсінік. Ал билік деген ұғым үлкен екі топқа бөлінеді: саяси билік және саяси емес билік.

Саясаттанудың объектісі тек ғана саяси билік. Саяси билікке заңның, мемлекеттің, үкіметтің, жалпы қоғамның өмірімен байланысты биліктер жатады. Сонымен қатар саяси биліктің өзі де бір мағыналы, бір салалы емес. Себебі саяси биліктің түрлері өте көп. Мысалы, монархияның билігі (патша, император, король, хан, шах, сұлтан), бір партияның билігі, әскери топтың, диктатураның билігі, фашистік билік т.с.с.

Саяси биліктің тағы бір түрі – сайланған билік, яғни, халық билігі. Осыған байланысты, саяси биліктің өзі екі түрге бөлінеді: заңды (легитимді), сайлаулы билік, демократиялық билік және заңды емес (легитимді емес), сайланбаған, демократиялық емес билік. Саяси билік қоғамдағы аса күрделі процесс болғандықтан, оның көріністері де сан алуан болып келеді. Атап айтқанда: 1. Қоғамдық сала бойынша (саяси, экономикалық, рухани, мәдени, білім, діни, әскери). 2. Қызмет ету түрлері (басқару, бақылау, күш жұмсау, жазалау, мадақтау). 3. Қарқыны мен көлемі (шексіз, шек қойылған, аумақтық, орталық, жергілікті). 4. Басқару тәртібі (қаталдық, беделдік, бюрократиялық, демократиялық). 5. Биліктің жайы (тұтас өкімділік, бір қолдан басқарушылық, үстемдік, тұрақсыз билік, сал ауру). 6 Биліктегі қатар өмір сүру (тәуелділік, тәуелсіздік, өзара тәуелділік).

Саяси билік – тарихи құбылыс. Әрбір мемлекеттегі саяси биліктің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері болады. Әрбір қоғамның саяси билігі сол елдің әртүрлі сипаттары арқылы қалыптасады. Сол себептен саяси биліктің түрін бір қоғамнан екіншісіне қалай болса солай көшіре салуға болмайды.

Саяси биліктің құрылысы, басқа да белгілері, қасиеттері әр уақытта тарихи, ұлттық, тіпті елдің географиялық өзгешеліктерімен байланысты болады. Мысалы, Англияда осы күнге дейін монарх пен лордтар палатасының сақталуы, АҚШ-тағы штаттардың уәкілдерінен қалыптасқан сенат палатасының

болуы, Жапониядағы императорлық дәстүрлердің сақталуы, Қазақстандағы парламенттің бір палатасы Мәжіліс деп аталуы т.с.с.

Келесі ерекшелік - саяси биліктің сапасы көбінесе қоғамның саяси-құқықтық мәдениетінің деңгейімен байланысты болуы. Саяси билік – теориялық проблема. Қоғамда неғұрлым саяси биліктің теориялық проблемаларын танып-білуге, меңгеруге жағдай жасалған болса, соғұрлым саяси биліктің қарқынды дамуына жолдар ашылып оның сапасы жоғарылайды.

Мысалы, бұл процесті альпинизммен салыстыруға болады. Тауға көтеріліп бара жатқан альпинист алға ұмтылған сайын таудың шыңы альпинистке жақындай түседі. Саяси билікте те солай – ол саяси білімнің, теорияның шыңы, оны меңгеріп ұққан сайын билік қоғамға жақындай түседі. «Әр елдің билігі өзіне лайық» деген саясаттанудағы тұжырымдама осыны көрсетеді.

Билік туралы білімді жоғарылату қажет екеніне дәлел – күнделікті қарапайым түсінік деңгейі. Жер жүзіндегі адамдардың көпшілігі әлі де болса саяси билікті біреулердің қолындағы құрал, олар сол құралды өз қажетіне пайдаланады деп есептейді.

Саяси билікті түсінудің бұл бірінші, төменгі деңгейі.

Екінші, жоғарғы деңгей – саяси билікті қалыптастырудағы қоғам мүшелері өздерінің мемлекеттегі орнын, ролін жақсы түсіну. Бұл деңгейдегі түсінік бойынша, саяси билік біреулердің күшімен, еркімен, не болмаса ақылымен ғана ұйымдастырылмайды, саяси биліктің қызметі, белсенділігі әр адамның қосқан үлесіне байланысты.

Осы бірінші деңгей мен екінші деңгейдің аралығы алыс, алшақ жатыр. Екі аралықтың арасын жақындату, қоғам мүшелерінің түсінігін көбірек бірінші деңгейден екінші деңгейге көтеру – саяси ғылымның негізгі мақсаттарының бірі.

Билік теориясына байланысты туындайтын тағы бір мәселе – билік пен жеке адамдар еркіндігінің ара қатынасы. Әрине, билік қоғамды басқару үшін, тәртіп орнату үшін қажет. Бірақ тәртіпті нығайту үшін билік өте қатал болып мейірімсіздікке барса, онда азаматтардың еркіндігіне зиян келуі де мүмкін. Бұл қайшылықты қалай үйлестіру керек?

Осы сұраққа саясаттану ғылымының беретін жауабы: саяси биліктің өзінен, не болмаса билік пен адамның қарым-қатынасынан әрбір жеке адамға тікелей қиянат келмеуі мүмкін. Бірақ адам құқығына, еркіндігіне зиян келтіретін – саяси биліктің бір қолға шоғырлануы, топталуы. Яғни, билік пен жеке адамның арасындағы өзара қарым-қатынас тәртібінің бұзылуы.

Саяси билік неғұрлым бір орталыққа шоғырланған, топтастырылған болса, бостандыққа соғұрлым шек қойылады, қысым жасалады. **Шексіз билік - бостандыққа шексіз қысым орнатады.**

Империя, монархия кезеңдерінде, фашистік режимдерде мемлекеттік билік дара бір адамның қолына шоғырланды. Кеңес өкіметі кезінде де билік түгелдей бір орталыққа шоғырланған болатын. Әлеуметтік бастамалар көтеру, бірігіп шешімдер қабылдау, әртүрлі пікір, көзқарас білдіру – бәрі де қатал бақылауға алынды. Бұл билік түрі қоғамның прогресті дамуына жол бермеді.

Ал кейбіреулер керісінше биліктің қай түріне болмасын қарсы шығып, анархизмді уағыздайды. Бұл жолдың да болашағы жоқ. Сондықтан алдыңғы қатарлы дамыған елдерде биліктің орталықтануы мен шоғырлануынан саналы түрде бас тартып, барлық азаматтардың өкімет шешімдерін қабылдауға араласуын, билікке қатысуын қалайды. Бұл легитимді (заңды) билік, яғни демократиялық билік қалыптастыру жолы.

Демократиялық саяси билік дегеніміз – құқықты, қабілеттілікті, оның барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, халық үшін есепті қызмет етіп, қоғамның өндірістік және рухани өмірін, азаматтар арасындағы қарым-қатынастарды басқару, ұйымдастыру.

Мемлекеттік саяси билік ең алдымен қоғамдық өмірді ұйымдастыру үшін керек. Билік адамдар арасындағы қарым-қатынастарды, қоғам мен мемлекеттік саяси институттар арасындағы қатынастарды реттеуге міндетті. Ол қоғамның тұтастығы мен бірлігін қолдау үшін қажет.

Демократиялық мемлекеттегі ең таңдаулы, ең шынайы билік – ол шын мәнінде халық бақылауында болатын билік.

2. Билік туралы теорияның тарихи дамуы және қазіргі кезеңдегі проблемалары

Билік мәселесінің шығуы әртүрлі саяси пікірлердің қалыптасуына негіз болды. Бұл мәселе туралы қағидалар бірте-бірте мифологиялық ұғымнан тазарып, біздің заманымыздан бұрынғы VI-V ғасырлардың өзінде рационалдық негізге ие бола бастады. Осы бағыттағы Конфуцийдің “Ойлар және әңгімелер” атты трактатындағы саяси биліктегі «теңгергіштік жүйе» қағидағасының бүгінгі күннің өзінде құндылығы жоғары. Конфуцийдің тұжырымдамасы бойынша қоғамда да табиғаттағы сияқты бір жерде бір нәрсе қосылса, басқа жерде сонша кемиді. Ойшыл бұл ұстанымды саяси билік проблемасына таратады. Біреудің саяси билігі үстем болып бара жатса, онда екінші біреудің бостандығы сонша кеми бастайды.

Конфуцийдің осы қағидасынан мынадай қорытынды шығады: әділетті мемлекеттік билік – ол біреудің тәуелділігі, не біреудің тәуелсіздігі емес - әділетті билік ол өкімет пен адамдардың арасындағы өзара тәуелділік. Ғұлама ойшылдың: “Әкім билігі заңды болуы керек, сол уақытта ол киелі, ардақты, яғни құдай сыйы болып табылады. Егер (әкім билігі) ардақты болмаса, онда ол құдайдан емес, ондай биліктен құтылу керек” - деген қағидасы қазіргі демократияның негізгі принципі – саяси билік халық алдында есепті болуы керек деген ұстанымға сәйкес келеді.

Ұлы грек ойшылы Платон өзінің “Заңдарында” саяси билік жүйесі туралы былай деп жазады: “бірінші – бәрінен жоғары әкімдердің тұруы, екінші - әкімдердің заңға бағынуы”. Және оның: “Билік пен философия бір адам болып қосылғанда ғана халық салауаттылыққа, игілікке жетеді” - деп атап көрсетуі ерекше көңіл аударады. Ойшылдың осы сөздерін қалай түсіну керек? Біріншіден, философия даналық; екіншіден – барлық ғылымның атасы. Платонның заманында философиядан жеке ғылымдар бөлініп шыққан жоқ еді.

Осы тұрғыдан қарағанда Платонның ойы бойынша ел басқарушылар, биліктегі адамдар дарынды, білімді, саяси тәжірибесі мол тұлғалар болуы тиіс.

Саяси билік мәселесіне байланысты Аристотель іліміндегі басты қағида – «орташылдық» (концепция срединности), орта таптық. Ойшылдың осы қағидасының мәні – мемлекет басқаруды жеңілдетудің негізгі жолы – кедейлердің мүддесін қорғау, жоқшылыққа қарсы күресу, кедейлерді әрдайым орта таптың қатарына қосып отыру. Аристотель өзінің осы саяси ойын түсіндіруді өмірдегі қарапайым, жалпыға белгілі болмыстан бастайды. Оның ойынша, әлемде, табиғатта, материяда ортаға ұмтылу заңы бар, ортаға тартқыш, ортаға бағытталған күш бар. Мысалы, адамға салқын ауа райы жағдайсыз әсер етсе, ыстық та солай әсер етеді. Ал адамға жайлысы орташа температура, қоғамда да сол сияқты. Егер қоғамда аз ғана топ байлар, ал қалғандарының көпшілігі тек ғана кедейлер болса, онда саяси, әлеуметтік тұрақтылық болмайды. Екі таптың ара қатынасы үнемі шиеленісте болады, көтерілістер, толқулар орын алады, неғұрлым кедейлер көп болса, соғұрлым мемлекеттің жауы көбейеді. Мұндай жағдайда мемлекеттік билікті күшейтудің негізгі жолы кедейлерге қарсы күш қолдану емес, немесе төңкеріс арқылы байларды жойып жіберу емес, биліктің өкілеттілігін жоғарылату арқылы орта тапты қалыптастыру. Егер қоғамда орта таптағы адамдардың жалпы саны шеткі екі таптың санынан асып түсетін болса, сонда қоғам тұрақтылыққа жетеді, саяси биліктің басқару қызметі жеңілдей түседі.

Саяси билік туралы теорияның даму тарихындағы айтарлықтай ой қалдырған ежелгі Рим ғалымы Цицерон Марк Тулий болды.

Цицерон тарихта атақты шешен, мемлекет қайраткері және ойшыл болып танылады. Оның саяси билікке байланысты шығармалары: “Мемлекет туралы”, “Заңдар туралы”, “Міндеттер туралы”. Цицерон мемлекет басқаруды үш түрге бөледі: патшалық билік, аристократия (ақсүйектер) және демократия (халық билігі). Ол бұлардың әрқайсысының жақсы жақтарымен қатар кемшіліктері де бар екенін көрсетеді.

Атап айтқанда, патша рақымшылдығымен жұртқа ұнайды, бірақ бұнда басқа адамдар заң, шешім қабылдаудан сыртта қалады және бір адамның билігі зорлық-зомбылыққа оңай айналып кетуі мүмкін.

Аристократтар ақылдылығымен бағалы, бірақ олар үстемдік еткенде халық өз еркіндігін пайдалана алмайды, билік толығымен ақсүйектердің қолында қалуы мүмкін.

Демократия болса бостандығымен құнды, бірақ халықтың толық билігі келеңсіз жағдайларға, “тобырдың зорлығы мен есаландығына” әкеліп соқтыруы мүмкін.

Сонымен, Цицерон мемлекеттік биліктің түрліше болатынын байқап, оның әрбір түрін кеңінен зерттеп, тиімді түрін қалыптастыру мүмкін екенін көрсетеді. Қазіргі кезеңде мемлекеттік биліктің Цицерон атаған үш түрі кейбір мемлекеттерде қалыптасқан. Мысалы, олар Англияда, Жапония, Швецияда, Бельгия, Испанияда және т.б.

Саяси билік проблемаларына көп көңіл бөліп ғылыми - зерттеуде зор үлес қосқан біздің қандас бабамыз, ұлы ойшыл Әл-Фараби болды. Ғалымның

саяси билік туралы ой-пікірлері “Рахымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы”, “Азаматтық саясат”, “Саясат туралы” деген еңбектерінде кең орын алған.

Саяси билікті Әл-Фараби рахымды және рахымсыз деп екіге бөледі. Қайырымды, мәдениетті, білімді басқару халықты бақытқа бастайды, олардың іс-әрекетін, ерік-қасиетін дұрыс жолға бағыттайды. Ол үшін басқару заң күшіне, игі тәжірибеге негізделуі тиіс. Ал қайырымсыз, надан билеушілер теріс әрекеттер мен жаман қасиеттерге бой алады. Сондықтан Әл-Фараби надан адам басқарған, озбырлыққа сүйенген, қайырымсыз, қатал мемлекеттік тәртіпті өткір сынайды.

Жақсы да дұрыс басқарылатын қоғамда ғана адам шын мәнінде бақытты өмір сүре алады деп айта келіп, сол себептен азаматтардың дұрыс билік қалыптастыруды талап етуі заңды деп қорытындылайды.

Әл-Фараби Платонның философ-билеуші идеясын қолдайды. Ел басқарушы (билеуші) қоғамдық организмнің жүрегі деп санайды. Оның қызметі денені емдейтін дәрігердің қызметіндей, бірақ ел билеуші денені емес, адам жанын емдейді деп түсіндіреді.

Ел билеушінің мынадай адамгершілік қасиеттері болуын атап көрсетеді: шындықты сүю, ізгіліктілік, игіліктілік, парасаттылық, білімділік және т.б.

Саяси билік мәселесінің дамуына өз үлесін қосқан ойшылдардың қатарына жоғарыда аталған Фома Аквинский де жатады. Оның ұсыныстары орта ғасырлардағы Батыс Еуропа елдеріндегі саяси жағдайға байланысты болатын. Осы аумақтағы елдердегі католиктік шіркеу басшылары мен монархияның (зайырлы биліктің) арасындағы билікке таласу шиеленісі ғасырларға созылды. Шиеленістің зардабынан халық әртүрлі соғыстарға ұшырап, ойшылдар, зиялылар, Джордано Бруно, Галилео Галилей, Николай Коперник және тағы басқалары қатал азап шекті. Шіркеудің билікке таласуы ғылымның дамуына кедергі келтірді.

Осындай жағдайда жауласып жатқан екі жақты бірлестіруге амал іздеген Фома Аквинский болды, өзі теолог (діни ілім өкілі), құдайшыл болғанымен ол ғалым да болатын, сол себептен ғылымның даму жолдарын қарастырып, зайырлы қауымды қолдайтын, екі жақты бірлестіретін амал іздеді. Оның шешуі – *құдай* мәселесі болды. “Билік шіркеуден де емес, монархтан да емес – билік құдайдан», - деп тұжырымдады Фома Аквинский. Ғалымның осы қағидасы саяси ғылымға “университас” деген ұғыммен кірді (universitas – латын тілінде «*бірлесу*»). Ал іс жүзінде Аквинский діни билік пен зайырлы билікті біріктіру емес, екеуін ажыратуға жол ашты. Діни ұйымдарды мемлекеттен ажырату идеясы осы ойлардан басталады.

Сонымен қатар саяси билік туралы Аквинскийдің пікірі бойынша биліктің үш негізін ажырата білу керек: билік мәні, шығу тегі және оны қолдана білу. Шығу тегі – құдай. Ғалымның ескертуі: құдай аспанда, ол қайырымдылықтың негізі. Ал патша мен Рим папасы жерде. Билік құрайтындар мейірімділікті орнатпаса, оған жердегі адам кінәлі. Бұл тұжырымдамада Аристотельдің көзқарасын (“Нус” – қозғаушы күш және әрбір заттың өзінің ішкі қозғаушы күші) католик дінінің қағидаларына бейімдегені көрінеді.

Билікте тұрған адам (патша, елбасы) қатал, қайырымсыз болуы тиісті ме, әлде ол сыпайы, қайырымды, өте мейірімді болуы дұрыс па?

Осы сұраққа толық және нақты жауап берген саяси қайраткер, ғалым Никколо Макиавелли болды.

Макиавелли саяси билік туралы «мемлекетте билік жүргізуші мен оған бағыныштылардың қарым-қатынасы және басқарушының (билеушінің, корольдің) қаталдығы мен қайырымдылығының ара-қатынасы қандай болуы керек?» деген сұрақтарға жауап іздеді.

Макиавелли өзінің “Тақсыр” деген еңбегінде «мемлекеттік билік ерікті, белсенді болса ғана қуатты, абыройлы болады, билік рақымсыз, қатал, жауыз болмауы керек» деп тұжырымдайды. Макиавеллидің кейбір пікірлеріне әсер еткен сол кездегі өз елінде орын алған күрделі саяси жағдайлар болатын. Ол кезде Италия жан-жақтан жаулаушылыққа ұшырап, ыдырап бара жатқан мемлекет болатын. Ел билігіне келген адамдар ешбір тұрақтай алмай талас, келіспеушілік жағдайында мемлекет басшылығына келген кім болса да әртүрлі төңкерістерге ұшырап биліктен айырылды. Сондықтан халықтың басын біріктіру үшін елбасының тұрақтауы үлкен мүддеге айналды. «Осындай саяси жағдайда басқарушының тұрақтауы үшін қандай іс-әрекеттерді қолдану керек?» деген сұраққа Макиавелли өзінің “Тақсыр” деген еңбегінде «билеуші жаза қолданудан тайынбауы керек» деп жауап береді. «Егер әкім халықтың, бағыныштылардың алдында қайырымды, мейірімді болып көрінемін деп қажет болған жағдайда жаза қолданбаса, сол себептен ұлтты ыдыратса, мемлекетті құлдыратып жіберсе – одан артық үлкен қылмыс жоқ» деп ұйғарды. «Бүгін бір қылмыскерге тиісті жаза қолданылмаса, ертең жүз қылмыскерлер шығады. Ал сол жазаны қолданатын адам билікте тұрақтай да білу керек. Қуатты билік – халықтың тыныштығы. Сол мақсатқа жету үшін айланың қай түрін болса да қолдануға болады» деп кеңес берді.

Бірақ кейбір кертартпа саясаткерлер Макиавеллидің осы айтқан кеңестерін еске алмай, ғалымның тұжырымдамаларын өздерінің қажетіне пайдаланғысы келеді. Сол себепті кейін “макиавеллизм” деген термин таралды. Бұл термин “мақсат - әдісті ақтайды” деген қағидаға айналды. Яғни, билікті қорғау үшін қатігездікке де баруға болады деген мағынада. Кейбір қатыгез билеушілер (мысалы, Гитлер) қаталдықты Макиавеллидің өзі де қолдайды деп, өздерінің «қара ниеттерін» ақтағылары келді.

Макиавелли мемлекеттің саяси билігін қатыгездікке, жауыздыққа шақырған жоқ. Ол екі түсінікті: **қаталдық пен жазаны** ажырата білуге үйретті. Билеуші қатал, мейірімсіз болмауы керек, бірақ қажет болған жағдайда жазалауды ешбір ұмытпауы тиісті. Италиялық ұлы саясаттанушы “саяси билік – ол қайырымдылықтың ойыны емес, арзан бедел үшін қамқорлық жасау емес, ол заңның әділеттілігімен елді басқару” деп үйретті.

Саяси билік проблемасындағы ғалымдардың ғасырлар бойы көңіл аударған мәселесі – билік пен бостандықтың ара қатынасы. Билік қоғамға тәртіп орнату үшін қажет. Бірақ тәртіпті нығайтамын деп билік өте қатал болып мейірімсіздікке барса – халықтың, азаматтардың еркіндігіне зиян келуі сөзсіз. Ал осы екі жақты үйлестірудің жолы қандай?

Бұл мәселенің үлкен астары бар. Ғалымдардың бірнеше ғасырлар бойы ой пікірлерін, ұсыныстарын жинақтай келіп, саясаттану ғылымы мынадай тұжырымдама жасайды: азаматтардың бостандығына, еркіндігіне, құқығына зиян, қиянат келтіретін биліктің шоғырлануы, топталуы - бұл мемлекеттік билік пен қоғам арасындағы өзара тәуелділік қарым-қатынас тәртібінің бұзылуы. Неғұрлым билік шоғырланған, топталынған түрде болса, соғұрлым бостандыққа шек қойылады, қысым жасалады. Сол себепті саяси билік проблемаларын зерттеудегі ойшылдардың, ғалымдардың мақсаты - билікті бөлу және бөлісу жолдарын қарастыру, яғни билікті бірнеше тармаққа бөліп орналастыру. Бұл жөніндегі ғалымдардың ілімдері XVIII ғасырдан бастап саяси өмірге енгізіле бастады.

Саяси билікті бөлу теориясының негізін салушылар Джон Локк пен Шарль Монтескье болды.

Ағылшын ғалымы Джон Локк саяси билік проблемасымен байланысты “Мемлекет басқару туралы екі трактат” деген еңбегінде демократияшыл саяси жүйе ойдағыдай қызмет атқаруы үшін мемлекеттік билікті екі тармаққа бөлуді ұсынды: заң шығарушы және атқарушы билік. Ғалымның ойынша бұл жүйенің негізгі қызметі бір-біріне бақылаушылық (теңгергіштік) міндетін атқарып, зорлық-зомбылыққа, заңсыздыққа жол бермеу. Бірақ Локктың шешпеген бір мәселесі – егер осы екі биліктің арасында шиеленіс пайда болса, қандай күш, төреші (арбитр) міндетін атқару керек?

Осы сұраққа толық жауап берген және билікті бөлу теориясының негізін қалаушы – француз ғалымы Шарль Луи Монтескье болды. Оның билік проблемасына байланысты жазылған шығармалары: “Заңдардың рухы”, “Парсылық хаттар”, “Римдіктердің ұлылығы мен құлауы туралы ойлар”.

Ш.Монтескье “Заңдардың рухы” еңбегінде зерттеудің өзегі етіп демократияны ұсынып демократиялық әділеттік арқылы мемлекеттік билік қалыптастырудың жолын көрсетті. Ол өмір сүрген кезеңде дүние жүзінде мемлекет басқарудың бір ғана түрі-- монархия болды. Бұндай саяси режимде халық өкілдерінің билікке келуі, әрине, мүмкін болған жоқ. Сол себептен ғалым биліктің бұл түрін болашақсыз деп тұжырымдайды. Ш.Монтескьенің қазіргі кезеңде бүкіл әлемге әйгілі болған осы еңбегін оқығанда ғалым өз ойларын бүгінгі күні айтып отырған адамға ұқсайды. Яғни, демократиялық қоғамның болашағын бірнеше ғасыр бұрын болжағаны байқалады.

Ғалым мемлекет басшысын халық сайлауы керек деген ойға келеді. Бірақ ондай елбасы жалғыз-ақ адам болатын болса, оның билігін кім бақылайды, кім шектейді? Ол шексіз билікті өз қолына түсіріп халыққа зорлық-зомбылық жасап, жауыздыққа баруы да мүмкін ғой.

Ал «билікке бақылау жүргізуді халыққа тапсырса, мемлекетте тәртіпсіздік басталып, ереуілдер, көтерілістер көбейіп кетуі мүмкін» деп қорытындылайды «Заңдардың рухының» авторы. Сөйтіп, француз ғалымы билікке бақылау қажет, бірақ ол міндеттен халықты босату керек деген шешімге тоқтайды. «Бұдан мемлекеттік билікке қалайша бақылау орнатуға болады?» - деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа Ш.Монтескьенің берген жауабы – саяси билікті үш тармаққа бөлу принципі мен биліктің үш

тармағының бір-біріне тежемелік, тепе-теңдік жүйені пайдалану арқылы бақылау жасауы болды.

Ұлы ғалымның билікті бөлу теориясы бойынша алдымен билікке халықтың қатысуы және көпшіліктің қолдауымен Конституцияның қабылдануы керек. Конституцияда биліктің тармақтарының ара қатынасы бекітіледі. Мемлекет билігі - заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарына бөлініп, олардың бір-біріне тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау ұстанымына сәйкес жүзеге асырылады.

Монтескьенің бұл қағидасы бойынша, егер биліктің үш тармағының бірі үстемдік жасап, заңсыздық жолға түсіп бара жатса, биліктің басқа бір тармағы оған тойтарыс беру мүмкіншілігі бар (Конституция бойынша дауысқа салу арқылы).

Ш.Монтескье билікті бөлу теориясын аяқтап болғаннан кейін саяхатқа шығып Еуропа елдерін аралайды. Мақсаты: өз ілімін басқа да мемлекеттерге ұсыну болатын. Бірақ ешбір жерде оны ешкім дұрыс түсінбеді. Әрине, бұл таңғаларлық жай емес болатын. Себебі, бүкіл әлемде монархия шарықтап тұрған кезеңде Монтескьенің ойлап шығарғанындай мемлекеттік биліктің жаңа, күрделі түрін бірден қабылдау оңай емес болатын. Нәтижесінде өз ілімін «іске аспайтын теория болды» деген өкінішті оймен ғалым дүние салады.

Бірақ кейін іс жүзінде Ш.Монтескье ілімінің тағдыры басқаша шешілді. Бір топ ғалымдар сол уақыттың өзінде ғалымның осы теориясымен танысып жатыпты. Олар сол уақытта «дүниежүзінің шекарасынан тыс мекендеушілер» деп саналатын американдықтар еді. Ш.Монтескье қайтыс болғаннан кейін 32 жыл өткесін, яғни 1787 жылы Америка Құрама Штаттары өзінің Конституциясын қабылдады. Француздың ұлы ғалымының саяси билікті бөлу теориясы осы Конституцияға толығымен енгізілді. Содан кейін саяси биліктің осы жүйесі басқа елдерге де кеңінен тарай бастады.

Ш.Монтескьенің бұл теориясының жүзеге асырылуы Қазақстан Республикасы Конституциясында да өзіне тән орын алды. Ол Қазақстан Конституциясындағы 3-бап, 4-бапша: «Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады».

Американдықтар «Ш.Монтескьеге алтын ескерткіш қоятын уақыт әлдеқашан келді» деп есептейді. Себебі ұлы ғалымның саяси билікті реттеу арқылы, мемлекеттік билікке бақылау жасау идеясы әлемнің көптеген мемлекеттерін сан алуан шиеленістерден, революциялардан, азаматтық соғыстардан аман сақтап қалды және болашақта да ғалымның бұл теориясы адамзат игілігіне қызмет етеді. Монтескьенің бұл теориясы саяси билікті бөлу барысындағы алғашқы қадам болатын. Келешекте биліктің төртінші тармағы, бесінші, алтыншы басқа да көптеген тармақтарының саяси өмірде орын алуы күмәнсіз екенін қазіргі өркениеттік даму бағыты көрсетіп отыр. Шарль Монтескьенің ғылымдағы орны Исаак Ньютон, Джордано Бруно, Николай Коперник, Дмитрий Менделеев, Альберт Эйнштейн тағы басқа ғұлама ғалымдардың қатарында тұр. Егер Ньютон бүкіләлемдік тартылыс заңын ойлап

тапса, ал Монтескье бүкіл дүниежүзілік саяси өмірде айрықша орын алып отырған демократияның заңдылықтарын ашты.

3. Саяси және мемлекеттік билік

Саяси биліктің мазмұны мемлекеттік биліктен де кеңірек. *Саяси билік* – ол мемлекеттік биліктің құрамын қалыптастыратын жүйе. Саяси билікке жататындар: қоғамда ресми қабылданған саяси топтар, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, сайлау жүйелері мен сайлаушылар. Кейбір елдерде парламентті қалыптастыратын көппартиялық жүйе (Франция, Италия), ал кейбір елдерде екіпартиялық жүйе (АҚШ, Англия) орныққан.

Саяси билік адамзат тарихында ежелгі заманнан бар. Мысалы, қазақ даласы тарихындағы ақсақалдар, ақсүйектер, билер кеңесі болса, ал славян халықтарында X-XIV ғасырларда вече, рада болды. Бұл саяси билік өзі тікелей билік етпегенмен, әулеттің көптеген өкілдерінің ішінен кім хан, кім князь болуын ұйғарып отырды. Бұл қазіргі демократия тәртібіндегі саяси партиялар мен әртүрлі қоғамдық топтарға ұқсайды.

Ал **мемлекеттік билік** ол саяси биліктің ұйғарған уәкілділігін іске асыратын жүйе. Сайлаушылар, саяси партиялар президент сайлайды, парламент қалыптастырады, яғни мемлекеттік биліктің құрамын құрастырады. Осы мемлекеттік билікке қоғамның барлық мүшелері тегіс бағынады. Ал саяси билікте ондай өкілеттік болмайды. Мысалы, саяси партия саяси биліктің құрамында болғанымен саяси партиядан қоғам мүшелері тәуелсіз, партияға бағынатындар әрбір партияның өз мүшелері ғана.

Саяси биліктің негізгі мақсаты – мемлекеттік билікті қалыптастыру. Мемлекеттік билік саяси биліктің ең жоғарғы сатысы болып табылады. Мемлекеттік билік саяси биліктің қолдауынан туындаса, саяси билік қоғамның мүддесінен туындайды. Саяси билік негізінен қоғамның, халықтың қалауына байланысты қалыптасатын тарихи үрдіс. Мемлекеттік биліктің заңды болуы оның **легитимдігімен**, халықтың мойындауымен анықталады.

Саяси биліктің легитимдігі жөнінде ғалымдар ерте заманнан бастап-ақ әртүрлі пікірлер айтып, тұжырымдамалар жасаған. Солардың негізгілеріне тоқтала кетейік.

Конфуций легитимді билік өз халқына қайырымды билік түрі екеніне, халықтың сенімсіз мемлекет өмір сүре алмайтынына назар аударады. Ол мемлекет басқаруда халыққа қатаң жаза қолдану мен қатаң билік жүргізуге қарсы шығып, алдымен халықты ашықтырмау, оқыту және адамгершілікке баулу қажеттігін айтады. Ел басқарушы қоғамның әрбір мүшесінің өз міндеті мен құқығын жүзеге асыруына жағдай жасауы керектігін және әрбір жеке адам қоғамда өз міндетін атқаруға тиіс екенін ескертеді.

Конфуций қоғамдағы тәртіп пен адамгершілікті маңызды санап, мемлекет қызметкерлерінің ролін жоғары бағалайды. Оның пікірінше, билік иелері – билік жүргізу құқына адамгершілік, білімділік, тәртіптілік, халыққа қайырымдылық қасиеттері арқылы жетуі тиіс.

Платонның пікірінше, легитимді билік, ол халық қалайтын, таңдап алатын билік - дана философтар басқарған мемлекет, себебі ақиқат білімді меңгеру сол таңдаулы адамдардың қолында.

Ол мемлекетті басқарудың тимократия, олигархия, тирания түрлеріне қарсы, тіпті демократияны да қаламайды, себебі билікті қоғамның шағын тобы иемденіп кетуі мүмкін деп есептейді

Аристотель биліктің легитимділігін төмендегідегі принциптер арқылы анықтайды, олар:

- 1) аристократия – қайырымдылық
- 2) олигархия - байлық
- 3) демократия – еркіндік

Оның ойынша, легитимді билік - полиция, себебі ол осы үш принципті қамтиды. Легитимді емес билік үстемдігінен арылу жолын мемлекеттегі орташа таптың қалыптасып, дамуымен түсіндіреді.

Цицеронның ойынша, легитимді билік - әртүрлі мемлекеттік басқару түрінің өзара араласуы, қосылуы. Мысалы, монархиялық, аристократиялық және демократиялық билік түрлерінің бірігуі. Биліктің осылай біріккен түрі бәрінен де тиімді (монархия – қайырымдылықтың, аристократия – ақылдың, демократия – еркіндіктің белгісі болып саналады).

Әль – Фараби Платонның мемлекет туралы ілімін, Аристотельдің этикалық ілімін негізге алып легитимді билік ол қайырымды қала (мемлекет) деген қорытынды жасайды. Оның ойынша, қайырымды қала басшысы барлық ізгі қасиеттердің (білім, даналық, батылдық, ар-ұят) иесі болып табылады.

Ибн-Халдун – мұсылмандық Шығысқа аты әйгілі ғалым. Оның биліктің легитимділігі туралы ойларында елбасының билік сипаты өз халқының билікті адамгершілік тұрғысынан мойындауына байланысты екеніне ерекше көңіл бөледі. Өзінің «Муккадина» атты трактатында халықтың қалауындағы билік - халифат билігі, себебі халифат - әділеттілікке, сенімге, мұсылман құқықтарына негізделген халықтың «өз» билігі деп түсіндіреді.

Томас Гоббс биліктің легитимділігі туралы ойларын қысқа түрде: «ешкімнен ештеңені тартып алуға болмайды, егер ол нәрсе сол адамдікі болса» деп баяндайды. Өзінің «Левиафан» атты еңбегінде қоғамдағы анықтаушы негіз адамға жаратылысынан берілетін «табиғи құқығы», ал өкімет адамның осы құқығын мүлтіксіз қорғауы қажет екенін көрсетеді. Оның пікірінше, адам табиғаты, жаратылысы кезкелген мемлекеттік биліктен жоғары, сондықтан ашық қоғамдағы билік құрушылар өз азаматтары. Сондықтан легитимді өкімет – халық өклеттілігі орнаған билік түрі.

Н.Макиавелли «Тақсыр» атты еңбегінде «халық қалауы қандай өкімет, қандай өкіметті легитимді санауға болады: қатаң, қатыгез билік пе, әлде адамгершілік ұстанымын сақтап барлық тәртіп бұзушылыққа төзімді өкімет пе?» деген сұрақтар қойды. Автордың пікірінше, бұл аталған билік түрлерінің ешқайсысы легитимді емес. Себебі халық қалауы бойынша легитимді өкімет деп тану мемлекетті адамгершілік, әділеттілік заңына ғана сүйеніп басқару жолы. Н.Макиавелли адамгершілік тұрғысынан көрінуі үшін қылмыскерлерді жазасыз қалдыратын билікті қатты сынайды. Себебі тәртіп бұзушылар саны

күрт өсіп халық арасындағы берекесіздікке, мемлекеттің құлдырауына жеткізсе, автордың ойынша, бұл өкіметтің өзі қылмыскер. Н.Макиавеллидің пікірінше, ең маңызды саяси мәселе - мемлекеттің беріктілігі, біртұтастығы және қоғамның игілігі болуы тиіс, сондықтан осы мақсаттардың орындалуы үшін барлық саяси әдіс, құрал қолданылуы қажет. Міне, Макиавеллидің осы пікірлері негізінде, жоғарыда атап көрсеткеніміздей «макиавеллизм» термині қалыптасты. Ал бұл қағидадан саясат пен адамгершілік (этика) бір-біріне қарсы немесе бірінен-бірі жоғары деген қортынды шықпайды. Н. Макиавеллидің түсінігінше, аталған әдіс, құрал мемлекетті сақтау, қоғамдағы тұрақтылықты орнату үшін қолданылатын мемлекеттік саяси іс-қимыл, қызмет түрі. Сондықтан Н.Макиавелли мемлекеттік заңдылық пен толық жариялылық негізінде мемлекеттік жазалау, күш қолдану әдістері, құралдары - саяси қажеттілік деп санады.

Ш.Монтескье биліктің легитимді болуының нақты шарты ретінде мемлекеттегі құқық мәртебесінің жоғары болуын жүзеге асыруды ұсынды. Оның ойынша, саяси билікті жеке басының мүддесіне пайдалану адамның табиғи жаратылысынан берілген қасиет. Сондықтан билік иелерін, мемлекет қызметкерлерін заң арқылы тежеп ұстау қажет. Билікті бақылаушы, әділетті атқарушы саяси күш табыла ма? – деген сұрақ туындайды. Бұл сұрақтың жауабын Ш. Монтескье саяси білімдердің ұлы жетістігі болып саналатын мемлекет билігін бөлу теориясында берді. Бұл теорияның бастауы болып ежелден қалыптасқан Аристотельдің, Цицеронның, Аквинскийдің және Локктың мемлекетті аралас басқару түрі туралы идеялары саналады. Билікті бөлу теориясында билік заңшығарушы, атқарушы және сот билігі болып бөлінеді, нәтижесінде биліктің осы түрлері бір-бірін өзара тежеп бақылауда ұстайды.

Дж. Локк өкіметтің легитимді болуын мемлекеттегі тепе-теңдік принципінің сақталуымен түсіндірді, бұл билік пен құқықтың бір-біріне сәйкес келуі. Оның ойынша, өкіметтің легитимді болуы адамдардың өз еркімен табиғи құқықтарынан бас тартуы арқылы қоғамдық келісімге келуіне байланысты. Ал қоғамдық келісім негізінде құрылған мемлекет өз кезегінде адамның табиғи құқығын қорғайды; ал тұлға мемлекеттен жоғары тұрса ол қоғамда легитимді өкімет құру мүмкіндігі толық жеткілікті.

Хайек Фридрих фон Август австриялық экономист және саясаттанушы, философ. Оның пікірінше, өкімет билігінің легитимді болуы тоталитаризмде мүмкін емес, себебі бұл саяси режимде өкімет қоғамды бір ғана бағдарлама негізінде басқарады, ал осы жағдайда әрбір жеке адамның белсенділігі төмендеп өз қаблетін іске асыруға ешқандай мүмкіндік берілмейді. Бұл жеке адамның ішкі наразылығын күшейтіп, қоғамда конформизмнің орнығуына әкеледі. Тоталитаризм қоғамдағы моралдық құндылықтардың төмендеуіне және экономиканың күйреуіне соқтырады.

Немістің көрнекті ғалымы Макс Вебер легитимді үстемдіктің (саяси биліктің) үш түрін айқындайды: дәстүрлік, харизматикалық, ашық (жария).

Біріншісі, **дәстүрлік** үстемдік. Бұл билік киелі дәстүрге (сенімге) негізделеді. Сонау ерте заманнан бастап халықтың санасына сіңген, әбден

бойлары үйреніп, дұрыс деп тапқан салт-дәстүрлерге сүйенеді. Мысалы, халық хандықты, патшалықты дәстүрлі түрде мойындаған. Қоғамдағы әртүрлі дағдарыстар үшін нақтылы ханды, патшаны ғана кінәлағанмен, ал патшалық, хандық оған кінәлі деп есептелмеген.

Легитимді үстемдіктің екінші түрі – *харизматикалық*. Харизма – ерекше дарынды, ақылды, батыр және басқа да үлгілі қасиеттері бар адам. Ондай адамның билік жүргізуін қоғам толық мойындайды. Халық тек ғана сол басшыға бағынып, соған ғана сеніп, оны көсем дәрежесіне көтеруге дейін барады.

М.Вебердің ойынша, құқықтық мемлекет негізделетін легитимді үстемдіктің үшінші түрі-- *ашық, жария* үстемдік. Қоғамға үстемдік етуші адам емес, заң болуы тиісті; ал ашық, жариялылық билік демократиялық талаптарға сәйкес келетіні белгілі. Демократиялық жағдайда мемлекеттік биліктің легитимді болуы үшін мынадай екі шарт қажет:

- билік халықтың қалауы бойынша қалыптасуы және көпшіліктің еркіне қарай орнатылуы. Яғни, мемлекеттік биліктің иесін тура немесе жанама түрде белгілі бір мезгілге халық сайлайды және оның жұмысын бақылап отыруға мүмкіндіктің болуы тиіс;

- мемлекеттік билік конституциялық қағидаларға сәйкес жүзеге асырылуы керек.

Сонымен, легитимді билік туралы ойшылдардың, саясаттанушы ғалымдардың тұжырымдамаларын қорытындыласақ, барлық мемлекеттік билік саяси билік болып табылады, бірақ барлық саяси билік мемлекеттік билік бола алмайды. Поляк саясаттанушысы Ежи Вятр атап көрсеткендей, саяси билік – әлеуметтік топтар арасындағы қатынастардың түрі, ал мемлекеттік билік арнайы мекемелер арқылы жүзеге асырылатын билік түрі.

Саяси және мемлекеттік биліктің ара қатынасы билікті бөлу ұсынымына сәйкес болуы қажет. Әсіресе мемлекеттік биліктің легитимді болуына бірінші кепілдеме - шын мәніндегі халық қолдайтын конституция. Мысалы, бұрынғы кеңестік кезеңде мемлекеттік билік саяси биліктің қалыптасуына тыйым салып, саяси жүйенің барлық құрылымын мемлекеттендірудің негізі болды. Саяси ұйымдар мен саяси партиялардың өздігінше дамуына жол берілмеді. Билік түгелдей бір орталыққа топтастырылды, әлеуметтік бастамалар көтеру, шешімдер қабылдау, халықтың шынайы еркін білдіретін қозғалыстар қудаланды және бәрі де қатал орталықтандырылды. Бұл жетпіс жыл бойы қуатты мемлекеттердің бірі болған Кеңес Одағының тоқырауға ұшырауының негізгі себебі болды.

Кейбір саясаттанушылар “биліктің ешқандай да түрі керек емес, қоғам өзімен-өзі биліксіз өмір сүре береді” деген де пікірлер айтады. Бұл анархизм идеологиясы. Бұл жолдың да болашағы жоқ, себебі бұл қағидалар қоғамды ретсіздікке, жаппай тәртіпсіздікке соқтыру мүмкін.

Сондықтан алдыңғы қатарлы дамыған елдерде биліктің орталықтануы мен шоғырлануынан саналы түрде бас тартып, барлық азаматтардың өкімет шешімдерін қабылдауға араласуына, билікке қатысуын қалайды. Содан да болар, қоғамның қарқынды дамуына жағдай жасалып, халықтың тұрмыс-

тіршілігі жайлы саналатын қазіргі өркениетті елдер деп аталып жүрген мемлекеттердегі демократиялық республика, конституциялық монархия және т.б. биліктің түрлері легитимді деп саналады.

4. Саяси тәртіп (саяси режимдер)

“Саяси режим” ұғымы саяси билік проблемаларымен тікелей байланысты. Саяси режим (тәртіп) дегеніміз – мемлекеттік билікті жүзеге асырудың тәсілі, қоғамдағы азаматтардың еріктері мен құқықтарының деңгейі. «Саяси режим» деген түсінікті «мемлекетті басқару түрлерімен» шатыстырмаған жөн, себебі демократиялық мемлекет жағдайындағы саяси тәртіптің де әртүрлі сипаттары бар. Бұл ұғым мемлекет басқарудың түрін емес, оның сапасын айқындайды, қоғамның саяси өміріне сипаттама береді. Саяси тәртіп түсінігінің шеңберіне мемлекеттік билікті қалыптастыратын тәсілдер, сол үшін қолданылатын құралдар, саяси биліктің іс-қимылдарының түрлері және т.б. жатады.

Саяси тәртіп ұғымымен танысу барысындағы ерекше байқалатыны - мемлекеттегі билік жүйесін қалыптастыру мәселесі. Билік сайлау арқылы қалыптасады ма, әлде өзара сыбайластықпен тағайындала ма? – деген сұрақ. Мысалы, кейбір жағдайда сөз жүзінде мемлекет жүйесіндегі барлық басшылар сайланады деп айтылғанмен, іс жүзінде оларды жоғарғы органдағылар бекітеді немесе жариясыз түрде тағайындап отырады.

Бұл шенеуніктердің іс жүзінде билікке қатысты мәселені бір-бірімен келісіп өз мақсатына сәйкес шешуіне ықпал етеді. Бұндай іс-әрекет көп жағдайда қоғамдағы азаматтардың еріктері мен құқықтарына қайшы келіп мемлекеттік биліктің заңдылығына (легитимдігіне) нұсқан келтіреді, демократияға кедергі жасайды. Қоғамның саяси өмірінде сыбайластық, жағымпаздық қаншалықты орын алса, мемлекет соншалықты ескірген саяси тәртіпке айнала бастайды.

Саяси білімдер әдебиетінде саяси тәртіптерді демократиялық және демократияға қарсы (антидемократиялық) деп үлкен екі топқа бөледі. Демократиялық немесе саяси әртүрлілік (плюрализм) тәртібі дегеніміз – саяси билік органдарының халықтың бақылауында болуын қолдайтын қоғамның саяси және экономикалық құрылысының түрі. Саяси әртүрлілік қоғам мүшелерінің құқығы мен бостандығын жоғары бағалаушы саяси тәртіп. Бұл режимде мемлекеттік биліктің көзі толығымен халық болып саналады.

Саяси әртүрлілік тәртібінің негізгі белгілері:

- заңсыз үстемдік етуші биліктің қоғам өмірінен аластатылуы;
- қоғамның саяси жүйесінің жалпыадамзаттық құндылықтар жолын ұстануы;
- экономикадағы демократиялық принциптердің орнығуы;
- азматтарды әлеуметтік қорғау жүйесінің дамуы;
- қоғам мүшелерінің мәдени-рухани дамуына толық жағдай жасау.

Адамзат тарихында орын алатын монархиялық, тоталитарлық билік тұсында және авторитаризм кезеңінде демократиялық тәртіптің орнатылуына мүмкіндік болған жоқ. Әлем халықтары демократияға соңғы кезеңдерде ғана жете бастады. Сол себептен қазіргі кездегі саяси тәртіпке сипаттама жасау үшін

демократиялық емес саяси тәртіптердің тарихи түрлерін білудің маңызы зор. Адамзат тарихында саяси тәртіп бірнеше түрлерден және кезеңдерден өтті. Саяси тәртіп көп жағдайда бір қалыпта емес, аралас түрде кездеседі. Солардың ішіндегі негізгі үш түрін атауға болады. Олар империя, тоталитарлық және авторитарлық режим.

Империяның негізгі белгілері:

- жер көлемінің орасан зор болуы;
- құрамындағы халықты күшпен бір орталыққа бағындырып отыратын биліктің орнығуы;
- әрдайым өз жерін кеңейтуге бағытталған саясат ұстануы;
- саяси орталық пен шет аймақтардың өзара шиеленісте болуы;
- орталық саяси биліктің қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделері мен сұраныстарын ескермеуі;
- мемлекеттің әртүрлі мәдени және этностық құрамнан тұруы.

Империялар ерте заманнан бастап қалыптасты, ал қазіргі уақытта олар таза күйінде кездеспейді. Тарихтан белгілері: Рим империясы, Қытай, Латын, Осман империялары, Араб халифаты, Британ, Ресей империялары, КСРО. Империялардың ең ұзақ өмір сүргені Рим империясы (б.з.д.27жылдан б.з.1453жылға дейін). Империялар тарихын терең зерттеген ойшыл, ғалым— Цицерон болды. Империя жөнінде ол былай деген: «Империяның ыдырауы айқын, себебі империя барлық уақытта орталық билік пен бағынышты халықтардың арасындағы қайшылыққа негізделеді». Цицеронның осы пікірінің ақиқат екенін тарих дәлелдеп отыр. Бүгін әлемде таза күйінде кездесетін империя жоқ және адамзаттың интеллектуалдық сана-сезімінің жоғары дамуына байланысты ол тарихқа қайта оралмауы тиіс.

Тоталитарлық тәртіп дегеніміз –қоғамның барлық саласындағы әрбір адамның өмірі мемлекет тарапынан толық бақылауға алынған мемлекеттік-саяси құрылым түрі. Экономика саласында жеке меншікке шек қою; саяси салада қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялар қалыптастыруға тиым салу; бір ғана басқарушы партияға мүше болуға мәжбүр ету; рухани салада бір идеологияға бейімделу т.с.с.

Тоталитарлық тәртіптің негізгі белгілері:

- қоғамдағы саяси-әлеуметтік тәртіптің күшпен орнатылуы;
- әлеуметтік топтардың бостандығының шектелуі;
- мемлекеттік немесе жалғыз басқарушы партияның идеологиясының жүргізілуі;
- бейімделушіліктің (конформизм) қалыптасуы: іштей келіспесе де, билік басындағы адамдардың ығына жығылып, бейімделу.

Авторитарлық тәртіп дегеніміз - қоғамдағы толық жетілмеген демократияға негізделген жеке адамның немесе саяси биліктің бір тармағына сүйенетін мемлекеттік-саяси құрылым.

Авторитарлық тәртіп көбінесе өтпелі кезеңде қалыптасады, әсіресе қоғам тоталитарлық тәртіптен демократиялық тәртіпке ауыса бастаған жағдайда қалыптасады. Себебі осындай кезеңде алда тұрған мақсаттарды демократиялық тәсілдермен (сайланбалы органдармен) ғана іске асыру қиындыққа түседі.

Мысалы, ТМД елдерінің көбінде орын алған авторитарлық тәртіп, жеке тұлғаның билігі немесе атқарушы биліктің күшеюі осы әлеуметтік-экономикалық қиындықтарға тікелей байланысты.

Авторитарлық тәртіптің негізгі белгілері:

- жеке адам билігінің немесе саяси биліктің бір тармағының күшеюі;
- қоғамдық саяси ұйымдардың құқықтары мен еркіндіктерінің шектелуі;
- мемлекеттік жүйедегі қызметкерлердің билікпен мүдделес саяси партиялармен бірігуі;
- парламент ролінің шектелуі немесе кейбір жағдайда жойылуы.

Мемлекеттің саяси өмірінде авторитарлық тәртіп көбінесе монархияға, бір адамның шексіз билігіне ұқсас болады. Қазіргі кезеңде негізінен бұл көптеген дамушы мемлекеттер үшін объективті процесс, өтпелі кезеңге қажет саяси тәртіп болып саналады.

* * *

Сонымен, саяси тәртіп саяси биліктің және саяси жүйенің сапасын анықтап, қоғамның саяси өміріне сипаттама береді.

Қорыта келгенде, әлемдік тарихи тәжірибе – демократиялық билік негізінде қоғам құру, қоғамдық өмір салаларына демократиялық ұстаным енгізу ең дұрыс шешім болып табылатынын көрсетеді. Демократиялық билік орнату үшін төмендегідей негізгі міндеттер атқарылуы қажет, олар:

- билікті бөлу және бөлісу (заң, атқару, сот билігіне ажырату), олардың бір-біріне үстемдік етпеуі және бір-бірімен сыбайластыққа бармауы;
- меншік түрлерінің теңдігі мен еркіндігін қамтамасыз ету;
- азаматтардың заң алдындағы теңдігін қалыптастыру, азаматтық қоғам орнату.

Бақылау сұрақтары

1. Мемлекеттік саяси биліктің қоғамның ерекшеліктерімен байланысы.
2. Саяси билікті бөлу туралы теорияның қалыптасуы
3. Н.Макиавеллидің саяси билік туралы ой-пікірлері
4. Ш.Монтескье, оның саяси билікті бөлу туралы теориясы
5. Саяси тәртіптің(режимнің) типтері
6. Тоталитарлық тәртіптің белгілері
7. “Шексіз билік бостандыққа шексіз қысым орнатады” деген тұжырымдаманы қалай түсінесіз?
8. “Зандардың рухы” деген еңбектің негізгі мазмұны
9. Саяси билік пен мемлекеттік биліктің айырмашылығы
10. Қазір Қазақстандағы саяси билік легитимдігінің түрі қандай?

ІҮ тарау

МЕМЛЕКЕТ – ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ САЯСИ ИНСТИТУТЫ РЕТІНДЕ

1. Мемлекет туралы идеялар тарихы мен мемлекет туралы ілімнің қалыптасуы

«Мемлекет» ұғымы жалпы көпшілікке жақсы белгілі. Мемлекет алғашқы, қауымдық қоғамда құрылған жоқ. Саяси ғылым мемлекеттің пайда болуын адамзат қоғамы дамуының белгілі бір тарихи кезеңімен, яғни әлеуметтік топтар мен таптардың пайда болып, қоғамда саяси-әлеуметтік теңсіздіктердің орнығуымен байланыстырады. Экономика саласындағы үстемдік етуші таптың саяси үстемдігін қамтамасыз ету және басқа таптардың қарсылығын болдырмау қажеттілігінен мемлекет пайда болды деген пікір саяси ғылымдардағы негізгі көзқарас. Мемлекет құл иеленуші дәуірде де қазіргідей дәрежеге жетті. Бірақ тарихи ұзақ мерзім бойы “мемлекет” деген түсінік “қоғам”, “ел” деген түсініктен ажыратылған жоқ. «Мемлекет» деген атауды рулық, тайпалық қауымнан ажырату, яғни, алғашқы «қауымдық емес» деген ұғымды белгілеу үшін пайдаланды. Мысалы, патшалық, қаған, хандық, князьдік, халифат, Алтын орда, Ақ орда, Ноғай ордасы, Сібір ордасы деген сөздер екі түсініктің орнына (біріншісі мемлекет, екіншісі қоғам) пайдалана берілді. Алайда, мемлекеттің пайда болуы әртүрлі әлеуметтік пікірлердің қалыптасуына негіз болды. Саяси өмірдің дамуына байланысты қоғамда мемлекеттің ролі күшейе түсті. Ойшылдар, ғалымдар мемлекетке - “ел”, “қоғам” түсінігі тұрғысынан емес, “өкімет”, билік тұрғысынан қарайтын болды. Сөйтіп, нәтижесінде мемлекет пен өкімет туралы ойлар, қағидалар бірте-бірте біздің заманымыздан бұрынғы VI-V ғасырларда теориялық деңгейге жетті.

Мемлекет пен қоғам мәселелері адамзат өмірінде әрбір тарихи кезеңге сай өзгерістерге ұшырап отыратыны және оларды адамзаттың шама-шарқынша сәтті түрде шешуге ұдайы ықыластық танытатыны белгілі. Егер өткенімізді ойша шолар болсақ, адамзат тарихы мемлекет жөнінде сан түрлі саяси ой тізбегі мен даналыққа толы екендігін байқаймыз. Солардың ішіндегі ең мәндісі де, өзіндік ерекшеліктерімен айқындалатыны да ғұлама ойшыл Конфуцийдің идеялары.

Бұл ойшылды негізінен мемлекетті басқару мәселелері көп толғандырғанын атап өткен жөн. Конфуцийдің осынау күрделі мемлекет мәселелерін қатаң тәртіп пен бір тәрбиелік ұстанымдардың көмегімен жүзеге асырмақ ниеті және оған қоса шектен шыққан қызулыққа берілмей, көбіне-көп “тепе-теңдік” пен “орталық” принциптерді ұстанғаны белгілі. Түрлі ұсақ иеліктерге бөлініп, бір-бірімен қырқысып жатқан Қытайдағы патшалықтарды бір орталыққа бағынған мемлекетке біріктіруді басты мақсатқа айналдырған ол, сонымен бірге, халықтың тәлім-тәрбиелік күш-қуатын жоғары деңгейге көтеру мен оны “бақытты” ету үшін бар күш-жігерін сарп етті.

Конфуцийдің ойынша, б.з.д. VI ғасырда Қытайдағы әлеуметтік тәртіптің негізі - қоғамдық тәртіп пен тұрақтылыққа сүйенуге тиіс болатын. Және мұндай

қоғамда әркім өз құқығы мен мемлекет алдындағы міндеттерін терең сезінуі тиіс. Яғни, әр адам өзінің орнында болуы керек: патша-патша, бағынышты-бағынышты, әке-әке, ұл-ұл болуға тиіс. Мемлекетті басқарушы құдай дәрежесіндегі «Аспан ұлы» – адамдар әлемінің өкілі. Ол әулие, император бола отырып Аспан алдында ғана жауапты. Өйткені ол тақ пен билікті тек осы аспаннан алады. Билеуші әділ болып, барша халыққа мейірім төгуі міндетті, ал олай болмай ел аштық пен қайыршылыққа ұшырап жатса, халықтың бүлік шығарып, билеушіні тәубесіне келтіруі құдайшылыққа жатады.

Конфуцийлік әлеуметтік саяси ілім – халықтың ой-арманымен, бақытты болашақты көксеген қиялдарымен терең ұштасып жатыр деуге толық сенім бар. Мемлекет – халықтың талап тілегін іске асыратын құрал. Халықтың шынайы сенімінсіз мемлекет те болмақ емес. Демек, оның сеніміне тек адамдарға жасалынған қамқорлық арқылы ғана қол жетпек. Ел басқарушысы алдымен халықты ішер аспен қамтамасыз етіп, содан соң жоғары мақсаттарға шақыруға міндетті.

Ежелгі Грекиядағы мемлекет туралы саяси ойдың ерте кезде дамуы (б.з.д. IX – VI ғғ) көне мемлекеттердің қалыптасуымен байланысты болды. Бұл ойлар Гомер, Гесиод поэмаларында кездеседі. Пифагор (б.з.д. 580-500 жж.) мен Гераклиттің (б.з.д. 544-483 жж.) мемлекет пен құқық мәселелеріне әлеуметтік-саяси тұрғыдан талдау жасауы да осы тұста қалыптасты. Гераклит: «өз отбасың үшін қалай күрессең, мемлекет белгілеген тәртіпті іске асыру үшін де солай күресу керек» - деген пікір айтып мемлекеттік билікке үлкен құрметпен қарады. Ежелгі Грекия мемлекетінің нығайып – дамуы мемлекет туралы ілімнің қарқынды дамуына жағдай жасады. Бұған үлкен үлес қосқан даңқты ойшылдар Демокрит, Сократ, Платон, Аристотель, Полибий болды.

Мемлекет туралы саяси ойдың қалыптасуындағы айрықша кезең саналатыны – жалпыға бірдей бостандық идеясының өзекті орын алу тұсы. Нәтижесінде Ежелгі Рим мемлекетінде бұл ілім жедел қарқынмен дамыды. Оның тарихы: патшалық (б.з.д. 754-510 жж.), республикалық (б.з.д. 509-28 жж.) және императорлық (б.з.д. 27 – б.з. 476 жж.) болып үш дәуірге бөлінеді. Осы кезеңде саясат, өкімет және мемлекет туралы ілімге елеулі үлес қосқан Тит Лукреций Кардың (б.з.д. 99-55 жж.) шығармалары, әсіресе оның “Табиғат заттары туралы” поэмасы. Сол сияқты мемлекет пен құқық туралы Цицеронның ілімі жарық көрді. Ол ежелгі грек дәстүріне сүйене отырып “Мемлекет туралы” және “Заңдар туралы” деген еңбектер жазды. Ол мемлекеттік құрылыстың әр түрін талдай отырып, мемлекет қызметіндегі монархиялық, аристократиялық және демократиялық бастауларды біріктіру керек деген тұжырымға келді. Ол өз ойына, талаптарына сол кездегі Рим конституциясы сәйкес келеді деп есептеді.

Цицеронның мемлекет туралы негізгі тұжырымдамасы – заңның үстемдігі. Оның “Біз заңның құлы болғанда ғана еркін бола аламыз”, - деген қанатты сөзі қазір де өзекті пікір болып саналады.

Мемлекет туралы мәселедегі Әл-Фарабидің ой-пікірлерінің маңызы өте жоғары. Ол “Рахымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы” деген еңбегінде осы мәселені теориялық тұрғыдан тереңінен зерделейді. “Мемлекет, -

деп көрсетеді ойшыл, - адамдардың өз қажетін бірлесіп қоғамдық жолмен толық қанаттандыруға арналған ұйым”.

Сол сияқты Әл-Фарабидің мемлекет туралы айтқан мына сөздері ерекше көңіл аударарды: “Адамдарды бір-біріне көмектестіріп, халықтың жақсы тұрмыс құруына жағдай туғызып, қамқорлық жасаған мемлекет - өз міндетін атқара алады”. Ойшылдың осы пікірі «қоғамдағы мемлекеттің орны мен қызметі қазіргі нарықтық жағдайда қандай болуы керек» деген сұраққа берген нақтылы жауапқа ұқсайды.

Кейін саяси өмірдің күрделенуіне, дамуына байланысты мемлекетті қоғамдық, әлеуметтік тұрғыдан емес, өкілеттік, билік ретінде зерттеу қалыптасты, көзқарас жетіле түсті. Мемлекет халықты басқарушы ұйым деген түсінік кең орын алды. «Мемлекет» және «қоғам» деген түсініктерді ажырата білуде әсіресе Н.Макиавеллидің орны ерекше. Ол мемлекет деген түсінікті бөлек ұғымға айналдыру үшін “*stato*” деген термин енгізді. Стато – қазіргі түсінік бойынша, *автономия*, дербес, өз алдына деген мағынаны білдіреді.

Макиавелли мемлекетті тек ғана қоғамды басқаратын ұйым ретінде түсінумен шектелмей, оның дамуы, халықтың мұқтаж-мүдделеріне сәйкес қызмет атқаруы туралы тұжырымдамалар жасады.

Кейінгі ғасырларда қоғам мен мемлекетті дербес, өзара ажыратып, мемлекетті қоғамның басқарушы ұйымы ретінде дамыту мәселесі саяси ғылымда айрықша орын алды. Саясаттануда осы мәселе жөнінде әртүрлі, құнды тұжырымдамалар жасаған Гоббс, Локк, Руссо, Гегель, Кант, Мэдисон және т.б. болды.

Мемлекет қоғам өмірінің дербес саласы ретінде танылғаннан кейін ғалымдар мемлекет пен адамның өзара қатынасын зерттей бастады. Оның негізгі себебі – мемлекет шеңберіндегі адамның орны, ролі жөніндегі мәселелердің туындауы. Қоғамда, мемлекетте адам жалпы дамуға ешбір әсер ете алмайтын тіршілік иесі ғана ма, әлде ол (адам) қоғам, мемлекет өміріндегі шешуші күш пе?

Осы мәселе бойынша бірнеше ғасырға созылған ғылыми пікірталастың нәтижесінде саясаттануда этатизм деген бағыт пайда болды.

Этатизм дегеніміз - мемлекетке табыну, кейбір жағдайдағы қоғам мен жеке адам бостандығына әкелетін қиянатына, зорлық-зомбылығына төзіп шексіз билікті мойындау.

Әсіресе XVI ғасырдан бастап ғалымдар арасында этатизмге қарсы пікірлер күшейді. Мақсат – қоғам мен мемлекеттегі адам ролін көтеру, мемлекет жағынан адамның еркіне қарсы тұратын кедергілерді жою. Саясаттануда бұл мәселені зерттеудегі ағылшын ғалымы Томас Гоббстың үлесі ерекше. Ол “Левиафан” деген еңбегінде мемлекетке дейінгі қоғам өмірін суреттейді. Оның ойынша, әрбір адамның жаратылысынан өмір сүруге “табиғи құқығы” бар. Олардың құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан берілген. Бірақ табиғи заңдылықтар ешкімді де қауіпсіздіктен құтқармайды, ешкімнің өміріне кепілдік бермейді. Мемлекетсіз дәуір – ол барлық адамдардың «барлық адамдарға қарсы соғысы». Сол себептен табиғи, қатал өзара қарым-қатынас жағдайында адамдардың өмірін қорғауға кепілдік беретін ұйым іздеу

керек деген қорытындыға келді. Мемлекеттің пайда болуы – ол адамдардың келісім-шарты. Адам сыртқы қатерден сақтануы үшін өз құқықтарын мемлекетке тәуелді етті.

Т.Гоббс қоғамдық тәртіпті табанды, қатал ұстайтын мемлекетті жақтайды. Сондықтан ғалым өз теориясын Англиядағы монархияны қайта құруға, жаңғыртуға бағыттағаны белгілі.

Сонымен қатар, Гоббстың ойынша: «Мемлекеттік билік – жоғарғы заң шығарушы және оған бағыну. Басшы өзіне бағыныңқы адамдардың арасында теңдік болуы қажет екенін қадағалап отыруы тиіс және оларды сотта қорғай білуі қажет».

“Левиафан” - библия мифологиясы бойынша ғажайып, барып тұрған жауыз, рақымсыз, жан түршігерлік аң. Оған қарсы тұратын ешбір нәрсе де жоқ. Ал ғалым “Левиафанмен” – мемлекетті теңестіріп сипаттайды, себебі мемлекет адамдарға зорлық жасайды, күш көрсетеді, ал адамдар соған төзеді. Дегенмен, Гоббстың ойынша, мемлекет қандай мықты болса да – ол “ажалды құдай”, себебі ол жасанды. Мемлекет адамдардың ақылы мен қолынан туындайды, ал адам – табиғаттан жаратылған. Сол себепті қоғамда адам бірінші орында, ал мемлекет – екінші орында тұруы тиіс.

Адам мен мемлекеттің арақатынасын сараптай келе, Т.Гоббс: “Адамға құқықты үлестіріп беретін мемлекет емес, мемлекеттің өзі жеке адамдардың құқықтарынан жинақталады» - деген қорытынды жасайды.

Яғни, адамның қоғамдағы орны ең жоғарғы сатыда, әрбір адамның “табиғи құқығы” бар, “мемлекет оны заң арқылы қорғауға тиісті”.

Сөйтіп, ұлы ойшылдың тұжырымдамалары қазіргі замандағы адамның “табиғи құқығы” идеясына негіз болып халықаралық деңгейде қолдау тапты. 1948 жылы БҰҰ қабылдаған “Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясында” «адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан берілген, бұл ұстамды әрбір мемлекет өз заңдарына енгізуге тиісті» - деп жариялады.

Қазақстан Конституциясында осы принципті іске асыру көзделген. Оның 12-бабында: “Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп табылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады” - деп жазылған.

Сөйтіп, ғасырлар бойы ойшылдар мен ғалымдардың адам мәртебелілігін мемлекеттен де жоғары көтеру талабы дүниежүзілік қоғамдастыққа кірген Қазақстанда да қабылданды. Оның басты, негізі себебі - Қазақстан Республикасының құқықтық және әлеуметтік мемлекет орнықтыру мақсаты болып табылады.

2. Қазіргі кезеңдегі мемлекет: құрылымы және қызметі

Қазіргі кезеңде мемлекет ел басқару міндетін атқаратын қоғамның негізгі саяси ұйымы ретінде танылады. Қандай да болмасын мемлекеттің үш құрамды элементтері болады: ел территориясы, халқы және саяси билігі.

Мемлекеттің негізгі белгісі – *егемендік*. Мемлекеттің егемендігін, тәуелсіздігін басқа мемлекеттер де ресми түрде мойындауға тиісті.

Мемлекеттің негізгі ұстанымдары:

1. Заңдар мен нұсқаулар қабылдау құқығының болуы.
2. Мемлекеттің өз азаматтарын қорғауы үшін ашық және бірден-бір күш қолдану құқығының болуы. Себебі қоғамда күш қолдануға мемлекеттің ғана құқығы бар. Мысалы, қылмыс жасаушыларды өз еркінен айыру құқығы. Оны орындауға қажетті мемлекеттің арнаулы қарулы күштері болады. Бірақ күш қолдану тек заң арқылы жүргізілуі тиіс.
3. Жалпылық. Мемлекет өз аумағындағы (территориясындағы) адамдардың барлығын қамтиды. Осы мемлекеттің азаматы болмаса да (мысалы, әртүрлі себептермен басқа мемлекеттерден келгендер) мемлекеттің шекаралық шеңберінде болғаннан кейін оларға қамқорлық жасалуы тиіс. Бұл жөнінде 1930 жылы Гаагада (Нидерланды) мемлекетсіздікке (апатридизмге) қарсы халықаралық заң қабылданды. Бұл заңға сәйкес мемлекет территориясындағы жеке адам мемлекет қамқорлығынан тыс қалмауы тиіс.
4. Салық - қоғамды басқару жұмысына жұмсалатын қор (бюджет) қалыптастыру үшін қажет қаржы.

Территориясы мен этникалық (ұлттық) құрамына байланысты мемлекет әртүрлі құрылымға бөлінеді. «*Мемлекет құрылымы*» дегеніміз мемлекеттің ұлттық-территориялық ұйымдастырылуын көрсететін ұғым. Көп жағдайда, орталық билік пен жергілікті әкімдіктің өзара қатынасын белгілейді. Мысалы, мемлекет территориясының ұлттық-автономиялық бөліктерін белгілеу (округ, республика, штат), әкімдік-басқару аймақтарын бекіту (аудан, облыс, департамент, өлке).

Мемлекеттік құрылымның негізгі үш түрі кездеседі: унитарлық (біртұтас), федерация және конфедерация.

Унитарлық мемлекеттің белгілері:

- мемлекет ішінде автономия құрылымы болмайды;
- орталық саяси билік біртұтас болады;
- бір конституцияға негізделген.

Унитарлық мемлекеттерге, мысалы Жапония, Франция, Италия, Грекия, Польша, Финляндия, Қазақстан т.б. жатады. Бірақ Қазақстан көпэтносты мемлекет болғандықтан «не себепті ол унитарлы мемлекет болады?» - деген сұрақ туындайды. Бұның нақты жауабы: Қазақстанның территориясында барлығы бір аумақта тұратын, бір жерде шоғырланған ұлт өкілдері жоқ, мемлекеттің негізін құрайтын жергілікті Қазақ халқы болып табылады. Мемлекетімізде барлық этнос өкілдері бір-бірімен аралас өмір сүріп жатыр, сондықтан Қазақстанда ұлттық автономия құруға ешқандай негіз жоқ.

Федерация (федеративтік мемлекет) деп автономиялары бар мемлекетті атайды.

Федерацияның негізгі белгілері:

- мемлекет территориясында ұлттық немесе территориялық автономияның болуы;
- мемлекеттегі саяси билік және басқа да өкімет органдары екі деңгейде
- қалыптасады;
- мемлекеттің конституциясы екі деңгейлі болады.

Мысалы, Ресей, Қытай, Үндістан және т.б. Ресейде жиырмаға жуық республика бар (Татарстан, Башқұртстан, Дағыстан, Солтүстік Осетия, Тува т.с.с.) Саяси билік екі деңгейлі, яғни жалпы мемлекеттік президент, парламент және әрбір республиканың өз алдына президенттері мен парламенттері бар. Конституциясы екі жүйелі: бүкілресейлік және әрбір республиканың өз конституциясы бар.

Федерация тек ғана ұлттық ерекшеліктер негізінде қалыптаспайды. Дүние жүзіндегі федерацияның көп бөлігі жер (территория) арқылы орныққан. Мысалы, АҚШ, ГФР, Австрия және т.б. АҚШ-да штаттар, Германияда «жерлер». Ал федерациялық құрылым негізі—ұлт немесе жер аймағы ғана емес; федерацияның негізгі белгісі – егемендік дәрежесі. Егер автономияның, федерация субъектісінің белгілі мөлшерде (Конституция арқылы белгіленген) егемендігі болмаса, онда мемлекеттің федерация аталуы да жалған болып шығады.

Конфедерация дегеніміз - тәуеліз мемлекеттер одағы.

Конфедерацияның негізгі белгілері:

- конфедерацияда бәріне ортақ мемлекеттік билік болмайды;
- одаққа қосылған мемлекеттер ортақ мақсаттарын бірігіп жүзеге асырады;
- конфедерация құрамындағы барлық мемлекеттеге ортақ мекемелері болады;
- конфедерация құрамындағы мемлекеттердің өз әскері, ұлттық валютасы болады.

Конфедерация құрамындағы тәуелсіз мемлекеттер өздеріне ортақ мүдделерін бірігіп шешуі үшін арнаулы мекемелер құрады. Мысалы, қорғаныс, сауда, транспорт салаларындағы және т.с.с. ортақ мекемелері.

Қазіргі кезде конфедерация таза күйінде кездеспейді. Өткен уақыттарда конфедерация мемлекеттер арасында көбірек орын алды. Мысалы, 1847 жылға дейін Швейцария конфедерациясы, ал 1815-1867 жылдары конфедерация Германияда болды.

Қазіргі кезеңде Тәуелсіз мемлекеттер достастығының (ТМД) конфедерацияға айналу мүмкіндігі болған еді, бірақ бұл мемлекеттер арасында осы күнге дейін бәріне ортақ мекеме құрылған жоқ.

Еуропалық Одақты конфедерация қатарына жатқызуға болар еді, бірақ бұл одақтағы мемлекеттердің өзара қатынасы федерацияға ұқсап келеді (еуропалық ортақ саяси билігі парламенті бар, мемлекеттер бірлестігінде ортақ валюта (евро) пайда болды).

Әйтсе де Еуропалық Одақты толығымен федерацияға жатқызуға болмайды. Бұл Одақтың құрамындағы мемлекеттердің мәртебесі (статусы)

автономиялық дәрежеде емес, олар тәуелсіз мемлекеттер болып табылады. Қорыта келгенде, Жалпыевропалық Одақты адамзат тарихының жаңа заманғы мемлекеттік құрылыстың бастауы деп есептеуге болады. Мемлекеттердің дамуына саяси өмірдің жалпы бағыты тұрғысынан қарағанда, мемлекеттік басқаруда мәңгі өзгеріссіз ешнәрсе жоқ екенін дүниежүзілік саяси практика дәлелдеп отыр.

Мемлекеттік басқару түрі дегеніміз – саяси билік кімнің, қандай ұйымның, қандай субъектінің құзырында екендігін көрсететін ұғым. Қазіргі кезеңде мемлекеттік басқарудың үш түрі бар: монархия, конституциялық монархия және республика. Мемлекеттік басқарудың осы түрлеріне жоғарыда талдау жасалынып, мысалдар арқылы көрсетілді.

Қазіргі кезеңдегі дүниежүзіндегі мемлекеттік басқарудың негізгі бағыты— республикалық мемлекет түріне өту. Сол себептен мемлекеттік басқарудың осы түріне кеңінен тоқталамыз. Республиканың өзінің бірнеше түрлері бар. Қазіргі кезеңде дүниежүзінде көп қолдау тапқан және ең көп орын алатыны демократиялық республикалар. Олардың өзі үлкен үш топқа бөлінеді: президенттік республика, президенттік-парламенттік республика және парламенттік республика.

Президенттік республиканың белгілері:

1. Екі жүйелі сайлау. Президенттік және парламенттік сайлаулар әрқайсысы өз алдына бөлек өткізіледі.
2. Үкімет президентке тәуелді.
3. Атқарушы биліктің және мемлекеттің басшысы президент. Үкімет те президенттің қарамағында болады.

Президенттік республикаға жататын мемлекеттер, мысалы, АҚШ, Ресей, Қазақстан, Португалия, Мексика және т.б.

Президенттік-парламенттік республиканың белгілері:

1. Екі жүйелі сайлау: президенттік және парламенттік сайлаулар әрқайсысы өз алдына бөлек өткізіледі.
2. Парламент парламенттік сайлауда жеңіп шыққан саяси партиялардың уәкілдерінен қалыптасады.
3. Президент – мемлекеттің басшысы. Үкімет Президенттің алдында жауапты. Үкімет мүшелері Парламент палаталарына есепті.

Президенттік-парламенттік республикаға жататын мемлекеттер, мысалы, Франция, Австрия, Ирландия, Польша, Финляндия және т.б.

Парламенттік республиканың белгілері:

1. Сайлау бір жүйелі. Тек парламент сайланады.
2. Парламентте ең көп орын алған саяси партияның жетекшісіне премьер-министрлік (атқарушы билік) және мемлекет басшысы міндеті жүктеледі.
3. Үкімет парламентке тәуелді.

Парламенттік республикаға, мысалы, Германия, Италия, Индия, Түркия, Израиль және т.б. жатады.

XX ғасырдың соңғы ширегінде мемлекеттік басқару түрлерінің, жалпы демократияның дамуына байланысты шын мәніндегі демократиялық

республиканың жаңа деңгейлері қалыптаса бастады. Олар - **азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет**.

Азаматтық қоғамның негізгі белгісі--әрбір азаматтың, яғни жеке тұлғаның еркін дамуы. Бұндай қоғамда мемлекеттің жеке адам өміріне араласуына шек қойылады. Азаматтар өз еркімен (мемлекетке қатыссыз) күнделікті өміріне қажетті қоғамдық ұйымдар, бірлестіктер қалыптастырады. Мысалы, жанұялар бірлестігі, кооперациялар, ассоциациялар, қоғамдық ұйымдар, кәсіби, шығармашылық, спорттық, этникалық және басқа да бірлестіктер.

Азаматтық қоғам мәселесінің мазмұнды және ұзақ уақыт бойы қалыптасқан өз теориясы бар. Саясаттану тарихында бұл мәселені зерттеген және осы теорияға елеулі үлес қосқан ойшылдар мен ғалымдар Аристотель, Т.Гоббс, Ш.Монтескье, Ж.ЖРуссо және т.б. Олардың ішінде азаматтық қоғам тақырыбына ғылыми талдау жасаған немістің атақты ойшылы Г.Гегель болды. Ол азаматтық қоғам жалпы халық пен мемлекет арасындағы «байланыс жүргізу түрі» деп атады. Яғни, азаматтар мен мемлекет арасындағы біріктірушілік пен реттеушіліктің болуы. Гегельдің ойынша, азаматтық қоғам мемлекеттен тәуелсіз нарықтық экономиканы, әлеуметтік топтарды, таптарды, корпорацияларды, бірлестіктерді қамтиды.

Азаматтық қоғам жағдайында жанұя мен мемлекеттің арасындағы әртүрлі қоғамдық бірлестіктер мемлекеттің үстемдігімен, билігімен емес, тек ғана азаматтардың өз еркімен, олардың сұраныстарына байланысты ұйымдастырылады. Бірақ мемлекеттік тұрғыдан ол ұйымдардың барлығы заңдастырылған болады, ал мемлекет олардың іс-қимылдарына үстемдік жасап араласпайды.

Азаматтық қоғамның өте маңызды демократиялық белгісі – мемлекет азаматтардың бақылауынан тыс іс - әрекет жасай алмауы. Азаматтар мемлекет атқаратын міндеттерді өз еріктерімен мемлекетке тапсырады және оның орындалуына бақылау жасайды.

Азаматтық қоғам тек ғана демократиялық мемлекетте және нарықтық экономика қарым-қатынасы жағдайында ғана қалыптасуы мүмкін. Егер қоғам өмірі барынша мемлекеттендірілген болса (мысалы, Кеңес Одағы), онда азаматтық қоғамның қалыптасуы мүмкін емес. Себебі, азаматтық қоғамның негізі - әртүрлі меншіктік. Демократиялық саяси тәртіпте ғана жеке адамдардың экономикалық, саяси және рухани өмір түрлерін еркін таңдауына және жүзеге асыруына заң жүзінде кепілдік беріледі. Сондықтан азаматтық қоғам жағдайында іскерлікке, тапқырлыққа, жемісті еңбек етуге кең жол ашылады. Негізінде, тарихи тұрғыдан қарайтын болсақ, азаматтық қоғам жеке тұлғаның, азаматтардың өздері құратын ұйымдар. Қазақстанда қазіргі кезде азаматтық қоғам қалыптастырудың берік негізі қаланды. Тоталитарлық кезеңде қоғам өмірі барынша мемлекеттендірілген болатын, осыған сәйкес халықтың саяси сана-сезімі азаматтық қоғам орнату деңгейіне көтеріле алған жоқ еді. Сол себептен демократиялық, азаматтық қоғам орнатуға мемлекеттік биліктің өзі ұйытқы болды.

Біріншіден, еліміздің 1995 жылғы Конституциясы Қазақстанда нарықтық экономика мен жеке адамның бостандығын қамтамасыз етуге мүмкіндік жасады. Осы Конституциядағы қойылған талаптарға сәйкес елдегі азаматтық қоғам мен оның институттарын белгілі бір дәрежеде дамытуға мемлекеттің атқарған тиісті саяси, құқықтық және өзге де қызметтері үлкен жәрдем етті. Қазақстанда мемлекеттік емес ұйымдардың дамуына да зор көңіл бөлінді. Мысалы, 2001 жылы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заң қабылданды. 2003 жылдың қазан айында еліміздің алғашқы Азаматтық форумы өтті, 2005 жылы «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» Заң қабылданды. 2006 жылдан бастап Үкіметтік емес Ұйымдары (ҮЕҰ) қызметін қолдау үшін мемлекет тарапынан қаржы бөлінетін болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 шілдедегі Жарлығымен бекітілген Қазақстанда азаматтық қоғам дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды. Осыған орай, 2003-2005 жылдары бірін-бірі жалғастыра отырып, қоғамды демократияландыру одан әрі азаматтық қоғам орнату жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін Кеңес пен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Демократия мен азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия қызмет атқарды.

Мемлекет тарапынан жағдай туғызылуы нәтижесінде Қазақстанда азаматтық қоғам институттары - саяси партиялар, мемлекеттік емес ұйымдар, ұлттық-мәдени бірлестіктер, мемлекеттік емес БАҚ мейлінше тез дами бастады. Қазақстанда азаматтық қоғамды дамытуға арналған заңдар, тұжырымдамалар негізінде азаматтық қоғамның белгілері бүгінгі күннің өзінде қоғам өмірінің әртүрлі салаларынан көрніс тапты. Мысалы, экономикадағы - меншіктің әртүрлілігі, әлеуметтік саладағы – орта таптың қалыптасуы, саяси саладағы демократиялық институттардың дамуы, құқықтық саладағы - азаматтардың бостандықтары мен құқықтарын қорғайтын жүйенің қалыптасуы, басқару саласындағы - «үшінші сектор» деп аталатын үкіметтік емес ұйымдардың орнығуы, идеология саласындағы -либералды құндылықтар, әлеуметтік экономика мен толеранттық теориясының жасалуы. Сонымен, Қазақстанда азаматтық қоғам қалыптастыруға зор мүмкіндік туып отыр. Мемлекет бірте-бірте білім беру, тұрғын үйлер, қалалық көлік және зейнет ақы төлеу саласындағы ұйымдастыру мәселелерін азаматтардың өз қолына бере бастады.

Сайып келгенде, «азаматтық қоғам дегеніміз не?» - деген сұраққа жауап беретін болсақ - мемлекеттік құрылымнан тыс қалыптасатын әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани қоғамдық қатынастар жүйесі. Азаматтық қоғам демократиялық, саяси-мәдени, экономикалық деңгейі жоғары дамыған кезде, ол құқықтық мемлекетке айналады.

Құқықтық мемлекет деген ұғымдағы “құқықтық” деген сөздің болуында үлкен мән бар. Ол қоғамның саяси-әлеуметтік өмірінде, оның барлық саласында құқық жоғары орында тұруы керек дегенді меңзейді. Бұл әрбір құқықтық мемлекеттің басты ұстанымы болуы керек, яғни құқық әрбір елдің Конституциялық негізгі заңында бекітіліп, басқа да заңдары мен жарлықтарына нұсқау болуы тиіс. Заң үстемдігі болмаған жерде құқықтық мемлекет те болмайды. Тіпті ежелгі дүние адамдары да еркіндікті аңсағанда заңның

үстемдігі арқылы ғана бостандыққа жетуге болады деп санаған. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстан егеменді мемлекет болғаннан кейін өзінің Конституциясында қоғамдағы құқықтық заңның үстем болуын басты принцип етіп жариялап, бірінші бабында - ақ: “Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады”- деп атап көрсеткен.

Құқықтық мемлекеттің құқықтық еместен мемлекеттен ерекшелігі – заңдарының сапасында. Құқықты мемлекеттің заңдары әділ, ізгілікті болуы керек. Онда адамдардың өмір сүру, өзіне лайықты күн көру, т.б. сол сияқты ажырамас құқықтары бекітілуі қажет. Құқық – мемлекеттің адамға берген сыйлығы емес, бұлай түсіну аңғалдық және түбірімен зиянды. Құқық адамның табиғатымен бірге жаралған. Мемлекет құқықты тек іске асыруға жағдай жасаушы ғана. Жоғарыда аталған “Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясында”: “Барлық адам жаратылысынан еркін, бойындағы қасиеттері мен құқықтары тең болып туады. Оларда ақыл, ар-ұждан болғандықтан бір-біріне туысқандық рухта ықылас білдіруге тиіс” - деп көрсетілген. Осы тұжырымды айқындай келіп, Декларацияның 3 бабы: “Әрбір адам өмір сүруге, еркін болуға және жеке басының өміріне ешкімнің қол сұқпауына құқылы” - деп бүкіл әлемге паш етті. Бүкіл адамзат мойындап отырған осы аса маңызды халықаралық құжаттың аталып өткен қағидалары Қазақстан Конституциясында толығымен енгізіліп: “... дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз”- деп атап көрсетілген.

Еркіндік, бостандық деген ұғымды шексіз (абсолюттік) деп түсінбеу керек. Әрбір адам қоғамда өмір сүргендіктен белгілі жағдайда сол қоғамдық ортаға тәуелді болады. Бірақ оның да белгілі шегі, өлшемі бар. Қоғам өміріндегі бостандық өлшемі құқылық формада анықталады. Ал ол өлшем жұрттың бәріне бірдей болу керек. Мәселен, Конституцияның 15-бабында көрсетілгендей, «Әркімнің өмір сүруге құқығы бар. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ» деп жарияланған. Өзі өмір сүруге құқығы бола тұрып, бір адам екінші бір адамның өміріне қауіп төндіруге, қастандық жасауға ерікті емес. Осылай болмаған күнде бір кісінің құқықтығы екіншісінің құқықтылығын жоққа шығарып, біреулердің ғана игілігіне айналған болар еді. Адам құқығы қоғамдық өмірдің әр саласында: экономикалық, саяси, мәдени, әлеуметтік және жеке басының әрекет жасауынан көрінеді. Құқық неғұрлым міндетті, неғұрлым кепілденген болса, соғұрлым кісі еркін болады.

Құқықтық мемлекет адам бостандығы мен теңдігін тұлғаның туа біткен қасиеті деп жариялады. Адам еркін барынша қастерлеп, оның автономиялы екендігін танып, мемлекет меншігі деп қарамайды, қайта өзінің ажырамас бөлігі деп есептейді.

Сөйтіп, мемлекет барлық құқықтық жүйенің өзегі болып есептелетін адам құқығын қорғап отырады. Сондықтан да оның заңдары мен жарлықтары адам құқығына сай келетін, оның ешбір бұзылмайтын принциптеріне бағынатын болуы керек. Сонымен, адам құқығының мәні - оның ар -ұжданының,

адамгершілігінің, абыройының, мүддесінің мызғымастығы және оларды қорғау кепілдігін қамтамасыз ету. Құқықты мемлекеттің тағы бір ерекшелігі – мемлекет пен жеке адам арасындағы өзара жауапкершілік принципінің қалыптасуы. Бұны біз жеке кісінің еркін белгілі бір мөлшерде шектеуге барып, мемлекеттің нұсқауларына бағынуға міндеттеуінен және мемлекет тарапынан жеке тұлғаның құқығын қорғауға жауапты болып, оның өмірлік қызметіне кепіл болуынан көреміз. Осыған байланысты құқықтық мемлекет өз азаматтарының мүддесіне сай келетін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруға міндетті. Сондықтан да қазіргі кезде құқықты, әлеуметтік мемлекет туралы жиі айтылатын болды. Құқықты мемлекеттің тағы бір ерекшелігі билік жүргізуді бұйрық немесе жеке шешімдер арқылы емес, заң арқылы іске асыратындығы. Бұл заңдар әділ болып, әділетті шаралар арқылы іске асырылуы керек. Міне, осы мақсатта өкімет билігін бөліп жүргізу принципі әрекет етеді. Бұл ұстаным бойынша бірде-бір мемлекеттік органға толық өкімет билігі берілмейді, әрқайсысы өз міндеттерін өз билігі көлемінде заңға сәйкес атқарады және ешқайсысы бірінің қызметін бірі қайталамайды. Бұл шенеуніктердің өз қызмет бабын пайдаланып, басқа адамға қиянат жасаушылыққа жол бермеу үшін қажет. Ал енді саяси биліктің үш тармағында үстемдік үшін таласқа түсуді болдырмау үшін құқықтық мемлекетте олардың біріне жоғары мәртебе берілуі қажет. Ондай мәртебе заң шығарушы билікке берілген. Өйткені, сол ғана ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарына заңдық негіздегі күш беріп, қоғамдағы заңның үстем болуын қамтамасыз етіп отырады. Барлық құқықтық мемлекеттерде заңдық өкіметке парламенттер (формалары әртүрлі болғанымен) ие болады. Өйткені, парламент қоғамдағы саяси, әлеуметтік қарым-қатынастарды заң арқылы реттеп отырады, ал оған заң шығаруға өкілеттілік беретін халық.

Барлық құқықты мемлекеттерде заңдардың конституциялығын бақылап отыратын мемлекеттік биліктің тармағы – сот билігі.

Сонымен, сайып келгенде, демократиялық республиканың саяси сапасы жағынан жетілген түрі – **құқықтық мемлекет**, яғни демократиялық жолмен қабылданған заң үстемдік ететін, заңның алдында бәрі де тең саналатын, жеке адамның құқығын жан-жақты қамтамасыз ететін мемлекеттік басқару.

Қорыта келгенде, мемлекеттің ең басты міндеті—қоғамда тұрақтылық орнатып, азаматтарының қалыпты өмір сүруіне жағдай жасау. Мемлекет туралы тақырыпты талдаған кездегі жиі кездесетін сұрақтың бірі: «қоғамның мақсаты қандай мемлекет орнату, яғни қандай мемлекет халық үшін тиімді болып табылады?» деген сұрақ. Бұған саясаттанушы ғылымдардың қысқаша жауабы: «Ең жақсы мемлекет—ол өзімізді өзіміз басқаруға жәрдем ететін мемлекет» - деген қағида.

Бақылау сұрақтары

1. Платон мен Аристотельдің мемлекет құрылысы туралы ой-пікірлері
2. Т.Гоббс. “Левиафан”
3. Этатизм деген түсініктің мағынасы
4. Азаматтық қоғамның негізгі белгілері
5. Құқықтық мемлекеттің негізгі белгілері
6. Мемлекеттік басқарудың негізгі түрлері
7. Мемлекет құрылымының түрлері
8. Мемлекеттің пайда болуы туралы теориялар
9. Унитарлық (біртұтас) мемлекет дегеніміз не?
10. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері қандай?

Ү тарау

САЯСИ ПАРТИЯЛАР МЕН ҚОЗҒАЛЫСТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ

1. Саяси партия – билік пен қоғам арасындағы байланыс құралы

Партия дегеніміз не? **Партия** әдетте бағдарламалық құжаттарда көрсетілген ортақ саяси бағытты, көзқарастарды ұстанған азаматтардың белгілі бір тобын біріктіретін ұйым. Нақты әлеуметтік-таптық мүддені білдіретін идеология мен саяси бағытты басшылыққа ала отырып оны іске асыру үшін партиялар мемлекеттік билікке келуге ұмтылады.

Мысалы, жеке адам қоғамдық немесе жергілікті көлемдегі белгілі бір саяси әлеуметтік мәселені нәтижелі шешу жолдарын қарастырады. Бұл туралы оның тұрақты көзқарасы қалыптасады. Ол көзқарас, яғни, идеясы кейін мақсатқа айналады. Ал енді оны қалай іске асыру керек? Мүмкін ол адам бұқаралық ақпарат арқылы өзінің мақалаларын шығарар немесе әртүрлі жиындарда, ғылыми конференцияларда өз пікірін білдірер. Бірақ бұның бәрі де сол азаматтың идеясының іске асырылуына толық кепілдеме бермейді. Идеяны, пікірді іске асырудың айқын бір жолы – билікке келіп билік арқылы іске асыру. Билікке келу деген түсінік ол билікті өз қолына тартып алу емес, қалыптасқан билік қатарынан орын алу. Мысалы, белгілі бір саяси ұйымның өкілдері депутаттыққа өтіп парламенттің бірнеше орындарына ие болса, олардың жаңа заң шығаруға әсер ету мүмкіншілігі пайда болады. Осы арқылы ол өзінің көзқарасын заң жолымен іске асыруға мүмкіндік алады.

Бірақ бұндай жүйе демократиялық жағдайда ғана мүмкін. Сондықтан партияның билікке өтуін немесе өтпеуін шешетіндер тек ғана сайлаушылар болуға тиісті. Ол үшін сайлаушылардың, жалпы қоғамның демократиялық саяси мәдениеті жоғары деңгейде болуы керек.

Ал демократия орнықпаған режимдерде кейбір саяси партиялар өз көзқарасын іске асыру үшін билікке төңкерістер, революциялар арқылы келді. Мысалы, XIX ғасырдағы Еуропа елдеріндегі революциялар, Ресейдегі 1917 жылғы Қазан революциясы және т.с.с.

Жалпы алғанда, партия қоғамдағы бұқаралық, әлеуметтік күштердің мүддесін білдіруге, мемлекеттік билік орындары арқылы сол мүдделерді жүзеге асыру үшін қызмет етеді. Саяси партия мемлекет пен қоғамды бірлестіретін буын, саяси билік пен қоғамның арасындағы байланыс құралы.

Сонымен, *партия* деп - қоғамдағы әлеуметтік-саяси мүдделерді шешу үшін өздеріне ортақ көзқарастарды іске асыру жолында мемлекеттік билікке келуге ұмтылатын азаматтардың ерікті ұйымын айтады.

“Партия” деген сөз латын тілінен шыққан, “бөлу”, “бөлшек” деген мағынаны білдіреді. “Мен бүгіннің бөлшегімін”, “мен осы топтың пікірін қолдаймын”, “мен біреулермен пікірлеспін” деген түсініктері.

Тарихта XVIII-XIX ғасырларда саяси партиялар клуб, әдебиеттік бірлестіктер, қоғамдық ұйымдар түрінде пайда бола бастады.

Бірақ сол кездегі шексіз мемлекеттік билік (монархия, патшалық) жағдайында партиялардың айтарлықтай маңызы болмады. Ол уақытта әр түрлі мемлекет басшылары қоғамдық ұйымдарға, саяси қозғалыстарға қарсы болды, тіпті дұшпандықпен, қастықпен қараған жағдайлар да болған. Мысалы, Америка Құрама Штаттарының бірінші президенті Джордж Вашингтонның өзі де 1787 ж. “саяси бірлестіктер”, яғни, саяси партиялар – олар тыныштықты бұзушылар, олар халықтың ішінде іріткі салып, билікке таласушылар” – деп түсінді.

Ал 1825 жылғы Ресейдегі декабристер қозғалысының қалай аяқталғаны тарихтан жақсы белгілі. Ресей патшалығы оларға қарсы күш қолданып, біразын өлім жазасына тартып, қуғынға ұшыратқан болатын.

Ресейдегі ең бірінші партия – Ресей социал-демократиялық жұмысшылар партиясы (РСДЖП) 1898 жылы астыртын түрде ұйымдастырылды.

Дегенмен, кейінгі кезеңде жалпы азаматтық, оның ішінде демократия принциптерінің дамуына байланысты саяси партиялар кеңінен дами бастады.

Қазіргі кезеңдегі саяси партияларға ұқсас біздің уақытымыздағы партиялар Еуропада, Америкада XVIII ғасырда пайда болды.

Не себептен XVIII ғасырда? Не себептен олар XVII, XVI ғасырларда немесе одан бұрын қалыптасқан жоқ?

Оның себебі XVIII ғасырда ғана мемлекеттік билікті сайлауға мүмкіндік туып, кейбір мемлекеттерде шексіз монархия жойылды. Мысалы, Францияда Ұлы француз революциясынан кейін (1789 ж.) республика орнатылды. Дәл осы кезде АҚШ өзінің конституциясын қабылдап, бірінші президент сайлады.

Қоғам мүшелері, әртүрлі әлеуметтік топтар саяси билікке өздерінің уәкілдерін сайлауға мүмкіншілік ала бастады. Мемлекеттік билікке араласушы үміткерлерді бұқараның қолдауы, сүйемелдеуі қажет болды. Осындай азаматтарды дайындау үшін, оларды саяси билікке өткізу үшін саяси партиялар құрыла бастады. Сонымен қатар, сайлау органдары мен сайлау жүйелері қалыптасты.

Яғни, саяси партиялардың пайда болуы - демократияның дамуымен байланысты. XVIII ғасырға дейін билік сайланбайтын патша, король, шах, хандардың қолдарында тұрған кезде саяси партияларды ұйымдастыруға ешбір мүмкіндік болған жоқ, себебі оны құруға билік рұқсат берген жоқ.

Саяси партиялардың ұйымдастырылуы XVIII ғасырдан басталып, XIX ғасырда дүние жүзінде көптеген ірі, беделді партиялар өмір сүре бастады.

Мысалы, 1828 жылы АҚШ-та демократиялық партия өмірге келсе, 1867 жылы Англияда Консервативтік партия, ал 1869 жылы Германияда социал-демократиялық жұмысшылар партиясы пайда болды. Сол жылы Францияда Республикалық радикалдар партиясы дүниеге келді.

XIX ғасырдың 80-шы жылдары дүние жүзінің 100-дей елдерінде 500-ден астам саяси партиялар қалыптасты.

Қазіргі кезеңде дүние жүзінде қанша саяси партия бар? Бұл сұраққа нақтылы жауап берудің өзі қиын. Себебі саяси партиялардың өмірінде тұрақты, ешбір өзгеріссіз қалатын жағдай болмайды және болуы да мүмкін емес. Адамзаттың саяси өмірі қандай құбылмалы, әрдайым өзгерісте болып тұратын

құбылыс болса, саяси партиялардың өмірі де дәл сондай. Сондықтан бір жағынан жаңа партиялар қалыптасып жатса, екінші жағынан кейбір партиялар ыдырап, қызметін тоқтатып жатады.

Бірақ тарихи ұзақ уақыт, ХІХ ғасырда пайда болып, осы күнге дейін өзінің мүдделестеріне адал қызмет жасап, саяси мол тәжірибе жинап, халыққа дәстүрлі партия болып танылғандары да бар. Олар: АҚШ-тың демократиялық партиясы (1828 ж. құрылған), Канаданың прогрессивтік-консервативтік партиясы (1854 ж. құрылған), АҚШ-тың республикалық партиясы (1854 ж. құрылған), Ұлыбританияның консервативтік партиясы (1867 ж. құрылған), Германияның социал-демократиялық партиясы (1869 ж. құрылған) және тағы да басқа партиялар.

Алғашқы кезеңдерде әрбір саяси партия үлкен әлеуметтік топтардың, көбіне таптардың жетекшісі болды. Мысалы, жұмысшылар партиясы, шаруалар партиясы, буржуазия партиясы, христиандар партиясы т.с.с. Ал ХХ ғасырдың ортасынан бастап жағдай басқаша өзгерді. Енді партияның мүшелігіне әртүрлі әлеуметтік топтар мен таптардың өкілдері кіре алады. Бұл саяси құбылыс демократияның дамуымен байланысты шықты. Себебі биліктің сапасын қамтамасыз ету ол тек ғана бір топтың, әлеуметті таптың мүддесі емес, ол бүкіл халықтың мүддесі. Ал қандай да болмасын қоғамдағы әлеуметтік мәселе барлық жағдайда мемлекеттік билік арқылы шешілетіні белгілі.

Әйтсе де, әрбір саяси партияның өзіне ғана тән міндеті мен өз қызметіне байланысты ерекшелігі болады. Олар сан алуан, оларды жүйелеу оңай емес, себебі бұл ерекшеліктер көбіне тарихи жағдайға байланысты қалыптасқан. Партия саяси құрылым ретінде Еуропалық елдерде пайда болғаны белгілі. Сондықтан да партияның табиғатын, қоғам өміріндегі маңызы мен мәнін, қызметін анықтауға осы елдердің ғалымдары көбірек көңіл бөлді. Бұл ретте, әсіресе, француз ғалымы М.Дюверженің “Саяси партиялар” деген еңбегінде партия ұйымдарының түрлері, құрылымы, типтері, партия басшылығының тәсілдері, партия мен мемлекеттік қарым-қатынасы кең көлемде зерттелген.

Француз саясаттанушылары Ф.Борелл, Ж.Бюрдо, Ж.Шарло еңбектерінде де партияның қазіргі кезеңдегі ролі нақты көрсетілген. Саяси партиялардың мемлекеттегі алатын орнына қарай жүйелеген немістің мемлекет жөніндегі ілімді дамытушы ғалымы Г.Еллинек болды. Бұл мәселелермен бірқатар Ресей ғалымдары да айналысты. Мысалы, М.Острогорский “Демократия және саяси партияларды құру” деген еңбегінде Еуропа елдеріндегі партиялардың құрылуы мен дамуы туралы мәселелерді зерттей келіп, АҚШ пен Англияда партиялар сайлау өткізу және сол сайлаулардың негізінде пайда табу үшін құрылған ұйым екенін айтады. Әрине, саяси партиялардың қызметтері әртүрлі болғанымен де, оларға жалпы ортақ белгілерді талдауға болады.

Саяси партиялардың ортақ белгілері:

1. Әлеуметтік бірлестік. Қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтарға басшылық жасап, олардың саяси-әлеуметтік мүдделерін шешу үшін бірігіп іс-қимылдар жасауға басшы болу.
2. Азаматтардың саяси санасын жоғарылату.
3. Саяси билікке келу үшін күрес жүргізу.

4. Саяси мамандар, саясатшылар дайындау мәселесін шешу.
5. Қоғам дамуына бағытталған саяси бағдарламалар дайындап оны іске асыру.

2. Көппартиялық жүйенің қалыптасуы және оның маңызы

Көппартиялық жүйе ХХ ғасырда қалыптаса бастады. Ол әсіресе демократиялық мәдениет деңгейі жоғары қоғамдардың саяси өмірінде кеңінен орын алады. Көппартиялық жүйенің қалыптасуына әртүрлі демократиялық саяси процестер ықпал етеді. Оның негізгілері: жалпыға бірдей сайлау құқығының қалыптасуы, сайлауға қатысу жасының, мүлік шартының (цензінің) төмендеуі, либерализм идеологиясының орын алуы, яғни, мемлекет пен азаматтар арасындағы қарым-қатынастарының өзгеруі, мемлекеттің қоғам мен жеке адамдардың өміріне араласуының шектелуі, яғни антиэтатизм принципінің орнығуы.

Қазір бүкіл адамзат өркениетке жаппай ұмтылыс жасап отырған кезде көппартиялықтың артықшылығына әлем халықтары толық көз жеткізіп отыр. Бұның өзі партиялардың саясаттары халық мүддесіне қаншалықты сай келетінін жеке азаматтардың бағалауына жол ашады. Жеке адамның қоғамдық күштерді, саяси басшыларды, билік түрін қалауынша таңдау жасауына мүмкіндік береді. Көппартиялық жүйе билікке ие болып отырған саяси топтарды, басқарушы партияларды (егер олар өздерінің міндеттерін орындай алмай жатса) алмастыруға жағдай жасайды. Ал мұның өзі қоғамда саяси қызметтерді тиімді жүргізудің алғышарты. Сондықтан да демократиялық қоғамда көппартиялыққа айрықша мән беріліп, бірнеше саяси партиялардың қатар өмір сүруіне мемлекеттік, қоғамдық тұрғыдан қолдау көрсетуге жағдай туады.

Бүгінгі күні, әсіресе, дамушы елдерде әртүрлі бағыттағы, сипаттағы бағдарламасы бар партиялар қалыптасты. Олардың саны көбейген сайын қоғамдағы орны, қызметі, саяси идеология бағытына қарай топтастыру жүйесі де белгіленді. Мысалы, саяси партиялар мақсаттарына қарай төрт топқа бөлінеді: сайланушылар партиялары, қауымдастық партиялар, авангардтық партиялар, парламенттік партиялар. Осы партия топтарының кейбіреулеріне сипаттама беретін болсақ, сайланушылар партияларының мақсаты өз үміткерлерінің сайлау алдындағы науқанын ұйымдастыру, қаржы жинау, үгіт жүргізу. Оларда тұрақты мүшелік, идеологиялық негіз жоқ. Мысалы, АҚШ-тағы республикалық және демократиялық партиялар, Ресейдегі либерал-демократиялық партия және т.б.

Саяси идеология бағыты бойынша партиялар 4 түрге бөлінеді:

1) Социал-демократиялық партиялар (социалистік, демократиялық, либералдық, христиан-демократиялық т.с.с.). Олар еңбекші халықтың мүддесіне сай реформалар жүргізіп, жалпы кедейшілікке қарсы күрес жүргізу бағдарламасын ұстанады. (Мысалы, Германия, Австрия, Швеция, Ұлыбритания елдеріндегі социалистік, демократиялық, лейбористік т.с.с. партиялар);

2) Консервативтік партиялар. Негізгі саясаты (идеологиясы) бұрыннан қалыптасып келе жатқан мемлекет, қоғам, экономика және рухани негіздерді,

жүйелерді сақтау. Мысалы, Ұлыбританияның консервативтік партиясы, Германияның христиандық-элеуметтік одағы мен христиандық-демократиялық бірлестігі, АҚШ-тың республикалық партиясы.

3) Коммунистік партиялар мен солшыл радикалдық бағыттағы партиялар. Мысалы, Қытай, Солтүстік Корея, Куба, бұрынғы Кеңес Одағының коммунистік партиясы, Ресей Федерациясының коммунистік партиясы, Қазақстан коммунистік партиясы және т.б.

4) Фашистік партиялар. Олар жеке мүддеден мемлекеттік мүдденің басым болғанын, басқарудағы қатаң орталықтандыруды, адам құқықтары мен бостандықтарын шектеуді қалайды. Фашистік партиялар кезінде Германия мен Италияда болған. Ал қазіргі кезде кейбір елдердегі жаңарған неофашистік ұйымдардың пайда болуы жалпы адамзатты қатты алаңдатады.

Осы партиялық топтардың ішінен бағдарламасының мазмұны, идеологиясы, мақсаты, қоғамдық пайдасы туралы қысқаша сипаттама беретін болсақ, бүкіл дүние жүзіне танылған, халыққа беделді партияларға социал-демократиялық топ жатады. Ең бірінші социал-демократиялық партия 1869 жылы Германияда пайда болды. Бұл партия Германия социал-демократиялық **жұмысшылар** партиясы деп аталды (ГСДЖП). Бұл партияның мақсаты – жұмысшыларды, шаруаларды, кедейлерді буржуазиялық қанаудан құтқару, олардың еңбек ақысын әділетті түрде төлету, 8-сағаттық жұмыс күнін орнату, шаруаларға жер беру, қоғамның барлық саласында кедейлерге теңдік беру. Ол үшін кедейлерді революцияға көтеріп, байларды жойып, жекеменшікті жойып, социализм орнату. Яғни, ГСДЖП алғашқы қалыптасқан кезде марксистік көзқараста болды. Бірақ кейін ГСДЖП-ның жетекшілері кедейлерге теңдік орнатудың жолы тек ғана революция жасау, социализм құру, байларды жою емес, кедейлердің мүдделерін реформалар арқылы шешуге болады деген теориялық тұжырымдамаға келді. Кейін бұл идеология **реформизм** деп аталды.

Сонымен, Германия социал-демократиялық жұмысшы партиясы марксистік көзқарастан реформистік көзқарасқа ауысты. Осыған сәйкес 1901 жылы партияның аты да өзгерді: Германия социал-демократиялық жұмысшылар партиясы дегеннің орнына Германия социал-демократиялық партиясы деп аталды (ГСДП). Яғни, “жұмысшылар” деген сөз партияның атынан алынып тасталды. Бұның себебі – осы партияның ісі тек ғана жұмысшылар табының мүдделерін шешу емес, жалпы елге, халыққа қызмет ету болды.

ГСДП бағдарламасының негізгі мазмұны – кедейшілікпен күресу болды: елде жұмыссыздықты азайту, жұмыссыздарға көмекақы төлету, жаңа жұмыс орындарын ашу, қарт адамдарға зейнетақы төлету т.с.с. Олардың мақсаты осы күрделі элеуметтік шаралардың барлығын реформалар арқылы шешу (революция арқылы емес). Олар бұл реформаларды жаңа парламенттік заңдар қабылдау арқылы жүзеге асыруды ұсынды.

ГСДП-ның бұл бағдарламасы халық арасында кеңінен қолдау тапты. Парламенттік сайлауларда халық осы партияға көбірек дауыс беретін болды, нәтижесінде Социал-демократиялық партия парламенттен көп орын ала бастады. Парламент жоғарыда аталған реформалар туралы заңдар шығарды.

Сөйтіп, кедейшілікпен күрес бүкіл мемлекеттік іске айналып, жоқшылық реформизм идеологиясын ұстанған елдерде азая түсті.

Осындай бағдарламаны ұстанған социал-демократиялық партиялар алғашқы уақытта Еуропада, содан кейін Америка, Азия, Африка елдерінде де пайда болды.

Қазіргі кезеңде дүниежүзінде 60-тан астам социал-демократиялық партиялар бар. Олардың мүшелерінің жалпы саны 17 млн. адам. Бүгінгі күні социал-демократиялық партиялардың 30-ға жуығы мемлекеттік билікке келіп отыр. Осы партиялар билікке келген мемлекеттерде елдің әлеуметтік-экономикалық деңгейі жоғары дәрежеге көтеріліп, кедейшілік жыл сайын азая түсуде, ал кейбір Еуропа елдерінде жоқшылық мәселесі күн тәртібінен алынып тасталған.

Дүниежүзіндегі социал-демократиялық партиялардың 1951 жылы құрылған Социалистік Интернационал деп аталатын халықаралық одағы бар. Оған кез-келген партия мүше бола алмайды. Мысалы, ТМД елдерінен жаңадан пайда болған кейбір социал-демократиялық партиялар Социалистік Интернационалға мүшелікке сұранғанда, оларға берілген жауап мынадай болыпты: “Сіздер қоғамдарыңыз үшін қызмет етіңдер, ең алдымен еңбекші халықтың, жұмысшы табының, кедейлердің тұрмыс жағдайын жақсартыңдар, жоқшылықты жойыңдар, бізге мүшелік жөні содан кейін шешілер”.

Партиялардың құрылуы, өмір сүруі *партиялық жүйемен* тығыз байланысты. Бұл жүйе елдегі саяси күштердің орналасуы мен өзара қатынастарына сәйкес келеді. Партиялық жүйе партияның мемлекетпен қарым-қатынасын, елдегі саяси тәртіптің мәнін анықтайды. Демек, партиялық жүйе шамасы келгенше мемлекеттік істерге, елдегі басқарушы орындарды құруға, саяси бағыт-бағдар белгілеуге белсене қатысатын саяси күштер тобы.

Партиялық жүйенің үш түрі болады: бірпартиялық, екі партиялық және көппартиялық. Бір партиялық жүйе бұрынғы барлық социалистік елдерде болды. Қазіргі кезде бірпартиялық жүйе саяси қызмет ететін елдер – Солтүстік Корея, Қытай, Куба, Ливия, Алжир, Заир, Мысыр және т.б. Елдегі партиялық жүйе партиялардың санымен анықталмайды. Мысалы, Қытайда бір партиялық жүйе, бірақ саяси партия біреу ғана емес, онда бірнеше партия бар. Сол сияқты, АҚШ-та, Англияда екі партиялық жүйе, бірақ бұл елдерде партиялардың саны тек екі-екіден ғана емес, екеуінде де көптеген партия саяси өмірге қатысады.

Сондықтан, партиялық жүйе әрбір елдегі партиялар санымен емес, саяси билікті қалыптастыру ролімен анықталады. Қытайда мемлекеттік билікті қалыптастыратын Коммунистік партия, АҚШ-та саяси билікті қалыптастыратын негізінде екі партия – республикалық және демократиялық; Англияда парламенттің негізгі палатасын және атқарушы билікті сайлау арқылы қалыптастыратын екі партия – лейбористік және консервативтік. Ал Еуропаның көптеген елдерінде, мысалы, Францияда, Италияда, Германияда мемлекеттік билік көппартиялық жүйе арқылы құрылады.

Саяси ғылымның тұжырымдамасы бойынша демократиялық принциптерге көп жағдайда қайшы келетін - бірпартиялық жүйе. Бұл жағдайда қоғамдағы мемлекеттік билік бірте-бірте сол жалғыз партияның қолына өтеді.

Ресей ғалымы Ю.С.Гамбаров өзінің 1904 жылы жарық көрген “Саяси партиялар бұрынғы және қазіргі кезеңде” деп аталатын еңбегінде былай деп жазады: “Әрбір саяси партия әр уақытта қоғамның бір бөлшегі. Егер қоғамда жалғыз партия болып ол билікке келсе, онда мемлекеттік биліктің көзі барлық халық емес, билік халықтың бір кішкене ғана бөлшегінің қолында болады. Бөлшек бүтінге жету үшін оның басқа бөлшектері де болуы керек. Қоғамдағы саяси өмірдің бүтіндігі – ол көппартиялық жүйе”.

Партиялық жүйе проблемаларын терең зерттеген ресейлік ғалымдар В.В.Водолазов (“Саяси партиялардың бағдарламалар жиынтығы”. Спб. 1905 ж.), П.А.Берлин (“Батыс Еуропа елдерінің саяси партиялары”. Спб. 1907 ж.).

Ресей саяси ғылымының көрнекті өкілі Борис Чичерин бірпартиялық жүйе туралы былай деген: “Бірпартиялық жүйе ақырында мемлекеттік билікке айналады. Билік күйреген жағдайда ол партия таудан құлағандай апатқа ұшырайды”.

Дәл осындай жағдайға 1991 жылы Кеңестер Одағы Коммунистік партиясы (КОКП) ұшырады. Тарихтан жақсы белгілі, 1918 жылы бұрынғы КСРО жерінде бірпартиялық жүйе орнықты. Ол 73 жыл бойы әміршіл-әкімшіл тәсілмен басқарылатын мемлекеттік билік жүйесіне айналды.

Сайып келгенде, бірпартиялық жүйе көп жағдайда өзін теріс жағынан көрсетудің мысалы болып жүр.

Екіпартиялық жүйе көбінесе өзара келісімді, тілектес саяси топтарға айналады. Билікке шын мәнінде заңды қарсылық тобы (оппозиция) болмай қалады. Бұл жағдайда ағылшын ғалымы Джон Стюард Миллдің “демократия – минус оппозиция = диктатура” деп атап көрсеткеніндей демократияға зияндық келеді. Мысалы, АҚШ-тағы екіпартиялық жүйе туралы батыстың белгілі саясатшысы К.Росситер былай деп жазады: “Республикашылар мен демократтардың арасындағы айырмашылықтар жоқтың қасы. Өйткені, американ саясатының жазылмаған заңдары партиялардың негізгі принциптері, саясаты, сипаты, мақсаты бір-біріне ұқсас болуын талап етеді”.

Сонымен, партиялық жүйелердің ішіндегі ең озығы, тиімдісі көппартиялық жүйе болып табылады, ол демократияның негізгі принципіне әртүрлілікке (плюрализмге) сәйкес - қалаушылық, таңдаушылық қалыптастырады. Партиялар көп болған сайын қоғамның даму жолдарын, ұстанымдарын қарастыратын бағдарламалар да көбейеді. Солардың ішінен тиімдісін таңдап алып мемлекет басқаруда қолдануға азаматтардың толық мүмкіншілігі болады. Егер билік басындағы саяси топ өз міндетін дұрыс атқара алмай жатса, келесі сайлауда олардың орнына ұсынылатын басқа саяси топ дайын тұрады. Қорыта айтқанда, қоғамдағы көппартиялылық жүйенің саяси маңызы төмендегідей:

1. Әртүрлі саяси мәселелер қоғамда жан-жақты қаралады (талқыланады). Әрбір партия өз бағдарламасын жариялайды, өз мақсатын түсіндіреді. Әртүрлі саяси оқиғаларға баға беріліп отырады. Басқа партиялардың қызметтері туралы мәліметтер жинақталады. Қоғамда өріс алған саяси процесті біреулер жақтайды, біреулер сынайды. Көпшілік елдегі ішкі саясаттың сыр-сипатын,

қилы құбылыстарын жете ұғынып, ортақ мәселені ұжымдасып шешуге қатыса бастайды, бұқараның саяси сауаты жоғарылайды.

2. Саяси билікке бақылау жасап отыратын, үстемдік етуші пікірге пікірталас жүргізетін топ (оппозиция) мойындалады. Демократиялық елдерде оппозиция заңды саяси күш ретінде саналады. Оппозиция мемлекеттік биліктің қателіктерін әрдайым ашық көрсетіп отырады. Кемшіліктерді кешірмейтін оппозициялық партиялардың болуы үкіметті тиімді жұмыс істеуге мәжбүр етеді.

3. Сайлау науқанында саяси бәсекелестерін жеңу үшін саяси партия өз мүшелерінің арасында саяси тәрбие, саяси дайындық жұмыстарын жүргізеді.

4. Саяси күрес жағдайында дарынды, саяси білімді, тәжірибе деңгейі жоғары, саяси қызметке шын мәнінде қабілеті бар адамдар анықталып, мемлекеттік билікке ұсынылады. Кездейсоқ адамдарға немесе жағымпаздыққа, жарамсақтыққа жол берілмейді. Көппартиялық жағдайда кездейсоқ адамдардың мемлекеттік билікке келу мүмкіндігі жойылады.

Көппартиялық жүйе – демократиялық мемлекеттің негізгі белгілерінің бірі.

3. Қазақстан: «Алаштан» көппартиялыққа дейін

Қазақстандағы көппартиялықтың қалыптасу тарихы Ресейдің саяси өмірімен тікелей байланысты болды, себебі Қазақстан 1731жылдан бастап 1991жылға дейін алдымен Ресейдің, кейін Кеңес Одағының құрамында болды. Ал Ресейде көппартиялық жүйе басқа елдермен салыстырғанда өте кеш қалыптасты, оның себебі демократиялық процестерге кедергі болған монархиялық билік. Бұл елде ең бірінші болып қалыптасқан Ресей социал-демократиялық жұмысшылар партиясы (РСДЖП)болса, оның өзі де қызметін астыртын түрде жүргізді.

1905 жылы Ресей патшасының арнаулы манифесінен кейін ашық түрдегі партиялар қалыптаса бастады. Оның бірі -Конституциялық демократия (кадеттер) партиясы болды.

Кадеттер партиясының идеялары: мемлекеттік құрылысты демократияландыру, Ресейде тұратын ұлттардың еркін өздігімен дамуы, яғни ұлттық мәселені шешу, олардан тартып алынған жерлерді қайтып беру, құқықтық, әділетті тәртіпті, заңдылықты іске асыру болатын.

Әрине, кадеттердің бұл мақсаттары қазақ зиялыларын қызықтырмауы мүмкін емес еді. Әлихан Бөкейханов және тағы басқа да қазақ зиялылары осы партияға мүше болып кірді. Кейін Ә.Бөкейхановтың бастауымен 1905 жылдың желтоқсанында Орал қаласында Қазақстанның 5 облысынан делегаттар съезі шақырылды. Бұнда кадет партиясының қазақ бөлімі құрылып, осы партияның бағдарламасы қабылданды. Бірақ Ресей кадет партиясы да, 1917 жылғы ақпан революциясынан кейін пайда болған Уақытша үкімет те қазақ халқына байланысты ұлт және жер мәселелерін шешуде ешбір қызмет жасамады. Осының бәрі Ә.Бөкейхановты кадет партиясынан шығып, “Алаш” партиясын құруға мәжбүр етті.

“Алаш” 1917 жылы 21-25 шілдеде (3-8 тамыз) Орынборда болған бүкілқазақтық съезде дербес саяси партия ретінде қалыптасты. Осыдан кейін А.Бөкейхановтың басқаруымен партияның Екінші бүкілқазақтық съезі өтті.

1917 жылы желтоқсанның 5-13-күндері өткен Екінші бүкілқазақтық съезі Қазақстан тарихы үшін маңызды оқиға саналады. Дәл осы съезде ұлттық Алаш мемлекетін орнату мақсатымен “Алашорда” уақытша халық кеңесі – жаңа үкімет құру туралы шешім қабылдаған болатын. Бұл тарихта Қазақ хандығынан кейін құрылған екінші мемлекет болды.

“Алаш” партиясының бағдарламасында төмендегідей демократиялық құндылықтар бар болатын, олар:

- “... діни нанымына, шығу тегіне және жынысына қатыссыз адамдар тең құқылы”;
- “мемлекеттік шенеуніктер заңсыз жолмен ешкімді ұстай алмайды”;
- “мемлекеттік қызметшілер қожайынның рұқсатынсыз ешкімнің тұрғын үйіне кіре алмайды”;
- “соттың қарауынсыз және шешімінсіз бас бостандығынан айырмау”;
- “жиналыстың, бірлестік құрудың, сөздің, газет, кітап шығарудың еркіндігі”.

Өкінішке орай “Алаш” партиясының өмірі ұзаққа созылған жоқ. Кеңестік үкімет билікке келісімен-ақ оларға «ұлтшыл партия» деген айып тағылып, кейін күшпен, зорлықпен жабылып қалды. Ал “Алаш” партиясы қайраткерлерінің тағдыры қайғылы аяқталды, олар сталиндік жазалаудың құрбаны болды.

Қазақстан тарихында “Алаш” партиясының алатын орны айрықша. Егер жоғарыда аталған осы партияның бағдарламасына қайтадан жүгінетін болсақ, бұл партия Қазақстандағы алғашқы либерал-демократиялық партия болды. Тарихи тұрғыдан алатын болсақ аты аңызға айналған барлық түркі халықтарының атасы – “Алаш” атын алған партия – қазақ даласындағы алғашқы дербес партия болды. Кейін, 1918 жылдан бастап Қазақстанда бір ғана саяси партия - коммунистік партия болды. Бірақ ол, біріншіден, Кеңестер Одағы Коммунистік партиясының (КОКП) бөлімі (филиалы) ретінде ғана өмір сүрді. Екіншіден, КОКП-ны партия емес, мемлекетті жеке-дара, шексіз билеген әзірейіл (монстр) деп атаған да дұрыс болатын.

Мемлекеттік билікті толығымен өз қолына алған КОКП алғашқы күннен бастап –ақ бүкіл елді «орасан зор еңбек артеліне» айналдырды. 1919 жылы енгізілген «әскери коммунизм» саясатының озбырлық сипаты елдегі жергілікті бюджеттерді жоюдан, оларды бірыңғай мемлекеттік бюджетке қосып біртұтас қазына құрудан, ұсақ және жеке өнеркәсіпті мемлекет меншігіне алудан көрінді. Жаңа Кеңестік республиканың адам және материалдық байлықтарды игеруге бұйрықтар, реквизициялау, яғни экономиялық басқаруға жатпайтын мемлекеттік күштеу әдістері арқылы қол жеткізілді. Экономика саласындағы осындай төтенше шаралар, «қоршаудағы қамал» идеологиясы және жанталаса қарулану, «бәрі жоғарғы жақтан» саясаттары елімізде өктемдік, зорлық-зомбылық психологиясын туғызды. Азық –түлікке мемлекет монополиясын бекіту үшін жүргізілген адамгершілікке жат саяси шаралар халықты аштыққа ұшыратты.

1921 жылы В.Ленин Кеңестер елінің әлеуметтік- саяси жағдайын «күйзеліс, жоқшылық, қайыршылану» деп сипаттады.

Осы жылғы наурыз айында Ресей Коммунистік (большевиктер) партиясының X съезінде қабылданған Жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) кейін Сталиннің мемлекет билігі басшылығына келуіне байланысты таптық, идеологиялық себептермен тоқтатылды.

1925 жылғы желтоқсанда Бүкілодақтық Коммунистік большевиктер партиясының XI съезінде қабылданған елді социалистік индустрияландыру туралы шешімі КСРО-да және оның ішінде Қазақстанда ауыр өнеркәсіптің дамуына әсер етті. Мысалы, Қазақстанда көптеген зауыттар мен фабрикалар салынды. Сол кездегі іске қосылған үлкен құрылыстардың бірі Түркістан-Сібір темір жолы («Турксиб») болатын.

Индустрияландыру саясаты қоғамда жағымсыз жағдайлардың туындауына да себеп болды. Социалистік индустрияландыру саясаты тек ғана КОКП-ның жоғарыдан берілетін бұйрығы, үкімі арқылы жүзеге асырылды. Ақырында, Кеңес Одағында мемлекеттік басқарудың әміршілдік-әкімшілдік әдісі, саяси биліктің жеке диктатурасы қалыптасты. Оның жалғасы тоталитарлық режимге айналды.

1917 жылғы Қазан революциясының халыққа берген уәдесі орындалмай, саяси билік халыққа емес, жеке диктатурамен, әміршілдік-тәрешілік басшылығымен алмастырылды. Қазақстандағы социализм идеяларының осылайша бұрмалануы 1925-1933 жылдары Қазақ өлкелік Коммунистік партиясының (КОКП-ның филиалы) бірінші хатшысы болған Ф.Голощёкин есімімен тікелей байланысты. Ол Сталиннің қатаң саясатын жақтап, Қазақстанда көсемшіл, әміршіл тәртіп енгізді. Голощёкин қазақ жерінде «Қазан лебі» (1917 жылғы революцияның) сезілмеген» деп «Кіші Қазан» төңкерісін өткізу идеясын ұсынды.

КСРО-дағы Коммунистік партияның келесі саясаты – ауыл шаруашылығын кеңестік ұжымдастыру шараларын өткізу болды. Бұл шешім 1927 жылы желтоқсанның 2-сі күні Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясының XV съезінде жарияланды. Мақсат: ауылдағы жеке меншікті мемлекеттендіру. Себебі – социалистік мемлекетте жеке меншік болмауы тиіс деген идея болатын. Халықтың қолындағы малды мемлекеттің меншігіне тарту үшін жедел түрде колхоз, совхоздар ұжымдастырылды. Қазақ елінде халықтың наразылығын болдырмау мақсатында Ф.Голощёкин өзінің «Кіші Қазан» идеясын ұстанып бақты. Нәтижесінде тек ғана малмен күн көріп отырған қазақ халқы жаппай аштыққа ұшырады, билікке қарсы болғандар аяусыз жазаланды, елде репрессия басталды.

1932 жылы қазақтың бір топ саяси қайраткерлерінің Ф.Голощёкинге жазған «Бесеудің хаты», Тұрар Рысқұловтың Сталинге жазған хатына немқұрайлы түрде: «Асыра сілтеу болмасын» деген жауап берілді.

Ауыл шаруашылығын кеңестік ұжымдастыру саясатының зияндылығы сонша, 1930-1932 жылдардағы еліміздегі аштық тарихқа «ұлы жұт», қазақ халқының аса зор қасіретті жылдары болып енді.

1930 жылы Қазақстан халқының саны 5 миллион 800 мың адам болса, ал 1933 жылы 2 миллион 500 мың ғана халық қалды. 2 миллионға жуық қазақ аштықтан қырылды, 1 миллион қазақ басқа елдерге көшіп кетті.

Осы жылдары халық наразылығының күшейуіне жол бермеу мақсатындағы сталиндік репрессия басталды. Бұл да Бүкілодақтық Коммунистік большевиктер партиясы саясатының бір түрі болды. Ол екі мақсатты көздеді: біріншісі, ұлт зиялыларын жою, себебі олар халықтың тарихи зердесі болатын. Екінші мақсат, Сталиннің жеке басының беделін жоғарлату, оның есімін дәріптеу, мемлекеттегі ролін мадақтау болатын.

1936 жылы КСРО-да сталиндік деп аталған жаңа Конституция қабылданып, халық қатаң билеушінің беделін мойындауға мәжбүр болды.

Бұдан кейінгі жылдары кеңес халқы фашизм мен социализм идеологиясы кезіккен, адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған қатыгез соғысты бастан кешті.

1952 жылы КСРО-дағы Коммунистік партиясының аталуы өзгертілді. Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясы (БК(б)П) енді Кеңес Одағы Коммунистік партиясы (КОКП) аталатын болды.

КОКП-ның таптық, социалистік саяси ұстанымы бойынша жеке адам бостандығы мен құқығы ескерілмеді. Өздерін демократиялық, әділетті қауымдастық деп санайтын ірі капиталистік мемлекеттер жағынан КОКП-ның бұл саясаты наразылық тудырды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін көп ұзамай басталған қырғи-қабақ соғыс саясаты одан әрі ушыға түсті.

Экономика саласындағы КОКП-ның ұстанған шаруашылықты басқару әдістері нәтижелі болмады. Өнеркәсіп те, ауылшаруашылығы да экстенсивті басқару әдісінен интенсивті әдіске ауыстырылмады. Ақырында КСРО-да ХХ ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап тоқырау көрністері байқалды. КОКП мемлекеттің беделін сақтап қалу үшін әртүрлі әрекеттерге барды: 1968 жылы Чехословакияға өз әскерін кіргізуі, 1969 жылғы КСРО мен Қытай әскерлерінің арасындағы қақтығыстар, 1979 жылы КСРО әскерлерінің Ауғанстан жеріне кіргізілуі және т.б. оқиғалар.

Нәтижесінде КОКП-ның саясатына деген наразылық халық арасында күшейе түсті. Кейін КСРО-да мемлекеттің ыдырау процесі басталды, оны сақтап қалу әрекеттерінің бірі КОКП-ның 1991 жылғы тамыздың 19-да Мәскеуде астыртын түрде ұйымдастырылған Төтенше жағдай жөніндегі Мемлекеттік Комитеттің (ТЖМК) мақсатын қолдауы болды. ТЖМК-нің жоспары КСРО-ны қалайда сақтап қалу болатын. Кейінірек Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мәлімдемесінде аталып өткендей, «бұл әрекеттер қатардағы коммунистердің күш-жігеріне, партияға орны толмас нұқсан келтірді». 1991 жылғы тамыз айының 23-де Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев КОКП Орталық Комитетінің Бюро мүшелігі құрамынан шығатыны жөнінде мәлімдеді. Кейін Қазақстан Компартиясының өзі де КОКП құрамынан шығып кетті. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы өздерінің төтенше съезін шақыру үшін ұйымдастыру комитетін құрды. Осы саяси жағдайға байланысты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшелері өздерінің өклеттіктерінен бас тартатыны және Орталық Комитеттің қызметін тоқтатқаны

жөнінде мәлімдеме жасады. Қазақстан Компартиясының кезектен тыс және төтенше съезі 1991 жылы қыркүйектің 7-сі күні Алматы қаласында ашылды. Съезд Қазақстан Компартиясын тарату және жаңа партия құру жөнінде шешім қабылдады. Ендігі жерде жаңадан құрылған партия социалистік деп аталатын болды. Қазақстан Компартиясының бірқатар мүшелері 1991 жылғы қазан айында құрылған Қазақстан Халық Конгресі партиясының құрамына кірді.

Міне осылай Ленин мен оның серіктері құрған Кеңес Одағы Коммунистік партиясы (КОКП) елімізде өзінің жеке дара билік жүргізуін тоқтатты.

Еліміздің жаңа тарихындағы саяси партиялардың өмірге келуі 1990 жылдан басталды. Осы жылы азаматтық-демократиялық «Азат» қозғалысы (АДҚ) елімізде алғашқы саяси ұйым ретінде тіркелді. Ұлттық мүддені көздеу және қазақтың айырылып қалған құқықтарын қалпына келтіру жағынан бұл қозғалыстың идеялары сол кезде барынша прогресшіл болды. Ұрандары мен бағдарламасы ішінде мұны жоқталған халық оны қолдады. Аз ғана уақыттың ішінде қозғалыс бүкіл республикада ауқымды әрекет ете бастады. Олардың басқа да ұйымдармен қосылып талап етуі арқасында қазақтың көптеген құқықтарын қалпына келтірген Қазақ КСР-нің Мемлекеттік Егемендігі туралы Декларация қабылданды. Онда Қазақ республикасының бөлінбейтін біртұтастығы, мемлекеттік тілінің қазақ тілі екендігі туралы ресми түрде мәлімденіп, Жоғары Кеңесте қабылданды. Кейін ол Тәуелсіздік туралы Заңның негізі болды. «Азат» қозғалысының басында С.Ақатай, М.Шорманов, М.Есеналин секілді ұлтжанды азаматтар тұрды.

1991 жылы «Қазақ КСР-індегі қоғамдық бірлестіктер туралы» Заң қабылданды. Осыған сүйеніп парламенттік тұрғыдағы Қазақстанның Республикалық партиясы (ҚРП) – «Азат» құрылды. 1992 жылғы маусым айында «Азат» және ұлттық-демократиялық «Желтоқсан» партиясы бірігіп, бір партия құру туралы шешім қабылдады (Ұлттық-демократиялық «Желтоқсан» партиясы 1990 жылы «Әділет», «Ақиқат», «Азамат» т.б. ұйымдардың негізінде құрылған болатын). 1992 жылдың 26 желтоқсанында осы біріккен «Азат» партиясы ресми түрде тіркеуден өтті.

Осы кезде елімізді демократияландыру бағдарын ұстаған бірнеше партия болды. Соның бірегейі қазақтың жарқыраған қос жұлдызындай екі ақыны Олжас Сүлейменов пен Мұхтар Шаханов алғашқы төрағалары болған «Қазақстанның Халық Конгресі партиясы» (ҚХК). Бірақ көп ұзамай М.Шаханов «Арал – Азия – Қазақстан» қозғалысының жұмысын жүргізуге ауысып, партия басшылығынан кетті.

Өз бетімен ыдырап кеткен КОКП-ның орнына Қазақстан социалистік партиясы (ҚСП) құрылып, оның басшылығына белгілі жазушы Ә. Әлімжанов сайланған болатын. Бірақ партияның көптеген өкілдері оның мемлекеттің тұрақтылық жолын көздеген қадамдарын қолдамай, радикалды шаралар жасау үшін 1991 жылғы желтоқсан айында қайтадан Қазақстан коммунистік партиясын құрды.

1990-1992 жылдары Қазақстан қоғамында демократиялық процестердің қарқынды дамуына сәйкес саяси күштердің бір жағынан барынша белсенділік іс-қимылдары көрініс тапса, екінші жағынан бей-берекет әрекеттер де орын

алды. Осы әрекеттер әртүрлі саяси ұйымдардың пайда болуына ұйытқы болды. Мысалы, «Тәуелсіз кәсіподақ орталығы» және шетелдік қорлармен байланыс жасаған «Социал-демократиялық партиясы», «Бірлік», «Русская община», «Қазақтар одағы» т.б. ондаған ұсақ партиялар мен қозғалыстар өмірге келді.

Еліміздегі жасампаз күштердің бағытын бір арнаға тоғыстыру мақсатымен 1993 жылы «Қазақстанның халық бірлігі одағы» құрылды. Оның жетекшісі (лидері) болып Президент Н. Назарбаев сайланды. Алғашқы төрағасы С.Әбдірахманов, ал сол жылдың аяғында болған съезде төрағалыққа Премьер-Министрдің орынбасары Қ. Сұлтанов сайланды. Бұл одақ елдегі саяси ағымдарды тұрақтандыру, бір арнаға түсіру жолында үлкен жұмыстар жасады.

Осы жылдары Қазақстанның Аграрлық партиясы, «Ақ жол» демократиялық партиясы, Республикалық «Отан» саяси партиясы, Республикалық «Асар» партиясы, Қазақстанның социал-демократиялық «Ауыл» партиясы, «Қазақстанның Азаматтық партиясы», «Қазақстанның Коммунистік партиясы», «Қазақстанның патриоттары партиясы», «Руханият» партиясы ресми түрде тіркеуден өтті.

1997 жылы кейбір қозғалыстар мен партиялар ұсынған пікірлерді қолдай отырып, Қазақстан Үкіметі саяси күштер жетекшілері мен билік өкілдерінің қатысуымен пікір алысуға «дөңгелек үстел» құруды қолға алды. Бұл қазіргі демократиялық реформалар бағдарламасын дамыту және нақтылау жолындағы мемлекеттік комиссияның алғашқы нұсқасы болатын.

Қазақстандағы көппартиялықтың қалыптасуына, жалпы қоғамдық-саяси бірлестіктердің өрістеуіне республикада қабылданған заңдар әсер етті. Олар: «Қоғамдық бірлестіктер туралы» (1996 ж.), «Саяси партиялар туралы» (1996 ж.), «Саяси партиялар туралы» (2002 ж.). Бұл заңдар азаматтардың қоғамдық ұйымдар құру еркіндігіне кепілдік берді. Саяси партиялар мен бірлестіктер заңды түрде жұмыс істеуге мәртебе алды.

Қазақстандағы көппартиялықтың дамуына зор әсер еткен 1998 жылғы қазанның 7-і күні ҚР Конституциясына енгізілген Заң болды. Осы Заң бойынша ҚР парламенті Мәжілісіне «он депутат бара-бар өкілдік жүйесі бойынша және біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер негізінде сайланады» деп жарияланды.

Осы Заң қабылданған соң бір жылдан кейін, 1999 жылдың 10-шы қазанында Қазақстанда ең алғашқы көппартиялық негізде Парламентке жалпыхалықтық сайлау өткізілді. Елдің Президенті Н.Ә.Назарбаев бұл күнді: «Осы сайлау біздің Қазақстан үшін көппартиялық демократияның туған күні» - деп атады. Сол күнгі сайлаудан бастап еліміздегі саяси партиялардың уәкілдері Қазақстан Республикасы парламенті Мәжілісіндегі депутаттық орындарға сайланатын болды. Бұл еліміздегі демократияның негізгі белгілерінің бірі — көппартиялықтың қалыптасуының басты көрінісі болып табылады.

2006 жылы 22 желтоқсанда «Отан» партиясының кезектен тыс съезінде Қазақстан қоғамындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатымен «Асар», Азаматтық және Аграрлық партиялар «Отан» партиясымен қосылып, біртұтас саяси партияға айналды. Съездегі осы партиялардың 346 делегаты партияның «Нұр Отан» деген жаңа атын мақұлдап бекітті.

Қазақстан Конституциясына 2007 жылғы 21 мамырда енгізілген өзгертулер бойынша, Мәжіліске 98 депутат партиялық тізім негізінде сайланатын болды.

2007 жылғы 18 тамыздағы Мәжіліс сайлауында «Нұр Отан» жетекші саяси партия болып қалыптасты. Бұл партия бүгінгі таңда Қазақстандағы ең қуатты, халықты көп қамтыған, ұйымшыл қоғамдық-саяси күш. Ол қазақстандықтардың басым көпшілігінің сеніміне кіріп, үлкен беделге ие болды.

Қазақстанның саяси өміріндегі көппартиялықтың дамуы – қоғамды демократияландыру үрдістерінің құрамдас бөлігі. Әрбір партия халыққа адал қызмет жасаса ғана партиялық жүйе қоғамның жетекші саяси күші бола алады.

4. Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың негізгі қызметтері, міндеттері.

Қоғамдық-саяси ұйымдарға халықтың белгілі бір тобының мүддесін қорғайтын, алдына қойған әлеуметтік мақсатқа жету үшін ерікті түрде мүшелікке кірген азаматтар бірлестігі жатады.

Қоғамдық-саяси ұйымдар азаматтардың өз мүдделерін іске асырудың құралы ретінде пайда болады. Қазақстанда бұндай ұйымдардың құрылуына жол ашқан 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларынан кейінгі демократиялық үрдістер болатын.

1987-1991 жылдар аралығында ғана Қазақстанда 140 астам өзін-өзі басқаратын қоғамдық ұйымдар пайда болды, олардың 23-нің тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары болды. Ең алғашқы құрылған ұйымдардың қатарына “Азат”, “Азамат”, “Бірлік”, “Әділет”, “Мемориал”, “Желтоқсан” және т.б. жатады. Сол уақыттағы қоғамдық ұйымдардың 25 пайызы жастардан тұрды. 1989 жылы тарихи-ағартушылық “Әділет” қоғамы құрылды. “Әділет” қоғамы сталиндік зұлымдықтар, 1920-1930 жылдардағы аштық туралы тарихи шындықты қалпына келтіруді, тоталитарлық тәртіптің құрбандарын еске алуды, олардың толық ақталуына жәрдемдесуді, өмірбаяндық дәйектерді анықтауды, ақталғандар мен олардың отбасы мүшелерінің мүдделерін мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда қорғауды мақсат етті. “Әділет” қоғамы Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Шәкәрім Құдайбердиевтің, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мағжан Жұмабаевтың тағы басқа да көптеген қазақ зиялыларының әдеби мұралары мен қоғамдық-саяси қызметтерін зерттеуде республикалық комиссияға көмектесіп, қазақ мәдениетінің осы бір аса көрнекті өкілдерінің рухани қазынасын халыққа қайтару ісіне үлестерін қосты. 1991 жылдың қараша айында “Әділет” қоғамы “1917 жылдан кейінгі Қазақстандағы қуғын-сүргін саясаты” тақырыбы бойынша өткен республикалық ғылыми-практикалық конференцияның ұйытқысы болды.

Ең ірі республикалық қоғамдық ұйымның бірі – “Қазақ тілі”. Оның мақсаты қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамыту, қазақ тілі туралы Заңды іске асыруға демеуші болу. Бұл ұйымның құрама съезі 1989 жылғы 20-21 желтоқсанда өтті. Съезге 500 делегат және 300 шақырылған азаматтар қатысты.

Бүгінгі күні бұл ұйымның қатарында мыңдаған Қазақстан азаматтары мүше. Ұйымның белсенді іскерлік дәрежеде атқарып жүрген қызметі баршаға әйгілі.

1989жылы “Адам құқығын қорғау” Қазақстандық қоғамдық ұйымы пайда болды. Оның мақсаты “Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы” принциптерін Қазақстанда іске асыру. 1990жылы “Қазақстан сәуірі” (“Казахстанский апрель”) деген қоғамдық ұйым пайда болды. Оның мақсаты – қайта құру саясаты бағдарламасына қолдаушылық көрсету болды. 1986жылғы Желтоқсан оқиғасының құрбаны болған Қайрат Рысқұлбековтың рухына қазақ жастары 1989 жылы “Қайрат” деген қоғамдық ұйымын арнады.

Сол жылдары Қазақстанда ұлт мәселелерінің толық шешілмеуіне байланысты Жаңа Өзенде “Бірлік”, Ақтауда “Парасат” және тағы басқа ұйымдар құрылды.

Еліміздегі демократиялық процестердің дамуына байланысты қоғамдық ұйымдардың саны да көбейді. 1991жылдан бастап бұқаралық ұйымдардың ішінде әлеуметтік талаптар қойылуымен көзге түскендері: “Атамекен”, “Алтын бесік”, “Жерұйық”, “Шаңырақ” болса, қоғамдағы саяси белсенділігімен танылғандар: “Ақиқат”, “Лад”, “Единство” және т.б. болды. Сонымен қатар Қазақстанда ардагерлер, әйелдер, жастар одақтары және басқа да қоғамдық ұйымдары қызмет атақарды.

Қамтитын аумағы бойынша қоғамдық ұйымдар - жергілікті, аймақтық, ұлттық, жалпымемлекеттік, халықаралық көлемде бірігуі мүмкін. Осындай қоғамдық-саяси ұйымдар арқылы миллиондаған адам өзін-өзі басқаруға белсенді қатысып, саяси өмір мектебінен өтеді.

Қазақстанда жалпы республика деңгейінде бірігіп отырған ұйымдардың бірі – *Қазақстан Халқы Ассамблеясы*. Бұл қоғамдық-саяси ұйым 1995жылы 1наурызда құрылып бүгінгі күнде тек елімізге ғана емес, бүкіл дүние жүзіне танымал болған бірлестік.

Қазақстан Халқы Ассамблеясы елімізді мекендейтін 100 астам ұлт пен ұлыс өкілдерінің мүддесін қорғайтын ұлттық мәдени орталықтарының жиынтығы. Бүгінгі күні Қазақстанда Ассамблея құрамында 24 республикалық, аймақтық, 470 облыстық, қалалық және аудандық ұлттық-мәдени орталықтары ел бірлігін сақтау, халықтар достығын нығайту жолында белсенді қызмет етуде. Еліміздің бұл үлкен құрылтайы мемлекеттегі саяси тұрақтылықтың, халықтар арасындағы ынтымақ-бірліктің, ұлтаралық татулықтың мызғымас дінгегі болып отыр.

Бүкіл әлемдік халықаралық ұйымдар Қазақстандағы ұлтаралық қатынастарды нығайтудағы біздің Ассамблея тәжірибесін зерделей келіп, өз елдерінде осындай бірлестіктер құруға ұмтылуда.

Біріккен Ұлттар Ұйымының бұрынғы Бас хатшысы Кофи Аннан 2002 жылы Астанаға келген сапарында: “Қазақстан халықтары Ассамблеясы ел ішіндегі жанжалдың алдын алатын көшбасшысы” – деп атап өтті.

Сонымен, «Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық саласының жедел дамуының сыры неде?» - дегенде, ең алдымен тұрақтылық пен татулықты алдымен ауызға алатынымыз сөзсіз. Ал олардың сақталып, орнығуына

Ассамблеяның қосқан үлесі мол. Қазақстан Халқы Ассамблеясы 2007 жылдан бастап Мәжілістен 9 депутаттық орын алуға құқылы болды.

Қоғамдық қозғалыстар да қоғамдық саяси ұйымдар сияқты азаматтардың өз мүдделерін іске асырудың құралы ретінде пайда болады. Қоғамдық қозғалыс деп – белгілі бір әлеуметтік жағдайды өзгертуге немесе үкіметке ықпал жасай отырып, оны нығайтуға бағытталған қоғамдық күштерді айтады. Қоғамдық қозғалыстың пайда болуының негізгі себебі -жеке адам өз ойын, көзқарасын өкімет орындарына тікелей жеткізе алмауында. Сондықтан олар өз мүдделестерімен топтасады.

Қоғамдық қозғалыстардың көбінің тұрақты ұйымы, жұмысының бірыңғай бағдарламасы, басқарудағы айқын принциптері болады. Әдетте, олар: әділеттік, бостандық, қарусыздандыру, бейбітшілік үшін күрес, ұлттық өрлеу, қоршаған ортаны қорғау т.с.с. жалпыхалықтық, адамзаттық талаптарға негізделген басты мақсаттарды ұстанады. Бұл мәселелер көпшіліктің көңілінен шығып, бастарын қосады, тіпті өзара айтарлықтай айырмашылықтары бар қоғамдық топтарды да біріктіруі мүмкін. Көп қозғалыстар стихиялы түрде пайда болады.

Тарихта қоғамдық қозғалыстардың ішіндегі кең тарағаны - “Халық майдандары”. Оларға жалпы қоғамға қатысы бар, барлық халықтың немесе көпшілігінің мүддесін қамтитын мәселелерді шешуге бағытталған бірлестіктер жатады. Мысалы, ұлт-азаттық күрес кезеңінде(XX ғасырдың 60-шы жылдарындағы Африка, Азия елдері), қоғамда саяси режимнің құбылмалы жағдайға ұшырауы тұсында саяси билікті қолға алу үшін (КСРО-дағы қайта құру кезеңінде) құрылды.

Әсіресе көп жағдайда халық майдандары қозғалысы екінші дүниежүзілік соғыста фашизмге қарсы күресте интернационалдық негізде Франция, Испания және т.б. елдерде қалыптасты.

XX ғасырдың 80-90–шы жылдарындағы Қазақстандағы демократиялық процестер әр түрлі қоғамдық қозғалыстардың пайда болуына жол ашты. Біздің еліміздегі алғашқы және неғұрлым бұқаралық қозғалыстардың бірі - “Невада-Семей” экологиялық қозғалысы болды. 1989 жылдың көктемінде ақын О.Сүлейменовтың ұсынысы бойынша құрылған бұл қозғалыстың түпкі мақсаты - Қазақстан территориясында орналасқан Семей және басқа полигондарды жабу болатын. “Невада-Семей” мемлекеттік құпиялықтың пердесін ашуды, тұрғындардың шеккен азаптарының орнын толтыруды талап етті. Осы мақсатпен қозғалыс белсенділері пикеттер, демонстрациялар, халықаралық және республикалық ғылыми конференциялар ұйымдастырды. Нәтижесінде бұл қозғалыстың халқымызға әкелген пайдасы баршаға әйгілі.

Келесі қоғамдық қозғалыс Арал теңізі аумағымен байланысты құрылды. Мұхтар Шахановтың ұсынысымен Арал төңірегіндегі халықтарға көмек беру үшін Арал мен Балқаш проблемалары бойынша Комитет құрылды. Дүниежүзілік жұртшылықтың және КСРО үкіметінің назарын Арал теңізінің экологиялық апатына аудару үшін бұл Комитет көп жұмыстар істеді. Осыған ұқсас еліміздің көптеген қалаларында: Өскеменде, Алматыда алғашқы аймақтық экологиялық тазалық үшін күресетін қозғалыстар құрылды.

XX ғасырдың 90-шы жылдарының басында Қазақстанда пайда болған тағы бір қозғалыс – казактардың (казачество) бой көрсетуімен байланысты еді. Казактар баршаға әйгілі Алтын Орданың ыдырауынан кейін Ресейде пайда болған әскери-саяси әлеуметтік топ. Көптеген жылдар бойы казактар Ресей патшалығына қызмет етіп, отарлық, басқыншылық саясаттың жазалаушы күші ретінде пайдаланылды.

1917 жылғы Қазан революциясынан кейінгі Қазақстанда казактардың айырылып қалған дәстүрлері мен салт-саналарының қалпына келтірілуіне ешкім қарсы болған жоқ. Дегенмен де, Орал казактары басшыларының 1991жылғы қыркүйектің 15-де өздерінің «Патша мен Отанға қызмет етуінің 400 жылдығын» Қазақ елінде мерекелеуге шешім қабылдауы мүлдем түсініксіз болды. Облыс басшыларының мұндай айқын, сыңаржақты мерекелеуге кедергі жасап, ақылға шақыруы ешқандай оң нәтиже бермеді. “Азат”, “Желтоқсан”, “Парасат” қозғалыстарының басшылары бұл іс-әрекетті қазақ халқының намысын аяққа таптау деп бағалады. «Мерекеге» бірнеше күн қалғанда осы қоғамдардың мүшелері Орал қаласына жиналды. Олар қаланың орталық алаңында қарсы ұран көтеріп, пикет және митингілер ұйымдастырды. Осы уақытта қазақ жастарына қарсы тұруға Краснодардан, Доннан, Шіләбіден, Самарадан казак әскерлерінің өкілдері келіп жетті. Тартыс қыза түсіп, екі жақ бір-бірімен жаппай қақтығысуға өте жақын тұрды. Тек құқық қорғау органдары мен “Азат” қозғалысы басшыларының ізгілікті қызметі арқасында ғана қақтығысқа жол берілмеді.

Оралдағы осы оқиға кез-келген қоғамдық ұйымдардың, қозғалыстардың абайсыз іс-әрекеттері үлкен қасіретке айналуы мүмкін екендігіне тағы да бір көз жеткізді.

Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың билікке, өкіметке қаймықпай қарсы тұрып, өз жақтастарын батыл шараларға шақыруы жиі кездеседі. Ал бейресми бірлестіктер оппозициялық күштердің, жастардың, студенттердің арасында көбірек тараған. Олардың алдына қойған мақсаты, іс-әрекеті, оған қатысушылардың жасы мен жынысы, қызмет тұрақтылығы саналуан.

Сайып келгенде, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың әрқайсысының өз ерекшеліктері болуына қарамастан азаматтардың мүдделерін іске асыру құралы болып табылады, әрбір әлеуметтік топтардың тұрмысын жақсарту, жоғын жоқтау жолында олардың өкілі, қорғаны міндетін атқарады.

Бақылау сұрақтары

1. Қазақстандағы көппартиялықтың қалыптасуы.
2. Саяси партиялардың қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардан айырмашылығы.
3. Көппартиялықтың пайда болуы қоғамдағы қандай саяси процеспен байланысты болды?
4. Әртүрлі саяси партиялардың ортақ белгілері қандай?
5. Партиялық жүйенің түрлері.

6. Саяси партия мемлекеттік билік пен азаматтардың арасындағы байланыс құралы деген тұжырымдаманы қалай түсінесіз?
7. Қазақстан Республикасының “Қоғамдық бірлестіктер туралы” Заңының негізгі мазмұны.
8. Қазақстан Республикасының “Саяси партиялар туралы” Заңының негізгі мазмұны.
9. Қоғамдағы көппартиялықтың маңызы
10. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар.

ҮІ тарау

САЯСИ МӘДЕНИЕТ: МӘНІ, ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУ ПРИНЦИПТЕРІ

1. Ұлттық мәдениет және саяси мәдениет

«Саяси мәдениет» деген түсінікті «рухани мәдениет» және «ұлттық мәдениет» ұғымдарынан айыра білу қажет. Әрбір қоғамдағы *рухани* мәдениеттің даму деңгейі ең алдымен білімнің жетілуімен байланысты. Рухани мәдениет, әрине, халықтың, ұлттың тарихы, дәстүрлері, әдет-ғұрыптарымен тікелей байланысты және соларға негізделеді.

Ұлттық мәдениет - саяси проблемалардың немесе саясаттың әсерінсіз қалыптасатын тарихи процесс саласы.

Ал *саяси мәдениетті* қалыптастырушы –қоғамдағы саяси процестер. Әрбір мемлекеттегі саяси мәдениеттің қалыптасуы немесе өзгеруі саяси режиммен (саяси тәртіппен) байланысты. Қоғамда саяси режим өзгерген жағдайда, саяси мәдениет те сол режимге бейімделіп, қайта қалыптаса бастайды. Мысалы, Қазақстан өзінің тарихында әр түрлі саяси режимдерді - хандық, патшалық, тоталитарлық режимдерді басынан өткерді.. Қазіргі кезеңде демократиялық режим орнықтыру жолында. Осы саяси режимдердің ауысуы қазақ халқының ұлттық рухани мәдениетінің негіздерін өзгерте алған жоқ, капитализм және социализм жағдайында да рухани мәдениет өзіне тән құндылықтарын сақтап қала береді.

Әрбір елдегі саяси мәдениетті дамытудың негізгі мақсаты – азаматтарды мемлекеттік саясатты, қоғамдағы ұстаным етілген саяси идеологияны, мемлекет құрылымын, оны іске асыру тәсілдерін танып білуге мемлекеттік және қоғамдық істерде өз отанының мүддесі үшін қызмет етуге бағыттау. Қорыта айтқанда, саяси мәдениеттің маңызы – азаматтардың қоғамның саяси жүйесін қолдап оны дамытуға белсенді қатысуы.

Бұл тұста саяси мәдениетті қалыптастыратын қоғамдық күштер қандай, оның мазмұны мен түрін кімдер айқындайды? - деген сұрақ туындайды.

Қоғам мүшелерін мемлекеттік саясатқа бағыттау саясаттануда *әлеуметтендіру* (социализация) деп аталады. Саяси әлеуметтендіру қоғамдағы ұрпақтардың дамуына сәйкес бастапқы және соңғы болып екі кезеңге бөлінеді. Бастапқы кезең отбасы мен бастауыш сынып балаларын қамтиды. Соңғы кезеңнің қатарына мемлекет, білім беру жүйесі, бұқаралық ақпарат құралдары, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар, мемлекет жатады.

Саяси әлеуметтендірудің алғашқы кезеңі отбасындағы жас балалардың саяси мәдениетінің қалыптасуы - ата-анасының саясатқа деген көзқарастарынан басталады. Билік саласындағы белгілі тұлғалардың, теледидардан күнде көретін саясаткерлер немесе көшеде кездесетін полиция қызметкерінің бейнелері арқылы да баланың бойында саясатқа байланысты алғашқы сезім қалыптасады. Ал діни дәстүрдегі Иран, Пәкістан, Ирак және Ауғанстан

мемлекеттерінде саясатпен алғашқы таныстық дін қызметкерлері арқылы қалыптасуы мүмкін.

Бұрынғы Кеңес Одағында мемлекеттік идеология тарапынан балаларға арнайы саяси тәрбие беру үшін “Октябршылдар”, “Пионер” атты балалар ұйымдары қызмет етті. Бұл ұйымдар осы режимнің саяси мәдениетінің қалыптасуының бастапқы сатысы болатын.

Саяси мәдениет қалыптасуының соңғы кезеңіне жататын негізгі ұйым–мемлекет. Мемлекет бұл қызметті заң арқылы атқарады. Елдің барлық азаматтарына ортақ заңдар арқылы саяси мәдениеттің негізгі белгісін, саяси менталитет (адамдардың бірін-бірі түсінушілігін) қалыптастырады.

Мемлекеттік рәміздер (символдар) қабылданды. Қазақстанның басты рәмізі – Республика болып танылады. Бұл мемлекет басқару түрі ретіндегі демократиялық құндылық. Мемлекет басқа да рәміздерін – Туын, Елтаңбасын, Әнұранын бекітіп, азаматтарының өзін-өзі ұстау үлгілерін қалыптастырады. Саяси мәдениет негіздерінің бірі ретінде патриоттық тәрбие беру мәселесі маңызды орын алады.

Саяси мәдениеттің негізгі қызметтеріне жататындар:

1.Тәрбиелік қызметі: саяси білімі жоғары тұлға дамуына, қалыптасуына, олардың саяси ой-санасын кеңейтіп, саяси ынтасын жоғарылатуға бағытталған қоғамдық-саяси мақсаттардағы іс-қимылына игі әсер етеді, азаматтардың әлеуметтік белсенділігін арттырады.

2.Біріктірушілік қызметі: саяси мәдениет қалыптасатын жүйенің тірегі ретінде қызмет етеді, билік жүйесінің әлеуметтік негізін қалайды.

3.Танымдық қызметі: азаматтарды қоғамдық тәртіпке, мемлекеттің ішкі және халықаралық саясатын ұғынуына, бұрынғы және қазіргі саяси жүйені, саяси қайраткерлер мен басқа да лауазымды адамдарды бағалай білуге үйретеді.

4.Қорғау қызметі: мемлекеттілікке бастаушы, саяси құрылымның қорғаушысы, қоғамның жедел дамуына сәйкес келетін саяси құндылықтарды, игіліктерді сақтау қызметтерін атқарады.

5.Сабақтастық қызметі: жаңа ұрпаққа қоғамдық сана мен тәжірибеде танылған қоғамдық тәртіп үлгілерін жеткізу.

Саяси мәдениет азаматтардың қоғамның саяси өміріне неғұрлым белсене қатысып, мемлекеттің саяси жүйесін қалыптастыруға маңызды әсерін тигізеді.

Сонымен, *саяси мәдениет* дегеніміз - адамдардың саяси білімдерін, саяси ой-пікірлерін қалыптастыратын және олардың саяси процестерге қатысудағы мінез-құлықтары мен іс-әрекеттерін бейімдейтін қоғам мәдениетінің ерекше саласы.

Елдегі саяси мәдениеттің біртұтастығы қоғамның тұрақтылығын, көптеген саяси құбылыстардың болжамдарын айқындаудың негізін қалайды.

Қоғамдағы саяси мәдениеттің қалыптасуы мен дамуында әртүрлі проблемалар кездеседі. *Біріншісі*, қандай да болмасын, қоғам бірнеше әлеуметтік топтардан тұрады. Олар: кәсіби, ұлттық, діни, жас ерекшеліктеріне қарай, аймақтық және тағы басқалары болып бөлінеді. Осындай топтардың

кейбірі қоғамдағы жалпы бағытталған саяси мәдениеттен дәстүрлеріне, мүдделеріне, өз көзқарастарына байланысты ерекшеленуі мүмкін. Осындай ерекшеленуші әлеуметтік топтарды саяси әдебиетте субмәдениет деп атайды.

Субмәдениет деп қоғамда үстемдік ететін саяси мәдени бағыттан айтарлықтай ерекшеленетін саяси бағдарды айтады. Қоғамда субмәдениеттер әртүрлі болған жағдайда қоғамдық, саяси өмірдің тұрақтылығын әлсіретудің негізі қаланады. Яғни, қоғам саяси бағыттары үйлеспейтін топтарға бөлінеді.

Қазақстандағы қазіргі кезеңдегі үлкен субмәдениеттердің бірі- ұлттық этникалық топтар. Түрлі субмәдениеттердің болуы қоғамның бірлестігін әлсіретеді. Мысалы, кейбір ұлттық топтардың ауқатты уәкілдері қаржыларын өзінің “тарихи отанының” экономикасына салуға тырысады немесе Қазақстанда қазақтардан басқа ұлт өкілдерінің саяси партияларға мүше болуы да белсенді түрде емес. Бұл факт өз кезегінде саяси партиялар құрамының ұлттық өкілеттілігін қамтамасыз етпейді.

Қазақстандағы тағы бір үлкен субмәдениет – орыс тілді қазақтар. Олардың саяси мәдениетінің олқылығы қазақ халқының ұлттық рухани құндылықтарын игере алмайтындығында. Ал қазақ халқының өз арасында жерлестік және рулық топтардың да көрінісі бар. Бұл субмәдениеттің ішіндегі өзара сыбайластық арқылы руластарын, жерлестерін қызмет саласында жоғары лауазымдарға тарту демократияның принциптеріне және мемлекеттік заңға қайшы келеді.

Саяси мәдениеттің біртұтастығы қоғамның тұрақтылығын, көптеген саяси процестер болашағын айқындау негізін қалайды. Бірақ қоғамда әр түрлі әлеуметтік топтардың болуына байланысты, субмәдениеттер болмай тұрмайды. Ал олардың арасында үйлеспеушілік орын алса, қоғамдық саяси өмірдің тұрақтылығы бұзылуы да мүмкін. Осындай жағдайда мемлекеттік саясатты қолдау бәсеңдейді немесе мүлде тоқтайды.

Қоғамдағы субмәдениеттердің көзқарастар үндестігі мен келісім проблемасын шешудің айқын жолы – демократиялық саяси мәдениет қалыптастыру.

Қоғамның саяси мәдениетінің қалыптасу барысындағы **екінші** проблема – конформистік проблема. Егер саяси билік, мемлекет тарапынан саяси мәдениет мәселелеріне үстемдік жасалып, қатал бақылау қойылса, онда азаматтар әміршілдік нұсқауларға бейімделіп, енжарлық күйге түседі, саяси әртүрлілік, пікірталастық мүлде жойылады.

Қоғамның саяси мәдениетінің **үшінші** проблемасы –мәдениеттің идеологиялық бақылауға түсу мәселесі. Қоғамдағы саяси мәдениеттің қалыптасуы сол мемлекеттің саяси режиміне және идеологиясына байланысты болады. Мысалы, қазіргі дінидәстүрдегі мемлекеттерде адам діннің қағидаларын жақсы білетін болса, сол адамның саяси мәдениеті жоғары деп есептелінеді. Немесе, бұрынғы Кеңес Одағында, тоталитарлық режим жағдайында егер қызметкер коммунистік партияның және социализмнің тарихын терең ұғып алған болса, ол адамның саяси мәдениеті жоғары деп есептелінді.

Оның үстіне Кеңес үкіметі азаматтарды өз мемлекетінің саяси мәдениеті шеңберінен шығармай қойды. Соның салдарынан кеңестік азаматтар демократиялық ұстанымдардан, нарықтық экономикалық қарым-қатынастан бейхабар болды. Нәтижесінде, мемлекеттің өзі дүниежүзілік саяси мәдениет тәжірибесінен тыс қалып, тоқырауға ұшырап ақыры ыдырап кетті.

Әлемдік саяси мәдениеттің дамуы барысында қазіргі кезеңде екі деңгей қалыптасқан. Бірінші деңгей - әрбір мемлекеттің өз саяси мәдениеті. Екінші деңгей – саяси мәдениеттің халықаралық, дүниежүзілік өркениетті мемлекеттерінде танылған құндылықтар. Олар: демократия, нарықтық экономикалық қарым-қатынас, көппартиялық, либерализм, реформизм, әлеуметтік қорғау жүйесі және тағы басқалары.

2. Саяси мәдениет - әлемдік саяси тәжірибе жиынтығы ретінде

Саяси мәдениет туралы ой ерте замандарда пайда болды. Мысалы, антикалық ойшылдар Платон, Аристотель, кейінірек Никколо Макиавелли, Шарль Монтескье және басқалары бұл мәселеге көп көңіл аударған. Олар қатар жатқан табиғи жағдайы бірдей, жер-су, байлығы ұқсас елдердің тұрмыс-жағдайының, өмір-салтының әртүрлі болатынын, әр елдің адамының бір саяси оқиғаға әртүрлі көзқарас білдіретінін байқаған. Осы саяси құбылыстың себебіне жауап іздеген.

Бірақ олардың бәрі де “саяси мәдениетті” саяси өмірдің белгілі бір деңгейін білдіретін ұғым ретінде қолданған жоқ. Ал бұны жүзеге асырған ХХ ғасыр ғалымдары болды. Солардың бірі - американдық ғалым Габриель Алмонд . Ол Стэнфорд университетінің профессоры, саяси ғылымдардың Американдық ассоциациясының бұрынғы президенті. 1955 жылы Г.Алмонд өзінің “Салыстырмалы саяси жүйе” мақаласын жарыққа шығарды. Бұнда ол саяси мәдениетті қоғамның рухани өмірінің жеке бір саласы ретінде талдау жасады. Г.Алмонд 1968 жылы өзінің “Даму жолындағы аймақтардың саясаты” деген шығармасында “саяси мәдениет” ұғымын ғылымға енгізіп, оған анықтама берді.

Ал кейін саяси мәдениет туралы көптеген еңбектер шыға бастады. Олар: Г.Алмонд пен С.Вербаның бірігіп жазған еңбегі; Л.Пай, Р.Фейген, Р.Такер, С.Липсет, Е.Шейх тағы басқа да зерттеушілердің шығармалары.

Қазіргі таңда АҚШ және Еуропа елдерінің саяси әдебиетінде «саяси мәдениет» ұғымына байланысты көптеген анықтамалар берілген.. Осы ғылыми анықтамалар саяси мәдениет мәселесін зерттеудің төрт бағытын көрсетеді:

1. “Психологиялық”: саяси мәдениет саяси өмірдің бағыттаушы жүйесі ретінде қарастырылады.
2. “Қамтушы”: саяси мәдениет әрбір жеке тұлғаның саяси тәртібін бүркеулі түрде мемлекеттік саясатқа бейімдеу қызметін жүргізуші ретінде.
3. “Объективті”: саяси мәдениет тұлғаның тәртібін қадағалау, азаматтардың саяси іс-қимылдарын қоғамның саяси жүйесінің талаптарымен сәйкестендіру үшін бақылау тұрғысынан

4. “Эвристикалық”: саяси мәдениет қоғам өмірін талдау үшін қолданылатын жүйе мағынасында.

Аталған бағыттардың авторлары саяси мәдениетті ақыл-ес, ой саласымен тығыз байланыстырады да оған тұлғаның, қоғамдық топтың іс-әрекетін қоспайды. Ал америкалық саясаттанушылар Р.Карр, М.Бернстайын саяси мәдениетті тек ғана таным саласымен шектеп қарауға болмайды деп есептейді және оған саяси тәжірибені де қосады.

Ағылшын саясаттанушысы С.Уайттың пайымдауынша, саяси мәдениет – қоғамның саяси режимінен туындайтын басқару және тәртіп нұсқаушысы. Поляк саясаттанушысы Е.Вятрдың ойынша: “Саяси мәдениет билік пен азамат арасындағы өзара қатынастарға қатысты мақсаттардың, құндылықтардың және тәртіптік актілердің жиынтығы». Оның пікірінше, саяси мәдениетке жататындар:

- а) саяси білім, саяси процестерді тану және қызығушылық деңгейі;
 - б) саяси жағдайларды бағалау, биліктің жүзеге асырылуына байланысты құнды ой-түсініктер;
 - в) саяси талаптардың рухани-сезімдік жақтары;
 - г) қоғамда қабылданған саяси тәртіп үлгілері.
- (Е.Вятр. Саяси қатынастар социологиясы. М. 1979).

Бұрынғы КСРО қоғамтанушыларының көзқарастары бойынша саяси мәдениеттің дамуы мемлекеттік саясат пен жалпы мәдениеттің дамуына тікелей байланысты деп есептелді. Сондықтан саяси мәдениет – жалпы мәдениеттің бір бөлігі деп саналды.

Саяси мәдениеттің негізгі элементтерінің бірі – саяси тәжірибеге, идеяға, концепция мен ұғымға қатысы бар саяси дәстүрлер. Ол белгілі бір қоғам жүйесінде қалыптасқан адамдардың саяси бағыттары мен мақсаттарын қамтиды. Бұл элементтер шартты түрде әлеуметтік-экономикалық, ұлттық-мәдени, қоғамдық-тарихи болып бөлінеді.

Қоғамның саяси мәдениетінің қалыптасуына қоғамдағы барлық салалар өз әсерін тигізеді, олар: ұлттық ерекшеліктер, рухани құндылықтар, діни, құқықтық, экономикалық жағдайлар. Сол себептен де әр елдің саяси мәдениетінің өзгешеліктері болады. Бірақ қандай қоғамда болмасын, осы аталған ерекшеліктерге қарамастан, саяси мәдениеттің қызметі, өз орны мен ролі барлық қоғамға ортақ адамдардың саяси іс-қимылдарын көрсетеді. Әр елдің саяси мәдениетін тек сол іс-қимылдардың деңгейі арқылы анықтауға болады. Еуропа және Америка елдері саяси ғылымдарындағы саяси мәдениетті типтерге бөлу Г.Алмонд пен С.Вербаның “Азаматтық мәдениет” (1963 ж.) деген еңбегінен басталады.

Саяси мәдениет үш “таза” типтерге бөлінеді, олар **патриархалдық**: бұнда азаматтардың саяси мәдениетке қатысуы да, қызығушылығы да жоқ; **берілгендік**: бұнда саяси институттарға бағыттаушылық басымдық алады; **белсенділік**: бұнда азаматтардың саясатқа қызығушылығы мен белсенділігі жоғары сипат алады. Қоғам өміріндегі бұл үш тип бір-бірімен өте тығыз байланыста болады. Жоғарыда аталған авторлардың пікірінше, ең кеңінен

таралғаны және саяси тәртіпті қамтамасыз ететіні «берілгендік» мәдениет үлгілерін меңгерген “азаматтық” мәдениет болып табылады.

Адамдардың “белсенділік”, “берілгендік”, “азаматтық” саяси мәдениеті, зерттеушілердің тұжырымдамасы бойынша, әрбір оқиғаға байланысты іс-қимылдары емес, олардың дәстүрлі іс- әрекеттері. Азаматтар жағынан дәстүрге айналған әрекеттер кейін құндылыққа айналады, себебі әлеуметтік топтардың іс-әрекеттерінің болжамды болуы қоғамның саяси қатынастарына тұрақтылық орнатады. Мысалы, көптеген Еуропа зерттеушілері бұндай құндылықтарға британ саяси жүйесіндегі мына дәстүрлерді жатқызады: **дәстүрлендіру** (традиционализм) -- лейбористер өз бағдарламасын көптеген ғасырлар бойы жұмысшылар қозғалысының ашық оппозициялық дәстүріне сүйеніп жасаған; **асыл тектілік** (элитаризм)-- білім беру саласында “елге білімді жұмыссыздар керек емес” деген принцип консервативтік үкіметтің бағдарламасында маңызды орын алуы; **жекешілдік** (индивидуализм) - жеке адам өмірінің, жеке шаруашылықтың мызғымастығын ұстаным ету; **викторияндық құндылықтар** - 10 библиялық өсиетті орындауға бойтұмар болу.

Сонымен қатар ағылшын саяси мәдениетінде мемлекеттегі тәртіпті мүлтіксіз орындауға жол ашатын дәстүрлер қалыптасқан. Бұл тәртіпке бағыну дәстүрін Ұлыбритания басқарушы топтары қоғам мүддесіне нәтижелі түрде пайдаланып келеді.

Ал бүгінгі Қазақстанға келер болсақ, біздің елімізде жаңа, өзіндік саяси мәдениет қалыптасып келе жатыр. Оны алға дамыту барысында дүниежүзілік саяси ғылымның ұсыныстарына сәйкес туындап отырған мәселелер: еліміздің Конституциясын, әр азаматтың саяси құқығын, бостандығы мен міндеттерін тану; қоғам мен мемлекетті басқару түрлері мен тәсілдері жөнінде хабардар болу; мемлекеттің, халықтың асыл мұратын білу; билік пен саясат жөнінде жалпы білім беру; әлеуметтік процестерді басқарудың негізінде жатқан саясаттың, ережелердің, принциптердің, идеялардың мәнін түсіну; құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам орнатуға ұмтылу.

3. Демократиялық саяси мәдениеттің қалыптасу мәселелері

Дүниежүзілік қауымдастықтың саяси мәдениет саласында ғасырлар бойы қалыптасқан мол тәжірибе жинақталды. Олар: демократия, саяси билікті қалыптастыру жолдары, қоғам мен мемлекетті басқару түрлері мен тәсілдері, көппартиялық, заңды оппозиция, баламалы сайлаулар және тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі. Осы тәжірибедегі ең маңыздысы - экономика саласындағы бүкіл адамзат мойындаған нарықтық қарым-қатынастар. Ал әлемдік саяси тәжірибенің нәтижесі- демократиялық саяси мәдениет болып саналады.

Бірақ көптеген елдерде орнаған саяси режим мен идеологияға байланысты осы демократиялық саяси мәдениетті өз қоғамдарының қажетіне пайдалануға қолдары жеткен жоқ. Осы күнге дейін дүниежүзілік саяси мәдениетте қалыптасқан озық тәжірибені қолдамайтын тоталитарлық, авторитарлық режимдер, діни- дәстүрлі мемлекеттер әлі де аз емес. Ал бұрынғы

Кеңес Одағын және басқа да социалистік елдер де қатал саяси идеологиясының қалыптасуына байланысты демократиядан, нарықтық экономикалық қарым-қатынастан тыс қалған болатын.

Сондықтан қазіргі кезеңдегі саяси мәдениет саласындағы негізгі мақсат - демократиялық саяси мәдениет құндылықтарын игеру. Ал демократиялық саяси мәдениет төмендегі негізгі шарттар орындалғанда ғана тұрақты қалыптасады :

1. Экономикалық және әлеуметтік өмірдегі пікірталастықтың болуы. Саяси пікірталастықты қалыптастыратын нарықтық экономикалық қатынастарды дамыту, меншіктің әртүрлі болуы, экономикалық іс-қимылдың, шаруашылық жүргізу мен дербес субъектілерінің әртүрлі үлгілерінің жүзеге асуы.
2. Елдің саяси дамудағы мақсаты - азаматтық қоғам орнатуға бағытталуы. Демократиялық саяси институттарды қалыптастыру, азаматтық қоғамның ықпалынан туындайтын мемлекет өкілеттілігінің көлемін айқындау. Мемлекеттік биліктің барлық органдары халықтық, заңды сайлаулар арқылы қалыптасуы.
3. Қоғам дамуының басты құндылықтарын, идеялары мен мақсаттарын айқындайтын, негізгі әлеуметтік топтар мен жіктердің мүдделерін қолдайтын партиялардың арасындағы саяси әдептіліктің болуы.
4. Адам бостандығы, қоғамдық өмірдің барлық саласында азамат құқығының сақталуы.

Демократиялық саяси мәдениеттің таңдаулы салалары ретінде қоғамдық өмірдің демократиялық принциптері мен нормалары, жеке адам бостандығы мен тұлғаның өзін-өзі бағалай білуі саналады. Мәдениеттің бұл үлгісі азаматтардың өздігінен саяси ой білдірудің (идеологиялық пікірталас) ғана емес, саяси ұстаным таңдауда (саяси пікірталас) дербестік, өзгеше ойлауға төзімділік құқықтарын мойындауды қамтиды. Әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін ескеру мен жүзеге асыруға бағытталған, әрбір жеке адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға және нығайтуға бейімделген демократия механизмдері саяси-пікірталас негізі болып табылады.

Демократиялық саяси мәдениеттің тағы бір көрінісі – адамдарды саяси біріктіру, яғни демократиялық процестерге қоғамның жаңа топтарын қосу, әрбір адамның саяси дамуына кең мүмкіндіктер беру. Бұдан демократиялық саяси мәдениеттің ізгілікті бағыты көрінеді. Бостандық пен белсенділік құндылықтары “адами бейнеге” айналады, мемлекеттік саясатқа сенімділіктің өсуіне ықпал етеді, демократияландыру салаларын ұлғайту үшін қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай туады. Қоғамда демократиялық мақсаттарға қажет демократиялық құралдар, механизмдер мен ықпалдасулар арқылы жететін саяси түсінік қалыптасады. Бұл түсінік әлеуметтік қысымшылықты, қайшылықты, әртүрлі арандатушылықты азайтуға мүмкіндік береді. Қоғамдағы әлеуметтік топтар мен жіктердің саяси ынтымақтастығының тәртібі қалыптасады.

Түптеп келгенде, демократиялық саяси мәдениет – тек ұлттық, діни және басқа да дәстүрлерді сақтау ғана емес, қоғамдық өмір үлгілерінің көпқырлылығын жаңартуға бейімдейтін мәдениет саласы.

Қазіргі кезеңде дүниежүзілік қауымдастық арасында жан-жақты және тығыз байланыстың болуы жағдайында әрбір мемлекеттің сәтті даму шарты - демократиялық саяси мәдениетке ұмтылыс жасап, қоғамның, әрбір азаматтың саяси мәдениетін жоғарылату.

Қорыта айтқанда, саяси ғылымдар тұжырымдары бойынша, қоғамның прогреске бағыт алуы – нәтижелі саяси мәдениеттің деңгейімен байланысты болады.

Бақылау сұрақтары

1. Саяси мәдениет туралы ұғым, оның мәні мен қызметтері.
2. Саяси мәдениетті қалыптастыратын қоғамдық күштер.
3. Саяси мәдениеттің жіктелуі.
4. Саяси мәдениеттің рухани мәдениеттен және ұлттық мәдениеттерден айырмашылығы.
5. Субмәдениет туралы түсінік.
6. Саяси мәдениет туралы ұғымды ғылымға енгізген ғалымдар?
7. Саяси мәдениеттің типтері.
8. Саяси әлеуметтенудің мақсаты неде?
9. Әр елдің адамы бір саяси оқиғаға әртүрлі көзқарасты білдіреді. Бұл неліктен?
10. Саяси мәдениеттің қандай екі деңгейін білесіз?

ҮІІ тарау

САЯСИ ЖҮЙЕ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ.

1. Саяси жүйе теориясының қалыптасуы

Саяси ғылымда “саясат”, “саяси өмір”, “саяси құрылыс” деген ұғымдармен қатар “қоғамның саяси жүйесі” деген түсінік те кең орын алды. Бұл саланың бүкіл әлемде жан-жақты және терең зерттелуінің нәтижесінде ол теориялық деңгейге жетті. “Қоғамның саяси жүйесі” теориясының пайда болғанына да көп уақыт болған жоқ. Оны ХХ ғасырдың 50-ші жылдарында АҚШ және Канада ғалымдары Габриель Алмонд және Дэвид Истон саясаттану ғылымына енгізді.

Г.Алмонд жөнінде жоғарыда мәлімет келтірілген болса, ал Дэвид Истон Канада ғалымы, 1917 жылы туылған. Калифорния университетіндегі саяси ғылым профессоры, 1968-1969жылдары саяси ғылымның Американдық ассоциациясының президенті болған. Саяси саланы зерттеуде бірінші болып жүйелік тәсіл енгізді. Қоғамның саяси жүйесі мәселелеріне арналған “Саяси жүйе”, “Саяси жүйелерді зерттеу әдістері”, “Саяси өмірді зерттеу жолдары” деген еңбектер жазған.

Габриель Алмонд пен Дэвид Истонның қағидалары бойынша, қоғамның саяси жүйелері төмендегідей негізгі элементтерден тұрады:

1. Саяси билік (мемлекет және оның барлық құрылымдары)
2. Заңдар, жарғылар, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар (құқықтық, моралдық тәртіп пен принциптер, өнеге-салт)
3. Азаматтардың өзіндік бірлестіктері (саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар)
4. Қоғамның саяси мәдениеті (саяси білім, құқықтық мәдениет, саяси идеология, саяси сана, азаматтардың саяси іс-қимылдары)

Бұл аталғандар саяси жүйенің негізгі элементтері, саяси жүйенің өзі емес; саяси жүйе құрайтын осы элементтердің ара-қатынасы.

Жоғарыда аталған ғалымдардың тұжырымдамалары бойынша, әрбір қоғамда адамдардың, ұйымдардың өзара қарым-қатынасы бірінен бірі туындайтын мынадай буындардан тұрады:

- ұсынушылар (ұсыныстар, өтініштер);
- шешімдер (қолдау, қолдамау, заңдар);
- қорытындысы (іс-қимылдар, іске асырылуы).

Г.Алмонд пен Д.Истон осындай жүйені, буындарды (звенья) қоғамның жалпы өмірі бойынша емес, тек саяси тұрғыдан ғана зерттейді. Ал саяси салада мұндай жүйе қалай өзгерсе де саяси билікті қалыптастыруға, оны дамытуға және пайдалануға жеткізеді, себебі саясаттың негізгі мәселесі – билік, ал мазмұны – билік үшін күрес және билік жүргізу.

Жоғарыда келтірілген жүйені саяси тұрғыдан талдау үшін әрбір буын ретіндегі саяси институттарды қарастырамыз. Мысалы, ұсынушылар ретінде –

саяси партиялар, шешімдер ретінде – сайлаушылар, ал қорытындысы ретінде – парламент қалыптасады.

Саяси өмірдегі бұл жүйенің іс-қимылы:

- саяси партиялар өз бағдарламаларын ұсынады, ол бағдарламаларды қолдап, немесе қолдамай шешім шығаратын сайлаушылар;
- сайлаушылардың қолдауымен ұсынылған үміткерлер депутаттар құрамына жолдау алып парламент (Мәжіліс) құрылады. Бұл жүйелік іс-қимылдың қорытындысы.

Енді әрі қарай осы жүйені бастаушы болып, яғни ұсынушылардың орнына парламент шығады. Яғни, бұл жүйе өрістеуші шеңбер сияқты сипатында жүреді (спираль). Парламенттен кейінгі шешімдер орнына шығатын - заңдар, одан кейінгі буын – қорытынды, яғни заңдарды орындаушылар. Міне, бұл жүйе шеңбер тәрізді айналым жағдайында үздіксіз жалғаса береді.

Қоғамның саяси өміріндегі осындай айналым жоғарыда аталған элементтердің ара қатынасы қалыптасқан ба, жүйелі ме, немесе – ретсіздік, стихиялық жағдайда ма? Міне, қоғамның саяси өмірінің сапалылығы осылар арқылы сипатталады.

Қоғамның саяси жүйесі қаншалықты қалыптастырылған, тұрақты болса, қоғамдағы саяси жағдай соншалықты нәтижелі болады. Демократиялық елдерде қоғамның саяси жүйесі мемлекеттік билікті қалыптастырады, әлеуметтік топтар, таптар, ұлттар арасындағы өзара қатынастарды реттейді, қоғамдағы тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз етеді. Тұрақтылық жағдайдағы саяси жүйеде тәжірибе жинақталады. Осы көрсетілген мағынасы бойынша қоғамның саяси жүйесі төмендегі қызметтер атқарады:

1. Қоғамдағы саяси билікті қалыптастыратын жүйені дамыту.
2. Қоғамдағы саяси қатынастарды реттеу, әлеуметтік топтардың мақсат-мүдделерін іске асыру үшін саяси жобалар дайындау.
3. Қоғамды, оның мүшелерін ішкі және сыртқы тұрақтылыққа қарсы зиянды іс-әрекеттерден қорғау.
4. Мемлекеттің саяси құрылысын қалыптастыру.

Саяси өмірде қоғамның саяси жүйесін саяси құрылыс деп те түсінушілік бар. Бірақ саяси жүйе ол саяси құрылыс емес, себебі саяси құрылыс ол ресми бекітілген мемлекетті басқару түрі. Мысалы, республика, конституциялық монархия т.с.с., ал саяси жүйе саяси құрылысты қалыптастыратын әдістер.

Саяси құрылыс – ол мақсат, ал саяси жүйе – сол мақсатты іске асыру жолдары.

Саяси жүйенің қызметтеріндегі, әрбір өзгерістердегі негізгі роль атқарушы - саяси мәдениет (саяси жүйенің 4-ші элементі). Себебі басқарудың, ұйымдастырудың сапасы осы жүйенің әрбір буынындағы адамдардың саяси мәдениетіне байланысты. Мысалы, парламентке депутат болуға кандидаттарды ұсынатын саяси партиялар, әртүрлі қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар. Ал ұсынушылардың саяси мәдениетінің деңгейі қандай, ұсынған адамдары депутат болуға лайық па, жоқ па?

Кандидаттарды билікке сайлайтын сайлаушылар, ал бұлардың саяси мәдениетінің деңгейі қандай, парламенттің құрамына таңдаулы, қабілетті азаматтарды келтіре ме, немесе сайлау немқұрайлы өте ме?

Мемлекеттік билік қалай қалыптасты? Бұл қалыптастырылған биліктің сапасы қандай, қолдағы билікті нәтижелі атқаруға саяси мәдениет деңгейі сәйкес пе? Қалыптасқан билік қоғамның саяси жүйесін дамыта ала ма?

Міне, осындай көптеген сұрақтардың жауабы саяси жүйенің мәнін, саяси өмірдегі орнын және саяси жүйенің мазмұнын анықтайды.

Қоғамның саяси жүйесі элементтері үздіксіз дамып отырады және олар бір-бірімен тығыз байланыста болады. Саяси жүйе қоғамдық өмірдің барлық салаларының дамуына бағыт беріп, оларға ықпал етеді, қоғам алдындағы мақсаттарды айқындайды.

Қоғамның саяси жүйесіндегі мұндай айналымның көрінісі тек ғана қоғам, мемлекет, парламент көлемінде емес, бұл айналым әрбір мекеме, ұжымның дағдылы өміріне тән, себебі әрбір ұжымның күнделікті өмірі де ұсыныстардан, шешімдерден және олардың іске асырылуынан, яғни, өтініштер мен қолдау-қолдамаудан тұрады.

Саяси айналымға жоғарыда келтірілген қоғам жүйесінің барлық элементтері қатысады. Ал саяси мәдениет бұл буындардың өзара байланысына ықпал етіп, сапасы мен даму деңгейін айқындап отырады. Сол себепті бір қоғамның саяси жүйесі екінші қоғамның саяси жүйесіне ұқсас болмайды, әр қоғамның саяси жүйесі өз даму деңгейіне сәйкес қалыптасады.

Сонымен, *саяси жүйе* дегеніміз - билік пен басқару құрамын қалыптастыру арқылы өз мүдделерін іске асыру қызметін атқаратын қоғамның саяси субъектілері арасындағы біртұтас, тұрақты қарым-қатынастар жиынтығы.

2. Қазіргі шетелдік саясаттанудағы саяси жүйе теориясының өзекті мәселелері

Қоғамның саяси жүйесі туралы теорияның тағы бір маңызды мәселесі – саяси жүйелердің жіктелуі. Дүние жүзінде саяси жүйелер әртүрлі болып кездеседі, жоғарыда айтылғандай, әрбір қоғамның саяси жүйесі өзіне ғана тән. Сол себептен саяси жүйелердің белгілерін топтастырып, жіктеп қарау оңай емес. Дегенмен, олардың өзара айырмашылықтарына қарамастан саяси ғылымда қоғамның саяси жүйелерін жіктеу әдістері қалыптаса бастады.

Саясаттану саласындағы ғалымдардың көпшілігі саяси жүйені жіктеуді мемлекеттік билікті қалыптастыруға қатысушылардың санымен анықтайды.

Билікті қалыптастыруға халықтың 50 процентінен көбі қатысса, онда саяси жүйе демократиялық құндылықтарға негізделген, егер 50 проценттен азы билікті қалыптастырар болса, онда саяси жүйе демократиялық құндылықтарға негізделмеген болып саналады.

Сонымен, сайып келгенде, қоғамның саяси жүйелері негізінен екі топқа бөлінеді: демократиялық құндылықтарға негізделген және демократиялық құндылықтарға негізделмеген болып.

Ал, Г.Алмонд саяси жүйелерді бұдан басқа да бірнеше түрлерге бөледі. Түрлерге жіктеуде ол саяси жүйенің әрбір элементінің дербестігін, тәуелсіздігін негізге алады. Ал саяси жүйенің әрбір элементінің тәуелсіздігі осы жүйедегі әрбір элементтің саяси мәдениетіне байланысты. Осы тұрғыда Г.Алмонд қоғамның саяси жүйесін төрт түрге бөледі, олар: ағылшын – американдық, континенталды – европалық, жетілмеген индустриалдық және тоталитарлық.

Ағылшын-американдық саяси жүйе түріне АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Австралия, Бельгия, Дания, Норвегия, Швейцарияны жатқызады.

Саяси жүйенің бұл түрі өзінің бірыңғайлығымен, біртектілігімен (гомогендігімен) ерекшеленеді. Яғни, бұл саяси жүйенің әрбір элементтері белгіленген мақсатқа жетуі үшін, оны іске асыратын тәсілдерге жалпы қолдаушылық көрсетеді. Олардың мақсаттары тұрақты болып келеді.

Саяси жүйенің бұл түрінде халықтың көпшілігі азаматтардың бас бостандығы мен ауқатты тұрмысын, қауіпсіздікті басты мақсат етеді. Және осы мақсатқа сай мемлекеттік билік қалыптастыруыды қалайды.

Бұл саяси жүйенің әрбір элементінің орны (ролі) мұқиятты түрде дербестелінген (яғни, бірі - бірінен тәуелсіз). Әрбір элемент өзінің мақсаттары мен міндеттерін нақтылы анықтап бұлжытпай орындауы тиіс. Ал элементтердің ара-қатынасы тәртіппен реттелген және айқын ережемен қамтамасыз етілген.

Мысалы, саяси жүйенің бір элементі басқа бір бағытқа ауысып бара жатса да, басқа элементтері өзгермейді. Сол себептен бұл саяси жүйе өзінің негізгі бағытынан ешбір ауытқымайды. Яғни, олардың өзара іс-қимылы саяси биліктің үш тармағының ара-қатынасы сияқты тежемелік әрі тепе-теңдік жүйе сақталады.

Осыған орай АҚШ-тың саяси саласында белгілі бір жаңалықты енгізу немесе көнерген бір ережені бұзу қиын.

Сонымен, ағылшын-американдық саяси жүйе жоғары дәрежедегі тұрақтылығымен, биліктің бөлінуімен және оның ықпалдылығымен ерекшелінеді.

Г.Алмондтың ұсынысы бойынша, *континенталды-европалық* саяси жүйеге Франция, Германия, Италия, Испания және т.б. мемлекеттер жатады. Бұл саяси жүйенің элементтері оқшауланбаған. Әсіресе, саяси мәдениеттің қызметі заңдастырылмаған. Сол себептен саяси жүйенің басқа элементтерінің іс-қимылына саяси мәдениеттің әсері тұрақты болмайды.

Мысалы, Францияда билік көбіне дәстүрлі сайлау арқылы, яғни, демократияның негізгі жолымен құрылады. Бірақ сонымен қатар, шешімді плебисцитарлық түрде қабылдау да жиі кездеседі.

Плебисцитарлық деп халыққа тікелей үндеу арқылы шешім қабылдауды айтады. Францияның тарихында Наполеонның да, Шарль де Гольдің де плебисцитарлық демократияны пайдаланғаны белгілі.

I Наполеон 1799 жылы плебисцитарлық үндеу арқылы республиканың орнына монархияны қайтарып әкелді. Шарль де Голь осындай әрекет арқылы 1958 жылы парламенттік республиканың орнына президенттік республика орнатты. Бұл оқиғаларда үстемдік алған саяси жүйенің тек бір ғана элементі – саяси билік болды.

Италияда, Испанияда, Германияда ХХ ғасырдың бірінші жартысында халықтың саяси мәдениеті фашистік режимнің келуіне тойтарыс бере алмады.

Бұл елдердің саяси өмірінде популистікке (яғни, бұқараға жағымпаздану) бейімделу кездеседі.

Континенталды-европалық саяси жүйеде әртүрлі идеология ұстанады. Егер ағылшын-американдық саяси жүйеде көбіне консерватизмді, либерализмді ұстаным ететін болса, континенталды-европалық жүйеде неолиберализм, неоконсерватизм, кейде тіпті маркстік, социалистік идеология да орын алады.

Бұл саяси жүйедегі саяси партиялардың мемлекеттегі ролінде де ерекшеліктер бар. Егер ағылшын-американдық жүйеде міндеті белгіленген, заңдастырылған екі партия болатын болса, континенталды-европалық саяси жүйе тарихи қалыптасқан дәстүрлі көппартиялықпен ерекшелінеді.

Жетілмеген индустриалдық саяси жүйеге көптеген Азия, Африка, Латын Америка елдері жатады. Бұл саяси жүйенің саяси мәдениеті аралас келеді, яғни батыс саяси мәдениетінің араласуымен қатар, этникалық, діни дәстүрлердің сақталуы. Бұл саяси жүйенің эклектикасы (бірліктің осалдығы) батыс елдеріндегі әртүрлілікке мүлде ұқсамайды, себебі әртүрлі дәстүрлердің бір-біріне қарама-қарсы болып келуі жиі кездеседі. Бұл саяси жүйедегі билік тармақтары ажыратылмаған, атқарушы билік пен әскер заң шығаруға кедергі келтіріп, заң шығарушы органдар сот істеріне әміршілдік жүргізеді.

Жетілмеген индустриалдық саяси жүйеге авторитаризм (жеке адамның билігіне негізделу) тән, көбіне билікте бір партияның үстемдігі орнатылады, қоғамда күшпен мәжбүр ету орын алады, көпшіліктің саясатқа қатысуы өте төмен деңгейде болады.

Тоталитарлық саяси жүйенің үлгілері: бұрынғы фашистік Германия, Италия, бұрынғы дүниежүзілік социалистік мемлекеттер. Қазіргі кезде бұл елдердің көбінде демократияландыру процесі жүріп жатыр. Дегенмен, осындай саяси жүйе дүние жүзінде әлі де біраз мемлекеттерде сақталуда.

Тоталитарлық саяси жүйеде азаматтардың биліктен тәуелсіз ұйымдарға қатысуына жол берілмейді. Бұқараның саяси өмірге қатысуы алдамшы (декорация) түрінде ғана болады.

Г.Алмондтың ескертуі бойынша, тек күшпен мәжбүр етуге негізделген саяси жүйе ол ескірген, қисынсыз (абсурд), осы себептен тоталитарлық саяси жүйеде екі жағдай қалыптасады: 1) күшпен мәжбүр ету тәртібінің орнатылуы; 2) саяси биліктің тұрақсыз болып, мемлекет, мекемелер, құқық қорғау орындары қоғамның әлеуметтік мүддесін шешіп отырудың орнына барлық күштерін саяси-әлеуметтік шиеленістерге қарсы күресу үшін қолдануы.

Қоғамда саяси жүйелердің жоғарыда аталғандарынан басқа да түрлері кездеседі. Ал Истон мен Алмондтың саяси жүйе туралы идеялары қазіргі таңда Еуропа, Америка елдеріне кеңінен тарап, кейін К.Дойтчтың тұжырымдамаларымен толықтырылған. Дойтч өзінің “Ұлтшылдық және әлеуметтік байланыс” және “Басқару жүйелері” атты еңбектерінде саяси жүйе туралы қағиданың негізгі ережелерін саяси өмірге енгізу жолдарын көрсетеді.

Шет елдердің саясаттануында саяси жүйе теориясының аталған нұсқаларынан басқалары да қарастырылады. Мысалы, Д.Трумэннің

“Америкалық саяси жүйенің дағдарысы” және “Басқару процесі” еңбектерінде баяндалған және саяси жүйе мен оның құрылымдарының кеңіне танымал “қысым топтары” теориясы мен әлеуметтік пікірталастығының негізгі ережелерінен туындайтын саяси жүйе теориясы; Д.Истон концепциясының негізгі ережелерін осы немесе өзге елдің ішкі саяси өмірінен ішкі қатынастар саласына ауыстыруды ұсынатын Г.Пауэлл мен М.Капланның саяси жүйе теориясы; Т.Парсонстың әлеуметтік жүйесінің негізгі қағидаларына сүйенетін «функциялық саяси жүйе»; «мамандандырылған, белсенді құрылым саяси жүйесі» теориясы және басқалары.

Саяси жүйе теориясындағы осындай әртүрлі ағымдардың болуы белгілі мөлшерде шетелдік әдебиетте сипатталған саяси жүйе бағыттарының көптігін және өзара қарама-қайшылығын, сондай-ақ қалыптасу деңгейін айқындайды. Бұл тұрғыда саяси жүйе туралы сан алуан тұжырымдар мен ұсыныстарды таңдап алудың өзі қиын. Себебі, бір жағынан, саяси жүйені анықтау «қоғамда қамқоршы үкімет болып мәдени құндылық кеңінен қолданылып, субъектілердің өзара іс-қимылының жиынтығы тәрізді» сипатында қарастырылса, ал, екінші жағынан, саяси жүйе бір шама идеалистік жоспарда ұсынылуына сәйкес «ортақ тұтастықта құрылған және өзі айқындаған философия, дін, басқару үлгілерімен толықтырылған идеялар, принциптер, заңдар, доктриналар және басқаларының кешені тәрізді» сипатта болады.

Еуропа, Америка елдері саясаттанушыларының жоғарыда көрсетілген сан алуан зерттеу бағыттар мен әдістер тізбесін М.Каплан ұсынған тағы бір саяси жүйе анықтамасымен толықтыруға болады; бұнда жүйе “өздерінің арасында бір немесе әлденеше функциялармен байланысты ауыспалы шамалар жиынтығы тәрізді” қарастырылады. Бұл идеяны жалғастырушы С.Колманның пайымдауына сәйкес “жүйе олардың арасында нақты жүзеге асып отырған қатынастармен бірге алынған объектілер мен элементтердің (шынайы немесе абстрактылы) жиынтығы сипатында айқындалуы мүмкін”; ал Т.Мадронның пайымдауынша, қоғамның саяси жүйесі “қатынастар желісімен бекітілген объектілер мен олардың белгілерінің жиынтығы” сипатында анықталады.

Шетелдік авторлар атап көрсеткендей, саяси жүйенің сан алуан түрлерінің кейде бір-біріне қарама-қарсы бағытта болуы өзге факторлармен бірге осы концепциялардың мән-мағынасын анықтауда қиындық туғызып және оның әлеуметтік тиімділігін кемітеді. Осыған байланысты И.Хус “Жүйелік талдауға қатысы бар кейбір зерттеушілерді жалпы ереже бойынша ғылыми әдістің негізгі принциптеріне қайшы реттегі әдістемелік ойлар тапқырлыққа итермелейді, өкінішті жағдайларға да жиі соқтырады” деп көрсетеді.

Алайда, саясаттануды дамыту үшін саяси жүйе туралы анықтамалар мен ұсыныстардағы әртүрлі қайшылықтар күңгірт көріністерін және саяси жүйе теориясының әртүрлі варианттарының іс жүзіндегі айырмашылықтарын ескермеуге болмайды. Өйткені, шетелдік саясаттануда саяси жүйе туралы нақты варианттар мен ұсыныстардың көптігіне қарамастан олардың барлығы да экономикалық, саяси және идеологиялық негіздерінің жалпылығымен, жалпыұлттық және таптық мақсаттар бірлігімен, өздері білдіретін және қорғайтын мүдделер ортақтығымен, бірыңғай саяси және идеологиялық

бағыттарымен, құрылу мен қалыптасудың жалпы принциптерімен, ережелер жинағымен біріккен. Осындай ретпен саяси жүйе теориясының әртүрлі варианттарының қалыптасуы немесе іс жүзіндегі айырмашылықтарының болуы негізінде бір және “оған қаланған” функцияны орындайды, жалпы және тұтастай алғанда бір ғана фундаментальдық (методологиялық) немесе қолданбалы рольді жүзеге асырады.

Бұл қандай жағдайда нақты көрінеді және осы роль қалай жүзеге асады? Ең алдымен саяси жүйе теориясының *методологиялық* мәніне үңілеміз. Бұл жөнінде шетелдік авторлар көп айтып та, жазып та жүр.

Саяси жүйе теориясын өзге теориялар арасынан бөліп алып және оның маңыздылығын атап көрсете отырып, шетел саясаттанушылары мен әлеуметтанушылары оны “әлеуметтік және саяси талдаудың өте бағалы аспабы” (Т.Мадрон, К.Шелф), “саяси ғылым саласында ғылыми зерттеулердің жалпы шеңберін” айқындайтын перспективалық концепциясы (Р.Голдмэн, Т.Яниг), “құрылым мен процестердің кез-келген талдауын жүргізу барысында қорытынды көзқарас санатында танылатын және орталық теория мәртебесін” меңгерген маңызды доктрина (Д.Валтмен) деп атауға болады.

Саяси жүйе теориясын, онымен қоса жүйелік талдауды “қуатты әлеуметтік маңыздылықты меңгерген айрықша әлеуметтік құдірет” және методологиялық жағынан “танымның” техникалық амалдарының, құралдары мен әдістерінің қарапайым жиынтығынан әлдеқайда жоғары” деп те анықтайды. Оны шетелдік саясаттану шеңберінде дамып келе жатқан “методологиялық идеология” қатарына қосады.

Саяси жүйе концепциясының методологиялық мәні және оның әлеуметтік маңыздылығы қай тұрғыда қарастырылады? Шетелдік авторлардың көзқарастары бойынша методологиялық тұрғыда қарастырылатын саяси жүйе теориясының құндылығы қалай тұжырымдалады? Осы және осыған ұқсас сұрақтарға жауап іздеген шетелдік саясаттанушылар мен әлеуметтанушылар біржақты шешімге әзір келе алған жоқ. Олардың ізденуші көзқарастарына, сондай-ақ осы және өзге бағыттарға икемделуіне байланысты, олардың бірі – «саяси жүйе теориясының методологиялық маңыздылығын, функционализмнің барлық қуатты мүмкіндіктерін анықтау және кеңінен қолдану үшін әмбебаптық модель болып саналады» - десе, екіншілері - оның методологиялық құндылығын “қысым тобы” концепциясы мен саяси пікірталастық доктринасын онан әрі нығайту құралы мен өзіндік бейнесі бар тірегі санатынан көреді. Үшіншілері саяси жүйе теориясынан методологиялық құбылысты бөліп алып, әмбебап концепция жасау арқылы басқа да теориялық модельдер арқылы концепцияларды жасау мен дамытуға негіз болады деп есептейді.

Саяси жүйе теориясының методологиялық мәнін зерттеу барысында шетел авторлары оның көрінуінің өзге де жолдары мен әдістеріне назар аударады. Жеке алғанда, саяси жүйе теориясының методологиялық астары мынадай ретте көрінеді: аталмыш теория әрбір қоғамның саяси өмірінің әртүрлі қырларын терең зерттеуге және елдің даму перспективаларын алдын-ала болжауға жәрдемдеседі; ол теоретиктердің көзқарасынан бұрын тыс қалған “макроскопиялық” (яғни бәрін қамтитын, әмбебаптық) сияқты саясат

құбылысына назар аудартады және терең зерттеуге итермелейді; ол “құрылым мен функциялар, статика мен динамика арасында туындайтын қатынастар мен байланыстар жүйесін зерттеуге, жаңғыртуға” бейімдейді және тағы басқалары.

Саяси жүйе теориясының методологиялық маңыздылығын шетелдік саясаттанушылар басқа қатынастармен де талдайды. Оның методологиялық мүмкіндіктері мен қырларын ашатын (және бұл ретте асырып айту да сирек емес) көптеген еңбектер бар. Алайда, соңғы жылдары батыс әдебиетінде саяси жүйе теориясына және оның методологиялық мүмкіндіктеріне күмән келтіретін сыни материалдар да жиі жарық көруде. Осы жағдайда М.Ванштейннің “ғалымдар қарулануға алған жүйе концепциясы қандай да болмасын теориялық проблемаларды шешуді білдірмейді. Ол саяси өмір туралы пікірталасты жүргізуге мүмкін болатын, шартты түрде ғана белгіленген шеңберді білдіреді” деген топшылауы да кеңінен тараған.

Осы саясаттанушылар мен әлеуметтанушылар тобы (әсіресе, саяси жүйе теориясы туралы қағидаларға жаппай және методологиялық әмбебап концепциясы тұрғысында қарсы шығып жүргендер) саяси жүйе теориясының әртүрлі варианттарын қолдану туралы ескертулерін саяси өмірдегі белгілі бір “олар ең көп деңгейде пайдалы бола алатыны” айқындалған салаларымен және өздігінен жетістіктер игілігіне қызмет ететін мақсаттармен шектеуі қажет” деп көрсетеді. Америкалық саясаттанушы П.Нэтлл «саяси жүйе теориясының методологиялық мүмкіндіктері - жүйе концепциясы тіпті оның тар мағынасында оның жақтастары мен қарсыластары арасында ажыратқыш болу қаупімен орналасты” және тек оның қарсы мағыналы таным мен түсінігі көрінісінде пайдасы өте аз концепция болып көрінді» деп жазды.

Методологиялық тұрғыдан қарастырылатын саяси жүйе теориясына шетел авторлары тарапынан өзге де сыни пікірлер көп айтылуда. Алайда олар бұдан қандай да тиімді мәні мен мазмұны бар методологиялық құралдан қалыс қалуға куә болмайды.

Саяси жүйе теориясының методологиялық және басқа да қырларынан басқа оның мағынасында және әлеуметтік мәнінде, сипатында “қолданбалы” іс жүзіндегі құбылыс орын алады. Оның мағынасын жалпы әлем теоретиктері саяси жүйе концепциясын жасау мен дамытуда тек ғана методологиялық функцияларын асыра бағалау тұрғысы бойынша анықтамайды, сонымен бірге саяси практика саласында пісіп жетілген іс жүзіндегі проблемаларды шешудің маңызды теориялық құралдарының бірі ретінде зерттейді.

Әлемдік саяси ғылымда саяси жүйе теориясының тәжірибелік сипаты мен қызметтік ролінің аталған көрсеткіштерінен өзге оның басқа үлгілері де бар. Олардың бәрінің өзара айырмашылықтарына қарамастан сараланған концепцияның ғылыми, саяси-тәжірибелік маңызы өте жоғары.

Бақылау сұрақтары

1. Саяси жүйенің негізгі элементтері
2. “Қоғамның саяси жүйесі” деген түсініктің “саяси құрылыс” түсінігінен айырмашылығы
3. “Қоғамның саяси жүйесі” туралы теорияны ғылымға енгізген ғалымдар.
4. Саяси жүйенің қызметтері.
5. Саяси жүйелердің жіктелуі.
6. Д.Истон мен Г.Алмонд саяси жүйенің қандай мүмкіндіктерін көрсетті?
7. Қоғамның саяси жүйесінің демократиялық деңгейі қалай анықталады?
8. Қазақстанның қазіргі саяси жүйесі қандай түрге жатады?

ҮІІ тарау

САЯСИ ИДЕОЛОГИЯ: ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ МЕН ТЕОРИЯСЫ.

1. *Идея және идеология ұғымдарының мәні*

«Идеология» деген ұғым гректің *idea* және *logos* деген сөздерінен шыққан. Идея – көзқарас, логос – ілім, ой. Ал идеология сөзінің мәні – «идея туралы ілім» немесе «мәртебелігі бар ілім» ретінде түсініледі.

Идея – ол бір субъектінің немесе бір әлеуметтік-саяси топтың ғана көзқарасы. Ал идея идеологияға айналғаннан кейін ол мақсат, нұсқау ретінде жүргізіледі, тіпті тапсырма мәртебелілігіне ие болады.

Идеяның идеологияға айналуы үшін оған қоғамдық жүйеден немесе мемлекеттік билік тарапынан қолдаушылық көрсетілуі қажет. Сонда ғана идея идеология ретінде қабылданып іске асырылады.

Мысалы, марксизм идеологиясы алғашқыда бір ғана ғалымның – К.Маркстің идеясы ретінде пайда болды. Ол идеяның мағынасы: еңбекшілер буржуазиялық таптың қанауына ұшырайды, жұмысшылар мен шаруалар әділеттілікке, теңдікке, бостандыққа жетуі керек. Ол үшін жұмысшылар таптық революция ұйымдастырып, буржуазия өкіметін құлатып, жеке меншікті жойып, социализм орнатуы қажет деген ойды білдірді.

Кейін, К.Маркстің осы идеясын идеологияға айналдыру үшін коммунистік партия 1917 жылы Ресейде Қазан революциясын ұйымдастырып, өкімет билігін өз қолына алды. Мемлекеттік биліктің ұйғаруымен осы ойшылдың идеясы марксистік идеологияға айналып, КСРО сол идеология бойынша 70 жылдай өмір сүрді.

Идеяның идеологияға айналуы туралы тағы бір мысал - реформизммен байланысты. Реформизм идеологиясы алғашқыда Э.Бернштейннің идеясы ретінде пайда болды. Бұл идеяның мазмұны: еңбекшілерді әділеттілікке, теңдікке, бостандыққа жеткізу үшін реформалар жүргізу қажет. Оларды буржуазиялық қанаудан қорғау үшін ешқандай революцияның қажеті жоқ, жұмысшы табын қорғайтын партиялар парламентке келіп, еңбекшілерді қорғайтын әлеуметтік жүйені заң арқылы қалыптастыруы керек деген идеяны ұсынды. Бұл саясаткердің идеясын идеологияға айналдыру жолында Еуропаның көптеген елдерінде социал-демократиялық партиялар ұйымдастырылды. Осы партиялар сайлау арқылы өз парламенттерінен орын алып, ал кейбірі мемлекеттік билікке келіп, нәтижесінде реформалар арқылы еңбекшілердің мүдделерін қорғай бастады. Э.Бернштейннің идеясы идеологияға айналды. Бұл идеология саяси ғылымда “демократиялық социализм” деп аталады.

Сонымен, *идеология* дегеніміз - биліктің қолдауымен іске асырылатын идеялар жиынтығы. Идеология мемлекет, саяси билік үшін қоғамды, азаматтарды бір мақсатқа жұмылдыру үшін пайдаланатын құрал.

Идеология ұғымын ғылыми айналымға, әдебиетке енгізген француз ғалымы, философы Дестют де Треси (1754-1836 жж.). Кейінірек идеология

деген түсінікті терең зерттеген неміс ғалымы Карл Манхейм болды. Неміс саясаттанушысы М.Вебер де идеология проблемаларын теориялық тұрғыдан жан-жақты зерттеуге бірнеше еңбектерін арнады.

Осы ғалымдардың тұжырымдамалары бойынша - идеология мемлекеттің, саяси топтардың, жеке тұлғалардың қоғам мен әлеуметтік топтар алдындағы мақсаттарын іске асыру үшін қолданылатын көзқарастар жүйесі.

Жалпы идеология туралы түсінік ерте заманда пайда болды. Мысалы, Аристотель идеология деген түсінікті “энтелехия” деп атаған. Энтелехия – мүмкіндікті шындыққа айналдыратын ізденушілік деп ұлы ойшыл анықтама береді. Идеология проблемаларын зерттеуші, ғалым К.Манхеймнің ойынша: “идеология -- ол қоғамдық қарым-қатынастарға көзқарас қалыптастыратын құрал”.

Идеологияның мақсаты мен мазмұны қолдаушының (ұсынушының) мүддесімен сәйкес келеді. Сол себептен идеологияны ұсынушылар: мемлекет, билік, саяси немесе жеке адам идеологияға өте үлкен жауапкершілікпен қарауы тиіс. Егер идеологияны қолдануда қателікке жол берілсе, онда қоғам дамуының өзі қате жолға түсіп кетуі күмәнсіз. Тарихта бұндай жағдайларға ұшыраған мемлекеттер аз болған жоқ.

Негізінде, қандай идеологияны таңдау қажет екенін шешуші халық болуы тиіс. Саяси биліктің, мемлекеттің ұстанатын идеологиясы қоғамның, оның әрбір әлеуметтік топтарының, азаматтардың мүддесінің, ой-пікірлерінің, яғни идеяларының жиынтығы болуы тиіс. Ал халық мүддесімен мемлекеттік идеологияны сәйкестендіретін демократияның дамуы болып саналады.

2. Саяси идеологиялар тарихы пен теориялары

Әрбір адамның іс-қимылы ойдан басталатыны баршаға мәлім. Адамзаттың саяси өмірінің дамуы да саналы адамдардың ой-пікірлеріне, ұсыныстарына, идеяларына негізделеді. Идеялардың негізгі көзі, бастауы ғалымдардың ой-пікірлері мен тұжырымдамалары. Мысалы, кезінде идея ретінде ұсынылып, кейін идеологияға, теорияға айналған Конфуцидің мемлекеттік билік пен халық арасындағы теңгергіштік заңы, Аристотельдің орташылдық, орта таптық концепциясы, Гоббстың антиэтатизм принципі, Монтескьенің билікті бөлу туралы заңы және т.б. Солардың ішінде бүкіл адамзаттың дамуына үлкен өзгерістер әкелгендері либералдық, консервативтік, реформистік, социал-демократиялық идеологиялар.

Либерализм – азаматтарға қатысты мемлекеттік және қоғамдық әртүрлі басымдықтарды жою немесе жұмсартуды мақсат ететін идеология түрі. Бұл идеологияның негізін қалаушы ағылшын философы Джон Локк. Осы ғалымның ұсынысы өз заманының қажеттілігінен туындады. ХҮІІ ғасыр адамзаттың ортағасырлық бұғаудан жаңа ғана шыға бастаған кезі еді. Адамзат тарихында орта ғасырлар баршаға әйгілі монархияның, шексіз биліктің, тұйық сословиенің, еуропа елдеріндегі шіркеу түнегінің үстемдігінде болды. Әрбір адамның өз табиғи қабілетін іске асыру бостандығы мен мүмкіншілігі болмады. Осылайша адамдарды мәжбүрлеу тәртібі қоғамдағы тоқыраушылық

көріністерін күшейтті. Дж.Локк өзінің либералдық идеясында әрбір адам өз қабілетін іске асырмайынша, елдің дамуына өзінің үлесін қоспайынша қоғам қарқынды дами алмайды, адамдарды мемлекеттік дәстүрлі жіктеуліктен, дін құрсауының ықпалынан босату керек деп түсіндірді. Либералдық идеяны көпшілік жақтап шықты, әсіресе жаңа қалыптасып келе жатқан буржуазиялық таптың тез қабылдауының арқасында кейін идеологияға айналды. Экономика саласында нарықтық қарым-қатынас қалыптаса бастады, енді біреулері кішкене шеберхана ашса, біреулері жеке меншік жерге ие болды, сөйтіп өндіріс дамыды. 50-100 жылдан кейін осы кішкене шеберханалар ірі зауыттарға, фабрикаларға, ал кішкене бау-бақша жерлері үлкен фермерлік шаруашылыққа айналды, нәтижесінде халықтың тұрмыс жағдайы қалыптасып жақсарды.

Қорыта келгенде, либерализм идеологиясы **капитализмнің** қалыптасып дамуына зор әсер етті.

XX ғасырдың басында либерализм идеологиясының одан әрі дамуына байланысты бұдан өзгеше саяси идеология ретінде жаңа либерализм – неолиберализм бөлініп шықты.

Неолиберализм – азаматтар мен қоғамның экономикалық және әлеуметтік өмірін мемлекеттік реттеуге бағытталған идеялар жиынтығы.

Егер осы екі идеологияны: либерализм мен неолиберализмді салыстырып қарасақ, алғашқыда бір-біріне қарама-қарсы бағыт сияқты көрінеді. Себебі, либерализм мемлекеттік үстемдікті жұмсарту жолын талап етсе, ал неолиберализм керісінше - мемлекеттік реттеуді күшейтуді ұсынады. Дегенмен, осы екі идеологияның арасында бітіспес қарама-қарсылық жоқ. Неолиберализм идеологиясының пайда болуы қоғамда қалыптасқан әлеуметтік жағдайлармен байланысты болатын. Либерализм ұстанымы бойынша дамушы нарықтық қатынас ең алдымен бәсекелестікке байланысты. Бәсекелестік экономиканы дамытады, бірақ бәсекелестікте адамдардың бәрі, әрине, жеңіске жетпейді, сол себепті теңсіздік күшейеді, көптеген адам күйзеліске, кедейлікке ұшырайды. Сондықтан еркін нарықтық тетіктерді реттеу, кедейшілікпен күресу үшін мемлекеттің араласуы, оның ролінің күшейуі тиіс. Неолиберализм идеологиясы бойынша мемлекеттің аса жауапты міндетінің бірі – нарықтық жағдайда азаматтарды әлеуметтік қорғау жүйесін жасау.

Либерализм идеологиясы бойынша қоғамдағы мемлекеттің басты қызметі “түнгі сақшы” сияқты болатын болса, неолиберализм жағдайында мемлекет “жалпыға бірдей игілік” міндетін атқаруы тиіс.

XX ғасырдың екінші жартысында капиталистік елдердегі көптеген саяси партиялар өз бағдарламаларын неолиберализм идеологиясына негіздейтін болды. Мысалы, Жапонияда 1955 жылдан бастап билік басында сол елдің ең ірі – либералдық-демократиялық партиясы қызмет етеді. Либералдар Англияның, Австрияның, Канаданың және тағы басқа елдердің саяси өмірінде өздерінің лайықты орындарын алуда.

XVIII ғасырда дүние жүзінде тағы бір саяси идеология қалыптасты. Ол – консервативтік (консерватизм) идеология.

Консерватизм - қоғамда тарихи қалыптасқан саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани құндылықтарды сақтау мен дамыту идеологиясы.

ХҮІІІ ғасыр Еуропа, Америка және Азияның көптеген елдеріндегі нарықтық экономиканың дамып, капитализм қалыптасып, әлеуметтік теңсіздіктің күшейген уақыты болды. Ол кезде еңбекшілер мен кедейлердің, жалпы жоқшылыққа ұшыраған адамдардың мүдделерін қорғауға арналған әлеуметтік қорғау жүйесі жетілген жоқ еді. Сол себепті революция ұйымдастырып, буржуазиялық тапты ығыстырып, социализм орнату қажет деген идеялар кеңінен тарала бастады. 1789 жылғы Ұлы Француз революциясы бұның іс жүзіндегі дәлелі болатын. Осы саяси құбылыстарға байланысты қалыптасқан консерватизм идеологиясының негізгі мақсаты - қоғам мен мемлекетті, олардың саяси жүйелерін бұрынғы қалпында сақтап қалу болды. Консервативтік идеология – қоғамды әртүрлі кездейсоқ жағдайлардан, ретсіз реформалардан, әсіресе қатыгез, қантөгісті революциялардан сақтап қалу жолдарын ұстанды.

Консервативтік идеяны бірінші ұсынған ағылшын мемлекет қайраткері және ғалымы Эдмунд Берк болатын. Кейін бұл идеяны одан әрі зерттеп, идеологияға айналдыруға өз үлестерін қосқан француз саясаттанушысы Жозеф де Местр (1754-1821), неміс тарихшысы, заңгері Фридрих фон Савиньи (1779-1861), австриялық саясатшы және қоғам қайраткері Клеменс Меттерних (1773-1859) және т.б. болды.

Консервативтік идея Еуропаның батыс, солтүстік және Азияның біраз елдерінде мемлекеттік қолдау тауып кейін идеологияға айнала бастады. Осы консерватизм идеологиясының басты мақсаттары: қуатты мемлекет құру, саяси жүйенің, биліктің жоғарғы әлеуметтік топтың қолында болуы, тұлғаның қоғам мен мемлекетке бағынуы іс жүзінде жүзеге асып, бұл елдерді әртүрлі кездейсоқ, ретсіз реформалардан, кенет оқиғалардан, өкіметтік төңкерістерден, шиеленістерден сақтап қалды, бейбіт жағдайда нәтижелі әлеуметтік-экономикалық қарқынды дамуға жол ашты.

Консерватизм идеологиясы қоғам өмірінде әдет-ғұрып, дәстүрлер маңызды рөл атқарады деп түсініп, оларды мызғымастай сақтап қалуды мақсат етті.

XX ғасырдың ортасынан бастап консерватизм идеологиясының негізгі қағидаларына өзгерістер енгізіліп консервативтік ой-пікірдің басты бағыты жаңарған консерватизмге (неконсерватизмге) ауысты.

Неоконсерватизм –қоғамдағы саяси плюрализмді (әртүрлілікті) дамыту және саяси процестерді реттеу үшін мемлекеттің рөлін күшейту мақсатындағы идеология.

Консерватизм идеологиясы бойынша бұрынғы және қазіргі құндылықтарды “сақтаудың” орнына “әртүрлілік” принципі ұсынылды. Не себептен консерватизм идеологиясын жаңартуға тура келді? Дәстүрді сақтау, дәстүрмен өмір сүрудің қандай кемшіліктері болуы мүмкін?

Жаңа консервативтік бағытты жақтаушылардың жауабы бойынша дәстүр, тарихи қалыптасқан тәжірибе ол зор рухани құндылық. Дәстүрсіз, тарихи зердесіз халық - қоғам, мемлекет болып қалыптасуы мүмкін емес. Бірақ дәстүрдің қандай салада болмасын (рухани, ұлттық, діни, саяси) халыққа, адамға үстемдік етіп тұратын да қасиеті бар, дәстүр бұғау сияқты бостандықты,

ерікті шектеп тұрады. Мысалы, адам барлық жағдайда ұлттық дәстүрлерге табынушылық етіп жүретін болса, ол ұлтшылдыққа әкеліп соғуы мүмкін. Немесе ол адам бұлжытпай тек діни дәстүрімен өзінің өмірін шектейтін болса, ол діни фундаментализмге (діни еріксіздікке) соқтырады.

Сондықтан консерватизмнің адамдарды қолайсыз жағдайларға әкеліп соғуы өз алдына, ол халықты жалпы дүниежүзілік жетістіктерден, өркениеттен тыс қалдыруы мүмкін. Осындай көріністерге сәйкес ағылшын саясаттанушысы Джон Стюарт Милльдің: “Бір рет болса да дәстүрден шығу – ол бостандыққа тағы да бір қадам жасау” – деген қағидасының маңызы өте жоғары.

Яғни, қай салада болмасын, әртүрлілік қажет екені байқалады. XX ғасырдың екінші жартысында еркін нарықтық қатынастар және демократия принциптері одан әрі дамып, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын мойындауға тура келді. Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік қызметтері едәуір шектеліп, меншік жекешелене түсті. Бұның бәрі неоконсерватизмге күш беріп өркениетті елдердегі орта таптың идеологиясына айналды.

Неоконсервативтіктер консервативтіктермен салыстырғанда дәстүр ұстанымынан бостандыққа ұмтылуға шақырып, қоғам өміріндегі әртүрлілік нәтижелі бағыт деп есептейді.

Неоконсерватизм идеологиясының негізгі мақсаты – саяси, экономикалық, рухани реформаларға жол ашу, сол арқылы қоғамның дамуына әсер ету.

Неоконсерватизм идеологиясын дамытуға көптеген ғалымдар мен саяси қайраткерлер қатысты. XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында неоконсервативтік идеяларды ұстанған Германия канцлері Отто фон Бисмарк, Ұлыбритания премьер-министрі Ллойд Джордж болатын. XX ғасырдағы бұл идеологияның жүзеге асырылуына зор үлес қосқандар белгілі саясатшы Збигнев Бжезински, АҚШ президенті Рональд Рейган, Англияның бұрынғы премьер-министрі Маргарет Тэтчер, Германияның бұрынғы канцлері Гельмут Коль және т.б.

Консерватизм мен неоконсерватизмнің идеология ретіндегі маңызды нәтижесі - Англиядағы, АҚШ-тағы және Германиядағы консервативтік партия өкілдерінің мемлекеттік билік басына келуі болатын.

Келесі саяси идеология – марксизм идеологиясы. *Марксизм* дегеніміз қарулы төңкеріс арқылы қанаушы таптарды, жеке меншікті жойып, социализм және коммунизм құрып, қоғамдағы әлеуметтік теңдік орнату мақсатындағы идеология.

Бұл идеологияға негіз болған жоғарыда айтылған неміс ойшылы, ғалымы **К.Маркстың(1818-1883)** идеясы. Оның идеясы бойынша, «таптық қоғамда әділеттік жоқ, байлар, капиталистер, фермерлер - қарапайым жұмысшыларға, шаруаларға қанаушылық жасайды, олардың еңбегін толық төлемейді, соның арқасында өздері байиды. Бұл жағдай әлеуметтік экономика саласында орын алса, ал саяси салада әділеттілік, демократия жоқ. Билік басында отырғандардың бәрі байлар. Халықтық сайлауға қалай бақылау қойылса да –

бәрі бір билікке байлар ғана келеді. Соңында қоғам олигархиядан шыға алмайды».

«Осындай әділетсіз жағдайдан жұмысшыларды, шаруаларды, жалпы қарапайым еңбекшілерді құтқару, оларға саяси және әлеуметтік теңдік алып беру үшін, социалистік революция арқылы биліктің басындағы олигархтарды жойып, қоғамды буржуазиялық мемлекеттен босатып, жеке меншікті құртып, меншіктің мемлекеттік ғана түрін қалыптастырып, социализм, содан кейін коммунизм орнату керек. Осындай қоғамда ғана жан-жақты дамыған, еркін адам қалыптастыруға мүмкіншілік туады» -деп есептеді К.Маркс.

Маркстік идеяны іске асыру үшін, яғни, бұл идеяны идеологияға айналдыру үшін орасан зор белсенділікпен күрес жүргізген саяси топ -Ресейдегі 1898 жылы ұйымдастырылған Ресей социал-демократиялық жұмысшылар партиясы (РСДЖП) еді. 1917 жылғы қазан айында В.И.Лениннің басқаруымен осы партия революция арқылы билікке келіп, бүкіл Кеңес Одағында марксистік (коммунистік) идеологияны орнатты. Бірақ күшпен енгізілген идеология 70 жыл бойы өз мақсатына жете алмады, себебі экономика саласындағы жеке меншік жойылғаннан кейін қоғам тоқырауға ұшырады. Бұл саяси оқиға идеологияның бәрі бірдей сәтті бола бермейтінін дәлелдейтін бүкіл әлемдік тарихи сабақ болып саналады.

К.Маркстің ең үлкен қателігі – «капитализмнің өзін-өзі дамытуға мүмкіншілігі жоқ» - деген қағидасы болатын.

Бұған қарсы Еуропаның батыс елдерінде, соның ішінде әсіресе Германияда ХХ ғасырдың басында марксизмді қайта қарап, оған өзгерістер енгізу мақсатымен реформистік идеялар ұсынылды. Бұл идеялар саяси ғылымда реформизм болып аталады. **Реформизм** дегеніміз -эволюциялық даму, реформалар және әлеуметтік-саяси модернизация арқылы қоғамдағы тұрақтылықты сақтау идеологиясы.

Реформизм идеологиясы үш бағытқа бөлінеді, олар: эволюция, реформа және модернизация. Осы үш бағыттың арнайы аталуының өзі – революция идеясына қарсылық білдіру үшін қажет болды.

Реформистік идеологияның негізін қалаушы - неміс саяси қайраткері **Эдуард Бернштейн(1850-1932)**. Бұл саясатшы реформизм туралы идеяларын “Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның мақсаты” деген еңбегінде ұсынады. Э.Бернштейннің реформизм идеологиясына келу жолы қиын да күрделі болатын. Ол өзі саясат жолын марксизмнен бастаған еді. Марксшыл Ф.Энгельстің серігі болып, екеуі Германияда 1869 жылы құрылған социал-демократиялық жұмысшылар партиясының жетекшілер құрамында болды. Марксистік идеяларды таратқаны үшін Э.Бернштейн өз елінен жер аударылып біраз жылдар Швейцария, Англияда тұрады. Әсіресе Англияда болған уақытында Э.Бернштейн либерализм идеологиясымен терең танысады. Соның әсерінен саясатшының марксистік көзқарасы күрт өзгеріп, жоқшылық мәселелерді шешудің басқа да жолдары бар екенін байқады. Э.Бернштейн өзінің кейінгі жаңа көзқарасында кедейлердің, жұмысшылар мен шаруалардың әлеуметтік жағдайын тек революция, социализм жолы арқылы ғана емес, оны реформалар арқылы да шешуге болатынын дәлелдейді. «Таптық, саяси теңдік

орнату жолы міндетті түрде капитализмді құлату емес, себебі капитализмнің реформалар арқылы кедейшілікпен күресуге мүмкіншіліктері толығымен бар, кедейлердің жағдайын жақсартам деп байларды құртып жіберу – ол да әділетсіздіктің бір түрі» деп қорытындылайды. Ол «дұрысы буржуазиялық тапқа қарсы күресу емес, қоғамдағы кедейшілікті азайту үшін күресуі керек» - деген қағиданы таратты. Яғни, Э.Бернштейн марксистік идеологиядан бас тартып реформизм идеологиясын берік ұстаным етті.

Э.Бернштейн өз еліне, Германияға қайтып келгеннен кейін, Германия социал-демократиялық жұмысшылар партиясы (ГСДЖ) ыдырап, үш топқа бөлініп кетті. Э.Бернштейн енді тек ғана реформизм көзқарасын қолдайтын топтың жетекшісі болды. Кейін осы реформистік идеяға сүйенген социал-демократиялық партиялар Еуропа елдеріндегі реформизм идеологиясының дамытушысы, халыққа таратушысы болды.

Сонымен, біз әлемде кең тараған идеологиялардың негізгі түрлерін қарастырдық. Идеология қоғам өміріндегі зор қозғаушы күш екені ақиқат. Сондықтан идеологияны тудыратын себептерге аса мұқияттылықпен қарап, идеологияны таңдай білу жоғары білімді, аса жауапкершілікті қажет етеді. Негізінен жалпықоғамдық идеологияның көзі халық болуға тиіс екенін есте ұстау керек.

3. Идеологиясыздандыру (деидеологизация) теориясы

Әрбір мемлекеттің болашақты бағдар ететін идеологиясының болуы айқын. Себебі мемлекеттің саясаты, оның даму жолдары идеологияға негізделеді. Идеологияның қызметі – мемлекеттілікке демеуші, саяси құрылыстың қорғаушысы болу, ал идеологиясыз мемлекет болуы мүмкін емес.

Бірақ кеңес өкіметі кезінде, әсіресе 1980шы жылдардан бастап, “идеология” деген сөздің өзі кейбір азаматтардың бойында жиереніш туғызып халық арасында оны салқын қабылдау күшейді.

Бұның себебі қазір түсінікті де, кеңестік жағдайда өз идеясын бүкіл халыққа күштеп міндеттеген қоғам емес, тіпті мемлекет те емес, ол демократияға негізделмеген биліктегі адамдардың шағын ғана тобы – коммунистік партия болатын. Бұл марксистік-лениндік деп аталған идеология қоғамдағы әртүрлілікке, көпшілікке қатаң тиым салды. Әрбір азамат тек ғана бір идеологияны мойындауға мәжбүр болды. Қоғамда идеологиялық шоғырлану жүйесі орнатылды. Осындай жағдайда Кеңес Одағы азаматтарының «біз идеологияға тойдық ғой» деп айтулары әбден түсінікті болатын.

Осы тұрғыдан қоғамда деидеологизация, яғни идеологиясыздандыру туралы ұсыныстар көбейді. Яғни, идеологиясыз мемлекет, идеологиясыз қоғам құру қажет деген түсінік қалыптасты.

Саяси ғылымда деидеологизация (идеологиясыздандыру) өзекті теориялық проблема, бірақ бұл қоғамды немесе мемлекетті идеологиядан арылту деген түсінік емес. Бұл жөніндегі саяси ғылымның ақиқат ұстанымы мына анықтамадан білінеді: ***Деидеологизация*** (идеологиясыздандыру) дегеніміз - идеологияның әсерінсіз, еркін, таза ғылымды жасауға, қоғамдық

прогресті идеологиядан тазартуға ұмтылу. Яғни, ғылым – идеологиядан тәуелсіз болуы қажет. Қоғамның дамуы идеологияның қысымына түсіп қалмауы, елдің дамуын тек ғана ұлттық мақсатты ұстанып, басқа елдердің дамуынан оқшауландырмау, әртүрлілікке, көппікірлікке бақылау қойып кедергі жасамауы керек. Әсіресе ғылым идеологияның қызметшісіне айналмауы тиіс.

Идеологиясыздандыру тұжырымдамасының негізін салушылар: саясаттанушы француз ғалымы А.Раймон, американ ғалымы П.Талкотт, неміс ғалымы К.Манхейм және т.б.

Мысалы, К.Манхейм: «идеологиясыздандыру – қоғамдағы партиялық, топтық үстемдіктің болмауын мақсат ететін әлеуметтік-философиялық ілім, ал қоғамдық, мемлекеттік идеологияның болмауын мақсат ету – ол қателік» десе, белгілі орыс философы Н.Бердяевтың айтуы бойынша: “Қоғамда идеология құлатылған кезде, утопия шабуыл жасайды”, яғни, халық өзіндік болмысынан, ерекшелігінен, ұлттық мәдениетінен, рухани құндылықтарынан айырыла бастайды, қоғамның даму бағыты күйреп, дағдарыс күшейеді.

Өтпелі кезенді басынан кешірген біздің елімізге бұл жағдай жақсы белгілі. Кеңес Одағы ыдырап, тоталитарлық тәртіптен демократиялық режимге ауысудың басталуы кезеңінде бағыт беруші рухани нысананың күрт жойылуы себебінен адамдар рухани және әлеуметтік адасу мен абыржу жағдайына түсті. Қоғамда өнегеліліктің деңгейі төмендеп, қылмыскерлік, жемқорлық, коррупция, көлеңкелі кәсіп, нашақорлық кең орын ала бастады. Бұндай келеңсіз құбылыстардың ізі бүгінгі күнге дейін сезінілуде.

Ал бүгінгі күні біздің мемлекеттік идеологиямыз арқылы Қазақстанда тұрақтылық, тыныштық, халықтардың бірлігі сақталып, алғашқы тәуелсіздік жылдарының ауыртпалықтарына қарамастан демократиялық бағыттағы экономикалық, әлеуметтік даму қамтамасыз етілуде.

Себебі, біздің елімізде халықтарды топтастыратын, тұтастыратын нәтижелі мемлекеттік идеология қалыптасты. Ең бастысы - Қазақстан Республикасы экономикалық құлдырауды тоқтатып, аса ауыр әлеуметтік-экономикалық дағдарыстан шығу жолын тапты, өтпелі экономика реформаларының “ең бір аурушаң сатысынан” өтті. Бұл мемлекеттік ұлы істе идеологияның тікелей әсері бар екені ешбір күмән туғызбайды.

Мемлекет үшін идеология - әлеуметтік-саяси бағдарламалар мен мақсаттарды іске асырудағы басқару жүйесі. Идеология мемлекеттік саясатқа негіз болады. Ал мемлекеттің саясатын, мақсаттарын қоғамға жеткізетін заңдар, жарлықтар, нұсқаулар. Бұл жүйедегі маңызды роль атқаратын бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады.

Сонымен, идеология мемлекеттілікті демеуші жүйе. Ол елдің саяси құрылысының қорғаушысы, одақтасы, буыны, (биологиялық тілмен айтар болсақ), идеология – мемлекеттің сырқаттан сақтануының баламасы. Идеология басқа да принциптер мен нормалар сияқты саяси-мемлекеттік құрылымды қолдау мен нығайту қызметін атқарады.

Мемлекеттік идеологияның халық арасында толық қолдаушылық табуы, мемлекеттің өзінің заңды, легитимді (яғни, демократиялық) болуына

байланысты. Егер мемлекетті қалыптастырушы шын мәнінде халықтың өзі болатын болса, халық мемлекеттік идеологияны өз мақсатындай қабылдайды.

Бақылау сұрақтары

1. Саяси сана және саяси идеология
2. Қоғам тарихындағы негізгі идеологиялар
3. Идеологияның идеядан айырмашылығы.
4. Либерализм идеологиясының неолиберализмнен ерекшелігі неде?
5. Консерватизм идеологиясының неконсерватизмнен айырмашылығы қандай?
6. Реформизмнің марксизмнен артықшылығы неде?
7. Деидеологизация (идеологиясыздандыру) туралы түсінік және оның мақсаты неде?
8. Джон Локк қандай идеологияның негізін қалаушы?

ІХ тарау

САЯСАТ – АДАМНЫҢ САНАЛЫ ҚЫЗМЕТІ РЕТІНДЕ

1. Саясат – адамдар үшін және адамдар арқылы жүзеге асырылатын үрдіс

Саясаттың нәтижелі болуы оның адамдар үшін қызмет етуінде және адамдар арқылы іске асуында. Бұл қоғамның жан-жақты дамуының заңды шарты. Әлеуметтік топтар, қоғамдық қозғалыстар, саяси партиялар және т.б. қоғам өмірінде қанша көрнекті роль атқарғанымен, саясаттың ең басты субъектісі – адам. Қандай қоғамдық, саяси ұйымдар болмасын барлығы да адамдардан тұрады, бүкіл саяси үрдістің, қоғамның саяси өмірінің мәні, бағыты - негізінен адамдардың мақсатымен, көзқарастарымен, олардың ерікті іс-әрекетімен анықталады. Олай болса, қоғам, мемлекет - адам үшін қызмет етуі шарт. Себебі адам қоғам өміріндегі, саясаттағы шешуші фактор.

Саяси ойлар тарихында саясаттың субъектісі ретіндегі адамның қоғам өміріндегі жасампаздық ролі туралы көптеген ғылыми құнды тұжырымдар сақталған. Мысалы, “Республика” атты еңбегінде Платон саяси бағыттың әртүрлілігі адамдардың табиғи өзгешеліктерімен тығыз байланыста екендігін атап көрсеткен. Ал Аристотель “Саясат” деген шығармасында адам өзінің табиғи жаратылысына байланысты саясаттан тыс бола алмайтындығына басты назар аударған. Т.Гоббс және Дж.Локк мемлекеттің шығуы туралы өзара бір-біріне ұқсамайтын теорияларда адам жөніндегі қарама-қайшы концепцияларға сүйене отырып зерттеген. Шын мәнінде, адамгершілік, гуманизм тұрғысынан қарағанда, адам қоғам өмірінің, саясаттың ең негізгі белді буыны екендігі даусыз. Әрине, бұл үшін әрбір жеке адам саясат субъектісі деңгейіне көтерілуі қажет. Ал бұл процесс, яғни адамдардың саясаттың субъектісі болып қалыптасуы күрделі, мағыналы, үлкен проблема. Біз олардың кейбіреулеріне ғана тоқталамыз.

Адамның саяси субъектілігі - оның саяси өмірге белсене қатысуымен сипатталады. Саясатты қалыптастыру, оны іске асыру, оған дер кезінде өзгерістер енгізіп отыру, әр адам өзінің саяси қызметінде халықтың өмірлік қажетіне байланысты мақсаттарын іске асыруға көмектесуі және айтарлықтай нәтижеге жетуі, қоғамға пайдалы істерге қатысу саяси субъектілікті сипаттайтын негізгі белгілер.

Саясатқа саналы араласуы үшін адамның оған сай қабілеті болуы қажет. Бұл саяси субъектіліктің ішкі терең, мәнді сипаттамасы. Қабілеттілік әрбір адамның қолы оңай жететін қасиет емес. Бұндай қасиет саяси субъектіліктің жоғарыда келтірілген екіжақты көріністерінің өзара тығыз байланыста, өзгерісте болуы арқылы қалыптасады. Адам саясатқа қаншалықты белсене қатысса, оның саяси қабілеті соншалықты артады. Адам қабілетінің осылайша үнемі артып отыруы оның саяси белсенділігін де күшейтеді, бұл шексіз өтетін үрдіс, бұның өзі адамның саясат субъектісі болып қалыптасуының ішкі, сыртқы қайшылықтары мол күрделі процесс екендігін көрсетеді.

Демократиялық жағдайда жеке адамдар саясаттың ерекше, құнды субъектісі болып табылады. Олар қоғамдық оқиғалардың нақты қатысушылары, бұқаралық қозғалыстарды ұйымдастырушылар, басқарушылар. Сайып келгенде, көптеген факторлар әрбір адамның азаматтық сипат, қасиеттерінің өсіп дамуының, саясаттың объектісінен субъектісіне айналу процесінің сапасын, мәнін анықтайды. Бұдан туындайтын қорытынды – саясаттың субъектісі болу азаматтық қасиеттердің жоғары деңгейде дамуы. Аристотельдің айтқанындай, бұндай қасиеттер жетік дамыған, жоғары мәдениетті, терең білімді, адамгершілігі мол адамдарға ғана тән.

Бұл қасиеттер жеке адам бойында өзінен-өзі пайда болмайды. Саяси субъектіліктің өзі адамның әлеуметтік-саяси дамуының күрделі жолдарынан өтуін білдіреді. Адамның адам болып қалыптасу жолы қайшылықтарға толы бірнеше кезеңдерден тұрады, ал саясатқа адам ұзақ тәжірибесінен өте отырып біртіндеп жақындай бастайды. Бала кезінде саясат туралы ең алғашқы мәліметтерді өз отбасындағы ата-анасынан алады. Жастарға жалпы саясат жөніндегі мәліметтер ұрпақтан-ұрпаққа жалғасу арқылы жетеді. Адамдардың азаматтық қасиеттерінің жоғары дамуының кепілі жеке адамның саяси санасының артуы, оның ой-өрісінің кеңеюіне де байланысты.

Мемлекет, қоғам тарапынан адамның саяси санасының қалыптасуы саясаттануда «саяси социализация» деп аталады (яғни, саяси әлеуметтендіру). Саяси әлеуметтендіру деген түсінік ғылымға 1950-шы жылдарының соңында енгізілді. 1959жылы бұл ұғымды “Саяси әлеуметтендіру” деп аталатын еңбегінде ғылыми деңгейде зерттеген саясаттанушы, ғалым Герберт Хаймен болатын.

Шетел саясаттанушылары саяси әлеуметтендірудің негізгі екі жолын атап көрсетеді. Біріншісі – дамудың табиғи жолы. Бұл жолда әлеуметтендіруге қатысушылар отбасы, балалар үшін ата-аналарының саяси көзқарасы, жасөспірімдердің құрбы-құрдастары, мектеп қатысады. Екіншісі – білім беру жолы арқылы; жоғарғы сыныптардағы тарих, құқық негіздері пәндері; жоғары оқу орындарындағы әлеуметтік-гуманитарлық пәндер: саясаттану, әлеуметтану, отан тарихы және тағы басқалары.

Саяси әлеуметтендіру екі жақты процесс. Әрбір адам әлеуметтендірудің тек объектісі болып қала бермейді. Ол өз бетімен білім алуы, бұқаралық ақпарат құралдарын және қоғамдық бірлестіктер жұмысына қатысуы арқылы саяси білімін жоғарылатады. Нәтижесінде азамат саяси өмірге қатысуға мүмкіндік алады .

Сонымен, саяси әлеуметтендіру саяси екі жақты процесс: қоғам адамды саяси әлеуметтендіреді және адам қоғамды саяси әлеуметтендіреді.

Саяси субъектіліктің деңгейі, әлеуметтік өрістеуі – адам санасының дамуына тығыз байланысты. Бұл әрбір адамнан өте қажырлы еңбегін талап етеді. Осы негізде адамда тәртіптілік, жауапкершілік, принциптілік, жігерлілік және т.б. көптеген мәдени-әлеуметтік құндылық қасиеттері қалыптасады.

Саяси белсенділікті арттырудың көптеген алғышарттары бар. Оларға материалдық және құқықтық факторлар жатады. Біріншіден, халықтың, әрбір адамның саяси өмірге араласуына олардың азық-түлікпен, киіммен қамтамасыз

етілуі, үй-тұрмыс жағдайлары ерекше әсер етеді. Халықтың тұрмыс жағдайы нашар елде саяси белсенділік күрт төмендеп, мемлекеттік саясатты толық қабылдамай, оған қарсы пікірлер білдіру қалыптасады. Саяси белсенділікті арттырудың екінші маңызды шарты ол саяси, құқықтық факторлар. Мемлекет тарапынан құқықтық негіздер толық жүзеге асырылған жағдайда ғана халық саяси өмірге еркін қатыса алады, демократия ұстаным нығая түсіп, биліктің демократиялық мәні жоғарыланады, саяси процесс қарқынды дамиды, нәтижесінде адамдардың саясатқа, саяси өмірге оң (позитивті) көзқарастары қалыптасады.

Жеке адамның саясатқа деген көзқарасына психологиялық факторлар да әсер етеді. Бұл факторлар жөнінде шет елдердегі саясаттану әдебиеттерінде әртүрлі пікірлер айтылуда. Мысалы, американың белгілі саясаттанушысы Лассвелл Г. кейбір адамдардың саяси басқарушы болуға ұмтылуларының себептеріне талдау жасай келіп, «орнын толықтыру» теориясын ұсынады. Оның пікірінше, өзін басқалардан кем санайтын кейбір адамдар билікке ұмтылады, олардың мақсаты – билік арқылы өз кемістігін толықтыру, жұрт алдында өзінің бағасын көтеру. (яғни, компенсация жасау).

Адамның саяси өмірге ең қажетті қасиеттерді бойына сіңіруі- әлеуметтік дамудың негізі болып табылады. Сол қасиеттердің болашақты дұрыс болжай білу, бүгінгі іс-қимылдың болашақтағы нәтижесін терең түсіну. Осындай өте қажетті, өте бағалы қасиеттер барлық адамдарда бірдей жоғары деңгейде дамымаған. Бұл жағдай әр қоғамның саяси режимімен де байланысты. Мысалы, саяси белсенділік көрсеткіші бойынша бұрынғы Кеңес Одағы азаматтары дүние жүзінде 42-ші орында болды.

Адамды саясаттың субъектісі деңгейіне қалыптастырудың екі жолы белгілі.

Біріншісі – саяси тәжірибені толық игеру. Яғни, саяси-мәдениет нормаларын сақтау мен оны нығайтып отыру. Бұл отбасы, мектеп, бұқаралық ақпарат құралы арқылы іске асады. Екінші жол - әрбір адамның саяси білімді, тәжірибені үздіксіз меңгеріп отыруы. Қоғамда бұл екі жол біртұтас сипатта қалыптасып бірін-бірі толықтырады және өзара тығыз байланыста болады.

Адамның шын мәнінде саясаттың субъектісі болуы ол адам мен саясаттың біртұтастығын нығайту. Қоғам мүшелері саясаттан тыс болмауының негізгі, берік кепілі – саяси сананың қалыптасуы. Бұл адамның саясат объектісінен саясаттың субъектісі деңгейіне көтерілуінің факторы. Өйткені, азаматтардың қоғамның саяси өміріне қатысуы олардың саяси санасының дамуына нақты әсер етеді. Ал саяси сана дамыған сайын олардың қоғам өміріне қатысуы жандана түседі. Яғни, әр адамның саяси санасының, саяси мәдениетінің дамуы қоғамның саяси мәдениет деңгейімен тікелей байланысты. Адамның саяси дамуында қоғамның саяси мәдениеті әлеуметтік әсерлі механизм ролін атқарады. Ол әрбір адамға жалпы нормаларды, үлгілерді, саяси құндылықтарды толық игеруде жан-жақты көмек береді, оның саяси көзқарасының ұдайы дамып отыруына демеуші болады.

Адамның шын мәніндегі саяси субъектіге айналуы қоғамдағы демократияның дамуымен де тығыз байланысты. Демократияның принципі -

адамның құқы мен бостандығы табиғи екендігін толық мойындап, өмірдегі ең қымбат құндылық адам деп тану болса, оны мемлекет қадірлеуге міндетті, сонда ғана адам қоғамның саяси ісіне еркін қатыса алады.

Ал мемлекеттегі саяси тәртіп демократиялық құндылықтардан бас тартса, онда азаматтар әлеуметтік қорғаусыздыққа душар болады. Бұл саяси дамуды әлсіретіп саяси тұрақсыздықты күшейтеді, адамдардың ырықсыздығын туғызады, өзін-өзі кем санаушылық көбейеді. Ақыры бұның бәрі мемлекет ішінде көзбояушылыққа, жалғандыққа, жағымпаздыққа әкеліп соғады.

Қорыта айтқанда, адамның саяси қалыптасуының нәтижелі болуы - қоғамда демократиялық мәндегі ең қажетті құқық пен бостандықтың берік орнығуы, үкімет тарапынан адамның өмір сүру құқығын толық мойындауы. Адам ең алдымен әлеуметтік-экономикалық, саяси және бас бостандығы құқықтарына ие болмай, ол ешқашан еркін дами алмайды.

Сонымен, адамның саясат субъектісі болу жолы өте күрделі. Бұл процестің шешуші факторлары – демократияның дамуы, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның қалыптасуы. Демократия дамымаған елде өз құқынан айырылған халық зорлық-зомбылықтан бас көтере алмай, саяси өмірдің құлы, әлеуметтік әлсіз, мүсәпірлік деңгейде қалып қояды. Бұндай адамдарды шенеуніктер, басқарушы ұйымдар, саяси қылмыскерлер оңай алдап, өз айтқандарына оңай сендіре алады.

Мемлекетте саясат субъектісі болу шарты – саяси процестерді жедел өрістету. Оның айқын жолы – азаматтардың түгелдей саяси өмірге араласуы, яғни, адамның саясат объектісінен оның субъектісі деңгейіне көтерілуі.

2. Саяси субъект - әлеуметтік топтар

Әлеуметтік топтарға адамдардың маңызды мүдделерінің ортақтығы бойынша біріккен ұйымдар жатады. Олар: ұлттар, отбасы, еңбек ұжымы, саяси ұйымдар, аумақтық қауымдар және тағы басқалары.

Жеке адамдар саяси қатынастардың субъектісі ретінде қауымдарға, партияларға, еңбек ұжымдарына бірігіп, әлеуметтік құрылымдарды жақтайды, әртүрлі әлеуметтік-саяси қозғалыстарға қатысады, осының нәтижесінде жалпыадамзаттық даму дәрежесіне көтеріледі.

Қоғамның саяси өмірі, процестеріндегі өзгерістер, әлеуметтік топтардың мүдделерінің өзара байланыстары күрделі жағдайда қалыптасады. Сондықтан әлеуметтік топтардың іс-әрекеттерінен тысқары саяси өмірдің болуы да мүмкін емес.

Қоғамның әлеуметтік құрылымына талдау жасау арқылы саяси ғылымға елеулі үлес қосқан ұлты орыс, кейін америка азаматы, көрнекті әлеуметтанушы Питирим Сорокин (1889-1968 жж.) болды. Ол қоғамдағы әлеуметтік топтардың құрамын анықтау үшін әлеуметтік стратификация (әлеуметтік жіктелу) деген термин енгізді. (Лат. *stratum* – қабат, *facere* - жасау). П.Сорокиннің тұжырымдамасы бойынша, қоғамның топтарға жіктелуі әр жақты және тұрақты құбылыс. Қоғамның дамуы тек ғана саяси мекемелер (институттар), элиталармен ғана байланысты емес, қоғамның дамуында, демократиялық

жағдайда, әлеуметтік топтар маңызды роль атқарады. Сондықтан қоғамның саяси жүйесінің сапасы әлеуметтік топтардың дамуымен байланысты болады.

Әлеуметтік жіктелу проблемасын ғылыми зерттеу жұмысына өзінің үлесін қосқан белгілі ғалым М.Вебер болатын. Ол әлеуметтік топтардың көрсеткіштерін талдай келіп, топқа жіктелуді анықтайтын байлықпен қатар адамның қоғамдағы әлеуметтік жағдайының, яғни мансаптың ролін айқындады. Оның пайымдауынша, адамдардың әлеуметтік тапқа бөлінуі, К.Маркс айтқандай, олардың өндіріс құрал-жабдықтарына, меншікке қатысымен шектелмейді. Ол сонымен бірге адамдардың әртүрлі болып келетін әлеуметтік орынын, мансап дәрежесін, табысын, кәсіптік, мамандық жағдайын да ескереді.

М.Вебердің пікірі бойынша, адамдардың қоғамдағы әлеуметтік орны олардың табысқа жетуінің объективтік көрсеткіші бола алады. Жоғары табысқа жету мүмкіндігі тек меншікпен анықталмайды; меншікке қатысы жоқ адвокат, дәрігер, инженер сияқты мамандар меншікпен тікелей байланысты кәсіпкерлерден табысты әлдеқайда көп табуы мүмкін.

Адамның қоғамдағы әртүрлі орында болуы экономикалық игіліктердің жетімсіздігінің нәтижесі емес, М.Вебер құрмет пен дәреженің өзі де жетімсіз, жеткіліксіз деп санайды. Мысалы, қажетті тауар пайдалану саны өскен сайын, адамның жеке басының тұмыстық жағдайы жақсарады, ал мансап, мәртебе өзгермеуі де мүмкін.

М.Вебердің теориялық қорытындысы бойынша мансап иелерінің әлеуметтік топтарға жіктелуін үш түрге бөлуге болады: 1) Экономика – технологиялық негізде жіктеу және олардың индустриалдық кәсіптік және коммерциялық ұйымдарының бейнеленуі; 2) Адамдар арасындағы қатынастарға ықпал ететін және олардың саяси әлеуметтендіру мен саясатқа араласу процесіндегі ерекше роль атқаратын жағдайының айырмашылықтары бойынша жіктеу; 3) Жеке адамдардың және әртүрлі саяси, оның ішінде партиялық, қоғамдық топтардың өзара іс-қимылдарының тәсілдеріне әсер ететін айырмашылықтар бойынша жіктеу.

П.Сорокин мен М.Вебердің тұжырымдамалары бойынша қандай да болмасын қоғамның жетекші (үстем) және тәуелді таптарға бөлінуі заңды құбылыс. Қоғамның осылай таптық тұрғыдан жіктелуі құқық пен мансаптың, билік пен ықпалдықтың әртүрлі болып таратылуына, бөлінуіне байланысты. Стратификация (немесе страттар) сан алуан әлеуметтік топтарды қамтиды. П.Сорокин олардың кейбір ортақ белгілерін негізге алып үш түрге бөледі:

- 1) Экономикалық страттар: экономикалық теңсіздік, адамдардың ауқатты және жоқшылық шегетіндер, байлар мен кедейлер белгілерімен;
- 2) Саяси страттар: адамдардың басқарушылар және бағыныштыларға бөліну белгілерімен;
- 3) Кәсіби страттар: қызметтердің мәртебелі және мәртебелі емес түрлеріне бөліну белгілерімен.

Ал тағы бір саясаттанушы, америкалық ғалым Б.Барбер страттардың 6 ортақ белгілерін келтіреді: қызмет мәртебелілігі, билік күші, табысы мен байлығы, білімі мен білігі, діни құрамда болуы, туыстық және этникалық.

Әлеуметтендіру проблемасындағы негізгі мәселе – біріншіден, қоғамдағы

әлеуметтік топтардың саясатқа қатысуы (яғни, олардың саясаттың субъектісі болуы), екіншіден, әлеуметтік топтардың өзара қарым-қатынасы.

Әлеуметтік топтардың саясатпен ара-қатынасын білу үшін ғалымдар әлеуметтік қозғалыс (мобильность) деген ұғымды енгізді. Бұл әлеуметтік топтардың ауыспалылығы әрбір қоғамның ажыратылмайтын белгісі. Бірақ бұндай қозғалыстар әр қоғамда, тіпті бір қоғамның әр кезеңінде бірдей болмайды.

Осы қозғалыстар жөніндегі саяси ғылымдағы негізгі мәселе - әртүрлі әлеуметтік топтардың саясатқа, әсіресе саяси билікке қатысу мүмкіндігі, олардың әрқайсысының қоғамның билік, байлық, мәртебелік салаларындағы өкілдік жағдайы.

Дәстүрлі (демократиялық емес) қоғамдардағы әлеуметтік топтардың құрамын және олардың игіліктерін реттеуші мемлекеттік билік болды. Тоталитарлық, авторитарлық мемлекеттерде әлеуметтік топтардың бостандығы шектеліп, олар өз құқықтарынан айырылып, қоғамның саяси жүйесіне қатыса алмайды. Мысалы, ХХ ғасырда тоталитарлық мемлекеттерде, әсіресе Кеңес Одағында, елдің әлеуметтік құрамы билік тарапынан қолдан жасанды құрылды. Кеңес үкіметі орнатылғаннан кейін ауқатты әлеуметтік топтар (дворяндар, ақсүйектер, капиталистер, помещиктер, байлар, зиялылар) күшпен жойылды. Жұмысшылар мен шаруалар табы жасанды түрде саяси биліктің негізі деп жарияланды. Ірі кәсіпорындардың, қару-жарақ шығаратын зауыттардың жұмысшыларына, мемлекеттік чиновниктердің кейбір топтарына еңбек ақы жоғары мөлшерде бекітілді, оларға басқа да біраз жеңілдіктер қарастырылды. Жалпы әрбір еңбекке қатысушы адамның еңбек ақысы мемлекет тарапынан бекітілді. Қоғамдық меншіктің иесі еңбек адамдары емес, негізінде мемлекет болды. Мемлекеттік биліктің құрамы белгіленген номенклатурамен (адамдардың тұрақты тізімімен) шектелді. Сонымен, мемлекетті басқаратын әлеуметтік топтардың өкілдері емес, тіпті ресми түрде жарияланған жұмысшылар мен шаруалар да емес, басқарушы коммунистік партия ұйымы штатындағы лауазымды адамдар болды. Яғни, бұл каста, ерекше бюрократия, өз қолына бүкіл билікті жинаған, қоғамды халық атынан басқарып, өз мүддесіне пайдаланып, халықтан оқшауланған басқару аппаратының бөлігі болатын.

Қорыта айтқанда, монархиялық, тоталитарлық режим жағдайында билік әлеуметтік топтарға үстемдік жүргізуші болып табылады. Сондықтан қандай да болмасын әлеуметтік топтың байлығы да, мәртебесі де биліктің нұсқауымен қалыптасты.

Демократиялық жағдайда страттардың, әлеуметтік топтардың саяси өмірі мүлде басқаша дамиды. Стратификациялық жүйенің саясатқа қатысуы мен қоғамды дамыту үлесін көрсету үшін П.Сорокин страттар арасындағы қозғалысты зерттеп, оның негізгі екі түрін атайды. Біріншісі, көлденең (мысалы, жұмысшылардың бір зауыттан екінші зауытқа ауысуы), екіншісі, тік қозғалыс (қызметкердің бір әлеуметтік топтан екінші әлеуметтік топқа ауысуы, яғни бір страттан екінші стратқа өтуі).

Демократиялық емес қоғамдағы жетіспейтіні - әлеуметтік топтардың тіктей қозғалысы, әсіресе бір страттан басқа стратқа жоғары көтерілуі. Себебі тікелей қозғалыстың жолына «сүзгі» ретінде кедергі қойылып бақылау орнатылады. Осының зардабынан мемлекеттің құрамы жаңа интеллектуалдық күштермен жаңартылмай тоқырауға ұшырайды.

Демократиялық қоғамда әлеуметтік топтар құрамы мемлекеттен дербес тұрғыда қалыптасады. Байлық пен мәртебелікті бөлу биліктің қолында болмайды. Әр салада бәсекелестікке берілген толық бостандық арқылы әрбір адамның байлықты иеленуіне толық мүмкіндігі бар. Байлық, мәртебелік, билік әртүрлі әлеуметтік топтардың иелігіне айналып бөліске түседі, яғни бұл салаларда монополияға жол берілмейді. Мысалы, байлық кәсіпкерлердің, билік – кәсіби саясаткерлердің, мәртебелік – ғылым мен творчестволық еңбек етуші топтардың қолында болуға толық жағдай туады.

Бұндай әлеуметтік топтар ұйымдасқан жүйеге айналып өз мүдделерін қорғау мақсатымен шешім қабылдайтын топтардың, яғни биліктің құрамына енеді. Әрбір топ әлеуметтік өкілдікке жетіп мемлекетте азаматтық қоғам тәртібі қалыптасады.

Әлеуметтік өкілдік жүйе негізгі екі топқа бөлінеді. Біріншісі, саяси партиялар. Екіншісі, мүдделестік топтар, бұған азаматтардың ортақ мүдделері бойынша қалыптасқан еркін ұйымдары; бұлардың құрамына кәсіби, шығармашылық одақтар, әртүрлі қорлар, клубтар кіреді.

Мүдделес топтар өздеріне қажетті әлеуметтік мәселелерді шешіп отыруы үшін мемлекеттік билікке және жұртшылыққа әсер етуі үшін әртүрлі тәсілдерді қолданады. Әсерлік тәсілдердің негізгілері: артикуляция (мүдделер туралы ойды тұжырымдау); агрегация (азаматтардың мүдделерін бір жүйеге келтіріп маңыздылығы бойынша кезеңдерін белгілеу); интеграция (қауымдастыру, әлеуметтік топтардың мүдделерін қарапайым азаматтардың мүдделеріне сәйкестендіріп, бейімдеу); ақпараттау (жариялық, шешім шығарушы органдардың алдына нақтылы мүдделерді шешу жөнінде мәселе қою).

Қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтардың саяси көзқарастары әртүрлі болып келеді. Билікке, байлыққа, мәртебелікке ие болып отырған ауқатты топтар билік орындарын, саяси құрылысты қолдап отырады. Олардың билік орындарына, жұртшылыққа әсері қоғамда шешуші роль атқарады. Бірақ ауқатты топтардың мөлшері нарықтық - демократиялық қоғамда көп жағдайда 10 проценттен аспайды, сол себептен олар сайлау, референдум арқылы мемлекеттің саяси өміріне өздерінің мүдделеріне сай ықпалдық көрсете алмайды.

Төменгі тапқа кедейлер жатады, бұлар еңбек ақылары аз, жеке меншіктері, басқа табыс көзі жоқ, көп жағдайда жұмысынан айырылған әлеуметтік топ. Төменгі таптың адамдары қоғамда өзгерістер енгізуге, байлық пен билікті қайта бөлуге мүдделі, сондықтан төменгі таптың мөлшері қоғамда өте көп болса мемлекеттің тұрақтылығы әлсірейді.

Осы тұста стратификация ережелерін қолдану өте маңызды. Тікелей ықпал арқылы төменгі таптың орта тапқа ауысуы мемлекеттің басты саясатына айналуы қажет. Қоғамның әлеуметтік құрамындағы орта таптың алатын орны

орасан зор. Бұл таптың өкілдері жоғары маманды жұмысшылар, мәртебелі лауазымды, табыстары қоғам бойынша орта деңгейден төмен емес, білімдері жоғары және арнаулы орта дәрежедегі білімі бар адамдар. Бұлар орта және кіші кәсіпкерлер, мемлекеттік қызметкерлер, менеджер, оқытушы, дәрігер, фермерлер. Олар өздерінің осындай тұрмыстық жағдайына байланысты қоғамның тұрақтылығын қалайды. Сайлау, референдумдерде орта тап шешуші роль атқарады, себебі дамыған елдердегі халықтың үштен-екі мөлшері орта таптан тұрады.

Әлеуметтік топтар арасындағы тік қозғалы принципін заңды түрде жүзеге асыру өте маңызды екі мәселені шешеді: қоғамдағы кедейшілікті азайту және орта таптың құрамын көбейту арқылы қоғамның тұрақтылығын нығайту.

3. Халық - қоғамның негізгі саяси субъектісі

Әлеуметтік-этникалық қауымдастықтар мен олардың өзара қарым-қатынастарын дамыту мәселесі қоғам өміріндегі аса қиын да күрделі құбылыс. Өйткені, дүние жүзінде үш мыңнан астам ұлттар, халықтар мен этникалық топтар өмір сүреді. Әлеуметтік-этникалық қауымдастықтың әртүрлі сатысында тұрған халықтардың арасында азаттық пен бостандыққа қол жеткізгендері де, оған жете алмай тәуелді болып отырғандары да бар. Дүние жүзіндегі халықтардың 90 процентінен астамы көпұлтты мемлекет құрамында өмір сүруде. Әлем халықтары 220-дан астам мемлекеттерде топтасқан. Олардың ішіндегі 190-ға жуығы Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі, ал 70-тен астамы ғана жоғары деңгейдегі демократиялық қоғам орнатқан елдер.

Бұл келтірілген мысалдар саясаттың субъектісі ретіндегі әлеуметтік-этникалық қауымдастықтың дамуы жөніндегі мәселенің айрықша назар аударуды талап ететін, күрделі де аса маңызды мәселе екенін көрсетеді. Бұл мәселе ұзақ жылдар бойы белсенді түрде талқыланып келгеніне қарамастан қазіргі уақытта жаңаша ой толғаулар, жаңа талаптар тұрғысынан қарау міндетін алға тартуда.

“Әлеуметтік-этникалық қауымдастықтың” мәнін зерттеуде ең алдымен оның саясаттың өзекті субъектісі ретіндегі ерекшелігін, адамзаттың қоғамдық өркениеттің дамуындағы алар орны мен ролін айқындаумен қажет.

Әлеуметтік-этникалық қауымдастықтар көпұлтты мемлекеттер шеңберінде құрылады. Осындай қауымдастықтың түрі, әсіресе, отаршылдық және жартылай отаршылдықтан азаттық алған елдерге тән болып отыр. Сондай қауымдастықтың қалыптасуы кезінде осы елдерде тиісінше саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдениет саласында бірігу біртіндеп етек ала бастады.

Көпұлтты халықтары бар мемлекеттер Азия мен Африканың көптеген елдерінде, соның ішінде Қазақстанда да орын алған. Ал “Қазақстан халқы” деген немесе «қазақстандықтар», Қазақстандық халық ұғымы өмір шындығына, заман талабына орайлас туындағаны белгілі. Қазақстандық этносаясат мәселесі жөнінде айтатын болсақ, бұл мәселе саяси әдебиетте, теориялық және қоғам өмірі практикасында әлі толық шешілді деп санауға болмайды. Сондықтан Қазақстан болмысы негізінде осы этникалық саяси қауымдастықтың әлеуметтік

мәнін кеңірек талдап, белгілі деңгейде теориялық тұжырым жасап, әртүрлі нәсілдер, халықтар мен этнотілділік компоненттерінің ерекшелігін айқындауымыз жөн.

Қазақстан халқы қауымдастығы ұлттық-миграция сияқты аса күрделі тарихи даму барысында қалыптасуда. Осы қауымдастықтың қалыптасуы кезінде халықтардың біртіндеп саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени топтасуы байқалып отыр. Олардың өмір-тіршілігінде қоғамдастық, сана-сезім бірлігі өріс жайып келеді.

Көпұлтты, әртүрлі нәсілдік және әртүрлі конфессиялық қоғам «Қазақстан халқын» құрайды. Ол дүниежүзілік қоғамдастықтың ажырамас бір бөлігі бола отырып, қазақ мемлекетінің бірлігін қалыптастырады. Бүгіндегі Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болған 190-ға жуық мемлекеттің ішінде Қазақстан жерінің аумағы жөнінен (2724,9 мың шаршы шақырым) әлемде тоғызыншы, ал халқының саны жағынан елуінші орын алады.

Қазақстанда көпұлттық, әртекті этносаяси қоғамдастықтың қалыптасуы өзінің әлеуметтік өрісі жағынан жалпы адамгершілік рухтағы мазмұнды байыта түсуде. Сөйтіп, Қазақстан халықтарының этносаяси қауымдастығы жалпықазақстандық рухани күш сипатында, өзінің әсері, табиғаты жалпы адамзаттық және интернационалдық сипатта болса, екінші жағынан, көп ұлтты халықтардың қазіргі қоғамдық дамуына сәйкес ұлттық ерекшеліктерімен бой көрсетіп отыр. Қазақстан халықтарының этносаяси қауымдастығының айрықша ерекшелігі сол, азаматтарды ұлт құраушы белгілерімен емес, халықтардың этносаяси қауымдастығының ерекшелігін берік ұстану, қолдау негізінде, олардың экономикалық, мәдени мүдделі мақсаттарының негізінде, тарихи тағдырдың ортақтастығы негізінде бірігу.

Жинақтай айтқанда, өркениетті қоғам құру, осы негізде көпжақты, жалпыадамзаттық белгілер: мәдениетте, тұрмыста, әлеуметтік-экономикалық өмірде, тіл саласында өзіне тән әрбір этносқа сай қасиеттер қалыптастыру. Сайып келгенде, осы ерекшеліктердің бәрі Қазақстан халықтарының сана-сезімі мен бірлігін нығайтудың, мемлекетке топтасудың негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасының әрбір халқы мен этникалық тобы - мемлекетіміздің этносаяси қауымдастығының құрамды бөлігі болып табылады. Осы қауымдастықтағы әрбір халық Қазақстанның жалпы дамуына белсенді үлес қосуда. Ал Қазақстан мемлекеті, өркениетті республика халықтарының әрқайсысының жан жақты дамуын тездетеді.

Біртұтас Қазақстан халқын қалыптастырудағы жоғарыда көрсетілген Қазақстан халқы Ассамблеясының маңызы орасан зор.

Қазақстан халқының қауымдастық ретінде қалыптасу процесінде “қазақстандық”, “қазақстандық патриотизм”, “жалпы қазақстандық мақтаныш”, “қазақ тілі – мемлекеттік тіл”, “қазақстандық ғылым”, “қазақстандық әскер” және басқа да факторлар пайда болып, ол жаңа теория жағынан толыға түсуде. Бұған нақтылы дәлелдің бірі – Мәжілістің 9 депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын болуы.

1991жылдан бастап Қазақстанда қоғамдық өмірдің жаңаруы нәтижесінде азаматтардың сана-сезімі мен рухында жалпы қазақстандық мақтаныш сезімі

қалыптасып, кең өріс жайып, өз табиғатына жаңа мазмұн мен толық та терең түсінік ретінде бой көрсетіп отыр. Жаңа жағдайда орнығушы осы мақтаныш сезімі Қазақстан Республикасын мекендеуші әр халықтың ұлттық сана-сезіміне терең бойлай бастады. Бұл жетістік Республика халықтарының демократиялық қоғам құру мақсатын жаппай қолдауы мен мемлекетіміздің тәуелсіздігі нәтижесінде қалыптасуда.

Бақылау сұрақтары

1. Адам – саясаттың субъектісі мен объектісі.
2. Адамның саяси субъектілігі немен сипатталады?
3. Саяси социализация дегеніміз не?
4. Саяси белсенділікті жоғарылатудың алғышарттары.
5. Әлеуметтік стратификация (әлеуметтендіру) деген ұғымның мәні мен авторы?
6. Қоғамның әлеуметтік құрамындағы орта таптың ролі.
7. Тұлғаның қоғамдық-саяси өмірге белсене араласуының маңызы неде?
8. Ұлттық саясаттың негізгі бағыттарына не жатады?
9. Саяси элита туралы теориялар.

Х тарау

САЯСИ ПРОЦЕСС: ШЕШІМДЕР МЕН ҚЫЗМЕТ

1. Саяси процесс – саяси жүйені дамытушы күш

«Саяси процесс» (соңғы кездері «саяси үрдіс» деп те айтылып жүр), әлеуметтану мен саясаттану ғылымдарында өте жиі қолданылатын ұғым. Бірақ бұл ұғымның мәні, саяси өмірде алатын орны, тарихи қалыптасқан түрлері, құрылымы туралы зерттеулер әлі де жеткіліксіз. Ал, саяси процестің жалпыға бірдей түсінік үлгісін жасаудың өзі әрі маңызды да, іс жүзінде бағалы екені даусыз.

Саяси процесті танып-білу үшін оны құрайтын бөліктерді анық айыра білу ғана емес, олардың өзара байланысын, бірігуін, бір-біріне ауысатын кездерін, тағы да басқа тәртіптерін анықтай білу қажет. Сонымен қатар саяси процесс қандай жағдайда өтеді, сипаттары қандай (ынтымақтастықта ма, жанжалды ма, карама-қарсы күресте ме?) екенін анықтаудың мәні зор. Осы процеске қатынасушылар туралы толық деректер (әлеуметтік, саяси және құқықтық жағдай, қоғамда алатын орны, жүргізу тәртібі, белгілі дәрежесі, құндылық мөлшері) болуы қажет.

Осы оқу құралының YII тарауында баяндалғандай қоғамның саяси өмірін үйлестіруші және біріктіруші саяси жүйе болып табылады. Қоғамның әлеуметтік топтары мен жеке адамдардың өмірінің, әлеуметтік, саяси тұрақты дамуы саяси жүйенің орнықты, нәтижелі қызмет атқаруымен тікелей байланысты. Саяси процесс саяси жүйені әрдайым жаңартып, өзгертіп отыратын саяси құбылыстар. Саяси ғылымның тұжырымдамасы бойынша, **саяси процесс** дегеніміз - саяси жүйенің бір қалыпты жағдайдан екінші жағдайға ауысып өзгеруі мен қозғалысы. Саяси процестің бүкіл қызметі қоғамның саяси жүйесімен тікелей байланыста болады. Саяси процесс күнделікті өзгерістерден басталып, қоғамның саяси жүйесінің түбегейлі өзгерісіне дейінгі аралықты қамтиды.

Саяси процестің жіктелуін саяси жүйенің даму барысындағы төрт кезеңмен белгілеуге болады:

1) **Саяси процестің легитимдігі.** Қоғамның саяси жүйесі жаңарған кезде саяси процесс екі бағытта өтеді. Біріншісі, билік жүйесінің толық өзгертілуі, екіншісі, саяси-құқықтық құрылымдардың жаңарған жағдайға бейімделуі. Егер халық жаңа жүйені мойындап, қолдаса, оның легитимді болғанын білдіреді. Ол саяси жүйе өзін-өзі дамыту дәрежесіне жетеді.

2) **Саяси процестің жаңаруы.** Жеңіске жеткен саяси жүйе, біріншіден, ескі жүйенің орныққан элементтерін, ұйымдарын қайта іске қосады, екіншіден, элементтерді жаңартып, өзгертеді, жетілдіреді. Нәтижесінде жаңа саяси қатынастар мен институттар құрылады, саяси ережелер мен тәртіптер, нышандар пайда болады. Өздеріне тән саяси түсініктері, көзқарастары, қызметтері бар саяси қатынастардың жаңа субъектісі дүниеге келеді. Саяси процестердің әдіс-тәсілдері де жаңарады.

3) Саяси басқару шешімдерін қабылдау және оны жүзеге асыру.

Қоғамдағы әртүрлі адамдардың, топтардың, таптардың, бірлестіктердің қажеттіктері, мақсаттары сан қилы; кейбір жағдайда олар өзара қарама-қарсы келіп жатады. Билеуші элиталар, партиялар өздерінің оппозициялық қарсыластарымен тіл табысып, бұл қайшылықтарды дер кезінде анықтап, асқындырмай реттеп, халықтың талап-тілектері мен мүдделерін үйлестіріп, қоғамның тұтастығын, тыныштығын, тұрақтылығын сақтап, соған жағдай жасауы керек. Бұл өте маңызды саяси мәселе. Демократиялық мемлекеттерде биліктің әр тармағының (орталықтағы не жергілікті жердегі болсын) өз алдына бөлек сарапшы кеңесшілері, көмекші топтары және т.б. ақыл-кеңес беретін құрылымдары болады. Олар арнайы ғылыми-талдау жұмыстарын жүргізіп, ең дұрыс, ұтымды шешімдер қабылдауға жәрдемдеседі.

Бұндай шешім қабылдаушы саяси ел басқарушылары мен оны орындаушылардың арасында өзара тығыз байланыс болуы керек. Бұрынғы Кеңес өкіметінде шешімді партияның бірінші хатшылары қабылдайтын. Олар ештеңеге жауап бермейтін. Жауапты партаппараттың айтқанын орындап, солардың бұйрық, нұсқауларын, шешімдерін іске асырушы мемлекеттік органдардың, мекемелердің жауапты қызметкерлері болды. Осының нәтижесінде ақылға сыйымсыз жағдай туындады: шешімді қабылдаушылар ештеңеге жауап бермейтіндер, ал жауап берушілер оны қабылдауға қатыспайтындар еді. Бұның бәрі қандай нәтижеге әкелетінін өмірдің өзі көрсетті.

4) Саяси жүйенің қызметін бақылау. Саяси жүйенің іс-әрекетін бақылау екі жолмен жүргізіледі. Біріншісінде, мемлекеттік мекемелер, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың белгілі бір құрылымдары арқылы жүзеге асады. Бұған мемлекет аппаратына қарасты тексеру, қадағалау, ресми баспасөз органдары жатады. Бұл саяси жүйедегі бақылау органдарының қызмет бабындағы атқаратын міндетті жұмысы, яғни өзін-өзі бақылауы. Екіншісінде, саяси жүйенің жұмысына бақылау жасауға қоғамдағы барлық азаматтардың қатысу мүмкіндігі жасалуы, бұны “төменнен бақылау” десе де болады. Бұл үшін қоғам демократиялық жолмен дамығанда ғана жағдай туады, тоталитарлық тәртіпте оған жол берілмейді.

Қандай қоғамның болмасын саяси өмірі қайсыбір жеке адамдардың, топтардың, таптардың, бірлестіктердің тұтас әлеуметтік тілектеріне қарама-қайшы (келіспеушілік, көзқарастың бірдей болмауы, антагонистік қайшылық, пікірдің орын алуы) жағдайындағы өзара күресінен қалыптасатыны белгілі. Осындай келіспеушіліктерді уақытында ретке келтіріп, ақылға сыйымды, көпшіліктің көңілінен шығатын шешімдер қабылдап, қоғамның тыныш, бейбіт өмір сүруіне жағдай жасау - ең қажетті саяси процесс.

Тоталитаризмнен демократияға өту жолы туралы теориясында екі түрлі саяси процесс бар, олар либерализм және демократияландыру. “Либерализм жеке адамдардың, қоғамдық институттардың құқықтарын кеңейтуге мүдделі. Демократияландыру - өте күрделі процесс, ол мемлекетте қабылданатын шешімдерге барлық азаматтардың қатысу теңдігін бекітеді, сондықтан осындай шешімдерді қабылдау өкіметтің азаматтар алдындағы жауапкершілігін

күшейтеді”. (Б.Рубл. (АҚШ) Совет одағындағы тыныш революция. Вестник МГУ. Серия 12, 1, 1992, 68-бет).

Қазіргі уақыттағы саяси мақсат - барлық әлеуметтік қозғалыстарды тұтас біріктіріп, қоғамдағы еркін әлеуметтік процестің негізгі идеяларын жүзеге асыру болып отыр.

Қоғамдағы саяси процестің тұрақты әсері саяси қызмет пен саяси шешімдер деңгейімен тікелей байланысты болады. Саяси қызмет пен саяси шешімдер саясатты жүзеге асырудың басты шарттары, осылар арқылы ғана мемлекеттің, партиялардың, қоғамдық-саяси ұйымдардың, жеке адамдардың, әлеуметтік таптар мен топтардың, ұлттар мен халықтардың мүдделері мен мақсаттары, алдарына қойған міндеттері жүзеге асады. Қорыта келгенде, саясаттың жүзеге асуы және нәтижелі болуы саяси қызмет пен шешімдерге тікелей байланысты.

Сондықтан саяси қызметтің және саяси шешімдердің мәнін, мазмұнын, сипатын, түрлерін, типтерін және жүзеге асу жолдарын жүйелі талдаудың маңызы өте үлкен.

2. Саяси қызмет – саналы іс-әрекеттің нәтижесі.

Жоғарыда көрсетілгендей, саяси процестің құрамдас бөлігі – қызмет. Ал “қызмет” дегеніміз – іс, әрекет, еңбек. Қызмет ол еңбектің өзіндік сипаты бар ерекше түрі. Оның қарапайым еңбектен айырмашылығы қоршаған ортаға, күнделікті өмірге белсенді араласуы, ал мазмұны жағынан алғанда жағдайды белгілі мақсатқа сай өзгерту мен қайта құру.

Саяси саладағы қызметтің өз ерекшеліктері бар. Ол билік үшін күреспен, мемлекеттік істермен, әлеуметтік таптар мен топтардың, халықтар мен ұлттардың мүдделерімен байланысты. Аристотельдің анықтауы бойынша, «саясат», «саяси қызмет» ұғымдарының дәл мағынасы – «мемлекет басқару өнері». Осыған сәйкес саяси қызмет асқан шеберлікті, іскерлікті қажет етеді. Белсенді іс-әрекет саяси қызметтің негізгі белгілерінің бірі болып табылады.

Саяси саладағы қызметтің тағы бір ерекшелігі – іс-әрекеттің саналы болуы мен белгілі бір мақсатқа бағытталуында. Бұл сипат қызметтің барлық түрлеріне тән, бірақ саяси қызметте саналы қимыл атқару ерекше орын алады. Дәл мағынасында саяси қызмет - қоғам дамуының пәрменді қозғаушы күші және оның өмір сүру шарты. Осыған орай саяси қызмет саяси оқиғаның барысына прогресті ықпал етіп, жасампаздық роль атқаруы қажет.

Саяси қызметтің тағы бір сипаты – оның жүзеге асыру әдістері мен амалдарының белгілі бір моральдық және этикалық түсініктермен байланыстылығы. Бүлдірушілік, террористік, экстремистік әрекеттер саясатта, экономикада, мәдениетте өте зиянды; ұлтаралық қатынастарда халықтарды бір-біріне қарсы қою, саяси бүлік, қорқыту, сатқындық, тұрақсыздық әрекеттер саяси мақсаттың адамгершілік құнын төмендетеді, саяси қызметтің мәнін және нәтижесін жоққа шығарады.

Саяси қызметтің түпкі мақсаты - билік үшін күрес. Саяси билікті жеңіп алу немесе оны сақтап қалу үшін жүргізілетін күрес партиялардың немесе оған

қатысушылардың негізгі мақсаты болып табылады. Осы мақсатта күрестің әртүрлі жолдары мен әдістері қолданылады. Олар өзінің жүргізілу және жүзеге асу жағынан алуан түрлі. Бұларды жүйелеп, саяси қызметтің күрес жолдарын бірнеше типтерге бөлуге болады. Соның ішіндегі негізгілері: революциялар, төңкерістер, реформалар. Революциялар мен төңкерістер тарихта көп орын алған, жалпы баршаға әйгілі саяси процесс. Ал реформалар – бұл адамдардың белгілі бір топтарының немесе жеке адамдардың саналы және арнаулы мақсаттағы саяси іс-әрекеті. Бұған соңғы жылдары Қазақстанда болған елеулі өзгерістерді жатқызуға болады. Бірқалыптағы демократиялық өзгерістер арқылы еліміз алдымен саяси егемендікке қол жеткізді. Ал реформалар жүргізу нәтижесінде еліміз қарқынды әлеуметтік-экономикалық табыстарға жетті.

Саяси қызмет демократиялық реформаларды жүзеге асырып, билік жүргізу арқылы әлеуметтік топтардың, ұлттар мен халықтардың арасындағы қоғамдық қатынастарды үйлестіреді. Бұл адам құқықтарын қорғау және жариялылық, саяси бостандықтар беру жағдайында, әртүрлі бағыттағы саяси күштер, ұйымдар мен қозғалыстар арасында келісімге келу арқылы жүзеге асады.

Мысалы, Қазақстандағы саяси қызмет – еліміздің бірлігін нығайтуға бағытталған өзекті мәселелерді шешуде келісімге келуге бағытталған. Республиканы мекендеген халықтардың татулығын нығайту үшін барлық халықтардың және саяси ұйымдар өкілдерінің күштерін біріктіру; барлық қоғамдық-саяси күштердің еркін пікір алмасуына жағдай жасау, халықтар арасындағы ынтымақтастық арқылы бейбіт әрі теңқұқықтық, достық байланыс орнату. Бұның бәрі өз кезегінде әр адамның құқығын міндетті түрде қамтамасыз ету, құрметтеу, республикамызды мекендеуші әртүрлі этникалық топтардың мәдени дәстүрлерін дамыту және т.б. саяси қызмет арқылы жүзеге асады.

Еліміздің бүгінгі таңдағы саяси қызметінің негізгі мақсаты – қоғамды демократияландыру. Бұл қоғамның мәдени дәрежесімен, қоғамдық пікірдің алуан түрлілігімен, кемшіліктерді жоюға бағытталған еркін пікір таласқа әртүрлі көзқарастарға жол ашылуымен, қандай да болмасын маңызды мәселелерді көтере білуі мен, қоғам дамуының күрделі де, қарама-қайшылықтарға толы проблемаларын шеше білумен байланысты. Мұның өзі кез-келген саяси партияның, қоғамдық-саяси ұйымның, әлеуметтік топтардың прогресшілдігімен айқындалып, дүниежүзілік өркениеттің даму жолын көрсетеді.

Шынайы демократияға сүйенген саяси қызмет зор жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан қандай да болмасын саяси топтардың қызметі туралы сөз болғанда олардың нақты іс-әрекетіне қарап баға беруге болады. Демократияландыру барысында көпсөзділікке, қақтығысқа, алып-ұшпа әрекеттерге жол беруге болмайды. Қоғамнан, әлеуметтік ортадан тыс бостандық жоқ. Қоғамға әр уақытта үлкен қауіп болатын – шексіз бостандық.

Сонымен, кез-келген саяси қызмет нақтылы нәтижеге жетуге бағыттталып, әлеуметтік топтар арасындағы қатынастарда, билік саласында, басшылар мен

орындаушылар арасында, жекелеген адамдар мен топтар арасындағы қатынастарды реттеушілік жұмыстарын жүргізіп отырады.

Біздің еліміздегі кең көлемде жүргізіліп жатқан өндірістік реформалар мен нарықтық экономикаға көшу барысында жаңа әлеуметтік топтар қалыптасты. Кәсіпкерлер, фермерлер, іскер адамдар бүгінгі жаңа қоғамның көріністері.

Қазақстанда қазіргі кезеңде саяси қызмет өзінің мазмұны мен сипатына байланысты негізгі екі бағытқа бөлінеді: теориялық саяси қызмет және практикалық саяси қызмет.

Теориялық саяси қызметке танымдық, талдамдық, болжамдық және бағалама – бағдарлық қызметтер жатады. Бұл қызмет түрлері қазіргі жағдайда саяси ғылымының маңызы мен ролінің басты көрсеткішіне айналып отыр. Себебі мемлекеттік істерді дұрыс шешу үшін ел басшысы – президенттің жақын кеңесшілері мен ақыл беруші мамандар саясатшы ғалымдар болуы қажет.

Практикалық саяси қызмет іс жүзіндегі жұмыстарды реттеуге бағытталады. Бұл ғылым тілінде регулятивтік қызмет деп аталады, оларға басқару, құқықтық, ұйымдастырушылық, үгіттеушілік, насихаттаушылық және тәрбиелік жұмыстар жатады. Қандай да болмасын саяси күштердің іс-әрекеті осы қызметтермен айқындалады.

Әрине, саяси қызметтің осы екі бағыты бір-бірімен тығыз байланысты. Саяси теория бұқараның практикалық тәжірибесімен ұштасқанда ғана қоғамға ықпалды әрі тиімді болады. Саяси қызметтің осы екі негізгі түрі қоғамның саяси өмірін толық қамтып, оның көптеген салаларына араласады.

Мысалы, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, ұлттық, әскери, ішкі және сыртқы, халықаралық, дүниежүзілік және жергілікті - аймақтық саясаттарға тікелей қатысы бар.

Саясат жүргізушілердің қызметімен мемлекеттің, партиялардың саяси бағытына, әртүрлі қоғамдық-саяси ұйымдар мен қозғалыстардың, жеке адамдардың, саяси басшылардың ұстанатын саясаттарына да байланысты.

Саяси қызмет уақыт мерзімі бойынша ағымдағы саясат және ұзақ мерзімге белгіленген саяси бағыттарға бөлінеді. Осыдан біз саяси қызметтің мазмұны өте кең екендігін білеміз. Әр саладағы саяси қызметтің өзіндік ерекшеліктері бар және олар саясатты жүзеге асырушылардың іс-қимылымен байланысты.

Саяси қызмет атқарудың әртүрлі әдістері болады. Солардың ішіндегі ең тиімдісі – пікір алысу, бұл шындыққа апаратын бірден бір жол. Ол ортақ пікірге, тұжырымдарға келуге көмегін тигізеді. Саяси практикада ақиқат көзқарастың қалыптасуына мүмкіндік жасайды. Әртүрлі саяси күштердің арасындағы жан-жақты пікір алысу қоғам өміріндегі алуан түрлі түсініктердің орын алуымен байланысты. Қоғам дамуының өзекті мәселелері бойынша пікір алысу және оны талқылау мәдениеті жоғары болуы қажет. Пікір таласы әншейін бос сөзге, немесе қыңыр іс-әрекетке айналмауы қажет. Пікір талас мәселенің мәнін жете білуге, әр адамның берік сенімінің қалыптасуына, ойдың дәлелді болуына, өз пікірін қорғай білуге көмектеседі. Бұндай жағдайда

басқаның пікірін сыйлай білудің маңызы зор. Осыған орай, саяси қызметтегі жалаң уәдеге жол берілмеуі керек. Бұлар саясаттағы субъективизмнің айқын көрінісі болып табылады.

Демократиялық емес қоғамда басшылардың саяси қызметі шешуші роль атқарып, оларға әлеуметтік жағдайларды өзгерту де және реттеуде шексіз билік беріледі. Бұған нақтылы мысал: Сталиннің жеке басына табыну, Хрущевтің елдің ішкі және сыртқы жағдайымен санаспай, жиырма жыл ішінде коммунизм орнатамыз деп даурығуы, Брежневтің кезінде кемелденген социализм орнады деген ұшқары тұжырымы. Сондықтан саяси қызметте осындай ретсіз көріністерге жол берілмеуі үшін қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік мекемелер қызметінде демократияға кең жол ашылуы қажет. Мемлекет дәрежесіндегі дұрыс саяси қызмет: заң шығаратын, атқарушы және сот органдары билігінің айқын және жүйелі бөлінуін, дербестігін қамтамасыз ету.

Саяси қызмет арнайы мамандық дайындықты талап етеді, өйтпесе саяси қызметпен айналысушы жеке адамдар мен топтардың мүшелері күрделі әлеуметтік және саяси мәселелерді ретсіз, заңсыз шешулері мүмкін.

Саяси қызметтегі адамдардың саяси мәдениет деңгейі, жалпы білімі, саясат жүргізушілердің бір-біріне ықпалы қоғамда қалыптасқан әлеуметтік қатынастармен үндес болуы тиіс. Басқаша айтқанда, саясат жүргізушілердің қызметі басқа әлеуметтік күштердің мүдделерімен ұштасқан жағдайда, яғни, олардың мүдделері өмір талаптарымен, қоғам қажеттілігіне сәйкес келгенде ғана пайдалы болады. Нәтижесінде саяси күштердің арасында тұрақтылық қалыптасады, қоғамға пайдалы қызмет етуге мүмкіндік жасалады.

Саяси қызметтің мемлекеттік саясатпен, саясат жүргізушілердің көзқарастарымен байланысының маңызы зор. Көзқарастар арасындағы күрес, саяси белсенділік, саяси әрекеттерді қолдау немесе жоққа шығару саяси қызметке өз әсерін тигізеді. Саяси көзқарастар жеке адамның, әлеуметтік топтардың, партиялардың тұжырымдары мен түсініктері тұрғысынан көрінеді. Саяси көзқарастар тек ғана тұжырымдалған, жүйеге келген түрде ғана емес, үйреншікті, үстірт ойға негізделуі де немесе саяси жағдайды мұқият талдаған, ғылыми пайымдалған, логикаға негізделген болуы да ықтимал. Сондықтан азаматтардың, саяси партиялардың, қоғамдық ұйым басшыларының саясаттағы ғылыми көзқарасының қалыптасуы өте маңызды. Бұл саяси қызметтің нәтижелі болуының басты шарты. Сондықтан саяси күштердің ықпалының артуы осыған байланысты болады.

Сонымен, саяси қызметтің мәні, мазмұны, типтері мен әдістері және негізгі түрлеріне байланысты мынадай анықтама беруге болады: **Саяси қызмет** – саясатты жүзеге асыруға және жүргізуге қатысу; әлеуметтік топтардың, таптардың, бірліктердің, ұлттардың және т.б., ұйымдардың және жеке адамдардың белгілі бір саяси мүдделерді жүзеге асырудағы іс-әрекеті. Бұл іс-әрекет қоғам өмірінің барлық салаларына пәрменді ықпал етеді.

3. Саяси шешімдер және олардың жүзеге асу жолдары

Саяси қызметке негіз болушы - саяси шешім саяси қызметтің бағытын айқындайды. Шын мәнінде саяси қызмет шешімнен туындайды, сол арқылы қызметтің әртүрлі жолының бірі таңдалады. Саяси шешім арқылы саяси қызметтің мақсаты мен міндеттері, әдістері және түрлері белгіленеді. Саяси шешімдердің оң немесе теріс болуы саяси қызметтің нәтижесіне әсер етеді. Саяси шешім ресми нұсқау, бағдарлама, мәлімдемелер арқылы жүзеге асырылады. Мемлекет құжаттары, саяси партиялар, ұйымдар, жеке саяси басшылар, халықаралық бірлестіктер, қоғамдық ұйымдар арқылы жүргізіліп, олардың қызметі саяси сипат алады.

Саяси шешімдердің сан алуан түрлері болады. Олардың негізгілері: нұсқау, саяси жарлық, бағдарлама.

Нұсқау – жоғарғы мемлекеттік органдардың төменгі органдарға басшылыққа алуы үшін шешім ретінде берілетін тапсырма. Парламент, атқарушы билік, сот билігі және басқа да үкіметтің нұсқаулары төменгі органдар үшін орындалуы міндетті болып табылады.

Саяси жарлық – саяси қызметтің мақсаттары мен бағыттарын айқындау. Айқын, нақтылы жарлықтарсыз дұрыс саяси шешім де шығарылмайды. Онсыз мемлекеттің, партиялардың және басшылардың дұрыс саяси қызметі де болмайды. Мысалы, кейбір мемлекеттердегі кіші бизнестегі қазіргі орын алып отырған қиындықтары - жүйелі саяси бағыттың болмауымен байланысты, шешімдердің терең ой елегінен өткізілмей, үстірт қабылдануынан және олардың орындалуына дұрыс басшылықтың жүргізілмеуі салдарынан болып отыр.

Бағдарлама – мемлекеттің, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың, саяси қайраткерлер қызметінің мақсаты мен міндеттерінің жиынтығы.

Мемлекеттің, саяси мекемелердің айқын және жан-жақты қоғам өмірінің барлық салаларын қамтыған бағдарламасы болмаса экономика, саясат және әлеуметтік өмір терең дағдарысқа ұшырайды. Сондықтан мемлекеттің ғылыми негізделген бағдарламасы болуы қажет.

Саяси шешімнің бастапқы кезеңі - белгілі бір мақсаттың орындалу тұсы. Бұнда саяси ағымдар мен әлеуметтік топтардың мүдделері көрініс табады. Осы тұрғыдан саяси шешімдерді өзгертуші процесс деп те қарауға болады. Ол бірқатар кезеңдерден тұрады: шешім қабылдау, шешімді жүзеге асыру, шешімнің орындалуын қадағалап отыру, бақылау жасау, ең соңында белгілі нәтижеге жету. Осыған орай саяси шешімдерді таңдап алу маңызды роль атқарады. Ол шиеленіс тудыратын, қарама-қарсы, даулы мәселелерді келісіп алуды қажет етеді.

Саяси шешімдер қабылдау үлкен тәжірибені және зерделікті қажет етеді, сондықтан жеке адам, ұйымдар, мекемелер саяси шешімдерді жүзеге асыру жолдарын терең меңгеруі керек. Сонда ғана бұндай шешімдерден жақсы нәтиже күтуге болады.

Саяси шешім қабылдаушылар алдағыны көре білуі, айқын бағдарлай алуы үшін болашаққа болжау жасауы, оған процесс ретінде қарауы үшін саяси

өмірдің, үрдістердің, оқиғалардың, құбылыстардың өзгеруі, дамуы барысына арнаулы зерттеу, талдау жүргізілуі қажет, яғни, пайымды саяси шешімдер қабылдау үшін ғылым мен техниканың барлық жаңалықтарын қолданудың маңызы зор.

Саяси шешімді сәтті іске асыру үшін нақты болжам қажет. Өйтпесе мемлекеттің билеуші топтарының азаматтар алдында берген уәдесі орындалмай қалуы мүмкін. Бұл саяси тоқырауға, саяси қайраткердің беделінің түсуіне, үкіметтің немесе парламенттің дағдарысқа ұшырауына душар етеді.

Саяси шешімдердің негізіне шындық, нақтылы жайды ескеру жатады. Саяси процестердің, құбылыстардың мәнін талдау арқылы айқын мәлімет алу, толық білім - саяси шешімдерді дұрыс қабылдаудың басты шарты.

Дұрыс шешім қабылдау саяси процестер барысындағы оның жайы мен нәтижесі жөніндегі мәліметтерге, саяси шешім қабылдап, әдістерін белгілеу тұсында қарама-қарсы саяси күштердің арасалмағын ескеруге, оқиғалардың барысын бағдарлайтын деректер алуға негізделуі қажет.

Ал саяси зерттеудің, болжам жасаудың, жоспарлаудың бағыт-бағдарын айқындаудың негізі - саяси деректер жинау. Саяси мәліметтердің толық және айқын болуы саяси бағдардың дұрыс саяси шешім қабылдауына мүмкіндік жасайды. Саяси шешімдер негізінде тұтас, жүйелі саяси тұжырым жасалуы тиіс. Бұнда нақтылы міндеттерді жүзеге асыру, ол үшін қолайлы жағдай жасау белгіленеді. Саяси тұжырым - саяси қызметтің құрылымын, тетігін жүзеге асырудағы теориялық көзқарастар жиынтығы, негізгі құралдарды, қағидалар мен принциптерді көрсетеді. Жоғарыда атап көрсетілгендей, саяси шешімдер мемлекеттің, қоғамдық-саяси ұйымдардың, қозғалыстардың құжаттарынан көрініс табады.

Дұрыс саяси шешім қабылдаудың тағы бір негізі - оның өлшемінің айқын белгіленуі, яғни, құралдары, белгілі бір принциптерге сүйенген бағдарламаланың болуы тиісті. Осы арқылы саяси өмірдің, саяси процестер бағыты жүйеге келеді, оқиғаның барысына дұрыс баға беріледі. Ал саяси танымның жоғарғы өлшемі тәжірибе болып табылады. Себебі қандай да болмасын теориялық қағидаларға негізделген саяси шешімдер тәжірибеде сыннан өтеді.

Саяси өлшем туралы түсінік әртүрлі, оның сипаты саяси қатынастардың күрделілігімен, әртүрлі саяси күштердің ара-қатынасына байланысты жиі өзгеріп тұрады. Ол әрекет етуші күштердің саяси мүдделері мен мақсаттарының оқшаулануымен, күнделікті жағдаймен байланысты. Оған саяси бағыттың өзгеруі де ықпал етеді. Саяси өлшем, баға беру біржақтылыққа, субъективті түсініктерге негізделмеуі шарт. Саяси бағаның басты талабы - қалыптасқан жағдайдың тек сыртқы көрінісін ғана емес, ішкі мәніне назар аударуды, терең талдауды талап етеді. Егер саяси бағалау процестің мәнін қамтымаса, ол жалған болады және қате саяси шешім қабылдауға соқтырып, саяси қызметте сәтсіздікке әкеледі.

Саяси билік өкілдерінің, саясаткерлердің жеке басының қасиеттері де саяси шешімдер қабылдауда маңызды роль атқарады. Мемлекеттік істерді басқаруда, ұйымдастыруда саяси басшының адалдығы, сөзі мен ісінің

арасындағы алшақтықтың болмауы, өз пікірі мен шешімін ашық айта білуі, табандылығы, батылдығы саяси басшыға, ел басшысына қажетті қасиеттер. Бұл туралы көне қазақ жерінің ұлы перзенті Әл-Фараби өзінің «Рахымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы» деген еңбегінде атап көрсетеді. Ол алдымен имандылықты басты шарт деп санайды. Діни көзқарас тұрғысынан ғана емес, рухани жағынан бай, білімді, іскер, ар-ұяты кіршіксіз таза адам ғана елді дұрыс басқара алады. Сондықтан да ойшылдың жоғары парасаттылықты үлгі етіп тартуы кездейсоқ емес. Әл-Фараби адамның табиғатынан туа біткен жақсы қасиеттерімен бірге, өмірде, тәрбиенің нәтижесінде қалыптасатын теріс мінез-құлықтарды да көрсетеді, олар: әділетсіздік, өтірік пен өсек-аянға түсу, шындыққа төзбеушілік, еңбексүймеушілік қасиеттер.

Саяси қайраткерлердің бойындағы жақсы қасиеттердің болуы қазіргі жағдайда да маңызды мәселе. Өйткені еліміздің, халқымыздың тағдыры, бүгінгі мен болашағы саяси қайраткерлердің іс-әрекетімен де тығыз байланысты.

Ой-өрісінің кеңдігі, басшылардың мерзімінде дағдарысты жағдайларды сезе білушілігі, саяси білім жүйесін игере алуы - зор беделге ие болуының кепілі. Саяси қызметте және саяси шешімдерді қабылдауда азаматтардың мүдделері, саяси қатынастар жүйесі, саяси топтар мен ұйымдардың іс-әрекеті мұқият ескерілуі қажет.

Сонымен, саяси қызмет пен саяси шешімдер саяси ғылымдағы маңызды мәселелер және осы екі мәселенің бір-бірімен тығыз байланысты екені қоғамның күнделікті саяси өмірінен де айқын көрінеді.

Бақылау сұрақтары

- 1.Саяси процес құрылымы.
- 2.Саяси процес кезеңдері.
- 3.Саяси саладағы қызметтің ерекшеліктері.
- 4.Саяси қызмет әдістерінің ең тиімдісі.
- 5.Саяси шешімдердің негізгі түрлері.
- 6.Саяси шешімдер қабылдаудағы болжамның орны.
- 7.Саяси процеске қатысу түрлері қандай?
- 8.Қазіргі Қазақстанның саяси процесіндегі ерекшеліктер қандай?

ХІ тарау

САЯСИ ШИЕЛЕНІСТЕР МЕН КЕЛІСІМДЕРДІҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ

1. Саяси шиеленіс туралы түсінік

Саяси ғылымдағы шиеленістердің әртүрлі жағдайларына қатысты проблемалардың жиынтығын зерттейтін ғылыми және оқу проблемалары сипатындағы жаңа жеке пән *шиеленістану* деп аталады.

Жалпы тұрғыдан алғанда *шиеленіс* қарама-қарсы топтардың бір-біріне қайшы мүдделерінің, пікірлерінің, көзқарастарының түйісуі, әртүрлі сипаттағы пайымдаушылық, келіспеушілік, ымырасыздық.

Саясаттану зерттеулерінің нысандары болып саяси билік, саяси мақсат мәселелерімен тікелей және жанама қатысты, саяси сипаттағы шиеленістер саналады.

Саяси шиеленістер туралы зерттеулер өзінің терең тамырларын ежелгі философтардан алады. Бүкіләлемдік тарихта бұл мәселелер біздің дәуірімізге дейінгі YII-YI ғасырлардағы Қытай философтарының, Ежелгі Грекиядағы Анаксимандр мен Гераклиттің теориялық пайымдауларынан мәлім. Гераклиттің күрес жалпыға ортақ және “барлығы күрес арқылы және қажеттіліктер бойынша өтеді” деп түйіндегені белгілі. Осыған ұқсас ойларды басқа үлгіде Сократ, Платон, Полибий және басқалары да топшылады.

Қоғамдағы шиеленістерді зерттеуге Н.Макиавелли көп көңіл бөлді. Ол әртүрлі деңгейдегі шиеленістерді сараптай отырып, олардың қоғамдық процестердің дамуындағы жағымды сипатын атап көрсетеді. Алайда, XYIII ғасырдың соңына дейін саяси шиеленісті зерттеуші ойшылдар оны ең алдымен мемлекеттің реттеуші қызметі санап, үстемдік ету мен бағыну мәселелеріне жатқызды.

Шиеленісті әлеуметтік құбылыс ретінде алғаш рет Адам Смит “Табиғат және байлық себептері туралы зерттеулер” (1775 ж.) атты еңбегінде талдады. «Шиеленістің негізінде, - деп атап көрсетті Смит-- қоғамның таптарға бөлінуі (капиталистер, жер иелері, жалдамалы жұмысшылар) және қоғам дамуының маңызды қозғаушы күші ретінде саналатын экономикалық қарсыластық жатыр». Сол сияқты, Гегельдің қарама-қарсылықтың күресі туралы ілімі шиеленістерді зерттеу үшін маңызды роль атқарады. Гегель шиеленістің негізгі себептерінің бірі деп бір жағынан “байлықтың жинақталуы”, екінші жағынан “таптық еңбекке қатынастағы” әлеуметтік алшақтықты көрсетеді.

Шиеленістер теориясының дамуына, осы ілімнің мазмұнына айтарлықтай үлес қосқан XIX ғасырдың соңымен – XX ғасырдың басындағы әлеуметтану ғылымы болды. Биология ғылымының ықпалында болған әлеуметтану шиеленістерді Ч.Дарвиннің табиғи іріктеу теориясынан алады, әлеуметтанудағы психологиялық қатынастарды негіздеу шиеленіске әлеуметтік-психологиялық көзқарасты таратуды алып келді. Кейін әлеуметтану

шиеленістерге төмен баға беретін функционализмнің күшті ықпалында болып, шиеленістер мәселесі әлеуметтанудан ығыстырылғандай жағдайға жетті.

Алайда, XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап әлеуметтік шиеленістерді қоғамның ішкі өміріне ықпалы бар құбылыс ретінде қараған арнаулы еңбектер пайда бола бастады. Л.Козердің (АҚШ) “Позитивті-функционалды шиеленіс”, Р.Дарендорфтың (Германия) “Қоғамның шиеленісті моделі”, К.Боулдингтің (АҚШ) “Шиеленістің жалпы теориясы” концепциялары саяси ғылымда кеңінен танымал болды.

Жоғарыда аталған ғылыми еңбектермен мұқият танысқанда шетелдік саясаттанушылардың шиеленісті мәселесін зерттеудегі таным аппаратын және осы мәселені зерттеудегі символика - логикалық талдауда үлкен жетістіктерге жеткені аңғарылады. Әлеуметтік шиеленістің шығуы мен оның себептері, даму бағыты, шешу әдістері осы зерттеушілердің еңбектеріндегі ең басты құндылық. Жалған бағалардан, деректер мен айғақтарды өз бетінше таңдаудан сақтандыратын нақты, сызба түріндегі модельдер бейнесінде берілді.

Әлемнің осы заманғы дамыған елдеріндегі әлеуметтік шиеленістер туралы концепциялардың кеңінен таралуы және ұтымды пайдаланылуы, сондай-ақ оларды жасаушылардың қоғамдағы жоғары беделі бұл концепциялардың негізінен әлеуметтік таптардың абстрактылы мүдделеріне қатыссыз, жалпыадамзат көкейіндегі мүддені және олардың тікелей қажеттілігін көздейтіндігінен көрсетеді. Мысалы, АҚШ-та саясаттану беделді қоғамдық ғылымдардың біріне айналып, шиеленістерді реттеу, шиеленіс жағдайларын меңгеру теориясы ретінде қалыптасты. Оның практикалық маңызы әлеуметтік құбылыстарды қоғамдық танымды реттеу үшін таным деңгейі шеңберлерін жоғары алып, саяси шиеленістерді шешудің ғылыми жолдарын қалыптастыру.

Шиеленістанудың даму эволюциясындағы көрнекті зерттеулер қатарына Е.Б.Черняктың “Ғасырлық шиеленістер” (Мәскеу, 1988) кітабын жатқызуға болады. Ғалым бұл еңбегінде саяси шиеленіс мәселесін бүкіләлемдік тарихи материалдар негізінде зерттеген. Ежелгі Рим мен ерте христиандықтың, Византия мен Араб халифатының, ортағасырлық папа мен империяның қақтығыстарына, сондай-ақ түрік анычарлары мен герман ландскнехтері, британ пираттары мен испан инквизиторларымен болған соғыстарға, ал жаңа дәуірде – реакцияшыл күштер мен әртүрлі әлеуметтік қақтығыстарға кең көлемде талдау жасайды.

2. Әлеуметтік шиеленістердің негізгі себептері мен түрлері

Әлеуметтік шиеленістердің себептері қандай? Бұл сұраққа «әлеуметтану және саясаттану ғылымдарында әлеуметтік шиеленістердің негізгі көзі материалдық игіліктердің, құндылықтардың жетіспеуі және билік үшін күрес» деген жауап беріледі. Әлеуметтік шиеленістің жалпы себебі - адамдардың бірі басқарып, тәртіп беретін, ал екіншілері бағынуға және нұсқауды орындауға мәжбүр болатын “императивтік үйлестірілген ассоциациялардағы” теңсіздік жағдайы болып есептеледі. Басқаша айтқанда, шиеленістер билік мәселелеріне

байланысты туындайды. Аталған ассоциациядағы үстемдік қылатын “әлеуметтік тап” осы өкіметке бағыныштылар тарапынан кедергілерге ұшырайды. Ал қатынастар тәртібін реттестіретін басқару мен ұйымдастыру қызметі, Дарендорфтың пікірінше, адамдардың бірі билік құратын, басқаратын, ал екіншісі бағынышты болатын, орындайтын “әлеуметтік таптарға” бөлінетін адамдардың әлеуметтік теңсіздік шиеленістің түпкі себебі. Осыған байланысты ол коммунистік-маркстік ілімді адамдар арасындағы антагонизмді білмеу “әлеуметтік ойсыздық” немесе “утопия” деп жариялады.

Мойындау керек, адам жаратылысының, қоғамдық топтар мен ұжымдардың “жоғарыға” және “төменге” бөлінуі, олардың арасындағы жойылмайтын араздықтың, шиеленістердің қайнар көзі болуын дәлелдеу қоғам дамуы тарихында ашылған жаңалық болып табылмайды.

Батыстық саяси ғылым авторларының көпшілігі «нәтижесінде шиеленістер адамдардың түсінігімен анықталады» деген пікірге келіп тіреледі. Шиеленістерді туғызатын себептер ретінде: жеке және қоғамдық құндылықтардың үйлеспеуі, адамдардың өз мақсаттары мен әрекеттерінен күткен нәтижелер арасындағы айырмашылықтар, адамдардың іс-қимылдары тұрғысында бірімен бірі тіл табыспауы, түсінбестіктер, коммуникация процесіндегі логикалық қателіктер мен семантикалық қиындықтар, ақпараттар тапшылығы мен сапасыздығы саналады. Бұл тұрғыда әлеуметтік-саяси қақтығыстар “шиеленісуші пікірлердің” түйісуі ретінде тұжырымдалады, ал оның негізгі себебі болып адам психикасының жетілмеуі, нақты іс-әрекет пен ол туралы деректер арасындағы сәйкессіздік саналады. Шиеленістер себептерінің өзара қатынасын сипаттайтын “сезімдер мен көңіл-күйлерде”, яғни осы өзара қатынастардың табиғатында ғана емес.

Шиеленістің әмбебап көзі келіспеушілік талаптарды қанағаттандыру мүмкіндіктерінің шектелуі. Бұл ешқандай шиеленістерсіз қажеттіліктердің бәрі толық қанағаттандырылатын қоғам құру мүмкін еместігін көрсетеді. Мысалы, барлық экономикалық шиеленістер өмірге қажетті материалдық, қаржылық қорлардың тапшылығына байланысты пайда болады.

Қазіргі қоғамдағы шиеленістердің *түрлерін* анықтау теориялық және практикалық қажеттілікті білдіреді. Шиеленісті түрлерге бөлудің әртүрлі негіздері бар. **Субъективтілігі** бойынша шиеленіс мемлекеттер аралығында болуы мүмкін (мемлекетаралық), **ұлттар** арасында (ұлтаралық, этникалық), таптар арасында (тапаралық), **конфессиялар** арасында (діни), **нәсілдер** арасында (нәсілшілдік), шиеленісуші жақтар арасындағы қатынастар саласы бойынша (саяси, әскери, экономикалық, сауда, қаржы, кеден және басқалары), көлемі бойынша (халықаралық, аймақтық, жергілікті) және т.б. болып бөлінеді.

Шиеленіс түрін көп жағдайда оның құралдары, амалдары, қалыптасу және шешу жолдары айқындайды. Айта кету керек, барлық қоғамға бірдей шиеленістер мәселелерін зерттейтін саяси институттардың қалыптасқан жүйесі жоқ. Әлеуметтану және саясаттану ғылымдары жоғары дәрежеде дамыған деп саналатын елдердегі саяси институттар шиеленістердің әрқилы түрлерін дер кезінде шешіп қана қоймайды, сонымен бірге оларға алдын-ала болжам жасайды.

Өкінішке орай, әлемнің көптеген елдерінде осындай ғылыми орталықтар жоқ, соның салдарынан саяси шиеленістер бақылаудан шығып кетіп, асқынуға дейін барса, кейбір жағдайда қантөгістік сипат алуы да мүмкін.

Саяси шиеленістер өзінің дамуы барысында әртүрлі кезеңдерден өтуі мүмкін, осыған сәйкес олардың алдын алу үшін әртүрлі іс-шаралар қолданылуы тиіс. **Бірінші кезең** – шиеленіс негіздерінің орын алуы, шиеленіс әлі болмаса да оның себептерінің жинақталуы. Мысалы, ұлтаралық қатынастарда тұрғылықты жерде құқықтық қолдау алмаған стихиялық демографиялық процестер немесе белгілі бір этностардың өзіндік санасының өсуі. **Екінші кезең** – біліну кезеңі. Шиеленіс жоқ, алайда әрқилы топтардың талаптары, қарсылықтары айтыла бастайды. **Үшінші кезең** – көріну кезеңі. Алғашқы дүмпулер, алғашқы қақтығыстардың басталуы.

Осыдан кейінгі басқа кезеңдер, мысалы, ашық қарсылық білдіру, қақтығыс кезеңінің болуы да мүмкін. Ал шиеленістің ең соңғы кезеңі – бұл ушығу кезеңі. Соңғысы қарсылық көрсетуге адамдардың үлкен шоғырын жұмылдырумен, шиеленіс аймағының ұлғайтуымен ерекшеленеді, “өркениеттілік” түрінен қарулы күреске көшіп, қарсыласқан екі жақтың да өмір-тіршілігіне нұқсан келуі мүмкін. Адамдардың үлкен шоғыры тартылып, ушығу сипатындағы шиеленістерге бұрынғы Югославия провинцияларындағы соғыс, Ауғанстандағы әскери қақтығыстар, грузин-абхаз-осетин, СУАР шиеленістері және т.б. соғыстар жатады.

Саяси ушығу кезеңіндегі шиеленістер көбінесе бір қоғамның ішінде кең орын алады. Мысалы, қылмыскерліктің ұйымдасқан түрі өсуі, сыбайлас жемқорлық, армиядағы әлімжеттік жасау. Шиеленістің мұндай түрлерінің жеңіл және тез шешілуі қиын, себебі олар ұзақ жылдар бойына қордаланған. Олар алғашқы кезде байқалмайды, іштен асқына береді. ТМД мемлекеттерінің кейбіреуінде бұл аяқ астынан пайда болғандай көрінуі мүмкін, алайда олардың түбірі ондаған жылдар бұрын тамырланған болатын.

Саяси шиеленістердің негізгі себептері – материалдық игіліктердің, құндылықтардың, биліктің жеткіліксіздігі кез-келген, тіпті дамыған қоғамның өзіне де тән құбылыс. Сондықтан әлеуметтік шиеленістерге әдеттегіден тыс жағдайға (аномалияға) қарағандай қарауға болмайды. Керісінше, әлеуметтік шиеленіс ақыр соңында саяси қарым-қатынастарды жетілдіреді. Адамзат тарихының ең ерте кезеңінде тіпті мемлекет сияқты саяси институттарды туындатып, дамытуға ықпал жасаған әлеуметтік шиеленістер болды. Шиеленістердің ұдайы шешіліп отыруы қоғамдағы қарама-қайшылықтарды жою үшін мекемелердің қарқынды дамуына жол ашады.

Егер қоғам ішіндегі шиеленісті факторлар болмаса және әлеуметтік қатынастар орнықты, ешбір мінсіз үндесіп тұрса, ол кезде шиеленістерді ауыздықтау мен реттестіру функцияларын атқаратын саяси институттардың пайда болуын және олардың қызметтерінің қажеттілігін немен түсіндіруге болады? Бұның ең қысқа жауабы: шиеленісуші әлеуметтік топтар мен таптар арасындағы билік айтушы, араша болушылар (арбитр) ретінде мемлекет, саяси билік, саяси жүйе пайда болды. Сондықтан әлеуметтік шиеленіс – қоғамның саяси дамуының негізі болып табылады.

3. Ұлтаралық шиеленістер және оны шешу жолдары

Шиеленістердің көптеген түрлерінің ішінде әлемде неғұрлым кеңінен таралғаны және неғұрлым өткірі болып ұлтаралық қатынастардағы шиеленістер саналады. Әлемдік көлемде олар әрқилы аймақтарда орын алуда. Дүние жүзіндегі адамдардың көпшілігі көп ұлтты мемлекеттерде өмір сүреді. Бүгінде әлемде 2 мыңнан астам ұлттар мен ұлыстар, этникалық топтар, 200-ден астам тәуелсіз мемлекеттер бар. Олар диалектілерімен қоса үш мың тілде сөйлейді.

Бірқатар елдерде (әзірге көп те емес) ұлтаралық шиеленістерге болжам жасайтын арнаулы институттар жұмыс істейді. Олардың әрқайсысы өзінше мамандандырылса да нақты қоғамдық себептерге негізделген қызметтерінің ең жалпы бағыттарын атауға болады, олар:

1) Ұлттық сана-сезімнің өсуін есепке алу. Ұлттық өзіндік танымның дамуы халықтың саяси және мәдени деңгейінен туындайды. Көптеген халықтардағы интеллигенцияның, студенттердің, ұлттық кадрлардың үлес салмағының жедел өсуі олардың ұлттық өзіндік танымының жоғарылауын “бағдарлайды”. Осы аталған әлеуметтік этникалық топтардың мүддесіне құқықтық қолдаудың қағыс қалуы шиеленісті жағдайға соқтыруы мүмкін.

2) Демографиялық процестер мөлшері. Оған өндіргіш күштерді ұтымды орналастыру, бәрінен бұрын өндірісті барлық ұлттық аймақтарда тепе-тең қалыпта дамыту мәселесі. Байқалып жүргендей халықтың онсыз да еңбек ресурстарының аса азшылығы қалыптасқан аймақтарға басқа жақтардан жұмыс қолдарының ағылуы шиеленістік жағдайларға әкеліп соқтырады.

3) Федерация шеңберінде автономиялар құқығының әртүрлілігі. Мысалы, КСРО жағдайында автономияның 4 түрі болды: одақтас республикаға – 15, автономиялық республика – 20, автономиялық облыс – 8 және автономиялық округ – 10. Тәуелсіздік идеясы тұсында автономиялардың осындай әрқилы мәртебесі дискриминация ретінде қабылданды. Одақтас республикалар мен автономиялардың құқығы бірдей болмай алшақ тұрды, ал автономиялық облыстар мен округтердің Конституциясы болған жоқ. Оларда тұратын халықтардың ұлттық мүдделері мен құндылықтарын қорғау мүмкіндіктері әрқилы болды.

4) Халықтың ұлттық мәдениеті мен ұлттық психологиясын мемлекет деңгейінде талдау. Ұлттық мәдениет және психология саласы дербес құбылыс. Мемлекет бір саяси режимнен екіншісіне өтуі мүмкін. Сөйтсе де бұдан халықтың психологиясы өзгермейді. Ф.Энгельс айтқандай, “ұлттың ұлттық тегі” өзгерістерге бәрінен аз тартылған. Осы заңдылықты еске алмайынша мемлекеттің нәтижелі ұлттық саясатының болуы мүмкін емес.

Ұлттық фактордың тарихи тұрақтылығы, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы және этнос өмірі арасындағы қатынастардың қайшылыққа соқтыру қаупі бар. Яғни, ұлттық қатынастар саласында жалпы және жеке танылған даму тенденциялары, заңдары қызмет етеді. Сондықтан оларды танып-білу өте күрделі, сол себепті күтпеген жерден кездейсоқ туындаған шиеленіс болып көрінеді.

5) Экономикалық факторлар, бастапқыда біз айтып өткеніміздей, шиеленістердің негізгі себептерінің бірі, ол материалдық игіліктердің жеткіліксіздігінен туындайды. Кейбір қағидадағыдай “таза ұлтшылдық” болмайды, ұлтаралық шиеленістердің себептері экономикалық мәселелерге тіреледі. Мысалы, елді орталыққа және провинцияларға бөліп, шет аймақтардың экономикасының артта қалуына жол берілсе, әсіресе осы шет аймақтар ұлттық азшылық сипатында болатын болса бұл ұлтаралық шиеленіс тудыруы мүмкін.

Ұлттық қатынастарды үндестікпен дамытудың жолдарын талдағандағы ең басты мәселе - ұлттар ынтымақтастығының негізі, ол қоғамды демократияландыру болып табылады. Ұтымды ұлттық саясат жүргізудің барлық басқа да жолдары қоғам өмірін демократияландырумен байланысты. Себебі, әлемдік тәжірибе бойынша демократиялық принциптер жеке тұлғаның ұлттық-этникалық жағынан қиянат көрмеуіне кепілдеме береді.

Ынтымақты ұлтаралық қатынастардың жоғарыда айтылған жолдары айқын бағдарланған ұзақ мерзімді және тұрақты сипат алуы тиіс. Алайда, біздің өмірімізге ақиқатпен қарағанда, әлемдегі әртүрлі мемлекеттерде ұлтаралық шиеленістер орын алған фактілер көп кездесіп отыр. Сондықтан бұндай жағдайларға саяси болжам жасайтын мекемелердің ұсыныстарын сарапқа салып, ұлтаралық шиеленістерді шешудің төмендегі әдістері ұсынылады:

1. Біріккен экономикалық орталықтандырылмаған инфрақұрылым ынтымақтастығын құру (келісім).
2. Мәдени инфрақұрылым келісімін құру (консенсус): қостілділік, ұлттық мәдениет қоғамдары, халық шығармашылығы фестивалдары. Қазақстан жағдайында – бұл Қазақстан халықтарының форумы, халықтар бірлігі мен келісімінің Ассамблеясы. (Қазақстан халқы Ассамблеясы), Қазақстанда өткізілген әлемдік және дәстүрлі діндер мен конфессияларының жетекшілерінің съездері.
3. Аймақ ашықтығын ұлғайту: ішкі байланыстарды кеңейту, экономикалық, мәдени және өзге де байланыстарды (туризм, спорт, ғылыми) дамыту, яғни, “біздер - олар” принципіне өзіндік үлгіде қарсы тұру. Мысалы, Қазақстанда басқа мемлекеттің қалаларымен ашық көлік қатынасын ашу т.с.с.
4. Шиеленісті шешуде үшінші жақтың қатысуы. Шиеленіс асқынып, қарсыластар бірімен-бірі татуласпаған жағдайда “үшінші соттың” қатысу қажеттілігі туады. БҰҰ, ЮНЕСКО, ел басшыларының аумақтық, мемлекетаралық шиеленістерді реттеуге қатысуы.
5. Ұлтаралық қатынастарды ізгілендіру. Шиеленісушілер арасындағы келіссөздерге жұртшылықты, жазушыларды, ғылым мен өнер қайраткерлерін, әйелдерді, ақсақалдарды, дін қызметшілерін қатыстыру. Әсіресе, олардың бірлескен майдан құрып, нәсілшілдікке, құқық пен адам бостандығын бұзушылыққа қарсы күресуі оңды нәтиже береді.
6. Саяси-әкімшілік әдістері. Ол федерализм мен аймақтық автономияны құруды жақтайды. Мемлекет территориясында заң актілері аз ұлттық халықты кемсіту тұрғысынан қабылданса, пайда болған шиеленісті

аймақтық әкімшілік құрылымына өзгеріс енгізуі арқылы реттеуге болады. Мысалы, Ресей жағдайындағы автономиялардың жаңа деңгейлерінің пайда болуы. Татарстан, Башқортстан, Бурят, Якут (Саха), Қалмақ және басқалары.

7. Төтенше шара қолдану әдісі. Яғни, шиеленіс асқынған жағдайда қолданылатын шаралар жүйесі: заңсыз әскери құрылымдардың таратылуы, күштеуге кінәлілер есебінен немесе оған жол берген мемлекет бюджетінен шығынды өндіру, шұғыл түрде қылмыстық іс қозғау. Кінәлілерге қарсы ашық және табанды шараларды қолдамайтындар болса да, осындай қадамға баруға болады, өйтпесе демократияны сылтауратып, жағдайды ушықтырған элементтерді жазаламау, олардың бетімен кетушілігі ақырында өкіметті әлсіретеді.

Ұлтаралық шиеленіс дағдарысынан шығудың неғұрлым тиімді және негізгі әдістері осындай. Тұтастай алғанда бұл күрделі теориялық және практикалық мәселе. Медицинадағы сияқты, оны емдеуге қарағанда, алдын алу әлдеқайда нәтижелі. Ол үшін, ең алдымен шиеленістерді зерттеу және болжау ғылыми орталықтары қажет. Сонымен бірге ұлтаралық қатынастар ахуалы көп ретте, түгелдей болмаса да, саяси, демократиялық мәдениет деңгейіне байланысты. Әлемнің әрқилы аймақтарында белгілі бір топтардың мүддесі үшін қызмет ететін жалдамалы элементтер, лаңкестер, экстремистер ішінара кездесіп отырады. Саяси мәдениеті мен білімі жоғары адам бұған жол бермесе керек. Олай болса, қоғамда неғұрлым келісімді іс-қимыл болуы және шиеленістер қиратушы сипат алмауы үшін қоғамның тұтастай дайындықта болуы, әрбір азаматтың білімі, мәдениеті және гуманитарлық саяси деңгейінің жоғары болуы қажет.

4. Саяси шиеленістер және оппозиция

Қоғамдағы саяси шиеленістер деңгейі көп жағдайда легитимді (заңдастырылған) оппозицияның қалыптасуына байланысты. Бұл демократиялық режимнің ажырамайтын бөлігі. Шет елдік саясаттанушылар “демократияның бал айы” деген ұғым енгізіп, оппозициялық демократиялық күштердің табысқа жетулерін оппозицияның легитимді болуымен байланыстырады.

Қазақстан жағдайындағы саяси оппозиция мәселелері біздің ғылымымызда әлі де жеткілікті зерттелген жоқ. Саяси пікірталастық, көппартиялылық және оппозиция ұзақ уақыт бойы саяси өмірге зиян келтіруші құбылыс деп саналды. Тоталитарлық жүйенің күйреуі, қоғамды демократияландыру барысында жаңа саяси күштер мен олардың саяси құрылымдары пісіп жетілді. Саяси тәжірибеде, авторитарлық режимдер жағдайында пікір-таластықты шектеу қоғамдағы шиеленісті және дағдарысты жағдайлардың туындауына, өкіметке деген сенімсіздіктің артуына әкеліп соқтыратыны белгілі. Оппозициялық құқық – ашық саяси күреске құқығы бар саяси партиялардың, бірлестіктердің өзара іс-қимыл жүйесінің болуы. Мұндай жағдайларда саяси партиялардың және олардың жетекшілерінің арасында

өкіметтік билік үшін белгіленген уақыт аралығында заң арқылы бәсекелесіп, саяси шиеленістерді болдырмай ескі биліктің заңмен алмасу мүмкіндігін тудырады. Бұның бәрі мемлекет Конституциясы шеңберінде болатын саяси күштерге қажетті қарсы мүдденің және саяси мекеме ретіндегі ресми түрде танылған оппозицияның қалыптасқан жағдайында өтуі мүмкін.

Тоталитаризмнен демократиялық саяси жүйеге өту сатысы ұзаққа созылатын және қиыншылыққа толы күрделі процесс. Ол бірқатар шарттарға негізделген. Атап айтқанда, бұған қоғамдағы саяси күштердің өзара іс-қимылын, саяси мәдениеттің даму деңгейін, саяси өмірдің барлық салаларындағы қажетті жаңартулар енгізудегі саяси биліктің шешім қабылдау деңгейін жатқызуға болады. Қазақстанның бұрынғы бірпартиялық жүйеге бейімделуі себебінен біздің қоғамымыздың әртүрлі жіктерінің саяси мүддесінің бәсеңдігінен, адамдардың барлық саяси жағдайларға бейім еместігі сипатына орай саяси пікірталас және көппартиялық жүйе құру жолында көптеген қиындықтарды жеңуге тура келеді.

Саяси тәжірибе мен ғылымда оппозицияның әртүрлі сипаттағы түрлері мен белгілері бар. Атап айтқанда, өкімет жүйесіндегі қатынас тұрғысында - локальды және турашыл; қимыл орны бойынша –парламенттік және парламенттік емес; қимыл сипаты бойынша – жүйелі және кездейсоқ оқиғаға негізделген оппозиция. Парламенттегі оппозиция саяси міндеттердің үлкен көлемін жүзеге асыруды көздейді, олар: үкіметке және ол жетекшілік ететін органдарды бақылауды жүзеге асыру, үкімет саясатын немесе үкімет бағдарламаларын сынау, бағдарламадағы баламалы саясатты талдау, қабілетті саясатшыларды іріктеу, олардың парламентте “тұсауын кесу” және үкімет алмасқан жағдайда оларды “көлеңкелі кабинетке” енгізу. Кез-келген оппозицияның тиімділігі қоғамда алатын орнына, оның ішінде бірлестіктердің, бостандығын заңды түрде нығайтуға, парламенттік азшылықтың құқығын қорғауға, парламенттік шешімдерді немесе парламент қабылдаған заңды актілерге тосқауыл қоюға тұрғындардың белгілі бір топтарының қоғамдық пікірін жұмылдыру арқылы парламенттік оппозиция жағына тартуға байланысты. Осындай оппозициялық бастамалар мен талаптар заңдастырылған жағдайында ешқандай әлеуметтік, оның ішінде ұлттық топтардың мүдделері ескерусіз қалмайды. Нәтижесінде демократиялық режим жағдайында оппозиция аталған мақсаттар бойынша үкіметтік шешімдер қабылдауға қол жеткізе алады. Шетелдік саясатшылар парламенттегі күштердің барлық мүмкіндігін жұмсау арқылы атқарушы өкімет органдары мен олар қабылдаған шешімдердің легитимдігін пайдалануы үшін “оппозициялық құрылым” жүйесін қалыптастырады.

Ықпалы күшті оппозицияның болмауы және өкіметтің төмен легитимдігі саяси жүйенің әлсіреуіне әкеліп соғады. Осы жағдайда азаматтардың саяси белсенділігі жоғарылап, шыдамсыз іс-әрекеттер көбейеді, бұны лаңкестік және экстремистік топтар өздерінше пайдаланып саяси процестерді шиеленістіруге ұмтылады. Ал конструктивтік оппозиция басқарушы партияларға тиімді, қажетті стратегиялық және тактикалық баламалар ұсынады. Сондықтан қазіргі демократиялық саяси жүйе шеңберінде олардың бәсекелестігі қоғамдағы және

парламенттегі күштердің қауіпті шиеленісін болдырмайды. Бұған қарсыластардың мүдделерін білдіретін және мүмкін болатын саяси шегіністер мен осы саяси ұтылыстар үшін өзара есе қайтару сипатын білдіретін позицияларды талдау ықпал етеді.

Бұл міндеттерді жүзеге асыруда саяси күштердің өзара қатынасының өркениетті сипатын қамтамасыз ететін саяси мәдениет, саяси процестердің тұрақтылығы мен өзгерістерінің органикалық тұтастығы; қоғам мен мемлекет, әлеуметтік жіктер мен топтар, халықтар мен ұлттар, азаматтар мен мемлекет арасындағы келісілген өзара қатынас маңызды роль атқарады.

5. Консенсус – шиеленістерден өтудің әмбебап әдісі

«Консенсус» сөзін латыншадан аударғанда «келісім», «бірауыздылық», «бірігіп қатысу» деген ұғымды білдіреді. Консенсустың негізгі шарты болып өзінің жеке мүддесіне жетудің алғышарты ретінде өзге мүдделерді мойындау саналады, яғни консенсус көп жағдайларда адамгершілік принциптеріне негізделеді. Келісушілік – екі немесе одан да көп көзқарастың және кез-келген қатынастағы мүдделер бағдарының бірлігі. Саяси *консенсус* – шиеленісті мәселелердің неғұрлым маңызды салалары бойынша белгілі бір қауымдастықта жасалатын өзара келісім. Саясаттану ғылымында консенсус мәселесі жеткілікті түрде, терең зерттелген. Тарихтың әртүрлі кезеңдерінде оны зерттеуге әлемдік философияның Конт, Локк, Дюркгейм, Вебер, Тард, Кули, Шилз, Хабермас, Шюц тәрізді аса көрнекті өкілдері өз үлестерін қосты. Консенсус -Аристотельдің «орташылдық» тұжырымдамасындағы қарама-қарсы пікірлердің арасындағы ортақ пікір ретінде қалыптасты, яғни шеткі, алшақ позициялардан шығуды нұсқап, орталыққа ортақ келісімге ұмтылуды сипаттайды. Аристотель бұл қағидасын екі жақтың қарым-қатынасы негізінде қалыптасатын үшінші ортақ күштің пайда болу табиғи заңдарымен, орталыққа тарту күштері негізінде тепе-теңдікті сақтайтын аспан күштерінің қозғалысымен түсіндіреді. Ол кейін осы табиғат заңдары ретінде орташылдық идеясын әлеуметтік салаға, қоғамға таратты. Оның «үздік қоғам дамыған орташа таптан тұрады, ал кедейшілік көп болған жағдайда мемлекеттің жаулары да көп болады» деген қағидасы әлеуметтік қатынастар теориясына қосылған көрнекті ғылыми үлес болып табылады. Орташылдыққа ұмтылу қазір де әлемдік көлемде белгілі саяси бағыт болып табылады. Бұл бағыт ХХ ғасырдың екінші жартысында дүние жүзінде көптеген халықаралық ұйымдар құруға, әртүрлі құрылымдардағы мемлекеттер консолидациясы мен интеграциясын қалыптастыруға негіз болып, КСРО мен Шығыс Еуропа елдері идеологиялық ынтымақтастық одағының қайта құрылуына себеп болды.

Консенсустік немесе центристік саясат қоғамдағы дамушы күштердің өзара қарым-қатынасын анықтайды. Консенсус әдісін қолдану мемлекеттік билікті ұйымдастыруда да қолайлы. Құқтық тұрғыдан алғанда консенсус жалпы ерік ретінде неғұрлым тиімді заңдарды қабылдау үшін қажетті алғышарт.

Консенсустың келесі маңыздылығы ол демократияның болашақтағы қалыптасу деңгейін анықтауы. Демократияның осы замандық тәртібі –

көпшіліктің қалауы негізінде шешім қабылдау принципiне негiзделген. Алайда, дауыстарды “иә” және “жоқ” сипатындағы механикалық санақ, қарапайым есептеу принципiне ғана негiзделген дауыс беру жүйесiнде көпшілік үстемдiгi әмiршілдігi сақталады. Сол себептi адамзат бүгiн де демократияның келешектегi әдiстерi мен деңгейi әлі де пісіп-жетілген жоқ, сондықтан демократияның болашақ үлгiсiн ойлап табу керек деп есептейдi. Көпшілік қалауы принципi қазiрдiң өзiнде өзара саяси қарсылықты күшейтiп, мемлекеттi күйзелiске жеткiзу жағдайы көп кездеседi. Көпшілік принципiнің ең басты кемшілігi - азшылық пікірін түгелдей жоққа шығару болып саналады.

Көпшілік үстемдiгi – демократияның негiзгi шарты екенi анық, бiрақ бұл әдiлдік принципiнің бұрмалануы. Сол себептен, консенсустiң мiндетi – азаматтардың ортақ мақсат үшін өз ойын ашық бiлдiретiн әртүрлі пікірлердi, ұсыныстарды, идеяларды жинақтау.

Консенсустың нәтижелi болуы азшылыққа ешқандай қысым жасалмауына, озбырлық күш қолданбауға тiкелей байланысты. Себебi көпшіліктің өзiнің де қателесуi мүмкiн, ал азшылықтың айқын саяси шешiм ұсынуы мүмкiн. Мысалы, Кеңес әкiметi тұсындағы «халық жаулары» атанған қазақ зиялыларының жалпы халық саны бойынша алғанда азшылықты бiлдiргенi тарихтан белгiлi. Бiрақ азшылық болғанның өзiнде КСРО бойынша олардың саны 10 миллионнан асқан едi.

Тағы бiр мысал: БҰҰ-ның бүкiл қызметiне (осы ұйым құрылғаннан бастап) талдау жасалғанда, Бас Ассамблеяның көптеген резолюцияларының тиiмсiздiгiне себеп болған олардың жалпы көпшіліктің шешiмiмен қабылдануынан екенi анықталды. Себебi көпшілік принциппен қабылданған шешiмнің барлық кезде нәтижелi бола бермейтiндiгiн өмiрдiң өзi дәлелдеп отыр. Мысалы, Бiрiккен Ұлттар Ұйымында тiптi бiр ғана мемлекет мүддесiне қарсы қабылданған шешiм ақыр соңында ұтымды болып шықпайтыны белгiлi.

Қазiргi таңда БҰҰ-ның көптеген мүшелерi осы замандық жағдайларда саяси тиiмдi шешiмдердi қабылдауға апаратын бiрегей жол—ол консенсус әдiсi деген тоқтамға келдi, статистикалық деректер де осыны көрсетедi. Мысалы, Бас Ассамблеяның 13-ші сессиясында консенсус әдiсiмен барлық 112 резолюцияның 39-ы (35%) қабылданса, ал 40-шы сессияда 259 резолюцияның 184-і (70%) осы жолмен қабылданды.

Консенсустiк пікір тепе-тең мүмкiндiктер әдiсi болып табылады. Сонымен ортақ қоғамдық пікір консенсус арқылы қоғамның барлық мүшелерiнің пікірлерiнен қалыптасады. Кез-келген мәселенi шешу барысында көзқарастардың барлығы да ескерiлуi, талқылануы қажет.

Консенсус барлық басқа тәсiлдер алдында әлеуметтік-саяси қарама-қайшылықтар мен дауларды тиiмдi шешуге мүмкiндiк беретiн практикалық қолданыстағы талассыз амал болып саналады. Ол осы заман үшін бiр жағынан, мүдделердiң жiктелуiне, екiнші жағынан, әртүрлі әлеуметтік топтар мүдделерiнің үйлесуiмен сипатталады. Консенсус қоғамдық пікірдiң саяси процестерге тiкелей ықпал етуiн бейiмдеп қана қоймайды, қоғамдық пікірдiң өзiн қалыптастырады.

Консенсус тарихи эволюцияға ие. Егер орта ғасырларда феодалдық мемлекетті ішкі тартыстар әлсіретіп, оларды тоқтататын тек ғана абсолюттік жоғарғы өкімет болса, XX ғасырда қоғамдық өзара қақтығысты реттейтін көпшілік мүддесі, көпшілік принципі арқылы қалыптасатын халық билігі орнады. Қазіргі саяси шешімдердің негізі болатын жеке адамның құқық теңдігі. Тіпті олардың тасасында белгілі бір бөліктің, мейлі аз болсын, немесе толық құқықты меңгерген нақты азаматтардың шоғыры тұрсын, бірде-бір шынайы адамгершілік көзделген мүдде жалғандықпен жойылып жіберілмейтін жүйені құру.

Қорыта келгенде, саяси шиеленістер – адамзат қоғамында заңды, міндетті түрде орын алатын саяси құбылыс, әлеуметтік өзара әрекет үлгісі ретінде сипатталады, сондықтан шиеленістер кездейсоқ оқиға болып саналмайды. Саяси шиеленістер - әлеуметтендіру жолдарының бірі, қоғамның бақылауындағы болуы қажет саяси құбылыс. Әлеуметтік шиеленіс әлеуметтік прогресстің басты қозғаушы күштерінің бірі ретінде анықталып, барлық уақытта жұп түрінде өмір сүреді: шиеленіс – келісім, шиеленіс – тұрақтылық, шиеленіс – тәртіп, шиеленіс – тыныштық, шиеленіс – консенсус.

Әртүрлі саяси пікірлер әлеуметтік жүйенің тоқырауының алдын алып, жаңалықтарға (реформаларға) жол ашады. Осы себептен консенсус (келісім) қоғамның қалыпты жағдайы, ал шиеленіс – уақытша жағдайы болып саналады.

Тұтастай алғанда, әлеуметтік шиеленіс концепциясын жақтайтындар үшін шиеленістерді антагонистік емес қарама-қайшылықтар тұрғысында қарастырудың, оларды реттеу мүмкіндігі бар екеніне сенімді болудың маңызы өте жоғары.

Бақылау сұрақтары

1. Саяси шиеленістер дамуы барысындағы негізгі кезеңдер.
2. Ұлтаралық шиеленістердің пайда болуының негізгі себептері.
3. Ұлтаралық шиеленістердің шешу жолдары.
4. Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының орны
5. Консенсус мәселелерін терең зерттеген ғалымдар
6. Саяси шиеленістер әлеуметтік дамудың басты қозғаушы күштері деген қағиданы қалай түсінесіз?
7. Конфликтология (шиеленістану) қай елдердің оқу орындарында пән ретінде жүргізіледі?
8. Шиеленістану теориясының негізгі даму кезеңдері

ХІІ тарау

ӘЛЕМДІК САЯСАТ ТЕОРИЯСЫ, ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСИ ЖҮЙЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

1. Халықаралық қатынастар: белгілері және негізгі бағыттары

Мемлекеттердің өзара қатынастары проблемасының теориялық негіздерін талдау саяси философия мен тарихта ежелгі дәуір кезеңінің өзінен (Фукидид: “Пелопеннес соғысының тарихы”, Цицерон: “Мемлекет туралы”) бастау алды. Бұл кезеңде, бірінші кезекте, мемлекеттердің мүдделеріне байланысты соғыс және бейбітшілік мәселелеріне неғұрлым көп көңіл бөлінді. Міне, осы мәселелер кейінгі кезеңдегі классикалық теориялық саясат тұжырымдамаларынан негізгі көзқарас бағыттарының қайнар көзі болды.

Халықаралық саяси қатынастарды зерттеудегі *классикалық* (дәстүрлі) бағыттың өкілдері Н.Макиавелли, Т.Гоббс, Э.де Ваттель, К.фон Клаузевиц және басқалары осы бағыттың дамуында маңызды роль атқарды. Т.Гоббстың “барлығы барлығына қарсы” соғыс туралы тезистеріне сәйкес халықаралық қатынастардың барлық мемлекеттердің теңдігімен, егемендігімен шарттастырылған табиғи жағдайды сақтаумен, немесе бәсекелестікпен, өзара сенімсіздікпен, тұрақты қарама-қарсылықтармен сипатталатыны анықталды. Нәтижесінде құқықтық, моральдық және олардың өзара қатынастары бойынша олардағы күштеу қимылдарына шектеу болмады. Мұндай жағдайда мемлекетаралық өзара қимылдар басты және “табиғи” реттеуші күш (бәрінен бұрын соғыс) болуы мүмкін еді.

Мемлекетаралық қатынастардың еуропалық жүйесін (кешеуілдеген ортағасырлық және Жаңа дәуір кезеңінде) қалыптастыру және дамыту белгілі бір трансформацияға танылған осы тезис *саяси тең салмақ теориясының* (“күш балансы” идеясы) философиялық-құқықтық және этикалық негізі болды (Б.Спиноза, Д.Юм, Э.де Ваттель). Жаңа үлгіде еуропалық мемлекеттердің өз ішінде күш пен ықпалды салыстырмалы теңестіруді қолдаумен қамтамасыз ететін мүдделерге жол берілді. Көзқарастың осы тұрғысында мемлекеттердің бірінің қатер төндіруінің алдын алудың басты әдісі превентивті (ескерту) соғыс және коалиция құру болып табылады. Осындай жолмен тәртіптің бекітілген ережесін, жасалған тең құқық жағдайын бұзуға дайын қуатты агрессордың гегемондық құрсауын ұжымдық тәртіппен мәжбүрлеп ұстауға халықаралық жағдайдың қалыптылығына кепілдік беріледі.

Халықаралық қатынастардың классикалық ұйғарымдары үш өзекті ұғымнан – «мемлекет аумағы», “мемлекет егемендігі”, “мемлекет қауіпсіздігінен” тұрады. Біріншісі – аумақтық (“кеңістік” тұрғыда алынған) халықаралық қатынастарды зерттеу геосаясат шеңберінде маңызды орын алады.

Халықаралық қатынастың жеке зерттеу саласы болып табылатын геосаясат ХІХ ғасырдың соңы – ХХ ғасырдың басында пайда болды. “Геосаясат” ұғымын ғылыми айналымға швед ғалымы және саясаткері

Р.Челлен енгізді, ал классикалық геосаясаттың басқа көрнекті өкілдері болып А.Т.Мэхэн, Г.Маккиндер, Н.Спайкмен, К.Хаусхофер саналады. Геосаясат тұрғысынан алғанда шынайы ұлы держава (динамикалық, яғни қарқынды дамушы мемлекет) өзінің көршілерімен еркін саясат әрекетін «өмір кеңістіктігін ұлғайту» жолымен қамтамасыз етеді: өз аумағын, тіпті бірнеше аймақты, кейде тұтас әлемді қадағалап отыру позициясын ұстанады.

Геосаясат жер бетін мемлекетке бөлудің өзгермеушілігін, ал, бір елдің екінші бір елге қарсы тұруын, «идеологиялық күрес» және “қырғи-қабақ соғыс” негізінде шешуді қарастырады.

Дәстүрлі идеалистік бағыттағылар (Ф.де Витториа (1480-1546), Г.Гроций (1583-1645), И.Кант (1724-1804) т.б) керісінше жалпы адамзат қоғамының проблемаларын космополис идеясындағы моральдық және саяси бірлік, адамның бас бостандығы мен мемлекеттік қатынастар негізінде шешуді ұсынады.

Бұл теориялық зерттеулерде міндеттіліктер қарастырылып, халықаралық қатынастарды құқықтық және моральдық реттеу жолымен шешудің адамдар және мемлекеттер арасындағы мәңгі бейбіт өмір сүрудің қажеттілігі мен мүмкіндіктері анықталды. Бұл жағдайда құқықтарды күштеп бекітуді және мүдделерді жүзеге асырудың “биологиялық концепциясымен” алмастыруға тиіс жалпыадамзаттық құндылықтарды еркін қолдануға баса назар аударылды.

Саяси ғылымда халықаралық қатынастар проблемасы бойынша бірнеше теориялық парадигмалар (үлгілер) қалыптасқан. Олар: «саяси идеализм», «модернизм», «трансұлттық», «халықаралық қатынастар әлеуметтану» мектебі, «полюмология», «марксистік» «неомарксизм», «неореализм».

Осылардың әрқайсысына қысқаша мәлімет берейік.

“Саяси идеализм”: утопия, морализм, легализм. (Д.Перкинс, Ф.Танненбаум, Дж.Шоттуэл, Т.Кук, М.Мус, В.Дин, Р.Кларк, Л.Б.Сон т.б.) әлемдік саясатты құқық және мораль тұрғысынан қарастырады. Зерттеулердің негізгі тақырыбы – халықаралық қарым-қатынастарды халықаралық құқық нормаларымен, адамгершілік негізде және әділеттілікпен реттеу.

“Модернизм” (К.Райт, М.Каплан, К.Дайч, Д.Сингер, Э.Ханс және басқалары) – бұл “эмпирикалық талдау” теориясы, саясатты жүйелеп талдау үлгілері. Олар реттілік “ғылыми” айқындауға, нақты ғылымдардың (физика, кибернетика, математика, психология) зерттеу әдістерін пайдалануға, “бейидеологиялық” жиынтық пен фактілерді және нақты халықаралық процестер индикаторларын сандық зерттеуге, эмпирикалық талдауға негізделген.

“Трансұлттық”: әлемдік дамудың өзара байланыстылығы, әлеуметтік-экономикалық артта қалудан және саяси тәуелді болудан сақтандыру теориясы. Өкілдері: Р.О.Коохейн, Дж.Най, Дж.Розенау, Д.Митрани және т.б. халықаралық қатынастың басты атқарушысы ретіндегі мемлекеттің ролі туралы классикалық тезиске күмән келтіреді.

1980 жылдардың басынан бастап еуропалық теориялық саяси ойлау жүйесіне мемлекетаралық әлеуметтік жақындасу факторлары күшті әсер етті. Ол бәрінен бұрын **халықаралық қатынастар әлеуметтануының**, француз

мектебінің қызметінің ерекшелігі болып (Ш.Заргбиб, Д.Дрейфюс, Ф.Моро Дефарж, П.-Ф.Гонидек, Ш.Шомон, Р.Арон, Г.Бутуль, Ж.-П.Деррьерник, Р.Боск, Ж.Унцингер, М.Мерль) халықаралық қатынастар “саяси реализм” сипатында зерттелді.

Халықаралық қатынастардың француздық мектебіндегі ерекше бағыттардың бірі – нақты және жаратылыстану ғылымдарының әдістерін пайдалана отырып, “ұжымдық арандатушылық” ұстанымын (соғыстарды, шиеленістерді) зерттейтін *полемология* (Г.Бутуль, Л.Пуарье, Ж.-Л.Аннэкан). Полемологтар көзқарасына үңілсек, соғыс – қоғамның динамикалық барысын білдіретін күрделі элеуметтік феномен ұжымдық имитацияның (диалог пен мәдениетті пайдалану) басты факторы, өркениет жалғасуының тиімді үлгісі, соғыс-техникалық прогрестің қозғаушы күші, қоғамдық өмірде өз нәтижесін беретін маңызды, өтпелі үлгісі ретіндегі тең қалыптылықты бұзу мен қалпына келтірудің қайнар көзі.

Марксистік парадигма экономикалық детерминизм мен таптық көзқарас халықаралық қарым-қатынастардың, үстемдік пен бағынушылықтың, таптық күрес пен революциялардың теориялық алғы шарты ретінде түсіндірді.

Халықаралық қатынастар теориясының қазіргі кезеңі – ғылыми зерттеулердегі жаңа әдістемелердің пайда болуымен, бұрынғы концепциялық құрылымдарға тән кейбір ережелерді ревизиялау проблематикасының күрделенуімен сипатталады. Мысалы, “*неомарксизмнің*” өкілдері (П.Баран, П.Суизи, С.Амин, И.Валлерстайн және басқалары) осы замандық әлем тұтастығын халықаралық қатынастарда пайдалану мен бағыну элементтерін сақтауды, оның өзара байланыстарының симметриялық еместігін мойындайды.

“Неореализм” (“құрылымдық реализм”, “структурализм” (К.Уолц, Р.Гилпин, Б.Базан, Д.Грейко) бір жағынан ұлы державалардың өзара іс-қимылының нәтижесінде біріккен халықаралық жүйе құрылымын талдау барысында пайдаланылатын “саяси реализмнің” басты ұғымының маңызын жоғары бағалайды. Ал, екінші жағынан, “неореализм” белгілі бір дәрежеде “модернизммен” (халықаралық процестерді зерттеу әдістемесі) және “трансұлтшылдықпен” (жекелеген мемлекеттерді жаһандану жүйесінің элементтері ретінде тану) жақындасады.

Халықаралық қатынастарды ғылыми зерттеудегі жаңалық болып нақты деректер негізінде модельдер құру, халықаралық саясаттың нақты мәселелерін зерттеуден тұтас ішкі өзара байланыстағы әлемдік қауымдастық, халықаралық тәртіп проблемаларын талдауға, халықаралық қатынастарды әлемдік даму процестерінің құрамдас бөлігі ретінде түсінуге өту саналады. Бұны “тәртіптелген өзгерістер”, “әлемдік дамуға бағытталған”, “орнықты даму” концепцияларының пайда болуы айғақтайды.

Халықаралық қатынастар проблемасында жоғарыда аталған бағыттармен қатар әлемдік, халықаралық және ішкі саясат болып жіктелуі саяси ғылымда маңызды орын алады.

Ең алдымен, **халықаралық қатынастар** проблемасын талдаудан бастайтын болсақ - ол мемлекеттің территориялық шекара аумағынан шығатын билік қатынастары (билікті, байлықты, ықпалды бөлу және бекіту) бойынша

өзара іс-қимыл жиынтығы. Бұл ретте бұл қатынастар мемлекетпен бір мезгілде туындайды. Мемлекетке дейінгі орын алған тайпааралық қатынастар (жерді ортақ мекендеу, біріккен аңшылық кәсіп, материалдық құндылықтардың өзара алмасуы) тұрғысында өзінің және өзге аумақтың егемендігін сақтауды және қандай да бір саяси ұйымның билік үстемдігін көздеген жоқ. Сондықтан мемлекеттер арасындағы байланыстар ағылшын философы және заңгері Д.Бентам (1748-1832) енгізген “халықаралық қатынастар” ұғымымен сипатталатын болды. Алайда, уақыт өте келе бұл ұғымының мазмұны ұлғайды; қазіргі кезде мемлекеттік іс-қимылдар, аумақтық құрылымдар шеңберінен шығатын, мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық, дипломатиялық, әскери, мәдени және де өзге байланыстар жиынтығын, халықаралық көлемде (әлем халықтары арасында) негізгі әлеуметтік, экономикалық және мемлекеттік қызметті бейнелейтін қоғамдық қатынастардың айрықша түрі деп анықталды.

Халықаралық қатынастар түрлері мынадай:

- 1) қоғамдық өмір салалары мен қатынастардың мазмұны бойынша – саяси, экономикалық, әскери-стратегиялық, мәдени, идеологиялық, дипломатиялық;
- 2) өзара іс-қимылға қатысушылар бойынша – мемлекетаралық, әртүрлі халықаралық ұйымдардың, трансұлттық корпорациялардың (ТНК) және басқаларының арасындағы қатынас;
- 3) қатынастар сипаты бойынша-- құқықтық реттеу сипатынан туындайтын мемлекетаралық қатынастар, іс жүзіндегі мемлекеттің ішкі құзырына кіретін, алайда халықаралық-құқықтық реттеу (халықаралық жеке құқық) саласына жататын мемлекеттік емес сипаттағы мемлекетаралық қатынастар.
- 4) Халықаралық қатынастар ынталылық дәрежесіне қарай --қалыпты – қалыпты емес, сенімді – алауыздық, ынтымақтастық – шиеленістік болып бөлінеді.

“Әлемдік саясат” және “халықаралық саясат” ұғымдарына халықаралық аренада болып жатқан оқиғалар жатады. Олардың арасындағы негізгі айырмашылықтар дәстүрлі емес субъектілердің қатысу деңгейімен анықталады; халықаралық саясат белсенділігі мемлекеттердің халықаралық аренадағы өзара іс-қимылын, қызметін бейнелейді және олардың арасында әртүрлі салада екіжақты және көпжақты байланыс орнатады.

Елдің сыртқы саясаты – мемлекеттің халықаралық саясатындағы жалпыәлемдік және ұлттық мүдделерін білдіруге қажет негізгі принциптерін нақты жүзеге асыру, өзге мемлекеттермен және халықтармен қатынастарды реттеу, тұтастай алғанда халықаралық процестерге тиімді ықпал жасау; бұл мемлекеттің халықаралық саясаттың жалпы бағыты.

Мақсаттар мен құралдар қатынасының бірлігі негізінде перспективалық мақсатқа жетудің ұзақ уақыттық жолдарын тиімді таңдау мен пайдалануды, меңгеруді бейнелейтін **саяси-стратегия** ұғымы. Стратегия құралдары ретінде мемлекет бақылауында болатын, мемлекеттік билік органдары қолдануды жоспарлайтын және мемлекеттік стратегиялық мақсаттарға жету үшін пайдаланатын мемлекет ресурстары (материалдық және рухани) танылады.

Саяси дипломатия деп халықаралық шиеленістерді тоқтату немесе реттеу, ынтымақтастықты ұлғайту және тереңдету мақсатында келіссөздер жүргізу мен өзара тиімді ізденістер өнерін атайды. Дипломатия - «күш

факторын» пайдаланудың «мәдениетті техникасы», «мәжбүрлеу техникасы», «реттеу процедурасы» және «келісімге жету техникасы» деп те анықтау жиі кездеседі. Кеңінен алғанда саяси дипломатия өз өкілдіктері бойынша сыртқы саяси қатынастар жүргізуші мемлекеттік мекемелердің ресми қызметін, әрбір мемлекеттің шет елдердегі өз мүддесін қорғау мен жүзеге асыру қызметін атқарады.

Мемлекеттер арасындағы қатынастар халықаралық аренада екі және көпжақты келісімдер тұрғысында тіркелген халықаралық құқықтар, нормалар мен принциптер арқылы реттеледі. Олардың аса маңыздылары: БҰҰ Жарғысы, БҰҰ Бас Ассамблеясының БҰҰ Жарғысына сәйкес мемлекеттер арасындағы достық қатынастар мен ынтымақтастыққа қатысты халықаралық құқық принциптері туралы Декларациясы, ЕҚЫҰ-ның Қорытынды актісінде сипатталған қатысушы мемлекеттердің өзара қатынасындағы басшылыққа алатын принциптер Декларациясы.

Халықаралық қатынастарға қатысушылар **“актор”** терминімен аталады. Бұл сөз қатысушылардың әрқайсысы халықаралық қатынастарға айтарлықтай ықпал етіп, халықаралық саясатта белгілі роль атқаруын, қандай да бір іс-қимылды жүзеге асыруын сипаттайды. Айта кету керек, халықаралық қатынастар акторлары сахна актёрларына өте ұқсас. Ал, актерлардан өзгешелігі, тәртіп тәсілін жалпыға танылған нормалар шеңберінде ғана таңдай алады.

“Актор” терминіне мағынасы жағынан **“халықаралық қатынастар субъектісі”** ұғымы сәйкес келеді. Халықаралық қатынастар субъектісі тұтастай алғанда халықаралық ахуалға ықпал етіп, өзге, әлсіз қатысушыларды, басқа да іс-қимылдарды жүзеге асыруға мәжбүрлеуді немесе өз саясатының шеңберінде дербес, белсенді сыртқы саясат жүргізеді.

Халықаралық қатынастарға қатысушылар негізінен екі **түрге** бөлінеді: дәстүрлі (негізгі, алғашқы бастаушы) және типтік емес.

1. **Дәстүрлі** қатысушыларға ең алдымен халықаралық құқық пен халықаралық қауымдастықтың басты субъектісі қатарындағы мемлекеттер жатады. Мемлекет (ұлттық мемлекет) адамзат қоғамдастығы саяси ұйымының әмбебап үлгісі ретінде халықаралық, сыртқы саясаттағы билік өкілеттіктерін орындайтын, ұлттық мүдделерді қорғайтын және жүзеге асыратын, халықаралық қатынастардың өзге қатысушылар арасындағы байланыстың кең ауқымын бақылайтын егеменді саяси бірлік болып саналады.

Барлық мемлекеттердің негізін ұлттар құрайды, сөйтсе де халықаралық қатынаста «олардың бірқатарының мәртебесі өзгелерге қарағанда жоғары» (Б.Рассет, Х.Стар) болса – мемлекеттердің сөз жүзіндегі заңды теңдігі (халықаралық құқық бойынша) олардың халықаралық аренадағы ұлттық қуатының теңсіздігімен (экономикалық әлуетімен, саяси беделімен, жер көлемінің кеңдігімен және басқалары) қайшы келеді, сондықтан іс жүзінде мемлекеттің өз егемендігін қорғаудағы тең емес мүмкіндіктері құқықтық теңдікке сәйкес келмейді. Бұл проблеманы шешудің нәтижелі тәсілі болып **халықаралық стратификация** үлгісі саналады, ол төмендегідей түрге бөлінеді:

1) **Жоғарғы державалар** (супердержавалар) – халықаралық жүйеге және оның барлығы мүшелеріне сан және сапа жағынан ықпал етуге мүмкіндік беретін барлық ресурстарды (адами, экономикалық, дипломатиялық, жағырапиялық және әскери) иемденген мемлекеттер. Бұлар халықаралық саясатта жаһандық “күш орталықтары” мысалы, “қырғи-қабак соғыс” дәуіріндегі АҚШ пен КСРО.

2) **Ұлы державалар** - әлемдік дамуға елеулі ықпал ететін, алайда халықаралық қатынастарға үстемдік жасамайтын мемлекеттер. Олардың нақты мүмкіндіктері, өздерінің ролі белгілі бір аймақпен, мемлекетаралық қатынастардың жекелеген саласымен шектеледі. Жаһандану жүйесінің қалыптастыру мәселелерін шешу оларға байланысты емес. Бұндай мемлекеттер аймақтық “күш орталықтары”, “квазижоғарғы державалар” болуы мүмкін, қазіргі жағдайдағы – Ресей, Қытай, Ұлыбритания, Германия, Жапония.

3) **Орта державалар** – жақын маңайға берік ықпал ететін Қазақстан және Еуропа мен Азияның біраз елдері.

4) **Кіші мемлекеттер** – халықаралық қатынастарға бәсең ықпал ететін, алайда өзінің тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын сақтауға жеткілікті құралдарды иемденген Нидерланды, Дания, Швеция, Австрия және тағы басқалары;

5) **Шағын мемлекеттер** – сапа деңгейі ретіндегі жер аумағының көлемі бойынша шағын, халқының саны 1 миллион адамнан аспайтын Лихтенштейн, Сан-Марино, Люксембург, Андорра және т.б.

2. **Типтік (дәстүрлі) емес** қатысушылар. Қазіргі уақыттағы экологиялық проблемаларының өзектілігімен, ғылыми-техникалық прогресс әсерімен, коммуникацияның дамуымен мемлекеттік емес (трансұлттық, типтік емес) халықаралық қатынастардың қатысушылары әлемдік аренада іс-әрекет жасаушылар; “екінші әлем” терминімен (Дж.Розенау) аталатын бұл халықаралық ұйымдар, (трансұлттық корпорациялар, өзге де қоғамдық күштер мен қозғалыстар) қазіргі кезде зор маңызға ие болып отыр.

Халықаралық ұйымдар - мемлекеттер ынтымақтастығының дамуы мен халықаралық проблемаларды шешуге ықпал ету үшін халықаралық келісімдер (жарғылар, статустар және басқа құрылтайшылық құжаттар) негізінде құрылған үкіметаралық және үкіметтік емес сипаттағы тұрақты бірлестіктерді құрайды. Тұтастай алғанда олардың пайда болуы қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларындағы ұлтаралық ынтымақтастыққа бетбұрысты, мемлекеттердің функциялық ынтымақтастығы қажеттілігін білдіреді.

Халықаралық саяси ұйымдар әртүрлі негіздер бойынша сипатталады.

Мүшелерінің сипаты бойынша мемлекетаралық (үкімет аралық саяси ұйым - ҰАСҰ) және (ҮЕСҰ) үкіметтік емес ұйымдарға бөлінеді.

Мемлекетаралық саяси ұйымдардың белгілері: мемлекеттің мүшелігі, құрылтайшылық халықаралық келісім-шарттың, тұрақты органдардың болуы. Қазіргі таңда 400-ден астам ҰАСҰ бар.

Бірінші ҰАСҰ болып Рейн кеме шаруашылығы жөніндегі тұрақты комиссия (1815 ж.) құрылды. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында өнеркәсіп, техника, коммуникация салаларындағы мемлекеттер ынтымақтастығы үшін ҰАСҰ-ғы өмірге келді. Олар: Халықаралық телеграф одағы, Халықаралық өлшем және таразылар бюросы, Бүкіләлемдік пошта

одағы, өнеркәсіптік меншікті қорғау одағы); бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін – Ұлттар Лигасы және т.б. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі мемлекеттердің жаһандану ынтымақтастығының тәжірибесі 1945 жылы әмбебап халықаралық қауіпсіздік ұйымы – қазіргі таңда 190-ға жуық мемлекетті біріктіріп отырған Біріккен Ұлттар ұйымын (БҰҰ) құруға мүмкіндік берді.

БҰҰ жарғысына сәйкес оның 6 басты органы бар:

- 1) Бас Ассамблея (БА) – халықаралық бейбітшілікті нығайту, қарулануды қысқарту, халықаралық ынтымақтастықты дамыту салаларындағы маңызды мәселелерді шешетін кеңесші өкілетті орган (БҰҰ мүшелері енеді);
- 2) Қауіпсіздік Кеңесі (ҚК) – тұрақты 5 мүшеден (Ресей, АҚШ, Ұлыбритания, Франция, ҚХР) және әділ жағырапиялық өкілеттілік өлшем мен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысу деңгейі негізінде тұрақты емес 10 мүшеден (3 орын – Африка, 2 – Азия, 2 – Латын Америкасы, 2 – Батыс Еуропа, 1 – Шығыс Еуропа) тұрады. Бұл – тұрақты қызмет ететін, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қорғау үшін басты жауапкершілікке ие болатын, барлық мемлекеттердің – БҰҰ мүшелерінің атынан қызмет атқаратын саяси және атқарушы орган. Қауіпсіздік Кеңесі бейбітшілікке төнетін кез-келген қатерді анықтап (ахуалды сарапқа салады), сарапқа салу негізінде құқық бұзушыларға мәжбүрлеу шаралары туралы ұсыныстар немесе шешімдер қабылдайды. Олар әскери емес – экономикалық, дипломатиялық шаралар;
- 3) Экономикалық және әлеуметтік кеңес (БҰҰ-ның БА-сы 3 жылға сайлаған 54 мүшеден тұрады) – БҰҰ-ы жүйесіндегі мекемелердің экономикалық және әлеуметтік қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;
- 4) Қамқорлық-көмек жөніндегі Кеңес (5 мүшеден тұрады – Ресей, АҚШ, Ұлыбритания, Франция, ҚХР) осы халықаралық жүйені бақылау мақсатында құрылған орган;
- 5) Халықаралық сот (БҰҰ-ның БА-сы мен ҚК 9 жылға сайланатын 15 тәуелсіз соттан тұрады). БҰҰ-ның бас сот органы, тек ғана жеке мемлекеттер ұсынған дауларды қарайды және ол бойынша нақты, міндеттеуші шешімдер қабылдайды, сондай-ақ кез-келген заңгерлік мәселе бойынша кеңесшілік қорытынды жасайды. Халықаралық сот даулы халықаралық проблемаларды бейбіт жолмен шешуге ықпал етеді;
- 6) Секретариат (қызметкерлерінің жалпы саны 50 мыңға жуық) БҰҰ жүйесі органдарын жабдықтауды, жүйе шеңберінде талданған бағдарламаларды орындауды, осы ұйым мүшелері шығарған халықаралық шарттарды тіркеуді, зерттеуді және басқа да іс-шараларды қамтамасыз ететін орган. Оған БҰҰ –ның ҚК ұсынысы бойынша БА 5 жылға (қайта сайлану құқығымен бекітетін) бас әкімші лауазымының иесі болып саналатын Бас хатшы жетекшілік етеді.

БҰҰ жүйесіне арнаулы салаларда ынтымақтастықты жүзеге асыратын әмбебап сипаттағы мамандандырылған 16 мекеме – ҰАСҰ кіреді: олар әлеуметтік (Халықаралық еңбек ұйымы – ХЕК, Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы – БАСҰ); мәдени және гуманитарлық (БҰҰ-ның ғылым мен мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы – ЮНЕСКО, интеллектуалдық меншіктің Бүкіләлемдік ұйымы - ВОИС); экономикалық (БҰҰ-ның өнеркәсіптік даму жөніндегі ұйымы ЮНИДО); қаржы-кредиттік (халықаралық қайта құру және

даму банкісі – МБРР, Халықаралық валюта қоры – МВФ, халықаралық даму ассоциациясы – МАР, Халықаралық қаржы корпорациясы – МФК); ауыл шаруашылығы саласында (БҰҰ-ның азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы – ФАО, Халықаралық ауыл шаруашылығын дамыту қоры - ИФАД); көлік және байланыс (халықаралық азаматтық авиация ұйымы – ИКАО, халықаралық теңізшілер ұйымы – ИМО, Бүкіләлемдік пошта одағы – ВПС, халықаралық электрлік байланыс одағы - МСЭ); метеорологияда (Бүкіләлемдік метеорологиялық ұйым – ВМО), сондай-ақ арнаулы автономиялық ұйымдар – халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттік (МАГАТЭ), БҰҰ-ның сауда және даму жөніндегі конференциясы (ЮНКТАД), БҰҰ-ның даму бағдарламасы (ПРООН), БҰҰ-ның қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП). Кейде БҰҰ-ның жүйесіне Халықаралық инвестиция жөніндегі агенттікті (МАИГ) және Бүкіләлемдік сауда ұйымын (ВТО) қосады. НПО деген ұйымның айырмашылығы-- аумақтық емес құрылым. Олардың мүшелері егемен мемлекеттер болып танылмайды. НПО (“егемендіктен тыс акторлар” үш мақсатқа сәйкес келеді: құрамы мен қызметі жағынан халықаралық сипатта, құрылтайшылығы – жеке сипатта, қызметі – ерікті сипатта). Тар мағынада алғанда НПО – мемлекеттік емес институттар мен бірнеше елді жекелей біріктіретін арнаулы саладағы ынтымақтастық құрылымдары – діни ұйымдар (шіркеулердің Экуменикалық кеңесі), ғалымдар ұйымдары (Пагуош қозғалысы), құқықтық (Халықаралық рақымшылдық) және басқа ұйымдар. Кең мағынада алғанда НПО құрамына іс жүзінде халықаралық қатынастардың барлық мемлекеттік емес қатысушылары кіреді: саяси қозғалыстар (Социалистік интернационал), гуманитарлық (Халықаралық Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай Федерациясы). Басқа сипаттағы трансұлттық кәсіпорындар (ТНП) мүшелері: “өндіруші мемлекеттер ассоциациясы”, «мысты экспортқа шығарушылар ұйымы»; «темірді экспортқа шығарушылар ұйымы». Бұлардың көпшілігі БҰҰ жүйесіндегі мамандандырылған мекемелер жанындағы кеңесші мәртебесіне ие болған ұйымдар мен мекемелер.. Олар саяси, экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-техникалық проблемаларды шешуде БҰҰ-мен ынтымақтасады. Мысалы, Бүкіләлемдік бейбітшілік одағы – ВСМ, халықаралық ғылыми одақтар кеңесі – МСНС және басқалары.

Үкіметаралық ұйымдар **қатысушылар шеңбері жөнінде** ғаламдық (бүкіләлемдік) және шектеулі құрамдарға бөлінеді. Ғаламдық (“Ислам конференциясы” ұйымы - ОИК). Аймақтық шектеулі (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы – ТМД, Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің Ассоциациясы – АСЕАН, ШЫҰ, араб мемлекеттерінің лигасы – ЛАГ, африкалық бірлік ұйымы – ОАЕ, Бенилюкс ұйымдары.)

Іс-қимылының мағынасына қарай (сферасына және бағытталған қызметіне сәйкес) жалпымақсаттық (БҰҰ), экономикалық (Оңтүстік америкалық жалпы рынок - МЕРКОСУР), әскери-саяси (солтүстік атлантикалық келісім-шарт ұйымы - НАТО), қаржылық (МВФ), ғылыми (“Эврика”) және басқа ұйымдарға бөлінеді.

XX ғасырдың 90-жылдарында әртүрлі жағырапиялық аймақтардың халықаралық ұйымдары енген трансдіни бірлестіктер (ЕС – АСЕАН, ЕС – МЕРКОСУР және басқалары) кеңінен тарады.

Қазіргі кезде халықаралық қатынастарға кейбір ұлт –азаттық, сепаратистік, лаңкестік ұйымдарды (Бен-Ладеннің Аль Кайдасы, Ирландия республикалық армиясы – ИРА, Палестинаны азат ету ұйымы – ООП), аймақтық және жергілікті ұйымдарды, жекелеген ұйымдарды жатқызуға болады. Олардың қызметі кейбір жағдайда мемлекеттердің «тұрпайы» және «субұлттық» дипломатия мен транс-шекаралық байланыстарды туындатады.

2. Әлемдік саясат және халықаралық саяси жүйе

Халықаралық қатынастардың тарихи дамуы барысында оның қатысушыларының сипаты, қызмет тәсілдері, өзара іс-қимыл көлемі айтарлықтай өзгерді. Бұл жеке мемлекетаралық іс-қимылдардың белгілі бір аймақ шеңберімен шектеліп қалуынан әлемдік жаһандануға өту белгісі. Қазіргі кезде бүкіл әлем іс жүзінде халықаралық саясат кеңістігі болып, бірте-бірте жаһандануға өту барысы аңғарылады. Ғаламдасу (жаһандану) саяси бағытымен бірге мемлекеттер арасындағы “ұлттық мүдделер” бәсекелестігі тұрғысындағы қатынастар қалыптасты олар, бір жағынан, бірнеше ұлы державаның даму жолындағы бірігуіне айналса, екінші жағынан, саналы түрдегі өзінің стратегиялық, перспективалық болашақтағы бірігу процесінде жетекшілік етуге мүдделі. Бұл құбылыстар жаңа *халықаралық қатынастар жүйесінің* қалыптасуын бейнелейді.

Халықаралық қатынастардың еуропалық жүйесінің қалыптасуы ортағасырлық және Жаңа дәуір (XVI ғ.) кезеңінде жүзеге аса бастады. Бұл процестің маңызды алғышарттары: 1) XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың басындағы ұлы жағырапиялық ашулардан туындаған халықаралық саясат кеңістігінің ұлғаюы; 2) халықаралық экономикалық қатынастардың әлемдік жүйесінің пайда болуы; 3) халықаралық ынтымақтың әртүрлі үлгілерін ің жетілуі; 4) аса ірі ұлттық мемлекеттердің құрылуы.

Халықаралық қатынастарды жаһандастыру бағыты өзіне қарсы (идеологиялық және экономикалық басым болу) саясатымен қатар жүрді. Саяси саладағы конфессиялық әртүрлі пікірлер мен көзқарастардың оқшаулануы, өзара бірлігінің болмауы, еуропалық елдердің біркелкі емес экономикалық дамуы орын алды. Жеке мемлекеттердің бірте-бірте жаңа халықаралық қатынастарға өтуі олардың саяси-экономикалық оқшаулануын тоқтатты. Бұл қатынастардың нәтижесінде XVII ғасырдың ортасына қарай халықаралық қатынастардың жалпыеуропалық үлгісі – еуропалық мемлекеттер іс-қимылының күрделі жүйесінің қалыптасуына негіз болды. Осы халықаралық қатынастар жүйесінің негізгі сипаттары:

- 1) жеке мемлекеттер арасындағы қатынастардың күрделенуі (саяси, идеологиялық, экономикалық салаларда);
- 2) ортақ мүдделері негізінде құрылған және Еуропадағы саяси күштердің қызметін атқаратын жүйенің қалыптаса басталуы;

3) мемлекеттердің сыртқы саяси концепцияларына сәйкес олардың халықаралық алаңдағы іс-қимыл бағдарламаларының болуы.

Осы жүйе шеңберіндегі халықаралық қатынастардың ұзақ уақыт бойы қалыптасқан негізгі принциптері: ұлттық (мемлекеттік) егемендік принципі (ұлттық мемлекет құруды қоғамның саяси ұйымының басты үлгісі ретінде ұстану) және күштердің (баланстың) тепе-теңдік принципі (“ұлы державалардың” жоғары мақсаттарының шығуымен, тәуелсіздіктен айырылу шегінде тұрған мемлекеттердің бәсекелестікке түсуімен сәйкес келуі.)

Халықаралық қатынастардың еуропалық жүйесі -- халықаралық саясаттың көлемін (жер шекарасын) ұлғайтып, бүкіләлемдік халықаралық жүйеге айналды. Халықаралық жүйе құрылымның айтарлықтай күрделенуі оның іс-қимылындағы элементтер мен типтер санының көбеюімен ерекшеленді. Мемлекеттердің мақсатты қондырғылары мен сыртқы-саяси құндылықтарында үлкен өзгерістер жүзеге асты; өз билігіндегі үлесті кеңейтуге ұмтылу, жүйедегі орынды ұлғайтуға шақырған стратегиялық шекараларға (ықпал аймақтарына) айрықша қызығушылық, өзара ұжымдық кепілдіктер жүйесін орнықтырумен алмасты. Бұл өз кезегінде халықаралық ұйымдардың белсенділігін, экономикалық жағдайын жақсарта отырып, жағырапиялық факторлар үстемдігін әлсіретуге әкелді. Сыртқы саяси іс-қимылдардағы соғыстың пайдасы сияқты көзқарастарға қарсы тұру нақты жүзеге асты.

Өзге құрылымдар тәрізді халықаралық қатынастар жүйесі де бірімен бірінің іс-қимылында орын алатын элементтер жиынтығын иемденеді. Бұған халықаралық жүйенің қызметін қолдайтын, оның дамуын қамтамасыз ететін іс-қимыл бастаулары кіреді. Халықаралық жүйенің қызметі халықаралық қатынастар ерекшеліктерімен айқындалады, олар:

1) халықаралық жүйе әлеуметтік (қоғамдық), ашық және бәсең ұйымдасқан жүйе болып саналады; ол нақты шекараның болмауымен, сыртқы және ішкі орталықтандырудың, құрамдық бірігудің төмен деңгейімен, автономияны сақтап қалуымен сипатталады;

2) халықаралық жүйенің негізі болып саяси қатынастар саналады; халықаралық қатынастардың белгілі бір жүйесіне тиісті өзара іс-қимылдар (ынтымақтастық, бәсекелестік, шиеленіс) нәтижесінде қол жеткен жетістіктерді, ресурстар тарату мен халықаралық аренадағы ықпал деңгейін тұтастай алғандағы күштер қатынасын анықтайды.

3) халықаралық жүйе – күрделі қалыптасқан жүйе; ол өзін құрайтын іс-қимылдардың бірнеше деңгейінің, әртүрлі факторлардың халықаралық қатынастарға қатысушылар арасындағы күштер салмағының, ішкі процестердің және сыртқы ортаның ықпал етуі әсерінен өзгеріп отырады.

Сонымен, халықаралық жүйе - тұтастай алғанда халықаралық алаңдағы тиісті кеңістік-уақыт контексіндегі қатынастардың формалды емес мекемелері бола отырып, халықаралық қатынастарға қатысушылардың тәртібі мен қызметінің нәтижесін анықтайтын және олардың халықаралық саясаттағы ролін, өзара іс-қимылдарын, тәсілдерін сипаттайтын құрылым.

Халықаралық саяси жүйенің қалыптасуы ұзақ уақытқа созылған бірнеше кезеңдерден өтті. Бұл жүйенің қалыптасуына шартты негіз болып халықаралық тәртіптің жетілуі саналады.

«**Халықаралық тәртіп**» ұғымында мемлекеттер мен басқа институттардың маңызды қажеттіліктерін қамтамасыз етуге, олардың жұмыс істеуіне, қауіпсіздігі мен дамуына қажетті шарттарды жасау мен қолдауға бағытталған халықаралық қатынастар құрылымы анықталады. Халықаралық тәртіп негізін күштердің өзара айқындалған қатынасқа, қалыптылыққа кепілдік беретін халықаралық қатынастар тәртібі мен ережелерінің жалпыға бірдей мойындалған жиынтығы құрайды. Ал, халықаралық тәртіп мемлекетаралық өзара іс-қимылдарды реттеу нәтижесінде қалыптасады.

“Саяси үлгілер мен оны байланыстырушы барлық этностар аралығындағы «әлемнің саяси қондырғысы» делінетін ұғымнан, абсолютті егемендіктен бас тарта отырып, заңдық нормаларға (мемлекет құқықтарына) және жалпыадамзаттық құндылықтарға (адам құқықтарына) жауап беретін “**әлемдік тәртіп**” ұғымы мағынасы жағынан әлдеқайда кең.

Халықаралық қатынастардағы реттеуші принциптердің іс жүзіндегі өзгерістері, халықаралық тәртіптің **тарихи типтері** былай сипатталады:

1) 1648-1815 ж. негізгі принциптер: ұлттық (мемлекеттік) егемендік және саяси тепе-теңдік принциптері болды. Еуропалық тәртіп трансформациясы, яғни, басты субъектісі халықаралық қатынастардың егеменді мемлекеттер болатын өзара іс-қимылдардың орнықты жүйесі қалыптасты. Өзара қатынастарды реттеуде өздігінен күш қолдануды шектеумен, мемлекеттің халықаралық арена тәртібіне бақылау орнатуымен жүзеге асты. Еуропалық тепе-теңдік жүйесінде бекітілген негізгі шарт, ереже егемендік принципі (мемлекеттік мүдделердің шектелмеген бәсекелестігі) және жалпы мүдде принципі (қалыптылық) келісім. Гегемондық бағыт алуды жүзеге асыру барысында саяси күштерді өз мүддесіне пайдалану заңсыздық іс-қимыл болып саналып, ал оны ұжымдық пайдалану (коалиция «өркөкірек», «менменшіл» мемлекетке қарсы бірнеше мемлекеттер одағын құру жолымен) – тәртіп сақтау құралы қалыптаса бастады.

2) 1815-1860 жылдары “Вена жүйесі” қалыптасты негізгі принциптері легитимизм болды. Халықтық қызметін Вена конгресі белгілеген “1815 ж. жүйенің” қалыптылығын қамтамасыз ету мен нығайту мақсатында консервативтік мүдделер өз бірлігінің концепциясын ұсынды. Халықтық принципінің (XIX ғ. ұлт-азаттық қозғалыстардың күшеюіне байланысты) жеңістері мен жаңаруын баянды ету үшін жаңа тәртіп бастамашылары күштерін біріктіру қарастырылды. Алайда, “қасиетті бірлік” іштен жарылды; бұл «жарылыс» парадоксы оның жақтаушылары мен қорғаушылары тарапынан болған бұрынғы идеалды бекерге шығаруынан болды;

3) 1860–1914жж. “реалистік саясат” бойынша мемлекеттер арасындағы қатынастар қатал күшпен шешілді, жеке, қуатты мемлекеттің оқшаулануына жол беріліп мемлекеттердің өзара қарама-қарсы блоктары құрылды, олардың антагонизмі өршіді;

4) 1914-1918-1939 жж. “Версаль жүйесінде” идеологиялық фактор іс-қимылға ауысты, ұлттық мемлекеттер арасындағы шиеленіске идеология қайшылығы қосылды (фашизм, коммунизм және либерализм);

5) 1945ж. – ХХ ғасырдың 80-жылдарының соңы “қырғи-қабақ соғыс” дәуірі, II дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық тәртіп. Халықаралық қатынастардың жаңа құрылымының сипаты – биполярлық және конфронтация (әскери-саяси, экономикалық, идеологиялық ымырасыздық). Жоғарғы державалар идеология арқылы өзінің қуатын айқындай бастады. Осы кезеңде халықаралық қатынастар акторы ретінде халықаралық ұйымдардың (әсіресе БҰҰ) ролі күшейді, халықаралық құқықтың мәні және оның ұлттық мақсаттары мен бағдарламалары мойындалды;

6) ХХ ғ. 90-жылдарының басынан жаңа халықаралық тәртіпті қалыптастыру кезеңі басталды. Бұл халықаралық саясат балама бағыттардың пайда болуымен сипатталып жаһандануға, ынтымақтастық пен интеграцияның дамыған бағытына бетбұрыс, өзара іс-қимыл шиеленістерін сақтайтын ағымдарға бағыт беру, өзара байланыс, трансұлттық және ұлттық сепаратизм идеяларының түйісуі болды. Олар проблематикалық және ретсіздікті іс жүзінде шешудің тәсілдерін енгізді. Биполярлықтың күйреуі империялық (бір ғана жоғарғы державаның болуы мен көпполярлық (мемлекеттердің мәртебесі мен ықпалының тепе-теңдігі) баламаларын туындатты.

3. Жаңа Қазақстан халықаралық қатынастар жүйесінде

Мемлекеттің негізгі белгісі – егемендік, ал оның құрамды элементтері: территориясы, халқы және саяси билігі.

Қазақстан Республикасы егеменді ел болып, өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін мемлекеттіліктің белгілері мен элементтерін толық орнықтыруға бағыт ұстанған белсенді де парасатты саяси қызмет атқарып келеді. Бұның айқын дәлелі 1992 жылғы 2-ші наурызда, яғни тәуелсіздік алғаннан кейінгі аз уақыт ішінде Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының толық құқылы мүшесі болуы.

Еліміз БҰҰ Бас Ассамблеясының 46-сессиясында Ұйымның жаңа мүшесі ретінде ғана емес, қазіргі заманның ең өзекті халықаралық проблемалары бойынша белсенді позиция ұстанатын мемлекет ретінде танылды. Қазақстан БҰҰ Бас Ассамблеяның биік мінбелерінен халықаралық өзекті мәселелерді шешуге қатысып өз ұсыныстарын білдіруге мүмкіндік алды. Қазіргі кезде елімізді дүние жүзінің басым көпшілік мемлекеттері танып отыр, олармен дипломатиялық қатынастар орнатылды.

Қазақстан Республикасы көршілес мемлекеттермен өз территориясының шекаралық белгілері туралы, салмақты дипломатияға сүйене отырып, өз қауіпсіздігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз етті.

Жаңа Қазақстан Республикасының қалыптасуы екі бағытта жүзеге асуда, біріншісі–қоғамды демократияландыру, екіншісі–нарықтық экономиканы игеру.

Бірінші бағыт Қазақстанның саяси билік (яғни, мемлекеттік) жүйесін қалыптастыруда бірнеше сатыдан өтті.

Алғашқы 1991-1995 жылдардағы мемлекеттік қызметті елдің саяси, экономикалық, мәдени-әлеуметтік, психологиялық және ұлттық ерекшеліктерін ескеретін жаңа моделін іздеу сатысы ретінде сипаттауға болады.

Бұл кезеңде партиялық-кеңестік басқару жүйесі мен бірпартиялық саяси монополия жойылды, бұрынғы мемлекеттік органдардың жаңа әлеуметтік-экономикалық құрылысқа бейімделуі жүзеге асты.

Саяси билік жүйесіндегі өзгерістер Қазақстан Республикасының 1993жылғы Конституциясында көрініс тапты. Елде билікті бөлу принципі заңды түрде бекітілді. Заң шығарушы, атқарушы және сот органдары алғаш рет дербес тармақтар ретінде айқындалды.

1995-2000 жылдар қоғамның саяси жүйесінің, мемлекеттік мекемелерінің қалыптасу кезеңі болды. Бұл жылдарда қазіргі заманғы мемлекеттік қызметті қалыптастыру мен дамыту жөніндегі ауқымды да тұрақты жұмыстар кеңінен өріс алды. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының (1995 ж.) қабылдануы және Президенттің «Мемлекеттік қызмет туралы» Заң күші бар (1995 ж.) жарлығы осы кезеңнің бастауы болды, осы құжаттарда саяси биліктің тиімді жүйесін құрудың негіздері қаланды. Сол кезеңде саяси биліктің бағдарын жүзеге асыратын мемлекеттік қызмет саласы жалпы еңбек құқығы саласынан бөлініп, жаңа заңнамамен рәсімделді.

Қазақстан Республикасында мемлекетті демократияландыру процестері үнемі халықаралық деңгейге сәйкес дамытылып келеді. Осы саладағы жаңа жетістіктердің бірі 2007жылғы 21-ші мамырда Қазақстан Республикасы Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар арқылы Қазақстанның Президенттік Республика формасынан Президенттік-парламенттік Республика формасына көшуі.

Жаңа мемлекетіміз Қазақстан Республикасының бірінші күндерінен бастап дамудың басты басымдығы экономика саласы болды. Мақсат: біріншіден, экономиканы барынша ырықтандырып, оның ашықтығына қол жеткізу, екінші жағынан – инфрақұрылым жасау және маңызды салаларды дамыту жеке меншік секторын жандандыру болды.

Қазақстанның нарықтық экономикаға көшуі 1991-1992 жылдары қажетті заңдар мен нормативтік актілер қабылдаудан басталды. Олардың ішінде «Қазақстан Республикасындағы меншік туралы», «Қазақстан Республикасындағы кәсіпкершілікті дамыту, шаруашылықтағы қызмет бостандығы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызметтер» және т.б. заңдар.

Нарықтық экономиканың дамуын жеделдету мақсатында мемлекет меншігін жекешелендіру жоспары жасалды. Ең бірінші кезекте нәтижесіздік танытқан мемлекеттік секторларды жекешелендіру болды.

Сыртқы экономикалық байланысты дамыту үшін Қазақстанда «Қазақстан Республикасындағы шетел инвесторлары» туралы заң қабылданды.

Қазіргі күні дүние жүзіндегі барлық өркениетті мемлекеттер Қазақстан экономикасына өз инвестициясын салуда ынталылық көрсетуде. Шетел

инвесторларының Қазақстан экономикасына қаржы салуға қызығушылығы – біздің еліміздегі заңдардың тұрақтылығымен оларға кепілдеме берілуіне байланысты.

Қазақстан Республикасындағы одан әрі жалғасқан саяси, экономикалық және әлеуметтік жаңғырулар өзінің халықаралық сыртқы саясатын нәтижелі және жүйелі түрде қалыптастыруға негіз болды. Қазақстан тәуелсіздік алған уақыттан бері көп бағытты теңдестірілген сыртқы саясат жүргізіп келеді. Ел саясатының бейбітсүйгіш сипаты, жедел әлеуметтік-экономикалық дамуы, осы өңірдегі және әлемдегі қауіпсіздікті нығайту жөніндегі белсенді практикалық іс-әрекеті – барлық мемлекеттермен шынайы достық қатынастарды дамытуға мүмкіндік беріп отыр.

Қазақстан Республикасы бүгінде халық өмірінің жоғары үлгісіне сәйкес, демократия мен азаматтық қоғам дамытуға бағдарланған тұрақты да серпінді өсу үстіндегі экономикасы бар өңірлік мемлекет ретінде танылады. Еліміз дүниежүзілік қоғамдастыққа өтіп, өркениетті даму жолына түсті.

Тәуелсіздік жолын бастаған, жаңа Қазақстан бірінші күндерден-ақ өзін ықпалдасу мен көп қырлы ынтымақтастықты табанды жақтаушы ретінде көрсетті. Осындай парасатты саяси бастамалар жауапты да айрықша маңызды жағдайларда Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтің стратегиялық тұрғыдан пайымдай білуінің жемісі болды. Елбасының Қазақстанның әлемдегі ең күшті ядролық арсеналдарының бірінен ерікті түрде бас тарту туралы шешімі осы қатарға жатады. Сол кезде Қазақстанның «ядролық алғашқы мұсылман державасы» болуымен қызыққан саясатшылар мен оларды қолпаштаушы шетелдік күштер аз болған жоқ. Бірақ қазіргі уақыт осындай дана әрі батыл шешімнің өміршеңдігін дәлелдеп отыр.

Елбасының саяси таңдауы негізінде Қазақстанның дамуындағы аса маңызды құндылықтар: Қазақтардың Дүниежүзілік Құрылтайлары өтуі, 1995жылғы 1-ші наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы, бұл мәртебелі қоғамдық ұйымның Мәжілістің құрамына 9 депутатын сайлайтын Конституциялық заңға жетуі; біздің еліміздің Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съездерінің орталығына айналуы. Осындай бірегей форумдар түрлі халықтар арасындағы өзара түсіністік пен әріптестікке қызмет ететінін барша әлем қолдап отыр.

Елбасымыздың саяси таңдауы арқасында еліміздің жаңа саяси орталығын Алматыдан бұрынғы Ақмола, қазіргі Астанаға ауыстыруы да аса маңызды жалпыұлттық игілік – қазынамыз болды.

Астана дүниеге келіп, бүкіл жоғарғы құзырлы билік органдары орналасқан, жалпымемлекеттік, жалпыұлттық сипаттағы аса маңызды саяси шешімдер қабылданатын орталыққа айналды.

Астана – ел, мемлекет болғанымыздың, ұлтымыздың жасампаздық рухы мен әулетінің, ерік-жігерінің айшықты, нақты материалдық-заттық, мәртебелі де мерейлі дәлелі.

Қазақстан Республикасы - өзінің сыртқы саясатында Ресей, АҚШ, Қытай, Орта Азиялық елдері, ТМД, Еуропалық Одақ, Түркия, күллі мұсылман әлемімен саяси және экономикалық ықпалдасу мен сенімнің биік деңгейде

болуын мақсат етті. Осы елдердің қаржы компанияларының Қазақстан экономикасына инвестиция салуы ынтымақтастықтың өте маңызды жетістігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының басты идеясы интеграциялық мәселелер болды. Алғашқы кезеңде ұсынылған Евразия одағы туралы идея осы заманғы көптеген көкейкесті саяси мәселелердегі ұстанымдарды жақындастыруға алып келгені ақиқат. Еуразиялық интеграция идеясын жүзеге асыру барысында, ғалымдар мен зиялылардың еуразиялық клубын құру ұсынысы мақұлданып (2007 ж.) Қазақстан Республикасы Үкіметінің бастамасымен 2008 жылы Астанада өткен «Жаһандану жағдайындағы экономикалық дамудың қазіргі заманғы қырлары» атты ғалымдардың Еуразиялық экономикалық форумында еліміздің экономикалық дәрежесіне ерекше мән берілді.

Еліміздің сыртқы саяси мүдделерін кең ауқымды қамтуы мен ұлттық мүдделерін қорғау барысында маңызды ұсыныстарының ішінен Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес шақыру туралы бастама да тарихи маңыздылығы зор шешімдер қатарынан табылады (1992 ж.). Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі Кеңес (АӨСШК) – жалпы алғанда 3 миллиард халқы бар, 18 мемлекетті біріктірген, дүниежүзілік ішкі жалпы өнімнің үштен бірі тиесілі, Еуразия континентіндегі қауіпсіздікті нығайтуға өзінің қомақты үлесін қоса алған беделді халықаралық ұйым.

Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының басты бағыты халықаралық экономикалық одақтармен қауымдастықтарға қатысу арқылы жаһандық экономикаға кіру болды. Осы мақсатта Біртұтас экономикалық кеңістік, ЕурАзЭҚ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы мен Орта Азиялық ынтымақтастық шеңберіндегі жұмыстарды белсенді түрде атқаруда. Қазақстанның Азия Даму банкі, Бүкіләлемдік банк, Еуропа қайта құру және даму банкі, Еуропа инвестициялық қоры, Еуропа инвестициялық банкі одақтарындағы өзінің орнын нығайтуы еліміздің экономикалық даму кеңістігін әлемдік деңгейге көтерді.

Осындай жан-жақты ішкі және сырқы саясаттың нәтижесінде Қазақстанда тиімді халықаралық ынтымақтастықтың берік жүйесі жасалды, еліміздің әлемдегі беделі жоғарылады. Бұған дәлел – Қазақстан Республикасына әр жыл сайын халықаралық беделді ұйымдарға төрағалық ету құрметті міндетінің жүктелуі. Ал осы ұйымдардағы төрағалық ету мерзімі төмендегідей: Азиядағы ынтымақтастық үнқатысуы – 2008-2009 жылдар, АӨСШК – 2006-2010 жылдар, ЕҚЫҰ – 2010 жыл, ШЫҰ – 2011 жыл, ИКҰ – 2011 жыл.

Бұл ұйымдардың бәрі де әлемдегі ықпалды, көпқырлы саяси қызметтерімен танылған ұйымдар. Мысалы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ – ОБСЕ - OSCE) әлемнің ең дамыған демократиялық мемлекеттері құрған халықаралық ұйымы. Бұл ұйымға төрағалық етуге халықаралық сенім білдіру Қазақстан үшін, жоғары саяси бедел мен мәртебе. Қазақстан бұрынғы Кеңес Одағы және Еуразия құрлығында осындай құрметті және жауапты миссия жүктелген бірінші ел болып табылады.

Ал Ислам Конференциясы Ұйымы (ИКҰ) - халықаралық ұйымдардың ішіндегі ең ірі, ықпалды үкіметаралық мұсылман ұйымы болып табылады. Қазіргі кезде халқы 1,4 млрд –тан астам адам санын құрайтын 57 елді біріктіреді. ИКҰ БҰҰ- дан кейін мүше мемлекеттер саны бойынша әлемде екінші орын алады. Ислам Конференциясы Ұйымының қауымдастырылған мекемелерінің кең жүйесі құрылған. Солардың ішінде Бүкіләлемдік банктің баламасы – Ислам даму банкі, қызметі ЮНЕСКО –мен ИСЕСКО-ға ұқсас және т.б. Осының бәрі Қазақстанға кең ауқымды мәселелер шешімдеріне қатысу мүмкіндігін береді. Осындай экономикалық және саяси одақтар мен қауымдастықтарға қатысу арқылы Қазақстан жаһандық экономикаға кірігу саясатын жүзеге асыруда.

Қазақстанның егеменді және тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып, әлемдік қоғамдастықтың беделді мүшесі деңгейіне жетуіне басты негіз болған - нақты іс жүзіне асырылған ішкі саясат. Олардың бірінші орынға қойылған басымдықтары: экономика, әлеуметтік саясат, мемлекеттің ролін арттыру және т.б.

Экономикалық өсімнің барынша жоғары қарқынына қол жеткізу – мемлекеттің негізгі міндеті болып қала берді. Қазақстанның экономикалық стратегиясында қамтылған мақсаттар (ырықтандыру, әлемдік экономикаға интеграциялану, индустриялық-инновациялық даму, аграрлық саясат, инфрақұрылым) дүниежүзілік нарықтық экономикалық қатынастар принципіне сәйкес екендігін қазіргі өмір дәлелдеп отыр.

Келесі бағдар – осы заманғы **әлеуметтік саясат**. Оның негізгі бағыттары: халықтың неғұрлым «әлжуаз» топтарына қолдау көрсету, тұрғын үй құрылысы мен жылжымайтын мүлік рыногін дамыту мәселелері, денсаулық сақтау саласын ұйымдастыруда осы заманғы стандарттарға көшу, халықаралық стандарттарға сәйкес қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Осындай халыққа әлеуметтік көмек көрсету саясаты мемлекеттік, қоғамдық игілігімізді арттыра түсуде.

Қазақстанның ішкі саясатындағы келесі басымдылық – қоғамдағы **мемлекеттік** қызметтің ролін арттыру болды. Мемлекеттік басқару сапасын арттырып отыру еліміздің алға жылжуына басты негіз болды. Мемлекеттік қызметтің ролін арттыру шеңберіндегі әкімшілік реформалар тұрақты жүргізіліп отырды.

Осындай ішкі және сыртқы ұтымды саясаттың жемісі – Қазақстанның бүгінгі таңдағы жаһандық экономика саласындағы өзінің лайықты орнын алуы, қуатты өндірістік державалар қатарына қосылу мақсаттары.

Әрине, елімізді дамытуда алда тұрған проблемалар әлі де аз емес, және оның болмауы мүмкін де емес, себебі қандай мәселе болмасын жетілдірудің ешқашанда шегі болмайды. Бұл жағдаймен 2008 жылы журналистерге сұхбат берген сәттегі Елбасымыздың айтқан сөздері үндес келеді: «Біз осы мемлекетті көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Біз өз мемлекетіміздің жас екенін, буыны бекіп, бұғанасы жаңа қатып келе жатқан елге төнетін қатер де кездесуі мүмкін екендігін естен екі елі шығармауға тиіспіз. Босаңсымауға тиіспіз». Осы

сөздер өз елінің болашағын ойлайтын әрбір Қазақстан азаматының жадында сақталуы тиіс.

Қазақстанда қазірде де мемлекеттік қызмет сапасын арттыру үшін қоғамның алға жылжуына кері әсер ететін кейбір мәселелердің шешілуі қажет. Ол халықтың билікке сенімсіздігі, заңдардың шалалығы, сыбайлас жемқорлықтың кең өріс алуы, сот және құқық қорғау органдарының өз қызметтеріндегі жауапсыздығы. Әлі де күн тәртібіндегі шешуге қажет мәселелер: Қазақстанның мемлекеттік қызметін Меритократия, Адалдық және Тиімділік принциптері бойынша жаңарту, адам ресурстарын дамыту, білім беру орындарының бизнес орталықтарына айналуын тоқтатып оқушылардың білім деңгейін көтеру, ғылым және жоғары оқу саласындағы қызметкерлердің жалақысын жоғарылату. Әрине, ауқымды және өте маңызы зор мақсаттың бірі – қоғамның саяси жүйесін жетілдіру және қоғамның саяси мәдениетін жоғарылату болып табылады.

Еліміздің алдына қойған маңызы орасан зор міндеттердің бірі – отан сүйу, патриоттық тәрбие беру жұмысын қоғамның даму рухына айналдыру. Отаншылдық, ұлтжандылық өз ұлтының болашағы үшін еңбек ету әрбір саналы азаматтың қасиетті борышы екендігін естен шығармағанымыз жөн. Егеменді елдің негізгі мақсаты мен міндеті ұрпақ тәрбиелеумен астасады, біздің келешегіміз жемісті тәрбие алған ұрпақпен тығыз байланысты.

Жалпы алғанда, бүгінгі күні Қазақстан Республикасы халық өмірінің жоғары стандартына, демократия мен азаматтық қоғам орнатуға бағдарланған тұрақты да серпінді өсу үстіндегі экономикасы бар өңірлік дамушы мемлекет ретінде танылады.

XXI ғасырдың басында белсенді сыртқы саясат жүргізуінің арқасында Қазақстан әлемдік қоғамдастықтан өз орнын алды, жас мемлекетке шетелдік тәжірибе мен инвестициялар тартылды. Қазір Қазақстан басқаларға реформалау тәжірибесін үйренетін, ал өзі басқа елдерге капитал инвестициялап отырған елге айналды деп толық сеніммен айтуға болады.

Бақылау сұрақтары

1. Халықаралық саяси қатынастарды зерттеген классикалық бағыттың өкілдері.
2. “Модернизмнің” мәні және осы теорияның тобына жататын саясаттанушылар.
3. Халықаралық қатынастардың негізгі көріністері.
4. Біріккен ұлттар ұйымының басты органдары.
5. Әлемдік жаһандану мәселесіне қалай қарайсыз?
6. Әлем қауымдастығының даму бағыттары жөніндегі ой-пікіріңіз қандай?
7. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының басым бағыттары қандай?

ОҚУ ҚҰРАЛЫНА ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗ БОЛҒАН ОЙШЫЛДАРДЫҢ, САЯСАТТАНУШЫЛАР МЕН ҒАЛЫМДАРДЫҢ САЯСИ ИДЕЯЛАРЫ

(АКВИНАТ) ФОМА АКВИНСКИЙ (1225-1276 жж.). Саяси идеялары орта ғасырлық Еуропа ғылымдарында ерекше орын алады, басты еңбегі – «Теологияның жиынтығы».

Фома Аквинский «заң белгілі мақсатқа сәйкес тиісті тәртіпті айқындаушы ереже, адам үшін бұл ереже жан рахаты болуы қажет, билік құдайдан туындайды» - деп тұжырымдайды.

«Құдай - жауыздықтың емес, қайырымдылықтың жаратушысы, билік құрайтындардың өзі жауыздықтан емес, мейірімділіктен тұрады, құдайдан шығады, барлық жамандықтың шығу тегі басқаша»-деп түсіндіреді.

Фома монархияны жақтайды, оның пікірінше, саяси монархия заңға сүйенеді. Ол католик дінін, моральды, ақыл-ойды және іс-тәжірибені біріктіретін біртұтас жүйе жасауға тырысты. Өз ойларын жүзеге асыруда Библияға, шіркеу әкелерінің философиясына, сонымен қатар дәстүрлі римдік және канондық діни-құқықтық нанымдарға арқа сүйеді. Аквинат саясатқа үстемдік ететін бұрынғы августиндік көзқарасты қайтадан қарады. Мемлекеттің құндылығы - еркін адамдардың мүддесін білдіруші болуында деп есептеді.

Аквинаттың ойынша, саясат - адамның ерік-жігері негізінде қалыптасатын белгілі бір бағыттағы моральдық міндеттеме. Саяси ақыл-ой қоғамның немесе мемлекеттің жалпы игілігінің, әртүрлілікке негізделген моральдық мақсаттардың жетістіктері үшін қажетті әдістерді, құралдарды дұрыс таңдаудан тұрады. Сөйтіп ол Аристотельдің рухани саналуандық сенімін христиан дінімен біріктіргісі келді.

Өзінің ортағасырлық католиктік теология мен философияның синтезі деп атауға болатын «Теологияның жиынтығы» атты еңбегінде Аквинат мәңгі құқыққа, құдайы құқыққа және табиғи құқыққа талдау жасайды. Мәңгі құқық - әлемнің барлық өзгерістері мен қозғалыстарын билеуші ретіндегі Құдайдың даналығы, бүкіл дүние дамуының бағыттаушысы. Осыдан құқықтың басқа да шектелген түрлері өріс алады. Құдайы құқық әр адамға жаратылысынан тән. Аквинат «табиғи құқық» - ақыл-есі дұрыс, моральдық, әлеуметтік қасиеттері қалыптасқан адамдардың бәріне де ортақ құндылық болуы қажет деп түсіндірді.

Билік иесі (монарх), әрбір адам секілді ақыл-ойға, табиғи құқыққа бағынады. Егер құқық билік күші арқылы ғана енгізілсе, табиғи құқыққа және адам еркіне қарсы болады, бұл заңсыздық және құқықты бұрмалау болып табылады. Осы жағдайда ғана халықтың монархқа қарсы шығуы заңды. Ол негізінен халықтың билікке қарсы шығуын қолдаған жоқ, бұны күнә санады, себебі мемлекет билігі құдайдан деп есептеді.

Аквинский христиан қоғамындағы екі маңызды әлеуметтік саланың өзара тығыз байланысты екенін атап көрсетті, олар – шіркеу мен мемлекет. Ол мемлекеттік тұрғыдағы көзқарасын практикада қолдануға ұсынып қоғам игіліктеріне өзін-өзі басқару идеясын қозғап, саяси ойлар дамуын жаңа сатыға

көтерді. Ол «мемлекетті қажет ететін тек ғана адамдар емес, сонымен қатар мемлекет те адамға қызмет етуі тиіс» деген тұжырымға келді

АЛМОНД ГАБРИЭЛЬ(1911 ж.) – америкалық саясаткер. Стэнфорд университетінің профессоры, Америка ғылым және өнер академиясының мүшесі, Америка саяси ғылымдар ассоциациясының президенті болған. Өзінің “Даму жолындағы аймақтардың саясаты” (1968), “Салыстырмалы саясат” (1988) атты еңбектерінде Алмонд қазіргі құрылымдық функционализмнің (жүйеліктің) негізін зерттеді.

Алмонд функциялық тәсілдерді саяси жүйелерді реттеу және талдау үшін пайдаланады, қоғамдардың саяси жүйесін зерттеді. Алмондтың пайымдауынша, саяси жүйелер екі негізгі мақсат атқарады: “енгізу” және “шығару”. Ол “енгізудің” төрт функциясын айқындайды (саясатқа енгізу және қатысуға тарту, мүдделерді артикульдендіру, мүдделерді білдіру, саяси нормаларды талдау). “Енгізу” функциясы өкіметтен тыс жүйелермен шешіледі: қысым көрсету тобымен, саяси партиялармен, тәуелсіз басылымдармен т.б. Ал “шығару” функциясы – ол үкіметтің қызметі.

Алмонд өз еңбектерінде негізінен “енгізу” функциясын талдауға көп көңіл бөледі. Ол саяси кірістіру қызметтің тиімді саласы екенін болжайды саяси жүйенің сапасы оған қатысатын бөліктерімен байланысты деп түйіндейді. Г.Алмонд саяси жүйе қызметтерін (міндеттерін) былайша белгілейді.

- саяси әлеуметтендіру және саяси құрамды толықтыру (рекруттау);
- мүдделерді білдіру (артикулдау);
- мүдделерді біртұтастандыру (агрегаттау);
- саяси қатынас;
- мөлшерлеу, мөлшер жасап шығару (нормалау);
- ережелер мен мөлшерлерді қолдану;
- олардың орындалуын бақылау.

Саяси әлеуметтендіру функциясы қоғам мүшелерін саяси іс-әрекетке тартудан көрінеді. Мүдделерді білдіру функциясы – саяси шешімдерді қабылдайтындардың алдына мүдделі талаптарды қоюдан тұрады.

Мүдделерді біртұтастандыру функциясы талаптар мен тілектерді топтастырудан және келісуден тұрады. Олар саяси бағдарламалар түрінде жасалады. Бұл функцияны көп ретте саяси партиялар өз мақсаттары үшін пайдаланады.

Саяси қатынас функциясы саяси жүйе бөлшектерінің өзара қарым-қатынасын білдіретін қызмет. Сондай-ақ, ол саяси жүйе мен қоршаған ортаның өзара қарым-қатынасын реттейді.

Мөлшерді анықтау (нормалау) функциясы заңдар мен ережелер қабылдаудан тұрады. Олар қоғам мүдделерінің мінез-құлқын, тәртібін реттейді.

Алмондтың құрылымдық функционализмнің айтарлықтай тиімділігі саяси жүйелерді салыстырмалы зерттеу барысында аңғарылды. Оның пікірінше, саяси жүйелерді салыстыру сатысында оларды бір-бірімен қатар қою қажет: 1) жүйенің мүмкіндіктері; 2) конверсия функциялары; 3) қолдау және бейімдеу функциялары; 4) функциялаудың жоғарыда аталған деңгейлері

аралығындағы өзара қатынас. Алмондтың осы салыстырмалы әдісі саяси дамуды зерттеу барысында жиі қолданылады.

Алмонд пен Вербаның «Азаматтық мәдениет». «Бес мемлекеттегі саяси қатынастар және демократия» (1963) деген кітаптары саяси мәдениетті талдауға арналған.

АРИСТОТЕЛЬдің (б.з. дейінгі 384-322 жж.) саяси ілімдері Саясат», «Афинының политиясы», «Этика», «Риторика» деген еңбектерінде баяндалады. Аристотельдің пікірі бойынша, мемлекет табиғи даму процесінің жемісі. Сонымен қатар ол басқа да барлық әлеуметтік қарым-қатынастар формасының жоғары түрі.

Адам өз табиғатынан саяси тіршілік иесі. Мемлекеттің ең «дұрыс» формасы – полития, онда көпшілік баршаның мүддесі үшін билік етеді. Полития мемлекеттік биліктің «орташа» түрі, оның сипаты мемлекеттік мақсатты қолдауынан, мүлік иелігіндегі орташа байлыққа жетуінен айқын көрінеді.

Аристотельдің пікірінше, политияда орташа белгі шеткі белгілерден артық болуға тиіс немесе олардың әрқайсысынан «күшті» болуы қажет. Жоғарғы билік азшылықтың емес, көпшіліктің қолында болуға тиіс және бұқараның ішінде олардың жақтаушылары қарсыластарынан көп болуы керек. Құқық адамдардың әлеуметтік қарым-қатынасының нормасы ретінде қоғамда саяси әділеттік принципін орнықтырушы. Ғалым философия шеңберінен саяси білімді бөліп көрсетіп, зерттеу мәселелеріне теориялық, эмпирикалық, нормативтік әдістер арқылы талдау жасады, саяси ойды талдап қорытуға тиісті ұғымдарды жетілдірді. Оның “Саясат” атты еңбегі саяси ғылымның дамуында ерекше орын алады.

Аристотельдің ойынша, адам “саяси жануар” болғандықтан бірігіп тіршілік етуге талпынады: қоғамның дамуы отбасынан, ұсақ қауымдастықтан басталып, одан әрі мемлекет (қала-полис) қалыптасады. Бірақ логикалық жағынан жоғары орында мемлекет тұрады себебі мемлекет қоғам энтелехиясын (қозғаушы күшін) сипаттайды.

Аристотельдің пікірінше, мемлекет өз азаматтарының “тамаша өмірі” үшін құрылады. Адамдар мемлекет ішінде ғана гүлдене алады, өйткені ол - әділдік пен құқықтың кепілдемесі, азаматтардың жалпы мүддесінің бейнесі. Грек философы мемлекетті қоғамнан бөліп қарамайды, Платонның ілімі сияқты, Аристотельдің ілімінде мемлекеттілік мүдде жоғары орын алады; адам – мемлекеттің бөлігі, жеке мүдделер қатаң түрде қоғамдық игілікке бағынады. Азаматтарды ол «ерікті адамдар» деп атады, себебі олар ешкімнің меншігіне жатпайды, ал бостандық құлдарға тән қасиет емес деп түсінді. Азаматтар тек ғана әскери, заң кеңесшілігі және сот істерімен шұғылданады; қолөнер, шаруашылық - құлдардың жұмысы. Азаматтар жеке меншікті иеленуі мүмкін, бірақ оны бірге пайдалануы қажет, меншік иесіне рахымшылдық тәрізді қасиет тән болуы керек. Аристотель әлеуметтік теңсіздікті қолдамады, өйткені ол қақтығыстар мен төңкерістердің алғашқы себебі деп түсінді.

Аристотель мемлекеттік құрылым формасын екі негізде айқындайды: билікке қатынасушылар және басқарудың мақсаты (моральдық маңызы).

Нәтижесінде мемлекет басқарудағы билік иелерінің жалпы мақсат сипатына қарай үш “дұрыс” түрі (монархтық, ақсүйектік, полиция) және билеушілердің жеке мүддесіне ғана бағытталған үш “дұрыс емес” түрі (тирандық, олигархия және демократия) бар деп тұжырымдайды.

ӘЛ-ФАРАБИ (870-950 жж.) – шығыстық аристотельдік ілімнің көрнекті өкілі. Оның философиялық қызметі көпқырлы, ол ғалым-энциклопедист болды. Әл-Фараби саясат жөнінде терең ойлар айтқан. Оның ілімі бойынша қоғамның құрылымы әлемнің құрылымына сәйкес, ұқсас келеді. Ойшылдың саясатта әсіресе көп көңіл бөлген мәселесі адам мен биліктің арақатынасы. Әл-Фараби адамды ардақтап қадір тұтады. Ал адам жақсы да дұрыс басқарылатын қоғамда ғана шын мәнінде бақытты өмір сүре алады деп атап көрсетті.

Әл-Фарабидің саяси идеялары қайырымды және қайырымсыз қалаларды салыстыру арқылы беріледі. Қайырымды қалада билеушісінің және оның тұрғындарының болмыс және бақыт жөнінде шынайы түсініктері бар, ал қайырымсыз, күнәға батқан қалада ондай ұғым жоқ.

Мұндай қалалар мұраларға қатысы жағынан да өзгеше. Бақытсыз және опасыз қала тұрғындары сезім мен қиялға негізделген әрекетке сүйеніп рахатты жоғары бағалайды; қайырымды қалада адам бақыты, ізгілік, әділдік және әсемдік салтанат құрады.

Әл-Фараби мынадай адамгершілік қасиеттерін даралап көрсетеді: шындықты сүю, игіліктілік, мінезінің парасаттылығы. Тұтас алғанда Әл-Фараби Платонның философ-ел билеушісі болу идеясын қолдайды. Ол мемлекетті қоғамдық организмнің жүрегі деп санайды.

Әл-Фарабидің адам туралы ойлары терең де құнды: «Адам еңбектің арқасында жануарлық жағдайдан құтылатын қабілеті бар бірден-бір тіршілік иесі, ол осы қалпы санасына сәйкес өзін-өзі дамытуы тиіс».

Аристотель шығармаларының терең шолушысы ретінде Әл-Фарабиді ғалымдар “Екінші ұстаз” деп атады. (Біріншісі – Аристотельдің өзі). Оның көпқырлы біліміне мына даңқты еңбектері куә: “Философияны меңгеруді ілгері апаруға не қажеттігі туралы”, “Екі философ – құдіретті Платон мен Аристотель көзқарастарының үндестігі туралы”, “Рахымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат” және басқалары.

Әл-Фараби өзінің зерттеулерінде қоғамдағы адамның алатын орнын анықтауға көп көңіл бөлді.

Әл-Фараби мемлекет басшысын барлық ізгілікті, мықты денсаулықты, кемел ойды, жоғары ар-намысты, терең білім меңгерген үлгілі тұлға ретінде ұсынады

БЕРК ЭДМУНД (1729-1797 жж.) – ағылшын саяси қайраткері және консерватизм теоретигі. Берктің саяси ілімі - өзі қарсы болған 1789 ж. француз революциясын зерттеулерінің жемісі. Ол мемлекет пен қоғамды тірі организммен салыстыра отырып, тарихи процестің нәтижесі ретінде қарады. Берк мемлекеттің негізгі мақсаты ретінде тәртіп пен заңды күзету деп ұғынды. Сондықтан ол меншікке құқықты, жеке тұлғаның құқығын өзге барлық құқықтардан жоғары санама да, табиғи құқық идеясын қолдаған жоқ.

Сайланған билік түрін қорғай отырып, Берк ағылшын парламентін осындай билік институты деп санады, алайда оның қызметін халық бақылауға тиіс емес деді. Бұл – азшылық көпшілікке “игілік жасайтын үлгі деп” түсіндірді. Заң шығарушылар мемлекет саясатын жүзеге асыру үшін сайланады, олар өз сайлаушыларының сілтеуімен қызмет атқаратын қарапайым елшілер болуға тиісті емес.

Берк мемлекет жүйесін адамзат даналығының жинақталған қоры ретінде қарап, реформаларды жақтады. Бірақ реформаторлар мемлекет әкенің жарақатына “шынайы ізгілікпен, үлкен қамқорлықпен” қарағандай болуы тиіс. Мемлекетті талқандау оңай, оны жаңғырту, аяғынан тұрғызу қиын. Берк өркениетке нәзік зат ретінде қарады. Ойшыл қоғамның тұтастығы мен қалыптасқан құрылымдарын бүлікші топтардан қорғау керек, әйтпесе мемлекетті талқандап тастау қиын емес екенін ескертті. Э. Берк саяси ғылымға консерватизм идеологиясын енгізді.

БОДЕН ЖАН (1530-1596 жж.), француз ғалымы адам мінез-құлқына табиғи ортаның тигізер әсері туралы теорияны дамытты.

Боденнің пікірі бойынша жанұя – мемлекеттің негізі, оның беріктігі саяси ұйымдардың белсенді қызметімен тығыз байланысты. Мемлекет жанұяның жиынтығы, бірақ мемлекет дербес жоғарғы билік болғандықтан жанұядан өзгеше. Боден корольдің шексіз билігін қолдайды, ол қоғамдық жүйені табиғат заңдарына бағынышты болудан еркін емес деп санап, натуралистік парадигма ұсынады, қоғамды географиялық ортамен, биологиялық ерекшеліктер арқылы түсіндіреді. Жан-Боден географиялық ортаның саясатқа ықпалы етуі туралы мәселені теориялық деңгейде зерттеудің негізін қалады.

БҰХАР ЖЫРАУ (1693-1787 жж.), қазақ жырауы, ақын. Абылай ханның ақылшысы болып, халықтың саяси өмір тұрғысын талдаған, ханның кейбір саяси қимылдарына сын көзімен қараған, сөйтіп қазақтың өзіндік әлеуметтік-мәдени, саяси құндылықтарын халықтың сана-сезіміне жеткізуді мақсат тұтқан.

ВЕБЕР МАКС (1864-1920 жж.) – немістің саяси экономисі, әлеуметтанушы. Фрайбург, Гейдельберг және Мюнхен университеттерінде сабақ берген. Ол әлеуметтану мен саясаттануды дамытуға үлкен ықпал етті. Вебер саясатты “билікке қатысуға ұмтылу немесе адамдардың билікті бөлісуге ықпал етуі” деп түсіндірді. (М. Вебер. Шығармалар жинағы. М. 1990, 646 бет).

Жоғарыда (III тарауда) көрсетілгендей, Макс Вебер легитимді саяси биліктің (үстемдіктің) проблемалары туралы жан-жақты теориялық тұжырымдамалар жасады. Вебердің тағы бір кеңінен танымал теориясы – бюрократия туралы ілімі.

Ол алғашқылардың бірі ретінде XX ғасырдағы демократиялық мемлекеттердің өмірінде күшейе түскен бюрократизмге назар аударды. Оның көзқарасы бойынша, бюрократия мен демократия арасында шиеленіс туындайды. Демократияландыруда бұқараны әлеуметтік-саяси өмірге кеңінен тартудың нәтижесінде көптеген мемлекеттік буындар пайда болып, ақырында олар басқару жүйесін әлсіретеді. Бюрократтардың үстемдігінен құтылу үшін Вебер тікелей дауыс беру (плебисцитарлық) теориясын ұсынды. Осыған сәйкес тіке сайлаумен келген харизматикалық басшы парламенттік демократияны

толықтыруға тиіс. Вебердің пікірінше, XX ғасырда қоғам мен мемлекет арасындағы қатынас мәселесін шешетін тек ғана жеке басшы, себебі әлем көлемінде бұл кезең демократияландырудың басталған кезеңі.

М.Вебер көсемдер (лидер), саяси биліктің типологиясы, әлеуметтік жіктелу проблемаларын зерттеуде өте маңызды тұжырымдамалар жасады. Мысалы, әлеуметтік таптық жіктелу проблемасын алатын болсақ, ол маркстік таптар теориясынан тіпті өзгеше. Маркс қоғам мүшелерін өндірістік қатынастар негізінде таптарға бөлетін болса, Вебердің таптық жіктеуіндегі негізгі белгілер: байлығы мен табыс мөлшері, білім дәрежесі, таптық сезімі (яғни, белгілі бір тапқа жататынын сезінуі). Бұнда таптық жіктелу тек ғана өндірістік қатынастарға байланысты емес, құндылық бағдарының өзгешеліктері де ескерілетін жеке адамның әлеуметтік бағасына негізделеді. Сонымен, К.Маркстің тұжырымдамасы бойынша, XIX-XX ғасырларда дәстүрге айналған таптық жіктеу (байлар, жұмысшылар мен шаруалар, зиялылардың әлеуметтік тобы) ғылымда қайта қаралды. Оны Маркстен кейінгі бірінші болып жаңадан тұжырымдаған Макс Вебер болды. Әлеуметтік таптық жіктеу мәселесі бойынша М.Вебердің және бір маңызды тұжырымдамасы - қоғамдағы орташа таптың орны туралы болатын. Марксистік теория бойынша орта тапты ескі қоғамдық құрылыспен бірге жойылып бара жатқан тап деп оған мән бермесе, М.Вебер «орташа тапқа», «орташа топқа» айрықша назар аударады. Шын мәнінде, экономикалық жағынан дамыған елдерде орташа тап азаматтық қоғамның тірегі және елдің саяси тұрақтылығының әлеуметтік негізі болып табылады деген идеясы қазіргі кездегі бүкіл әлемдік саяси өмірде үлкен қолдау тауып отыр.

ГОББС ТОМАС (1588-1679 жж.) ағылшын философы. Гоббстың саяси ілімінің негізгі идеясы – жоғары билік және мемлекеттің тәуелсіздігі. Ол өз теориясын Англиядағы монархияны қайта құруды жаңғыртуға бағыттады. Мемлекеттің үш үлгісін қарастыру арқылы Гоббс монархия - биліктің ең жақсы үлгісі деп тапқан. Оның ойынша, ақсүйектік билік құдайы жолмен шыққан жоқ. Сонымен қатар, Гоббс ақсүйектік билік негізінің шығу сатысы – қоғамдық келісім деп тапқан.

Өзінің атақты “Левиафан” атты еңбегінде Гоббс мемлекетке дейінгі қоғамның бейнесін суреттеген. Ондағы жағдай, жоғарыда аталғандай, “бәрінің бәріне қарсы соғысы”. Бірақ табиғи заңдылықтар бейбіт заманды іздеу керек деген мәмілеге келтірді және осы мақсатта адамдардың барлық нәрсеге құқықты болудан айырылуы қажет, адамдарға өздерінің қауіпсіздігі үшін келісім-шарттар жасау керек болды. Олар өздерінің кейбір құқықтарынан бас тартып оны мемлекетке тапсыруы қажет. Гоббстың ойынша, қуатты мемлекет – адамдардың әлеуметтік кемшіліктерін болдырмайды. “Монархтың бұл келісім-шартқа ешқандай қатысы жоқ”, себебі қоғамның дұрыс деп тапқаны – келісім-шарт. Гоббс биліктің бөлінуіне қарсы болды. Басшының билігі – жоғары заң және оған бағыну керек. Бағынышты адамдардың сана-сезімі де өз басшысына тәуелді болуы қажет, себебі басшы қандай дін, сенім қажет екеніне дейін шешуге тиіс. Сонымен қатар, басшы өзіне бағынышты адамдардың арасында теңдік болу қажет екенін қадағалап отыруға тиіс, оларды сотта қорғай білуі қажет. Гоббстың ілім-нанымы бойынша, жоғары билік абсолютті болуы

қажет, бірақ тотальды емес; олар азаматтың жеке ісіне, яғни экономикалық іс-әрекетіне араласпауы қажет. Адамдар зат сатып алу саласында, келісім-шартқа отыруда ерікті. Гоббстың түсінігі бойынша, бостандық заңға қайшы келмейтін құқыққа негізделуі керек. Заңдардың мақсаты – барлық іс-әрекетті бағындыру емес, оларға дұрыс бағыт беру.

Томас Гоббс өзінің «Азамат жөнінде», «Дене туралы», «Адам туралы» деген шығармаларында «мемлекет – үлкен механизм, жүйе, адамдардың құмарлығының қозғалысы мен қақтығысының нәтижесінде құрылған» - деп есептейді.

Гоббстың пікірі бойынша, әсіресе мемлекетке дейінгі кезеңдерде «адам адамға қасқыр» болды. Сондықтан сол жаппай соғысудың табиғи жайынан шығу үшін мемлекет қалыптастырылды. Адамдардың өзара қатынасының жаңа формасы мемлекет болды. Гоббс мемлекеттік билікке сөзсіз бағыну қажет деп санайды. Сөйте тұра, ІҮ тарауда көрсетілгендей, адам мәртебелілігі мемлекеттен де жоғары деген ұстанымын дәлелдеді. «Левиафан» деген еңбегінде адамның «табиғи құқығын» ең жоғары мәртебеге көтерді. Т.Гоббстың айтуынша, қандайда болмасын мемлекет адамның «табиғи құқығын» қорғауға міндетті.

ИСТОН ДАВИД (1917 жж.) – канадалық саясаткер, 1981 жылдан бастап Калифорния университетінің саяси ғылымының профессоры. 1968-1969 жылдары Америка саяси ғылымдар ассоциациясының президенті. Саясаттануда ең бірінші болып жүйелік әдіс қолданған. Истонның үш томдық – “Саяси жүйе” (1953), “Саяси жүйелерді зерттеу әдіс-тәсілдері”, “Саяси өмірді зерттеу жолдарының талдануы” (1965) атты еңбектерінде саяси өмірді жүйелі талдауды ұсынады. Истон бірінші кітабында саяси ғылымда жалпыға бірдей теорияның қажеттілігін дәлелдесе, екіншісінде теорияның концептуальдық жүйесін, негізгі түсініктер мен категорияларды зерттеп бірқатар теориялық пікірлер ұсынады. Үшінші кітабында ол өзінің концепциясын тәжірибе негізіне қалай пайдаланылатындығын жазады. Бұдан өзге Истон ғылыми түсініктерді әрүрлі жағдайларда қолдану мақсатында оларды жан-жақты талдайды. Ол қоғамда тіршілік процестерін бөлшектеп көрсетіп, саяси өмірді жүйе ретінде қарастырады. Истон мынадай сұраққа жауап берді: “Күнбе-күн дағдарысқа ұшырап отыруына қарамастан әрбір жүйе қалай сақталып қалып отыр?”.

Истонның саяси талдау әдісі көптеген жетістіктерге ие болды. Ол саяси жүйені элементтерінің жай ғана байланысы деп қарамай, өзгеріп отыратын қозғалмалы субстанция деп қарастырған. Ол саяси жүйенің элементтері өзара қарым-қатынаста болады, қоғамда құндылықтарды бөлу заңдылығы қалыптасады. Сол себептен қоғам мүшелері арасында саяси тартыстарды жүйелік заңдылықтар шеңберінде анықтау қажет деп тұжырымдайды.

КОНФУЦИЙ (КУН ЦЗЫ) (б.з. дейінгі 551-479 жж.). Оның ілімі Шығыстағы саяси ойдың ірі жетістіктерінің бірі. Ол кезде Қытай бір-бірімен жауласушы кіші мемлекеттерден тұратын, олардың арасында рулық қатынастардың ықпалы басым болатын. Дегенмен, рулық құрылыс жеке меншіктің дамуының нәтижесінде ыдырай бастады. Мемлекеттік-құқықтық идеология саласындағы бір-біріне қарама-қарсы бағыттар арасында қызу күрес

жүрді, біріншісі – конфуцийлік мектебі, екіншісі – легистер (Фацзя – сауатты шенділер, заңға жетіктер) мектебі. Олардың арасында бүліншілікті жою және Қытайда мемлекеттік тәртіп орнату мәселелері бойынша қызу айтыс жүрді.

Конфуцийдің ізін қуушылар мен легистер ілімі Қытай қоғамына тән дәстүрге бейімділікті, қатаң мемлекеттік бақылау орнатуды, мемлекеттік құқықтық дәстүрді сақтауды және заңдардың орындалу жайын терең талқылады.

Конфуций іліміндегі басты қағида – «жэнь» (адамгершілік). «Жэньнің» көріністері – «сяо» (баланың қарияларға деген құрметтеуі), «синь» (адалдық), «вань» (адамды сүйушілік), «чуй» (мейірімділік), «шу» (кешірімділік).

«Адамгершіліктің» конфуцийлік бастамасы халықтық құқықсыздығынан туындады. Конфуций «жақсы биліктің» қамтамасыз етілу үмітін қайырымды және ақылды билеушілерге және шен иелеріне жүктейді.

Конфуций саясаттың моралдық негізі - дәстүр («ли») деп есептеді. Ол іс-әрекетте тәртіпті сақтау және бақылау қызметін атқарады деп түсіндірді.

Салт-дәстүрлерді сақтау арқылы Конфуций әлеуметтік шиеленісті және дау-жанжалдарды болдырмауға тырысты. Мемлекеттік басқарудың маңызды принциптерінің бірі - билеушінің халық игілігіне қамқоршы болуы және халықтың билеушіге сенуі.

Б.з.д. УІ ғасырдың өзінде Конфуцийдің жеке басына табынушылық етек алды. Ол жариялаған идеология мемлекеттік, ерекше «зиялылық дінге» айналды. Одан әрі конфуцийшілдік ілімі сан ғасырлық феодалдық мемлекеттің негізі болды.

Басқа да ежелгі заманғы ғұлама ойшылдар секілді, Конфуцийді қоғам құрылысы мен мемлекет басқарудың жоғары сатыда дамығаны толғандырады. Сөйтіп, ол бұл сұрақты қатаң жүйеленген тәртіп пен белгілі бір моральдық принциптермен шешуге тырысты. Конфуций әлеуметтік реттеудің негізін әрбір адам өз құқығын, өз міндетін білетін қоғамның беріктігінде деп түсінді. Яғни, әрбір қоғам мүшесі өзінің қызметін ешбір кіршіксіз, нақты атқаруы тиіс, мысалы, ұстаз шенеунікке айналмауы керек. Мәселе, адамның шығу тегінде, ата – анасының кім болғанында емес, оның өнегелі істерінде. Игілікті адам мейірімді болуы, ар-ұждан, ұят, міндет, борышты сезіне білуі, әр кезде де тұрақты болып, шынайы және үлкенді сыйлауы керек. Міне, осы ережелер, Конфуцийдің ойынша, дұрыс тіршілік етуге, қоғамды жемісті басқаруға жол бастайды. Мемлекет қаптаған сапасыз заңдарға емес, рахымшыл басқарушы мен оның дарынды көмекшілеріне арқа сүйенуі керек.

Саяси билікті құрметтеу мен меритократия идеяларын Конфуций мемлекет құрылуының негізіне жатқызды. Оның ойынша, мемлекет – үлкен бір жанұя, бірақ бір билеуші, бір әке мемлекетті басқаруға бейім емес. Оның көмекшілері ретінде шенеуніктер бар, ал олар өнегелі, тәртіпті, білімді болулары қажет.

Конфуцийдің ойынша ақылды басқарушының басты белгісі - вербальды қатынас әдісі (ресми емес, ауызша, сөздей қатынас жолы), ұтымды ойлап табылған “бір ауыз ғана сөз адамның ақылды екенін көрсетеді, соның ішінде, әсіресе елбасының бір ғана сөзі мемлекеттің тағдырына үлкен әсер етуі

мүмкін”. Конфуцийдің саяси-әлеуметтік бағдарламасының негізгі тақырыбы – халық игілігі. Мемлекет өзіндік мақсатты емес, халық игілігін қамтамасыз ететін құрал. Қару қолдануға да болар, тамақтан бас тартуға да болар, бірақ сенім болмайынша мемлекет те жоқ, ал сенім адамдардың мүдделерін шешу арқылы нығайтылады. “Бас имейтін бағынышты адамдарды жазалау арқылы жөнү керек” деп біреулер пікір айтқан болса, Конфуций “бірінші елді тойындырып алу, содан соң барып оқыту және жоғары мораль сіңіру қажет” деді. Өз идеяларын тәжірибеде жүзеге асыруға ойшылдың қолы жетпеді. Бірақ оның нақылдары рухының қытай саяси мәдениетіндегі маңызы зор. Конфуцийдің идеялары мен ілімінің ХХІ ғасырға аяқ басқан Қытай елінің саяси – мәдениеті мен идеологиясының өзегі болып отырғанын естен шығармауға тиіспіз.

ЛАО ЦЗЫ (б.з. дейінгі VI-V ғғ.) – ежелгі Қытай философы. Аңыз бойынша, Лао-Цзы Конфуциймен бір кезеңде өмір сүрген, бірақ бұл туралы ешқандай мағлұмат сақталмаған. Ол “Лао-Цзы” деп аталатын трактаттың иесі деген мәлімет бар. Оны Лао-Цзыдың шәкірттері мен жолын қуушылар жазуы да мүмкін. Трактатта даосизм деп аталатын доктрина келтірілген. Лао-Цзыдың ойы бойынша, табиғат, адамзат пен қоғам өмірі – барлық зат заңы – даоға бағынады, сонымен қатар “ли” субстанциямен – ауа, эфир - әлем негізін қалайды. Әлемде тұрақты қатып қалған ештеңе жоқ, барлығы да үнемі қозғалыста, үнемі өзгерісте болады. Заттар (инь, янь) принципі бойынша өзінің қарама-қарсы заттарына айналып отырады.

Инь, янь – Қытай философиясының бүкіл тарихында сақталған негізгі категориялары. Инь – жағымсыз, қараңғы, әлсіз; янь – дұрыс, ашық, белсенді, күшті. Инь, янь – белгілі бір жүйедегі қарама-қарсы күштер. Екі қарама-қарсы инь мен янь күштерінің әсері қоршаған әлемнің қозғалысының түп тамыры негізінде қарастырылған. Инь-янь күресінен дао туындаған. Егер дао заңы бұзылса, бақытсыздыққа әкеліп соғады. Сондықтан адамдар дао заңын бұзбауға тырысуы қажет. Лао-Цзыдың ойынша, барлығы да өз бетінше жүруі, өз бетінше қозғалуы қажет. Яғни, бұл ойшылдың қоғамдық даму туралы негізгі саяси қағидасы – «эволюциялық бағыт». Лао-Цзыдың қағидалары кейін бүкіл әлемдік тартылыс, теңгергіштік, консерватизм, реформизм идеяларының қалыптасуына негіз болды.

ЛОКК ДЖОН (1632-1704 жж.) – ағылшын философы, саясаткер, либерализм идеологиясының негізін қалаушы. Өзінің қоғамдық-саяси концепциясын “Мемлекет басқару туралы екі трактат” еңбегінде баяндайды. Локк тұлғаны қоғамнан да жоғары деп таниды, яғни тұлға қоғамды, ал, қоғам – мемлекетті құрайды. Оның еңбектерінің көбі мемлекет мәселелеріне арналған. Шексіз қатал биліктің үстемдігін мемлекет деп тануға болмайды деп есептеп, Локк шектелген монархияның жақтаушысы болды. Тұлға теңдігінің кепілі - заң деп есептеді.

Локк алғашқылардың қатарында билікті заң шығарушы, атқарушы және одақтық (сыртқы саясат қызметі) деп бөлуді ұсынды. Ол саясаттануда либерализм идеологиясының да негізін қалаушы болды. Ғалымның бұл мәселе

туралы жан-жақты зерттелген тұжырымдамалары осы оқу құралының ҮІІ тарауында толық келтірілген.

Мемлекеттің пайда болуын түсіндіруде Локк «табиғи құқық» ілімін қолданады. Мемлекет пен билікті орнатудағы адамдардың жоғарғы мақсаты ежелгі табиғи жағдайда қамтамасыз етілмеген жеке меншікті қорғау болып табылады. Мемлекет орнату туралы келісімге келе отырып адамдар көпшіліктің шешіміне бағынуға міндеттенеді, өздерінің жеке басын және байлығын қаншалықты қорғау керек болса, соншалықты өздерінің табиғи құқықтарын қорғауды мемлекетке тапсырады.

Локк конституциялық монархия идеясын қолдады, бірақ ол билік етушілерге, атап айтқанда, монархқа қарсылық көрсетуге (қажет болған жағдайда) болатындығы туралы мәселе қойды.

МАКИАВЕЛЛИ НИККОЛО (1469-1527 ж.ж.), италиялық ғалым Қайта өрлеу дәуіріндегі әлеуметтік-саяси ғылымдардың негізін салушылардың бірі. Макиавелли саяси білімдерді діни көзқарастан ажыратып ғылыми тұрғыдан зерттеді. Оның саяси ғылымның негізін қалушы атануының себебі де осы көрнекті еңбегінің бағасы. Бұл ғалым саясатқа прагматикалық тұрғыдан қарады: саяси ғылым тек ғана ойдан, діни сенімнен шығарылмай, күнделікті шынайы өмірге негізделуі және сол өмірді реттеуге арналуы тиіс деп есептеді. Макиавелли орталықтандырылған тұрақты мемлекеттің жақтаушысы болып, оны құрудың айқын жолын көрсетті. Ол мемлекетті құру мен сақтау ең басты саяси мақсат деп есептеді, себебі мемлекет болмайынша бірде – бір адам өзіне қорғаныс таба алмайды. Макиавелли мемлекеттің тұтастығын әлсіреткендердің бәріне қарсы болды.

«Тит Ливийдің бірінші онкүндігі жөнінде ойлар», «Флоренцияның тарихы» деген еңбектерінде Макиавелли мемлекет басқару түрлері жөнінде монархиядан республиканы жоғары қояды. «Ең тиімдісі республика - онда билікке сайламалы мемлекет басшысы қойылады» деп көрсетеді.

Макиавелли биліктегі қаталдық пен жаза, бұқара халық пен меншік иелерінің арақатынасы, мемлекеттік басқару түрлерінің алмасу заңдылықтары, табиғат жағдайының адамдардың мінез-құлқына тигізер әсері туралы мәселелерге өзінің жан – жақты теориясын ұсынды.

МАНХЕЙМ КАРЛ (1893-1947 ж.ж.) – неміс философы, әлеуметтану ғылымының негізін қалаушылардың бірі. Будапешт қаласында туған. Өмірінің соңғы жылдары ЮНЕСКО бөліміне жетекшілік етті, “Әлеуметтану мен әлеуметтік қайта құру жөніндегі халықаралық кітапхананың” бастамашысы және редакторы болды, Англияда әлеуметтануды оқу пәніне айналдыруға өз үлесін қосты.

Манхеймнің әлеуметтанушы, саясаттанушы болып қалыптасуына әсер еткен ғалымдар Д.Лукач, Б.Залощ, Э.Ласка, Г.Риккерт, Э.Гуссерль, М.Вебер, М.Шелер болды. 1919 жылы Венгрия Кеңестік Республикасы құлағаннан кейін Германияға қоныс аударды. 1925 жылдан бастап Гейдельберг университетінде философия доценті болып қызмет етеді, 1929 жылдан бастап Франкфурт университетінде әлеуметтану профессоры болды. 1933-1945 жылдары Англия университеттерінде әлеуметтану, саясаттану, экономика, педагогика

ғылымдарының профессоры болып дәріс берген. Бірінші «неміс кезеңі» өмірінде Манхейм рухани саласында зерттеушілік жүргізіп өзінің «рухани мәдениетінің болмысы» деп жинақталған ілімін таратады. Кейінгі жылдары философия-әлеуметтану методологиясын қалыптастырды; әлеуметтану – тарихи негізде Германиядағы консервативтік ойдың қалыптасуы, ұрпақтар арасындағы мирасқорлық, рухани саладағы бәсекелестік, идеология мен утопиялық сананың мәні туралы өзінің тұжырымдамаларын жасады. 1929 жылы осы мәселелердің бәрін қамтыған «Идеология және утопия» деген еңбегі шықты, 1952 жылы бұл кітабы толықтырылып Лондонда жарық көрді.

Келесі, екінші «ағылшын кезеңінде» К.Манхейм екінші дүние жүзілік соғыстың қортындыларына негіздеп Жаңа заман тарихын зерттейді. Осы жылдары Манхеймнің «Қайта құру дәуіріндегі адам мен қоғам», «Біздің заманымыздың диагнозы» деген еңбектері шықты. Соңғы аталған еңбегінде ғалымның терең зерттеген мәселесі - әлеуметтану. Негізгі қортынды: әлеуметтік сананы қалыптастыратын тек ғана экономикалық қатынастар емес. Осы тұрғыдан алғанда ол К.Маркстің «сананы болмыс билейді» деген қағидасына қарсы, К.Манхейм «әлеуметтік болмыс» - ол тарихи ғұмырлық процесс деген көзқарасы бойынша көтеген тарихи деректер келтіреді. Солардың бірі – ортағасырларда сананы билеген діни болмыс болды. Дәуірдің сипатын белгілейтін әртүрлі болмыстар: бір тарихи кезеңнің өзінде де саналуан «констелляциялар» (ойлау тұрғысы) болуы күмәнсіз. Әлеуметтанудың ерекше бір мақсаты – рухани болмыс пен әлеуметтік көзқарастарды ұштастыру. Бұл бір әлеуметтік құбылыстың өзіне саналуан көзқарастардың болуын айқындайды. Қорыта айтқанда, Манхеймнің негізгі қағидасы – тарихи процестен тыс сананы билейтін болмыс болмайды. Егер қоғамдағы басқарушы тап өзінің ғана көзқарасын бірден-бір ақиқат идея ретінде ұсынса, ол өктемшіл идеологияға айналады

К.Манхеймнің кеңінен, жан-жақты зерттеген теориялық мәселелері - идеология және идеологиясыздандыру проблемалары. Ойшылдың зерттеулеріндегі теориялық маңызды орынға ие болған «саясат ғылым бола ала ма» деп қойған өз сұрағына берген жауаптары. Бұл ғалымның өмір сүрген уақытында (XX ғасырдың орта кезі) саясаттану нақты ғылым ретінде бүкіл әлемде толық тарамаған еді, себебі ол кезде саяси танымның біркелкі болуы мүмкін емес еді. Манхейм ғұмырының соңғы жылдарында өз сұрағына жауап ретінде «саясаттың ғылым болатын уақыты дәл қазір» деп санады. Оның ең басты себебі, саяси ғылымға негіз болатын - тарихи таным мен тарихи процестердің ашық, жариялы болуы ортақ саяси ілімнің туындауына кепілдеме болды. Бірақ әрбір саяси ғалымның санасында бірнеше ғылым салалары (тарих, тарихнама, мемлекеттік құрылыстар, құқықтық, әлеуметтік қатынастар, саяси идеялар) тоғысуы тиісті.

Манхейм фашистік типті тоталитарлық режим орнату қауіпіне тартылған “бұқаралық қоғамдар” дәуірінде демократияны сақтау үміттерін интеллигенциямен байланыстырды. Оның идеялары әлеуметтану ілімінің дамуына үлкен ықпал етті. Карл Манхеймнің әлеуметтану методологиясын

толық қабылдамаушылар болса да, оның тарихи-әлеуметтік зерттеулері классикалық үлгіге жатады.

МАРТИН ЛЮТЕР (1483-1546 жж.), ортағасырлық немістің құдайшыл ғалымы. Оның еңбектерінде әртүрлі әлеуметтік топтардың наразылығы көрініс тапты: серілік етушілер, қала тұрғындары, князьдар мен төменгі дін қызметшілер және т.б.

М.Лютердің саяси өміріндегі басты қызметі – римдік-католиктік шіркеу билігінің озбырлығына қарсы реформалар жасау. Ортағасырлық Еуропа елдерінде, соның ішінде Германияда халықтың нағыз қанаушысы болған феодалдық мемлекеттің қуатты тірегі католик шіркеуі еді. Өйткені католик шіркеуінің өзі ірі жер иесі болды. Ол қарапайым халыққа діни сенімдерді уағыздау арқылы оларды қараңғылықта ұстап отырды. Елде зайырлы ілімнің, ғылым мен білімнің таралуына, өндіргіш күштердің дамуына бөгет болды. Католик шіркеуінің құдайға құлшылық ету рәсімі мен көптеген діни ғұрыптары халық үшін өте ауыр тиді. Бір ғана Германияда емес, бүкіл римдік - католик аймағында «арзан шіркеу үшін» күрескен халық қозғалысы басталды. Наразылықтың ушығуына түрткі болған «индульгенция» мәселесі болды. Индульгенция - «о дүниеде жұмаққа баратындығына кепілдік беретін, бұл дүниедегі күнәлерінен құтқаратын құдыреті бар» куәлік қағаз. Әсіресе Германия жерінде индульгенция куәліктері көптеп шығарылып, базарлар мен халықтың көп шоғырланған жерлерде монахтар, шіркеу қызметкерлері ашықтан-ашық сатып тұрды, индульгенция сататын сауда орындары ашылды.

1517 жылы папаның осы индульгенция саудасына бірінші қарсы шыққан профессор, монах Мартин Лютер болатын. Шіркеудің қазынасын толықтыра түсу мақсатындағы халықтың қараңғылығын пайдаланып отырған ұятсыз әрекетін сынап, Лютер шіркеу құдай мен адам арасындағы делдал бола алмайды деді. Ол өзінің дәріс беретін университет шіркеуінің есіктеріне «95 тезис» деп аталатын үндеуін іліп қойды. Бұл тезистерде Лютер индульгенциямен сауда жасауды айыптап, өзімен келіспейтіндерді ашық айтысқа шақырды. Өз үндеулерінде құдай мен адамның арасында шіркеу қызметкерлерінің күнәдан тазартуға көмектесеміз дегені жалған деп жариялады. «Адам сенімі» арқылы ғана күнәдан арылуы керек деген ілім жасады. Ол өз тезистерінде : «Әрбір христиан құдайға шынайы жалбарынса, оның индульгенциясыз- ақ күнәсі толық кешіріледі». «Ол тақуа сеніммен өмір сүреді» деген сөздер бар. 1519 жылы Лейпциг қаласында құдай алдында әрбір христиан өзі ғана есепті деген пікір таратты.

1520 жылы Рим папасы Лютерді шіркеуден қууды талап етті, бірақ ол өзінің Папаға қарсы памфлетінде: «Папаның өзі анархист» деп кінәлады. Шаруалар мен қала кедейлері бұны көтеріліске шақыру деп түсінді. Германияда толқыулар басталып оған кедейлермен қатар ауқатты топтардың да көп бөлігі және діни қызметкерлердің төменгі топтары қосылды.

Лютердің ілімі Реформацияның, яғни шіркеуді қайта құру күресінің бастамасы болды. Католик дінінен жаңа, ғылымның құндылықтарына негізделген, «құдайсыз дін» деп аталған (протестантизм) діні бөлініп шықты. Шіркеудің билікке таласуы бәсеңдеп, дін бірте-бірте мемлекеттен

ажыратылды. Бүкіл римдік - католик аумағы бойынша білім мен ғылымның дамуына еркін жол ашылды. Бүкіл әлем бойынша саяси өмірдің зайырлы бағытта дамуы М.Лютер ілімінің ықпалында болды.

МИЛЛЬ ДЖОН (1806-1873 жж.) – ағылшын философы, экономист, қоғам қайраткері. Милльдің философиялық көзқарастары Карлейльдің, Бентамның, Конттың ықпал етуімен қалыптасты. Ол XIX ғасырдағы утилитаризм доктринасын насихаттап және одан әрі дамытқан аса ірі ағылшын философы болып саналады.

Милль “Утилитаризм” еңбегінде моральдық теорияның пайдалы принциптерін көрсетті. Пайдалылық принципі бақытқа бейімделгенде дұрыс, ол бақыттан қашқанда дұрыс еместігін дәлелдеуге тырысты. Адамдардың қандай тілекті ойлауына байланысты туындайтын адамның әрбір мейірімді ісі жеке адам және жалпы қоғам үшін бақыт.

Милль этикалық утилитаризм үшін Бентамды әшкерелеген сыннан тыс болғысы келді. Ал Бентам әркім өзінің меншікті қанағат сезімін іздейді, ол қанағат сезімі ұлы мейірім деп көрсеткен еді. Осының негізінде ол адамдарды эгоизм үшін кінәлады. Милль көптеген адам эгоистік жолға түспей әрекет жасайтындықтан адамның қанағат алу талпынысын эгоистік деп есептеген жоқ.

Ол сонымен бірге Бентамның көзқарасы бойынша қанағаттың жоғары және төмен болатынын көрсетті. “Утилитаризмнің” ең соңғы бөлімінде ол: “бақыт – ең жоғары рухани құндылық” деген тұжырымды теріске шығаруды қайта қарастырды. Қарсылық мына бағытта өрбіді: бақыт ең жоғары құндылық бола алмайды, себебі көптеген жағдайларда біз әділдікті бақыттан жоғары қоямыз. Милль әділдік адам құндылықтары иерархиясында шын мәнінде жоғары құндылыққа ие, ал бақыт пен талпыныс оған адам тәртібінде үстемдік ететін принциптер екеніне өз дәлелдерін ұсынды.

Милль өзінің философиялық көзқарастарында феноменалистік позитивизм позициясында тұрды. Ол біздің барлық біліміміздің өзегі біздің сенімдеріміз болып табылатын тәжірибеден туындайтынына иланды. Конттың көзқарастарының кейбіреулерімен келіссе де, Милль оның әлеуметтік-саяси көзқарасын қабылдай алмады, яғни, ол рухани және саяси деспотизмді қорғады және жеке тұлғаның бостандығын жоққа шығарды деген ойда болды. Осыған орай “Бостандық туралы” очерк жазып, біз адамдардың іс-әрекетіне олар өзгелерге зиян келтіретін жағдайда ғана араласа аламыз деп көрсетті. Осы очеркінде Милль ашық пікір таласы мен демократиялық дербестік туралы ой қозғады. Ол әрбір адамның дәстүрлер нормаларын да да бостандығы болуы тиіс деп есептеді.

МОНТЕСКЬЕ ШАРЛЬ ЛУИ (1689-1755 жж.) – француз саясаткері, философ. Оның саяси мұраларында сол кезеңдегі саяси ойдың неғұрлым маңызды жетістіктері қамтылған. Монтескье өзінің “Заңдардың рухы” еңбегінде (1748) басқару типтерін екі критерий негізінде талдады: басқару сипаты (жоғары өкіметтің институттық бөлінісі) мен басқару принципі (мемлекеттің “пейілі”, “серіппесі”). Ол басқарудың үш типін сараптады: республика, монархия және деспотия. Монтескье ұғымында демократиялық республика – демократияның классикалық үлгісі: тікелей демократия,

азшылықтың көпшілікке бағынуы. Бұндай басқару, деп атап көрсетті ол, талаптары мен қажеттіліктері бірдей адамдар өмір сүретін қоғамда ғана табысты жүзеге асуы мүмкін. Ал бұл азаматтық рахымшылдық нәтижесінде жүзеге асатын адамдардың моральдық келісімінде мүмкін, тек ғана азаматтық рахымшылдық жағдайындағы демократиялық басқару принципі болып саналады.

Монтескьенің “заңдар рухын” немесе “басқару бейнесін” айқындаған деректердің өзара жиынтығы мәселелерін талдауы оның саяси ойға қосқан үлесі болып табылады. “Көптеген нәрселер, - деп көрсетті ол, - адамдарды басқарады: климат, дін, басқару принциптері, өткеннің мысалдары, өнегелер, дәстүрлер. Осылардың барлығының нәтижесі ретінде халықтың жалпы рухы пайда болады” (Ш.Л.Монтескье. Таңдамалы шығармалар, М. 1955. 412 бет).

Билікті бөлу теориясы – Монтескьенің ғылымдағы ең маңызды табысы. Алғаш рет бұл ілім Англияны Кромвельдің басқаруы тұсындағы заң актілерінде қолдау тапты. Даму нәтижесінде билік бөлінісінің әдісі қалыптасқан британдық саяси жүйеге талдау жасай отырып, Монтескье оны теориялық жағынан байытты. Саяси билік әрқашанда зорлық-зомбылық жасамай тұрмайды. Бұл адам табиғатынан туындайды. Сол себептен әртүрлі биліктер өзара бірімен бірі ынтымақтасуға мүмкіндік бермеу үшін жоғарыда көрсетілгендей, билікті заң шығарушы, атқарушы және сот билігі етіп бөлгенде ғана заң үстемдігі қамтамасыз етіледі.

Монтескьенің осы идеялары негізінде мемлекет билігінің үш буыны (тармағы) – заң шығару, істі атқару (атқарушы билік) және сот билігін ажырату қалыптасты. Монтескье Локктың биліктердің бөлінуі туралы идеясына нақты түр беріп биліктің тармақтарының бір-бірімен теңестірілуі (яғни, бір-біріне үстемдік етпеуі) қажет деп санады.

Ш.Монтескьенің идеялары ХУІІ ғасырдың аяғында Францияның Конституциялық Заңдарында көрніс тауып, 1787 жылғы АҚШ-тың Конституциясынан орын алды. Міне осыдан бастап саяси билікті бөлу теориясы бүкіл әлемге тарады.

НАВОИ ӘЛИШЕР (1441-1501 жж.), өзбек ақыны, ойшылы. Орта Азияда билеушілердің зорлығы мен өктемдігін әшкереледі, халықтың қамын ойлайтын, мәдениеттің дамуына демеу болатын сауатты ел билеушілердің бейнесін жасады. Патша «Құдайдың жердегі көлеңкесі, ол құдай сияқты мейірімді болуы парыз» деп жазды. Навои сән-салтанатпен, халыққа қайырымсыз өмір сүруші билеушілерді әшкереледі

НИЗАМИ ГАНДЖЕВИ (1141-1209 жж.), әзірбайжан ойшылы, ақыны. Шахтар мен шонжарлардың зорлығын әшкереледі. «Мәңгілік бақыт тек ғана қанаудың болмауында, билеуші әділетсіздік пен зорлықты болдырмауға тиіс» деп тұжырымдады. Оның «Ескендір-намә» поэмасында тек ғана әділеттік емес, сонымен қатар мүліктік теңдік орнаған идеалды қоғамды суреттейді. Ол сондай-ақ нәсіл теңдігін «ақ та, қара да – бәрі Жердің балалары, эфиоп- қара темірдей, оның терісі қара, бірақ жаны ақ» деген принциппен түсіндірді.

РУССО ЖАН ЖАК (1712-1778 жж.), Францияның ойшыл-ағартушысы. Оның еңбектерінде мемлекеттің пайда болуы тұжырымы басты орын алады.

Руссоның пікірі бойынша, мемлекеттің пайда болуы байлардың өздеріне тәуелді кедей еңбекші топтарды қенау үшін жасалатын астыртын әрекеттерінің нәтижесі. Осы қаталдықтан қалай құтылу керек? Өзінің «Қоғамдық келісім» деген еңбегінде ол демократиялық билік идеясын ұсынды, оның мәні халықтың заң шығар ісіне қатысуы. Халықтың бостандығын қолдап, Руссо шеттетілмеген адамның «табиғи құқығын» айқындайды және халықтың бостандық үшін көтеріліске шығу құқығы бар екенін табиғи келісім-шарттары негізінде зертейді.

Руссо ілімі бойынша, үкімет билігі халықтың декретімен және қаулысымен орнайды. Қандай да халық жиналысы екі мәселені қоюға тиіс: 1. Халыққа орын алып отырған билікті сақтау қажет пе? 2. Үкімет билігі кімнің қолында қалады? Руссоның идеалы: «Бірде бір азаматтың басқаны сатып алардай бай болмауы, бірде-бір адам басқаға өзін сататындай кедей болмауы керек». Руссо мемлекет билігі толығымен халықтың қолына көшуін жақтайды. Бұдан оның ағартушылық дәуірі ойшылдарының, жоғары өркениеттің өкілі екендігі көрінеді.

ПЛАТОНның (б.з. дейінгі 427-347 жж.), атақты ежелгі грек философы, Аристотельдің ұстазы. Ойшылдың әлеуметтік қағидаларындағы басты орын алған мәселе саяси өмірдегі мемлекеттің орны. Платон халықтың тіршілігі үшін мемлекеттің ролін бағалай келе, оның тұрақты болу шарттарына көп көңіл аударады. Платонның пікірі бойынша, мемлекеттің сапасындағы шешуші роль адамдардың білігі, патшалардың білімі, ел басқару қаблеті, ал ең маңыздысы - ел билеушілердің заңға бағынуы. «Менің білуімше, - деп жазады Платон – заң күшінен айырылған және біреудің билігінде болған мемлекеттің құлдырауы күмәнсіз».

Платонның саяси ойлары негізінен “Мемлекет”, “Саясаткер”, “Заңдар” атты еңбектерінде баяндалған. Адамдардың бақытты қоғам орнату проблемаларын мемлекеттің абстрактылы моделін жасау арқылы шешуге ұмтылды.

Мемлекет билігінің негізгі идеясы – мейірімділік, шынайы білім, парасатты басқару. Философ және моралист ретінде Платон азап шегуші қарапайым халықтың аянышты өміріне қарсы тұрады. “Мемлекет” трактатында алғашқылардың бірі болып саяси билік үлгілеріне сипаттама береді. Мемлекеттің жетілмеген жағымсыз типтері ретінде тимократия, олигархия, демократия және тирания көрсетіледі. Оларға мемлекеттің ең жақсы түрі – сайланған философ-даналарының әділ басқаруы қарсы қойылады, өйткені шынайы білім тек ғана осы “сирек адамдарға” бұйырған. Платон әлеуметтік топтардың қатаң иерархиясын енгізеді: жоғары таптың өзара жиынтығын құрайтын философтар(басқарушылар), сарбаздар (жауынгерлер), қолөнер шеберлері, шаруалар (төменгі тап немесе топ). Білім мен тәрбие жұмысы қатаң бақылауда болуы тиісті. Платон идеясына сүйенсек, қоғам – бір-біріне сәйкес келетін, бірін-бірі толықтыратын адамдар қауымының қажеттілігін бірлесіп қанағаттандыру үшін қажет. Басқарушылар мен сарбаздарда отбасы да, меншік те жоқ, олар үшін барлығы ортақ. Жоғарғы таптағылардың басқару билігі өз қолдарында болса да, қолөнер шеберлері мен шаруалардың еңбегі есебінен

өмір сүрсе де, олар “мемлекет тарапынан ештеңені пайдаланбайды”. Біз мемлекетті «тек ғана бір адам бақытты болу үшін емес, тұтас алғанда бәрі бақытты болу үшін құрамыз»- дейді Платон.

“Саясаткер” және “Заңдар” еңбектерінде Платон шынайы білімге негізделген мемлекетті ғана өз міндетін орындайды деп есептейді. Ел басқарушылары арасында шынайы саяси қайраткерлер жетіспегендіктен оның есесін мемлекеттік заңдармен толықтыру керек дейді. Платон “Заңдарында” мемлекеттік құрылыстың екінші үлгісін көрсетіп, мемлекет басқарушыларын бақылау жүйесін енгізуді ұсынады.

ПАРСОНС ТАЛКОТТ (1902-1979 жж.) – көрнекті американдық әлеуметтанушы. 1949 ж. Америкалық әлеуметтік ассоциациясының президенті болып сайланды. Парсонс - әлеуметтануда жүйелік-функциялық мектептің және іс-әрекет теориясын жасаушы. Американдық әлеуметтану - эмпирикалық зерттеулеріне талдау жасағанда, Парсонс, керісінше оның саналуандылығына, адам шындығын қамтитын жалпы аналитикалық, логикалық-дедуктивтік, теориялық жүйе жасауға ұмтылды.

Антропологиялық функционализм мен тепе-тең күш теориясының әсерінде тұрып, Парсонс қоғамның қалыптылығы мен өмір сүру шарттарын зерттейді, оның құрылымдық-функциялық әдісіне іргетас болып саналатын жүйеде кез-келген басқа жүйенің сақталуын және өмір сүруін қамтамасыз ететін негізгі төрт функциялық талаптарды белгілейді: бейімделу, мақсатқа жету, интеграция және үлгіні қолдау. Әлеуметтік жүйе деңгейінде бейімделу функциясын экономикалық желі, мақсатқа жету функциясын – саяси, интеграция функциясын – құқықтық институттар мен дәстүрлер, модельді қолдау функциясын – сенім жүйесі, мораль мен саяси субъект органдары (отбасы, білім институттары және басқалары) қамтамасыз етеді.

Парсонстың пікірінше, әлеуметтік жүйені зерттеу үшін осы үлгілер үш қызмет атқарады, олар: құндылықтар, белгіленген заңдар және ұжымдық ұйымдар қызымет атқарады. Кез-келген әлеуметтік жүйенің саяси қызметі жүйеге енгізілген жалпыға бірдей, ұжымдық мақсаттарды жүзеге асыру процестеріне қатынас тұрғысынан қарағанда, оны ұйымдастыру мен функциялауға келіп тіреледі. Дифференцияланған қоғамда саяси іс-әрекет әдетте мемлекеттің ұжымдық ұйымдары кешенінде қалыптасқан. Билік жүйесінің дамуы, ұжымдық мақсаттар мен шешімдер жасақтау және оны жүзеге асыру мемлекеттің негізгі саяси функциялары болып табылады.

ЦИЦЕРОН (б.з. дейінгі 106-43 жж.) – римдік шешен, мемлекет қайраткері, жазушы. Цицерон ғылымда өз көзқарастарын білдіру үшін басқа ойшылдардың саяси білімдерін кеңінен таратуға күш салды. Сөйтсе де, Цицеронның еңбектері өзіндік құрметке бөленіп, ғылымда көп таралды. Оның еңбектеріне христиандық авторлар, Қайта өрлеу дәуірі мен Ағарту кезеңінің ойшылдары аса қызығушылық білдірді.

Цицеронның саяси ілім тарихындағы шынайы құндылығы - оның грек стоиктерінің табиғи құқығы туралы іліміне жасаған зерттеу қорытындыларын Батыс Еуропада ХІХ ғасырға дейін саяси білімдер жүйесінде кеңінен пайдалануынан көрінеді. Цицерон өзінің “Мемлекет туралы” еңбегінде

табиғаттың мәртебелі заңы өмір сүретінін, оның қайнар көзі әртүрлі деңгейдегі күдіретті бастаулар мен адамдардың әртүрлі ұтымды әлеуметтік жаратылысы екенін көрсетеді. Цицеронның пікіріне сүйенсек, табиғи құқық (мәртебелі, шынайы заң) – табиғатқа тиесілі барлық адамдарға қатысты, ал олардың өз міндетін орындауға шақыратын, бостандығын шектеуді көздемейтін қасиет әділетті ақыл болып табылады. Шынайы мемлекеттік заң – барлық жерде, барлық халықтар үшін біреу және әркезде өз күшін сақтайды Цицеронның табиғи құқық туралы осы аса құнды қағидаларын кейін рим заңгерлері мен шіркеу әкелері асыл мұра санап одан әрі дамытты.

Цицерон мемлекет басқарудың үш қарапайым үлгісін ұсынады: патшалық өкімет, оптиматтар өкіметі (ақсүйектік билік) және халық өкіметі (демократия). “Патшалар бізге өзінің ізгілігімен, оптиматтар даналығымен, ал, халық – бостандыққа құштарлығымен тартымды». Оның пікірінше, биліктің осы көрсетілген ерекше сипаттары Аристотель мен Полибийдің үздік деп санаған мемлекет басқарудың аралас түрінде болуы қажет. Көпшілік пен азшылық арасындағы тепе-теңдікті сақтау және олардың мүдделерін қорғау мәселесін шешудегі Цицеронның тұжырымдамаларына Платонның саяси- әлеуметтік идеяларының тигізген үлкен әсері байқалады.

ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРҒА, БАЯНДАМАЛАРҒА ЖӘНЕ МӘНЖАЗБАЛАРҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫПТАР

1. Саяси білімдердің қалыптасу тарихы
2. Аристотель – саяси ғылымның негізін салушы
3. Қоғам өміріндегі саясаттың орны
4. Әл-Фарабидің саяси идеялары
5. Саяси билік: табиғаты, мәні
6. Н.Макиавелли, оның саяси билік туралы идеялары
7. Саяси режимдер
8. Шарль Монтескье, оның саяси билікті бөлу туралы теориясы
9. Мемлекет, оның пайда болуы мен мәні
10. Мемлекеттің ұлттық-территориялық құрылымының түрлері
11. Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет
12. Демократияның даму тарихы
13. Демократияның даму проблемалары
14. Демократиялық қоғамның негізгі белгілері
15. Қазақ даласы тарихындағы демократиялық қатынастардың көрінісі
16. Шоқан Уәлиханов, оның саяси идеялары
17. Макс Вебер, оның саяси идеялары
18. Саяси партиялардың пайда болуы, қызметтері
19. «Алаш» - Қазақстандағы алғашқы либералдық-демократиялық саяси партия
20. Көппартиялықтың қалыптасуы, оның саяси өмірдегі маңызы
21. Қазақстанда көппартиялықтың қалыптасу тарихы
22. Саяси мәдениет: мәні, қалыптасуы, ролі
23. Саяси идеология: теориясы, қалыптасу тарихы
24. Джон Локк, оның либерализм идеологиясы
25. Республика, оның қалыптасу тарихы
26. Конституциялық монархия, оның қалыптасу тарихы
27. Тоталитарлық және авторитарлық режимдер
28. Парламент: қалыптасу тарихы
29. Қазақстан Халқы Ассамблеясы
30. Қазақстан Республикасы халықаралық қатынастар жүйесінде

**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ АСА ЕЛЕУЛІ
САЯСИ ОҚИҒАЛАР ТІЗБЕГІ**

1	Сақтардың тайпалық одағындағы «әскери демократиялық» саяси құрылысының пайда болуы	Б.з.д. I мыңжылдықтың екінші жартысы
2	Қаңлы мемлекетінің саяси билік жүйесіндегі ақсақалдар кеңесінің қалыптасуы	Б.з.д. III-II ғғ.
3	Қазақстан территориясындағы көшпелі тайпалардың үстемдік алуы	Б.з.д. I мыңжылдықтың екінші жартысы
4	Шаньюй Моде билік еткен кезеңдегі ғұндар бірлестігінің аса нығайған уақыты	Б.з.д. 188 жыл
5	Ғұндардың қоныс аударуының бірінші толқынындағы Қазақстан жеріне келуі	55 жыл
6	Түркі тілдес ғұндардың шабуылдарымен байланысты «Халықаралық ұлы қоныс аудару» кезеңі	I - IV ғғ.
7	Ғұндар бірлестігінің саяси билік жүйесіндегі ағамандар кеңесі мен халық жиналысының қалыптасқан кезі	I – III ғғ.
8	Гуньмо Цылимидің басқаруымен Үйсін мемлекетінің күшейген кезі	Б.з.д. 45-14 жж.
9	Монголиядан Шығыс Еуропаға дейінгі бірыңғай түрік тілдес «теле» тайпаларының қалыптасқан кезеңі	II – V ғғ.
10	«Түрік» атауының алғашқы шығуы	542 ж.
11	Бумын басқарған ең алғашқы Түрік қағанатының (мемлекетінің) пайда болуы	552 ж.
12	Батыс түрік қағанаты империясының хронологиялық шеңбері	603-704 жж.
13	«Күлтегін» ескерткішінің қойылған уақыты	734 ж.
14	Атлах (Тараз) шайқасында қытайлықтарды жеңіп арабтардың үстемдік алған жылы	751 ж.
15	Қарлұқтардан бастап «қаған» деген атаудың «хан» деген атауға айналуы	840 ж.
16	Қазақстанның оңтүстік жерлерінің Араб Халифатының құрамына кіруі	840-890 жж.
17	Қазақстан жері Тараз қаласындағы алғашқы мешіттің ашылуы	893 ж.
18	Оғыз мемлекеті кезіндегі саяси биліктің әскери демократия түрінің өзгертіліп хандарды сайлау әдісіне көшуі	IX – X ғғ.
19	Әртүрлі тарихи оқиғаларды жырлаған «Қорқыт Ата кітабының» шыққан кезі	IX ғ.

20	Оғыздар мемлекетінің Киев Русімен одақтасқан жылы	965 ж.
21	Ұлы Жібек жолының тарихи хронологиялық шеңбері	Б.з.д. II ғ. – б.з. XIV ғ.
22	Қарахан мемлекетіндегі әскери басқарудың әкімшілік басқарудан бөлініп шыққан кезі	X ғ.
23	Қарахан мемлекетіндегі «иқта», «мұқта» деп аталған әлеуметтік-саяси тәртіптің енген кезі	X ғ.
24	Қарахан мемлекетіндегі ислам дінінің мемлекеттік дін ретінде бекітілуі	960 ж.
25	«Қыпшақ» атауының ең бірінші шығуы	760 ж.
26	«Оғыздар даласының» орнына «Дешті Қыпшақ» атының пайда болуы	XI ғасырдың екінші ширегі
27	Ел-бөрілі әулеті басқарған шығыс Қыпшақ қағанатының Қазақстан жерінде қалыптасқан кезі	XI ғ.
28	«Кодекс куманикус» - қыпшақ тілінде жазылған халық ауыз әдебиеті және құқықтық ережелер жинағы	XII ғ.
29	Моңғолдардың Жетісуды ешбір қарсылықсыз басып алған жылдары	1210-1211 жж.
30	Шыңғысхан әскерінің Қазақстан жеріне жорығының басталуы	1219 жылғы қыркүйек
31	Моңғол басқыншылығы салдарынан Қазақстанның Шыңғыс хан империясының құрамына енуі	1224 ж.
32	Қазақстан жерінің Жошы, Шағатай, Үгедей ұлыстарына енуі	1237 ж.
33	Шыңғысханның «Ұлы ясасы» (ясақ, моңғолша «дзасак») деген заңдар мен ережелер жиынтығының шығуы	XIII ғ.
34	Алтын Орда империясының құрылған уақыты	XIII ғасырдың орта тұсы
35	Өзбекхан исламды Алтын Орданың мемлекеттік діні деп жариялауы	1312 ж.
36	Едігенің Алтын Орда империясында билік жүргізуі	1396-1411 жж.
37	Шағатай ұлысынан (мемлекетінен) Моғолстанның бөлініп шығуы	XIV ғ. орта кезі
38	Ақ Орда мемлекетінің дербестік алуы	XIV ғ. басы
39	Ақ Ордада Орыс ханның билігі	1361-1376 жж.
40	Орыс ханның Алтын Орда астанасы Сарайды жаулауы	1374-1375 жж.
41	Әмір Темірдің билігі	1370-1405 жж.

42	Әмір Темірдің Алтын Орданы талқандауы	1395 ж.
43	Едігенің баласы Нұрадиннің Ноғай Ордасындағы билігі	1426-1440 жж.
44	Ақ Орданың орнына келген Әбілқайыр хандығы (Көшпелі өзбектер мемлекеті)	1428-1468 жж.
45	Әбілқайыр хандығы жерінен Жәнібек пен Керей басқарған қазақтардың Моғолстанның жеріне жаппай көшуі	1452-1462 жж.
46	Моғолстанның ең соңғы ханы Есенбұғаның қайтыс болуы	1462 ж.
47	Жәнібек пен Керей сұлтандардың Моғолстанның батыс жерлеріндегі билікті қолына ала бастауы	1462-1465 жж.
48	Ең алғашқы Қазақ хандығының (мемлекетінің) орнатылуы	1465-1466 жж.
49	Қазақ жүздерінің қалыптасып жетілу кезеңі	XV ғ.
50	«Қасым ханның қасқа жолы» заңдарының тарауы	1511-1523 жж.
51	«Бабыр-нама», «Аруз туралы трактат» тарих пен саясат туралы шығармалардың авторы Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың шығармашылық уақыты	1483-1530 жж.
52	Қазақ хандығына ең алғашқы рет Ресей елшісі Третьяк Чебуковтің келуі	1573 ж.
53	Ермактың Сібір хандығына соғыс жорығы	1581-1582 жж.
54	Тәуекел ханның Мәскеуге бірінші қазақ елшісі Құлмұхаммедті аттандырған жыл	1594 ж.
55	Тәуекел ханның орыс елшісі Вельяминов-Зерновты қабылдаған уақыты	1595 ж.
56	«Есім ханның ескі жолы» заңдарының тарауы	1598-1628 жж.
57	Жоңғар хандығының құрылуы	1635 ж.
58	Тәуке ханның Тобольскіге Тәшім батыр бастаған елшілігін жіберуі	1687 ж.
59	Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңдар жинағының шығуы	XVIII ғ. аяғы
60	Бөгембай батырды қазақ жасағының басшысы етіп сайлаған Қаракұмдағы қазақ жүздері өкілдерінің съезі	1710 ж.
61	Қазақ тарихи әдебиетінің ескерткіші Қадырғали Жалаиридін «Жәми ат-таварих» шығармасының шығуы	XVIII ғ.
62	Төле би Әлібекұлы	1663-1756 жж.
63	Қазыбек би Келдібекұлы	1665-1765 жж.
64	Әйтеке би Байбекұлы	1682-1766 жж.

65	Қазақ халқының қалыптасуының соңы	ХУ ғ.
66	Ибн Рузбиханның «Михман-наме-ий Бухара» деген шығармасында «Екінші тайпа - казактар» деп бірінші рет аталуы	ХУІ ғ.
67	Араб ғалымы Зайнаддин Васифи өзінің «Бадам ал-вакаи» деген шығармасында ең алғашқы рет «Қазақстан» деген сөзді атауы	ХУІ ғ.
68	Қайып, Әбілқайыр сұлтандардың Петр1-ге жоңғар қауіпіне қарсы одақтасу жөнінде сөз салуы	1717 ж.
69	«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары	1723-1725 жж.
70	Әбілқайыр ханның елшісі Көбековтың Петербургке баруы	1726 ж.
71	Қазақ әскерлерінің жоңғарларды жеңген «Қалмақ қырылған» шайқасы	1728 ж.
72	Қазақ жасағының жоңғарларды талқандаған «Аңырақай» шайқасы	1730 ж.
73	Кіші жүз ханы Әбілқайырдың С.Қойдағұл мен Қ.Қоштайды Ресейге елшілікке жіберуі	1730 ж., қараша
74	Кіші жүзді Ресей қоластына алу туралы императрица Анна Иоановнаның берген грамотасы	1731 жыл, 19 ақпан
75	Кіші жүздің Ресей империясы құрамына қосылу туралы келісімге қол қойылуы	1731 жыл, 10 қазан
76	А.Тевкелев бастаған орыс елшілігінің Кіші жүздің Ресей қол астына кіруі туралы ант алу үшін қазақ еліне келуі	1731-1732 жж.
77	Орынбор қаласының ірге тасының қалануы	1735 жыл, 15 тамыз
78	Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтанның Ресей қарауына өту туралы ант беруі	1740 жыл, 5 қараша
79	Ресей үкіметінің Жайық бойына қазақтардың көшіп-қонуына тиым салған Жарлығы	1742 жыл, 19 қазан
80	Кіші жүз ханы Әбілқайырдың өлтірілуі	1748 жыл, тамыз
81	Ресей сыртқы істер коллегиясының Орта жүз қазақтарына Ертістің оң жағалауына өтуге тиым салған Жарлығы	1755 жыл, наурыз
82	Жоңғар хандығының құлауы	1758 ж.
83	Абылай хан таққа отырған жылдары	1771-1781 жж.
84	Е.Пугачев бастаған шаруалар көтерілісін Кіші жүз қазақтарының қолдауы	1773 жыл, қыркүйек
85	Сырым Датұлы басқарған Кіші жүз қазақтарының көтерілісі	1783-1797 жж.

86	«Игельстром реформасы» Шекаралық соттың құрылуы	1786 ж.
87	Көтерілісшілердің Есім ханның ауылын талқандап, оны өлтіруі	1797 жыл, тамыз
88	Кіші жүзде хан кеңесінің құрылуы	1797 жыл, тамыз
89	Бөкей хандығының құрылуы (Ішкі Орда)	1801 ж.
90	Қазақстанның оңтүстігіндегі қазақтардың Қоқан езгісіне қарсы көтерілісі	1821 ж.
91	«Сібір қырғыздары» туралы Ресей Жарғысының енгізілуі және Орта жүздегі хандық биліктің жойылуы	1822 ж.
92	Қазақстанда округтердің құрылуы	1822-1844 жж.
93	Бөкей хандығында Жәңгір ханның ел билеуі	1823-1845 жж.
94	«Орынбор қырғыздары туралы» Ресей үкіметі Жарғысының қабылдануы. Кіші жүздегі хандық биліктің жойылуы	1824 ж.
95	Кіші жүзде дистанциялық басқару жүйесі болған кезі	1831-1868 жж.
96	Бөкей хандығындағы И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы басқарған көтерілісі	1836-1838 жж.
97	Сұлтан Кенесары Қасымұлы басқарған ұлт-азаттық қозғалыс	1837-1847 жж.
98	Кенесары Қасымұлын хан етіп сайлауы	1841 ж.
99	Кіші жүзде Шекаралық басқарудың облыстық басқарумен алмастырылуы	1844 ж.
100	Бөкей Ордасындағы хан билігінің жойылып басқару жөніндегі «Уақытша кеңестің» құрылуы	1845 ж.
101	Жанқожа Нұрмұхамедов, Есет батыр басқарған Арал өңірі қазақтарының Хиуа хандығы мен Ресейге қарсы ұлт-азаттық күресі	1847-1860 жж.
102	Алматы шатқалында Верный бекінісінің салынуы	1854 ж.
103	Ресей әскерлерінің Шымкентті басып алуы Ұлы жүздің толығымен Ресей империясының құрамына өтуі	1864 ж.
104	Қазақстандағы әскери-сот комиссиялары мен уездік соттардың құрылуы туралы Ресей үкіметінің реформалары	1867-1868 жж.
105	Орал, Торғай және Маңғыстаудағы қазақтар көтерілісі	1869-1870 жж.
106	Ресей үкіметінің «Село тұрғындарын қырғыз (қазақ) даласына қоныстандыру туралы	1880-1888 жж.

	ережелерді» енгізуі	
107	Ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға қоныс аударуы	1881-1884 жж.
108	«Түркістан өлкесін басқару жөніндегі ереже»	1886 жыл, 12 маусым
109	«Ақмола, Семей, Орал және Торғай облыстарын басқару жөніндегі ереже»	1891 жыл, 25 наурыз
110	Қазақстанға арналған Ресейдің «Далалық облыстарының сот ісі құрылысы жөніндегі заңы»	1898 жыл, 2 маусым
111	Орал, Петропавл қалаларында социал-демократиялық партия үйірмелерінің ұйымдастырылуы	1902 ж.
112	Ресей үкіметінің шешімі бойынша ресей шаруаларын қоныс аудару үшін Қазақстанда қоныс аудару басқармаларының құрылуы	1904 ж.
113	Орал, Семей қалаларында Ресейдің конституциялық-демократиялық (Кадет) партиясының Қазақ филиалын құру үшін I, II қазақ делегаттарының съездері	1905 жылғы қазан – 1906 жылғы ақпан
114	Қазақ зиялыларының идеялық-саяси пікірлерін білдіруші «Айқап» журналының шығуы	1911-1915 жж.
115	Ұлттық либералдық-демократиялық бағыттағы идеяларды білдіретін «Қазақ» газетінің шығарылуы	1913-1918 жж.
116	Бірінші дүниежүзілік соғыстың тылдық жұмыстарына қазақ жігіттерін аттандыру жөніндегі Ресей патшасы Жарлығының шығуы	1916 жыл, 25 маусым
117	Амангелді Иманов басқарған қазақ шаруалары көтерілісіндегі Торғай қаласын қоршап алуы	1916 жыл, 22 қазан
118	Ресейдегі Патша өкіметін құлатқан буржуазиялық-демократиялық революциясы	1917 жыл, 27 ақпан
119	Ресей мен Қазақстанның жерінде Уақытша үкімет билігінің құрылуы	1917 жыл, 2 наурыз
120	Ресей империясы Қосөкімет (Уақытша Үкімет – Кеңестер өкіметі) жағдайында	1917 жыл, (2 наурыз – 7 қараша)
121	Верный, Петропавл, Семей қалалары Кеңестерінің 8 сағаттық жұмыс күнін енгізуі	1917 жыл, наурыз - сәуір
122	«Алаш» партиясы құрылған Орынбордағы I Бүкілқазақтық съезі	1917 жыл, 21-26 шілде
123	«Алаш Орда» автономиясының негізін салған	1917 жыл,

	II Бүкілқазақтық съезі	5-12 желтоқсан
124	Социализмнің негізін салған Ресейдегі социалистік революция	1917 жыл, 25 қазан (7 қараша)
125	Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы	1917 жылғы қараша – 1918 жылғы наурыз
126	Түркістан Коммунистік партиясының I съезі	1918 жыл, 17-25 маусым
127	РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің «Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі Революциялық комитеті туралы» декреті	1918 жыл, 10 шілде
128	Қазақстандағы Кеңес өкіметін қорғау үшін азамат соғысының алғашқы ошақтарының Торғай облысының әкімшілік орталығы Орынборда қалыптасуы	1917 жыл, қараша
129	Түркістан Кеңестік Федеративтік Республиканың құрылуы	1918 жыл, 30 сәуір
130	Алаш Орда басшыларының қарулы күштерін құру жөніндегі ұсыныстары	1918 жыл, шілде
131	Станислав Пестковский төрағалық еткен Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Ревкомның (Революциялық Комитеттің) қызметі	1919 жыл, 10 шілде. 1920 жыл, 26 тамыз
132	М.Калинин мен В.Лениннің қол қойған астанасы Орынбор қаласы болған «Қырғыз (қазақ) Кеңестік Автономиялық социалистік республикасын құру туралы» Декреттің қабылдануы	1920 жыл, 26 тамыз
133	Сейтқали Мендешевтің Қырғыз (қазақ) КАСР Орталық Атқару Комитетінің басшысы болуы	1920-1925 жж.
134	Қазақстан «Әскери коммунизм» саясаты жағдайында	1918-1920 жж.
135	Қазақстанда «Қосшы», «Кедей», «Жарлы» кеңестік одақтардың құрылуы	1921 ж., сәуір
136	Қазақстан Жаңа Экономикалық Саясат жағдайында	1921-1925 жж.
137	КСРО-ның құрылуы	1922 жыл, 30 желтоқсан
138	БК(б)П-ның елді социалистік индустрияландыру жөнінде шешім қабылдаған съезі	1925 жыл, желтоқсан
139	Қазақ халқының тарихын дұрыс қалпына келтіру үшін Қырғыз АКСР-ін Қазақ АКСР-і деп атау туралы қаулы	1925 жыл, 19-25 сәуір

140	Қазақстан астанасының Орынбордан Қызылордаға көшірілуі	1925 ж.
141	Ауыл шаруашылығын кеңестік ұжымдастыру жөніндегі ВКП (б)-ның ХУ съезі	1927 жыл, 2-19 желтоқсан
142	Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің байлардың мал-мүлкін конфискілеп, оларды жер аудару туралы декреті	1928 жыл, 27 тамыз
143	Колхозшылардың Бүкілқазақстандық I съезі	1928 жыл, 1-3 қараша
144	Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің латын алфавитіне көшу туралы қаулысы	1928 жыл, 20 желтоқсан
145	Қазақ АКСР астанасының Қызылордадан Алматыға көшірілуі	1929 жыл, мамыр
146	Қазақстанға Ресей орталықтарынан 25 мың жұмысшылардың келуі	1930 жыл, наурыз-мамыр
147	«Бесеудің хаты»	1932 жыл, шілде
148	Қазақ Автономиялық КСР-нің Одақтас Республика болып құрылуы	1936 жыл
149	Қазақстан Кеңестерінің Төтенше X съезі Қазақ КСР Конституциясының қабылдануы	1937 жыл, 21-26 наурыз
150	КОКП-нің құрамдас бөлігі болған Қазақстан Коммунистік партиясының I съезі	1937 жыл, 5-12 маусым
151	Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің (Советінің) бірінші сайлауы	1938 жыл, 24 маусым
152	Қазақстан Лениншіл Коммунистік Жастар Одағының (ЛКЖО, Комсомол) II съезі	1939 жыл, 12-21 ақпан
153	Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы. КСРО бойынша Жалпыға бірдей әскери міндеткерлік Заңның қабылдануы	1939 жыл, 1 қыркүйек
154	Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қазақ тілін кириллица графикасына негізделген жаңа алфавитке көшіру туралы заң қабылдауы	1940 жыл, 10 қараша
155	28 гвардияшы-панфиловшылардың Мәскеу түбіндегі Дубосеково маңындағы қаһармандық ерлігі	1941 жыл, 16 қараша
156	«Эвакуацияланған халықтың мұқтажы үшін жергілікті ресурстарды пайдалану және жергілікті шикізаттардан көпшілік тұтынатын заттар өндіруді ұйымдастыру туралы» Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі мен Қазақстан К (б) П Орталық Комитетінің қаулысы	1941 жыл, 1 желтоқсан
157	Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Қазақ КСР-ның Мемлекеттік гимні» туралы Указы	1945 жыл

158	Қазақ КСР Ғылым Академиясының ашылуы	1946 жыл, 1 маусым
159	Азық-түлік пен өнеркәсіп тауарларына карточканы жою туралы құжат (шешім)	1947 жыл, 14 желтоқсан
160	«Бекмахановтың ісі» бойынша дарынды тарихшы Ермұхан Бекмахановтың сотталуы	1952 жыл, 4 желтоқсан
161	Сталиннің қайтыс болуы	1953 жыл, 5 наурыз
162	КОКП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып Н.С.Хрущевтің сайлануы	1953 жыл, қыркүйек
163	Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Ж.Шаяхметовтың орнына П.К.Пономаренконың тағайындалуы	1954 жыл, ақпан
164	КОКП Орталық Комитеті Пленумының тың және тыңайған жерлерді игеру туралы шешімі	1954 жыл, ақпан
165	Сталиннің жеке басына табынушылықты сынға алып, талдау жасаған КОКП-нің XX съезі	1956 жыл, 14-25 ақпан
166	Теміртау қаласындағы жұмысшылар толқулары (металлургиялық комбинатты салушы құрылысшылардың тұрмыс жағдайларының нашарлығына байланысты)	1959 жыл
167	Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Пленумы Д.А.Қонаевты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы етіп сайлады (Бұл қызметте ол кісі 1986 жылдың желтоқсанына дейін болды)	1960 жыл, Қаңтар
168	КОКП Орталық Комитетінің Пленумы (Мәскеу) Н.С.Хрущевті Бірінші хатшы қызметінен босатып, Л.И.Брежневті сайлады (Бас хатшының қызметін 1982 жылға дейін атқарды)	1964 жыл, 15 қазан
169	Қазақ КСР-ның жаңа Конституциясын қабылдау	1978 жыл
170	КСРО-да саясат, экономика, рухани салалардағы дағдарыс жағдайлары	1980-ші жылдар
171	КОКП ОК-і Пленумында «Қайта құру» саясатының жариялануы	1985 жыл, сәуір
172	Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып Г.В.Колбиннің тағайындалуы (Бұл қызметте ол 1989-шы жылға дейін болды)	1986 жыл, 16 желтоқсан
173	Алматыдағы Қазақстан жастарының демократиялық қозғалысы	1986 жыл, 17-18 желтоқсан

174	«Невада-Семей» экологиялық қозғалысының құрылуы (О.Сүлейменовтің басқаруымен)	1989 жыл, мамыр-маусым
175	Балқаш пен Аралдың экологиялық жағдайы жөніндегі Комитеттің құрылуы (М.Шахановтың бастауымен)	1989 жыл, мамыр-маусым
176	Тарихи-ағарту «Әділет» қоғамының құрылуы	1989 жыл
177	Қазақстанда 100-ден астам қоғамдық-саяси ұйымдардың құрылуы	1990 жыл
178	Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Қазақстанда Президенттік басқару туралы Заң қабылдауы	1990 жыл, 24 сәуір
179	Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Н.Ә.Назарбаевты Қазақ КСР-ның Президенті қызметіне сайлауы	1990 жыл, сәуір
180	Қазақ КСР-ның «мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясының» қабылдануы	1990 жыл, 25 қазан
181	Қазақстан Президентін бүкілхалықтық сайлау	1991 жыл, 1 желтоқсан
182	Қазақ КСР орнына Қазақстан Республикасы атауының енгізілуі туралы заң	1991 жыл, 10 желтоқсан
183	Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы Конституциялық Заң	1991 жыл, 16 желтоқсан
184	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын (ТМД) құру туралы Алматы Декларациясы	1991 жыл, 21 желтоқсан
185	Қазақстанның толық өкілетті мүше ретінде БҰҰ-ға кіруі	1992 жыл, 2 наурыз
186	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандары (рәміздері) Ту, Әнұраны, Герб (Мемлекеттік таңба) туралы Заң	1992 жыл, 4 маусым
187	Қазақтардың Бірінші дүниежүзілік құрылтайы	1992 жыл, 30 қыркүйек
188	ҚР-ның бірінші Конституциясының қабылдануы	1993 жыл, 28 қаңтар
189	ҚР-ның қазіргі Конституциясының қабылдануы	1995 жыл, 30 тамыз
190	ҚР-ның «Саяси бірлестіктер туралы» Заңы	1996 жыл, 31 мамыр
191	ҚР-ның «Саяси партиялар туралы» Заңы	1996 жыл, 2 шілде
192	Қазақстан Республикасы Президентінің тұңғыш баламалы сайлауы	1999 жыл, 10 қаңтар
193	ҚР-ның «Саяси партиялар туралы» Заңы	2002 жыл, 15 маусым
194	№ 254 – III Заңымен Конституцияға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар	2007 жыл, 21 мамыр

НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жамбылов Д. Саясаттану. Оқулық. Алматы. «Жеті жарғы». 2005.
2. История политических и правовых учений. Под ред. О.Э.Лейста. М., 1997.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы. 2007.
4. Макиавелли Н. Правитель. Книга об искусстве управления людьми и государством. Алматы. 1996.
5. Панарин А.С. Политология. Учебник. М., 2002.

ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аль-Фараби. Историко-философские трактаты. Алматы. 1985.
2. Бөкейханов Ә. Шығармалар. Алматы. 1994.
3. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы. 1995.
4. Вебер М. Шығармалар жинағы. М., 1990.
5. Джунусова Ж.Х., Булуктаев Ю.О., Акимова А.М. Введение в политологию. Алматы. «Жеті жарғы». 1998.
6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Нышандары. Алматы. 1997.
7. Локк Дж. Сочинения в трех томах (Философское наследие). М., 1985.
8. Манхейм К. Диагноз нашего времени. М., 1994.
9. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. Алматы. «Өнер». 1996.
10. Нысанбаев А.Н. Политология. Учебник. Алматы. «Ақыл кітабы». 1998.
11. Политология. Учебник. Под ред. Байдельдинова Л.А. Алматы. «Экономика». 1997.
12. Политология. Учебное пособие. Под ред. Булатовой А.Н. Алматы. «Дәнекер». 2002.
13. Политология. Альбом схем. Под ред. Дёмина Г.И. М., 2002.
14. Пугачев В.П. Введение в политологию. М., 1997.

М А З М Ұ Н Ы

Алғы сөз	3
----------------	---

I тарау

САЯСИ БІЛІМДЕР ТАРИХЫ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

1. Мифологиялық саяси идеялардан саяси ғылымға дейін.....	5
2. Қазақ даласындағы саяси пікірлердің қалыптасуы.....	8
3. Саяси ғылымның объектісі және оның зерттеу тәсілдері.....	19
4. Болашақ мамандардың азаматтық ұстанымдарын қалыптастырудағы саяси білімнің маңызы.....	23

II тарау

ДЕМОКРАТИЯНЫҢ НЕГІЗІ, САЯСИ БИЛІКТІҢ КӨЗІ ХАЛЫҚ БОЛУ ПРИНЦИПІНІҢ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ

1. Демократиялық мемлекеттің мәні және негізгі белгілері	26
2. Демократиялық процестердің даму тарихы.....	28
3. Қазақстан Республикасындағы демократиялық үрдістердің қалыптасуындағы парламенттіліктің орны.....	32
4. Демократияның дамуындағы қазіргі кезеңдегі негізгі проблемалар	38

III тарау

САЯСИ БИЛІК: ТЕОРИЯЛЫҚ МӘНІ, ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫ

1. Билік және саяси билік ұғымдары	42
2. Билік туралы теорияның тарихи дамуы және қазіргі кезеңдегі проблемалары	44
3. Саяси және мемлекеттік билік	50
4. Саяси тәртіп (саяси режимдер)	54

IV тарау

МЕМЛЕКЕТ – ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ САЯСИ ИНСТИТУТЫ РЕТІНДЕ

1. Мемлекет туралы идеялар тарихы мен мемлекет туралы ілімнің қалыптасуы	57
2. Қазіргі кезеңдегі мемлекет: құрылымы және қызметі	61

Ү тарау

САЯСИ ПАРТИЯЛАР МЕН ҚОЗҒАЛЫСТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ

1. Саяси партия – билік пен қоғам арасындағы байланыс құралы ...	69
2. Көппартиялық жүйенің қалыптасуы және оның маңызы	72
3. Қазақстан: «Алаштан» көппартиялыққа дейін	76
4. Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың негізгі қызметтері, міндеттері.....	82

ҮІ тарау

САЯСИ МӘДЕНИЕТ: МӘНІ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУ ПРИНЦИПТЕРІ

1. Ұлттық мәдениет және саяси мәдениет	87
2. Саяси мәдениет - әлемдік саяси тәжірибе жиынтығы ретінде	90
3. Демократиялық саяси мәдениеттің қалыптасу мәселелері	92

ҮІІ тарау

САЯСИ ЖҮЙЕ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ

1. Саяси жүйе теориясының қалыптасуы тарихы	95
2. Қазіргі шетелдік саясаттанудағы саяси жүйе теориясының өзекті мәселелері	97

ҮІІІ тарау

САЯСИ ИДЕОЛОГИЯ: ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ МЕН ТЕОРИЯСЫ

1. Идея және идеология ұғымдарының мәні	104
2. Саяси идеологиялар тарихы мен теориялары	105
3. Идеологиясыздандыру (деидеологизация) теориясы	110

ІХ тарау

САЯСАТ – АДАМНЫҢ САНАЛЫ ҚЫЗМЕТІ РЕТІНДЕ

1. Саясат – адамдар үшін және адамдар арқылы жүзеге асырылатын процесс	113
2. Саяси субъект - әлеуметтік топтар	116
3. Халық - қоғамның негізгі саяси субъектісі	120

Х тарау

САЯСИ ПРОЦЕСС: ШЕШІМДЕР МЕН ҚЫЗМЕТ

1. Саяси процесс – саяси жүйені дамытушы күш	123
2. Саяси қызмет – саналы іс-әрекеттің нәтижесі	125
3. Саяси шешімдер және олардың жүзеге асу жолдары	129

ХІ тарау

САЯСИ ШИЕЛЕНІСТЕР МЕН КЕЛІСІМДЕРДІҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ

1. Саяси шиеленіс туралы түсінік	132
2. Әлеуметтік шиеленістердің негізгі себептері мен түрлері	133
3. Ұлтаралық шиеленістер және оны шешу жолдары	136
4. Саяси шиеленістер және оппозиция	138
5. Консенсус – шиеленістерден өтудің әмбебап әдісі	140

ХІІ тарау

ӘЛЕМДІК САЯСАТ ТЕОРИЯСЫ, ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСИ ЖҮЙЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

1. Халықаралық қатынастар: белгілері және негізгі бағыттары	143
2. Әлемдік саясат және халықаралық саяси жүйе	151
3. Жаңа Қазақстан халықаралық қатынастар жүйесінде	154

Оқу құралына теориялық негіз болған ойшылдар, саясаттанушылар мен ғалымдардың саяси идеялары.....	160
--------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------

Өзіндік жұмыстар, баяндамалар, мәнжазбаларға арналған тақырыптар	177
-----------------------------------------------------------------------------------	------------

Қазақстан тарихындағы аса елеулі саяси оқиғалар тізбесі	178
----------------------------------------------------------------------	------------

Әдебиеттер	188
-------------------------	------------

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Б. ӨТЕМІСОВ, Қ.ҚАРАБАЛА

САЯСАТТАНУ

Тапсырыс № 890
Таралымы 200 дана

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің
Редакциялық-баспа бөлімі
(Ақтөбе қ., Ағ.Жұбановтар к-сі, 263)



ӨТЕМІСОВ БАҚТЫБАЙ, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор. 1960 жылы Орал мемлекеттік институтының тарихи-филологиялық факультетін бітірген. Б.Өтемісовтың еңбек жолы идеологиялық қызмет атқарудан басталды. 1960-1970 жылдары Ақтөбе, Алматы облыстық, республикалық комсомол, партия комитеттері арқылы идеологиялық, үгіт-насихат жұмысына белсенді қатысқан.

1974-1985 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жауапты қызметкер лауазымын атқарды. Кейінгі жылдары оның еңбек жолы жоғарғы оқу орындарында оқытушы, ғылыми жұмыстармен ұштасып Ақтөбе жоғары ұшқыштар училищесінде кафедра меңгерушісі, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінде доцент, Ақтөбе орыс-қазақ Халықаралық университетінде ректор болып қызмет етті. 2003 жылдан осы уақытқа дейін Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің доценті.

Б.Өтемісовтың 100 баспа беттен астам еңбектері жарық көрген. Оның ішінде 1 оқулық, 3 оқу құралы. Саяси ғылымдар бойынша 20-дан астам оқу-әдістемелік құралдары мен кітапшалары бар. Автордың «Введение в политологию», «Основы политологии», «Саясаттану негіздері» еңбектері оқырмандар көңілінен шығып, үлкен сұранысқа ие.



ҚАРАБАЛА ҚУАНЫШ ШҮРЕНҰЛЫ С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философия-экономика факультетін бітірген. 1985 жылдан бері жоғарғы оқу орындарында философия, саясаттану, әлеуметтану пәндері бойынша сабақ беріп келеді. Жиырмадан астам ғылыми, оқу-әдістемелік мақалалардың авторы. Қазір Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің саяси-әлеуметтік пәндер кафедрасының доценті қызметін атқарады.